



ADAM MICKIEWICZ
UNIVERSITY
POZNAŃ

«БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ЖАҢА ТРЕНДТЕР МЕН
ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ҒЫЛЫМДАҒЫ МӘНІ МЕН
МАҢЫЗЫ» АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ
ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ
ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК НАУЧНЫХ СТАТЕЙ
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ «ЗНАЧИМОСТЬ НОВЫХ
ТРЕНДОВ И ТЕХНОЛОГИЙ В СИСТЕМЕ
ОБРАЗОВАНИЯ»

COLLECTION OF SCIENTIFIC ARTICLES
OF THE INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND
PRACTICAL CONFERENCE
«THE IMPORTANCE OF NEW TRENDS AND
TECHNOLOGIES IN THE EDUCATION SYSTEM»

IV TOM

Шымкент 2024ж.

УДК
ББК

Ұйымдастыру алқасының төрағасы:

Сейтқұлов Нұрлыбек Акынұлы - Шымкент университетінің ректоры, п.ғ.д., профессор

Ұйымдастыру алқасы:

Ажиметов Н.Н. Ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор
Керімбектова А.А. Академиялық мәселелер және стратегиялық даму жөніндегі проректор
Есимов Б.Б. Тәрбие істері және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор
Сәулембаев А.Т. «Жаратылыстану және гуманитарлық ғылымдар» факультетінің деканы
Джанабаев Д.Ж. «Педагогикалық ғылымдар» факультетінің деканы
Сабдалиева А.К. ЖОО кейінгі білім беру бөлімінің басшысы
Ахынова У.С. Ғылым департаментінің директоры

«Білім беру жүйесінде жаңа трендтер мен технологиялардың ғылымдағы мәні мен маңызы» атты халықаралық конференцияның ғылыми мақалалар жинағы. IV том Шымкент, 2024-330 бет

ISBN

Жинаққа білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері ендірілді. Барлық жарияланымдар авторлардың редакциясымен берілген.

УДК
ББК

ISBN

© Шымкент университеті, 2024ж.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЗАМАНАУИ ТРЕНДТЕР

ӘОЖ 9965-9123-9-4

ҰЛТТЫҚ ҚОЛ ӨНЕР – ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕНІҢ БАСТЫ НЕГІЗІ

Айтбекова А.Б. Магистр, аға оқытушы

Ештаев А.Н. аға оқытушы

Шымкент университеті, Шымкент қаласы, Қазақстан

Халқымыз қолөнерді ертеден қастерлеп бағалай білген. Атадан балаға ұласып келе жатқан осы дәстүр кейбір жерлерде ұмытыла бастаған сияқты. Қазіргі дизайнерлер, суретшілер неге қазақтың ұлттық нақыштағы ою-өрнегін қолданбайды, өзінің туындыларына кірістірмейді. Сыртқы жарнамада, үй жиһазында үй интерьерінде аз қолданауда, кейбірі тіпті қолданбайды. Көпшілігі Европалық немесе шығыстық (Қытайлық) стильді таңдайды. Бұған себеп дизайнердің тұтынушыға ұсынатын стилі де осындай. Ұлттық стилдегі ұсынысы болмаса, ол үйлесімсіз, көңілге қонымсыз болып келеді. Ал дизайнер қайдан шықты, қайдан оқып келді? Әрине өзімізден. Бейнелеу өнерінің мәртебесін көтеру қажет, халқымыздың қолданбалы қол өнерін барлық мектептерде жүйелі түрде оқытуды енгізу арқылы. Біз бұдан не ұтамыз, менімше біріншіден, жас ұрпақтың ұлттық сана сезімін қалыптастырамыз, екіншіден, жас таланттың жолын ерте ашамыз, үшіншіден, жалпы өнерге баға беруші қарапайым халықтың өнерге деген көзқарасын тереңдетеміз. Бүгінгі таңда қолөнер туралы, ою-өрнек туралы танымдық кітаптар бар, бірақ мектептегі балаларға арналған кітаптар жоқтың қасы. Орта мектептерде қолөнерге қызығатын жастар көп, соларға жол көрсететін, үйрететін білікті ұстаз аз. Бейнелеу өнерінің әртүрлі салалары көп. Мысалы, ағаш өңдеу, жүн, қыл өңдеу. Бұл тек ұлттық өнерге қатысты саласы. Осылардың барлығына дерлік ортақ ою-өрнек. Халықтың ұлттық нақышын көрсететін, өзге ұлттан ерекшелейтін ою-өрнек. Қазақ халқының ою-өрнектерінің тарихын қазақ ғалымдарының ғылыми түрде саралай бастағанына небәрі елу жылдың жүзі болыпты. Төл өнерімізді зерттеуге Еуропа ғалымдары мен жиһангездері елеулі үлес қосты. Мысалға айтсақ, В.Вопсалов, А.Хедона, саятшы Дженкинсон, Р.Карутц, С.Дудин, В.Радлов, М.В.Рындин т.б. Олар қазақтың ою-өрнектерін ғылыми тұрғыдан талдап, шығу тегіне сипаттама беруге тырысқанымен олардың жасаған тұжырымының бәріде қазақ ою-өрнектерінің ішкі ұлттық табиғатын,

мазмұнын аша алмаған еді. Бұл орайда қазақ ою-өрнегін алғашқы рет зерттеген қазақ ғалымы Т.Бәсенов былай дейді: «Қазақ ою-өрнегін зерттеуде әр уақыттың, әр саланың ғалымдары көп еңбек етті. Бірақ бұл зерттеулер халық ою-өрнегінің жұмбақ тілін жете түсіне, шынайы сырына үңіле алмады. Олар өз ойларын халқымыздың өнер кілтін ашатын тума тілде емес, шетелдік жат тілде, өзге халыққа деген астамшылық көзқараспен саралады. Өнерін зерттеп отырған халықтың тілімен зерттеушінің ойы мен тілінің үндестік таппауы көптеген бұрмалаушылыққа, тіпті елеулі ағаттықтарға әкеп соқтырды». Осыған қарағанда осы өнердің зерттелмеген қырлары мен қайта қарастырылатын мәселелері бар екенін аңғартады. Әрине, тәуелсіздік алғаннан бері халқымыздың жанашыр ғалымдары көп еңбектер жасай бастады. Мысалы, ою-өрнекті зерттеген ғалымдардың еңбектерін біріктіріп «Қазақ ою-өрнектері» атты жаңа энциклопедия жарық көрді. Оның авторы М.Ш.Өмірбекова (Алматы кітап 2003) кітапқа мыңнан астам ою-өрнектің ежелгі және осы заманғы түрлері енгізілген. Автор айтқандай «Қазақ ою өнері басқа халықтардан тайға таңба басқандай дара тұрады». Белгілі өнертанушы В.Чеплев: «Қазақтар тек ою-өрнек әлемінде өмір сүретін сияқты» деп жазады. Шынында да қазақ тұрмысында ою-өрнектің араласпайтын саласын табу қиын, қисса-жырлар мен дастандарда, батырлардың ат-әбзелдерін немесе арулардың киімдері мен күймесін суреттегенде тыңдаушының көз алдынан ғажайып нақыштар өтері анық. Осындай әсемдік әлемін өз көзімен көрген ғалым А.С.Фелькерзам қолөнерді, әсіресе, кілемді терең зерттей келе, Азияны «Үлкен этнографиялық» музей деп атаған. Халқымыздың рухани байлығының қайнар көзі болып табылатын осынау құндылық бүгінде азаматтығымыздың нысаны – көк байрағымызды да көріктендіріп тұр. Көп жағдайда халықтың тілін, мәдениетін білмесек те қолөнерімен бейнеленген оюларға қарап, қай халықтың қазынасы екенін танып білеміз. Өйткені ою-өрнек әр халықтың таңбасы, сол елдің бейнелеу өнерінің көнеден келе жатқан мәдениеті. Ал осындай құндылықтың маңызын бірі білсе, бірі білмейді. Мектеп оқушыларына халқымыздың қолөнерін үйретумен эстетикалық тәрбие береміз. Өнер мектеп өмірінің алғашқы күнінен бастап-ақ баланың әлемге көзқарасын қалыптастыру құралы ретінде, әлемді біртұтас жағымды мәнімен қабылдауға, бағалауға үйретеді және бейнелі ойлауын дамытады. Бейнелеу өнеріндегі әртүрлі өнер түрлеріндегі көркем іс-әрекеттерді меңгере отырып, адам тек суретшінің практикалық дағдыларын ғана меңгеріп, шығармашылық ойларын жүзеге асырып қана қоймайды, сонымен қатар өзін талғампаздыққа тәрбиелейді. Күнделікті көріп жүрген нәрселерінен әсемдікті таба білу қабілетіне ие болады, көргенін еске сақтап, қиялдау қабілеті дамып, шығармашылықпен ойлап, талдауға,

біліктілікке дағдыланады. Аталған қасиеттер баршаға қажет. Кез келген кәсіптің иесі, егер ол бейнелеу құралдарын игерсе және оны пайдалана білуге машықтанса, жұмысты да жақсы істейді. Эстетикалық тұрғыдан дамымаған адам өзін қоршаған ортадан тек оқулықтан нұсқаумен жарлықтардан алдын ала белгілі болған, есінде қалған нәрселерді ғана көре алады. Маңайындағы әдемі әсемдікті көре алмайды, өзінің ой елегінен өткізе алмаған, ол ештеңені түсінбейді. Неліктен кейбір жастардан маңайдағы әдемі заттарды сындырып, бүлдіріп кететінін байқаймыз, ол эстетикалық түсінігінің таяздығы және дұрыс қалыптаспағаны деп білемін. Басына қиын іс түскенде ол адам әрқашан сасқалақтап, қандай шешім қабылдарын білмей дал болады. Қиял – қоршаған орта әлемін қабылдауға адамның белсенділігін қамтамасыз ететін жан-жақты адами қабілеттілігі болып табылады. Осындай құндылықтардың болашақта қолданыстан шығып қалмасы үшін жастардың санасына осы күннен бастап сіңірту қажет. Ол үшін көркем педагогикалық білім беретін оқу орындарында суретші-ұстаздарды даярлаудың сапасын арттыру қажет. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында қазіргі заман жағдайында жоғары білім беру жүйесіне бірінші кезекте жоғары білікті мамандарды даярлау болып табылатын, оны айырықша сала ретінде түсінуді көздейтін жаңа сапа мен қоғамдық мәртебе, икемділік пен бейімділік беруді басты міндет етіп қою қажеттілігіне басты назар аударылған. Тұжырымдамада былай делінген: «Жоғары білім беру мақсаты – қоғамның, мемлекеттің және жеке тұлғаның сапалы жоғары білім алуға деген мүдделерін қанағаттандыру, әрбір адамға оқытудың мазмұнын, нысанын және мерзімдерін таңдауға кеңінен мүмкіндік беру». Ғылым мен техниканың жаңа қазіргі уақыттағы саласы ғылыми техникалық өркендеудің жобалы-өндірістік үрдістеріне қатысушылардың әрқайсысының кеңістіктік ойлау қабілетін ерекше талап етеді. Суретші-ұстаз яғни бейнелеу өнерінің оқытушысы тәуелсіз Қазақстанның көркем педагогикалық білімі мен мәдениетінің жай-күйін анықтаушы тұлға. Осы тұлғаны дайындап, қызығушылығының, эстетикалық білім мен тәрбиесінің дамуындағы басты түйіні бола алатын және болуы қажет болатын мықты тұтас жүйе бұл бейнелеу өнері бойынша маман суретші мұғалім дайындайтын қазіргі таңда Бейнелеу өнері кафедрасы болып табылады. Эстетикалық мәдениеті дұрыс қалыптаспаған адам ғылымда, саясатта және қоғамда өзгелермен тіл табысуда мәдениетті түрде адамгершілікпен әрекет жасай алмайды. Сондықтан, қазірден бастап мектеп оқушыларына ойлау, эмоционалдық сезімдерді қалыптастыру, экологиялық, патриоттық тәрбиелер ауадай қажет, бұл осы бейнелеу өнері, ұлттық қол өнеріміз бен мәдениеттің қатысуынсыз жеткізу мүмкін емес. Қазіргі уақытта мектепте колөнерге үйрететін ұстаздың

біліктілігеп артыру, оларға шығарлашылықпен жұмыс жасауға арнайы кәбінеті, әдістемелік қоры, қазақ тіліндегі оқу құралдары, көркем іс-әрекеттер үшін қажетті материалдар алуға көмектесу қажет. Жоғары оқу орындарының Бейнелеу өнері мамандығына түскен студенттер тек мектепте көркем эстетикалық оқу-тәрбие жұмыстарын болашақ жастарды тәрбиелеуге арнайтын ұстаз болумен қатар, еңбек ақысы жақсы фирмаларда дизайнер-суретші болып еңбек етіп жүр. Қазіргі кейбір жастарымыз суретші-ұстаз болған өздерінше қор деп санайды, қаржыгер, заңгер болсам деп армандайды, менің ойымша, суретші-ұстаз болу әркімнің қолынан келе бермейтін табиғаттың тек адамға берген бір сыйы екенін ұмытпағанымыз жөн. Жоғарыда айтылған мәселелер шешімін табу үшін біріншіден, суретші-ұстаздардың кәсіби дайындығын, білім беру сапасын арттыру, екіншіден, суретші-ұстаздардың материалдық жағдайын қамтамасыз ету және қоғамдағы статусын яғни заңды құқығын көтеру керек, үшіншіден, ұлттық өнер мен мәдениетке деген қамқорлықты күшейту және мемлекет тарапынан қаржылай көмекті күшейту қажет деп білемін.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Ералин Қ., Айменов Ж. Кеңістік көріністерін бейнелеу. -Түркістан. ХҚТУ баспаханасы. -2006. -76.
2. Құдабаева Қ.І. Сәндік-қолданбалы өнерді оқыту теориясы мен технологиясы. -Қарағанды. Санат-полиграфия. ҚарМУ. -2005. -110 б.
3. Жәнібеков Ө. Уақыт керуен. –Алматы: Жазушы, 1992.-120 б.
4. Ғабитов Т.Х. Қазақ философиясы. –Алматы: Раритет, 2011. -280 б.
5. Воронова В.Г. Касусика Хокусай. Графика. - М.: Искусство, 1975.
6. Горенов К. Художественный образ и его историческая жизнь. - М/. Искусство, 1978.

БАЛАНЫҢ ҚИЯЛ ЕЛЕСТЕРІН ДАМУ АРҚЫЛЫ ТҰЛҒАНЫҢ СЕЗІМДІК ДҮНИЕСІН (ӘЛЕМІН) ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

*Ескулова У.А. Мәдениет саласының үздігі, аға оқытушы
Рысбаева А.К. Магистр, аға оқытушы
Шымкент университеті, Шымкент қаласы, Қазақстан*

Әдістемелік әдебиетті талдау, өнердің балалар шығармашылығының потенциалын дамытуда үлкен мүмкіндіктерді иеленетінін көрнекті түрде дәлелдейді. Төменгі сынып балаларымен жұмыс жасау барысында балалар өмірінде мектеп кезеңінің сәтті басталуын қамтамасыз ету, жаңаны тануға деген қызығушылықты сезіндіру үшін оларға жәрдем беру, сұлулықпен қауышқаннан қуаныш сезіміне бөлену аса маңызды. Ол үшін біріншіден, балаларға ұсынатын оқу материалының мазмұнын сауатты таңдап, балалардың жас ерекшелігінің мүмкіндіктеріне қарай оны анықтау қажет. Екіншіден, оқушылармен дәріске білімді, шеберлікті және дағдыларды белсенді әрі мағыналы қамтамасыз ететін ерекше методикалық әрекеттер мен әдістерді ендіру қажет. Тұлғаны эстетикалық тәрбиелеу балаларда еңбекке деген шығармашылық қатынасты қалыптастырудың, олардың сезімдік әлемін дамытудың сауатты дидактикалық тәсілдерімен, рационалды және эмоционалды бастамалардың үйлесімді бірігуінің қабілеттілігімен қамтамасыз етілген.

Адам сезімі қызмет барысында дамитындықтан қызметтің кез-келген түрінің мазмұны қабылдауға әсер етіп, тұлғаның сезімдік әлемін қалыптастыруы қажет. Бұл тұрғыда бастауыш мектеп сезімнің жоғары дамыған мәдениетімен саналы тұлғаны қалыптастыруға ең нәтижелі орын ретінде қарастырылады. Еңбек эстетикасы оның шығармашылық еңбекке айналуына мүмкіндік береді, ал бұл өз кезегімен оның сапасына позитивті түрде ықпал етеді. Сондықтан оқыту барысында парасатты тұлғаны дамытумен қатар, сезім мәдениетін қалыптастыру өте маңызды.

Мәдениеттің әмбебап үлгілерін әр кезеңі ұлттық тарихи дәстүрлердің дамуына бағытталған білім арқылы шығармашылық меңгеру адамның зор қабілеттіліктерінің қалыптасуын қамтамасыз етеді және мәдени бойынша, яғни оқуды шынайы дамытушы ретінде қарастырылады. Төменгі сынып балаларын ұлттық декоративті-қолданбалы өнерге тартуға мүмкіндік беретін педагогикалық үлгіні құруға арналған өзіндік тәсілді іздеуде біздің бағыттарымыз осылайша анықталды.

Пайымдау белгілі дәрежеде қиялға ауыса келе түсінікті толықтыруға және кеңейтуге қабілетті. Сондықтан, мысалы, төменгі сынып балаларында қарапайым геометриялық түсініктерді қалыптастырғанда және оларды геометрия бастамаларымен таныстырғанда кеңістік формаларының (аяқталуы, ішкі үйлесімі т. б.) эстетикалық сипаттарына, оларды зерттеу барысында, сонымен бірге қарапайым геометриялық мәселелерді шешу барысында да балалардың бағыт алуына арнайы көңіл бөлу қажет. Көне

философия мен геометрияда осы формалардың эстетикалық мәні барлық қалған параметрлерден үстем болады. Мұның жарқын дәлелі дөңгелек пен шардың геометриялық табиғаты жөнінде түсініктерді байытуға мүмкіндік берген эстетикалық кемелдену идеясы (Платон) болып табылады.

Білімнің мәдениет бойынша үлгісінде адамның эстетикалық табиғаты «көркемдік мәдениет элементтерінің сомасы» ретінде емес, оның қажетті маңызды күші ретінде берілген. Көркемдік, мысалы музыкалық қызметтің қалыптасуына (жобалауына) да осы тұрғыдан келген жөн. Осылайша, қиялдың шығармашылық (өнімділік) даму формасында эстетикалық тәрбие тұтастай мәдениет бойынша білімнің басты психологиялық-педагогикалық ресурсы болып саналады. Көріп отырғанымыздай, қиял сананың жалпыға бірдей ерекшелігі, әмбебап қабілеттілігі – «адамда адами» квинтэссенциясы (бір нәрсенің нағыз мазмұны) болып табылады. Бұл қабілеттілік төмендегілерді қамтамасыз етеді:

а) мағынаның белгілі жүйесі – тәртіптің әлеуметтік-типтік үлгілерін, сенсомоторлық және басқа да эталондарды мағыналы қайта құрастыру процесінде баланың қызметтің жалпы адамзаттық бейнелерін меңгеруін;

ә) «Мен – Мағыналы – Басқа» психикалық жалпылығының пайда болуы мен дамуын, яғни жеке психиканың трансперсонализациясын;

б) креативті диалогизмді, бала санасының ішкі ұстамдылығын;

г) өзіндік субъективтілікті жиынтық формада меңгеруін;

ғ) даму траекториясының шектеулі спектрі мен семантикалық өлшемді иеленетін дүниенің кәдімгі емес бейнесінің қалыптасуын.

Бұл тұрғыда қиял дамушы тұлғаның оқыту процестерінде жеке тұлғаның өсуінің басты векторларын анықтап, форма жасайтын элементі болады. Қиял – бұл өткен тәжірибені қайта жасау арқылы жаңа бейнелерді (түсініктерді) құрудың адамға ғана тән мүмкіндігі. Қиял жоғары психикалық қызмет болып табылады және ақиқатты бейнелейді. Алайда, қиялдың көмегімен тікелей қабылдау шегінен ой шегінуі жүзеге асырылады. Оның негізгі міндеті – алдағы нәтижені оны жүзеге асырылуға дейін көрсету.

Ойлау мен қиялдау әр адамға, әсіресе балаларға тән ерекшелік. Шынында да, қандай-да бір жаңа, мүлдем басқа дүние жасау жоғары психикалық міндеттердің, оның ішінде қиялдың дамуы арқылы балалық шақта қаланады. Бала тәрбиесінде дәл қиялдың дамуына бес пен он екі жас аралығында көңіл бөлу қажет. Ғалымдар бұл кезенді сензитивті, яғни баланың когнитивті міндеттерінің дамуына аса қолайлы дейді.

Қиял мен ойлаудың біздің өміріміздің маңызды жақтары болып табылатынына күмән жоқ. Егер де адамдар бұл міндеттерді меңгермегенде, адамзат барлық ғылыми жаңалықтар мен өнер туындыларынан айрылар еді, балалар ертегі естімес еді және көптеген ойындар ойнай алмас еді, мектеп бағдарламасын меңгере алмас еді. Өйткені кез-келген оқыту бір нәрсені елестету, қиялдау қажеттілігімен, абстрактілі бейнелер мен ұғымдарға сүйеніп іс жүргізумен байланысты. Барлық көркемдік қызмет белсенді қиялдаудан құрылады. Бұл міндет балада дүниеге деген жаңа, ерекше

көзқарасты қалыптастырады. Ол абстрактілі-логикалық ақыл-ойдың дамуына мүмкіндік береді, жеке өмірлік тәжірибені байытады, қоршаған дүниені үйлесімді үйренуге жәрдемдеседі. Қиялдың оқу қызметін қамтитын басқа да психикалық процестермен (есте сақтаумен, ойлаумен, көңіл бөлумен, қабылдаумен) тығыз байланыстылығы дәлелденген.

Қиялдың кез-келген бейнелерін жасаудың негізі синтез бен үйлестік болып табылады. Үйлестік жақын, тікелей және алыс, сатылы болуы мүмкін. Психологтар байқағандай, оқушылардың бастауыш сыныптарда өтетін оқу қызметінің барысында пайымдаудан бастап көңіл бөлу, есте сақтау, қабылдау, бақылау, қиялдау, ойлау сияқты танымдық процестерді дамыту деңгейі басты рөл ойнайды. Қиялды балалардың танымдық мүмкіндігін де кеңейтуге бағытталған жұмыс кезінде дамыту мен жетілдіру аса нәтижелі болмақ. Жоғарыда айтылғандай, қиялды өнермен қатар дамытудың генетикалық қайнар көзі ойын болып саналады. Ойында белгі-символдық ауыстыру механизмі, «жалған» жағдайдың жасалуы оның мәнін емес, ерекше виртуалды («шартты-жалғанды» ғана емес) дүниелер – ойын «паракомстарын» құрастыру үшін операциялық негізді ғана сипаттайды. Бала бұл «паракомстарда» шынайы адами мүмкіндіктердің арман еткен мағыналы бейнесін жасайды, оның ішінде ересек адамдар олардың қорғаушысы болып саналады және нақты ойын мәселелерін шешу барысында оны дамытады. Мұндай жағдайда бала ересектердің әлеуметтік қатынастарын үлгілеп қана қоймайды: ойында ол әлеуметтік қатынастардың сол кәдуілгі эталон формасын («күнделікті мағына») қайта жасайды. Бала бейнелік жинақтау деңгейінде ересектердің қиял позицияларымен эксперимент жасай отырып осы қатынастардың мағыналық квинтэссенциясын пайда болдырады.

Қиялдың маңызды міндеті – тұтасты бөліктерден бұрын көру қабілеттілігі – осы жағдайларда өзекті болады (дамиды). Ойында қабілеттілік балалардың «басқаның жиынтық» тұрғысынан, яғни әр түрлі адамдардың эмпирикалық көзқарасынан ғана емес, бүкіл адамзат атаулының дүниеге қарау бейімділігінің формасын иеленеді. Қиял санадағы түсініктер мен ұғымдарды қайта өзгерту арқылы жаңа бейнелер мен идеяларды жасауда қамтылатын бейнелеудің ерекше формасы болып саналады. Қиялды дамыту пайда болатын қиял негізінде қиялданатын ақиқат заттарды ауыстыратын операцияларды жетілдіру бойынша жүреді. Бала іс жүзіндегі суреттеме, тексттер негізінде біртіндеп одан да күрделі бейнелер мен олардың жүйесін жасай бастайды. Бұл бейнелердің мазмұны дамиды және байиды. Қиял жанамаланады және күн ілгері белгіленеді.

Бірақ қиял, егер оның дамуын қаласақ, баланың кез-келген психологиялық міндеті сияқты педагогикалық қамқорлықты талап етеді. Мектепте оқыту қиялдың енді жеткілікті қалыптасқан деңгейін талап етеді. Бала бірінші сыныпта заттардың, бейнелердің, белгілердің түрлі өзгерістері болатын жағдайларда бағытталуды үйренуі және мүмкін болатын өзгерістерді алдын ала біліп қоюға дайын болуы тиіс. Қиял жоғарыда айтып өткендей, ойында, сондай-ақ, әсіресе бала ақиқатты қиялмен үйлестіре отырып «ойдан

шығаруды», «қиялдауды» бастаған сурет, музыка сабақтарында барынша табысты құрылады.

Қиял – адамзат өмірінің қалған техникалық процестерінен бөлек тұратын және сонымен бірге қабылдау, ойлау және есте сақтау арасында аралық орынды иеленетін ерекше формасы болып табылады. Қиял тек адамға ғана тән және ерекше жағдайда барлық психикалық процестер мен жағдайлардың ішінде ең «психикалық» бола тұра бүкіл ағза қызметімен байланысты. Қиялдан басқа еш нәрседі психиканың идеалды және жұмбақ сипаты байқалмайды. Қиялдың арқасында адам жасайды, өзінің қызметін ақыл-оймен жоспарлайды және оны басқарады.

Адамзаттың барлық материалды және рухани мәдениеті адамдардың қиялы мен шығармашылығының өнімі болып табылады. Қиял адамның сол кездегі өмір сүру қалпынан алып кетіп, өткенді еске түсіреді, болашаққа жол бастайды. Адам бай қиялды иеленіп түрлі уақытта «өмір суре алады», ал бұл дүниедегі басқа ешқандай тірі жанның қолынан келмейді. Қиялдың қабылдаудан ерекшелігі сол, бейнелер ақиқатқа әрдайым сәйкес келе бермейді: оларда қиял элементтері бар, егер де қиял ақиқатта жоқ немесе аз сәйкес келетін картиналарды санаға салса, онда ол қиялдың атауы болады. Егер де мұнан өзге қиял болашаққа бағытталса, ол арман деп аталады.

Қиял адам өмірінде бір қатар ерекше міндеттерді орындайды. Л.С.Выготский қиялдың үш қызметін бөледі:

1. Жүйелі. Балада зат туралы шынай түсінікті қалыптастыру үшін өмірден түсінік құрылатын барлық элементтерді табу қажет.

2. Сізгіштік. Барлық сезімнің ішкі және сыртқы жағдайы болады, ал бұл дегеніміз, қиял біздің сезімдердің жұмысын тікелей жүзеге асыратын аппарат болып табылады.

3. Тәрбиелік. Ойында сезгіштік міндет өзінің қабілеттіліктерін дамытуға және жаттықтыруға мүмкіндік беретін ортаның формаларын ұйымдастыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қиял тұлғамен, оның дамуымен тығыз байланысты. Баланың жеке тұлғасы әрдайым өмірдің барлық жағдайларының ықпалымен қалыптасады. Бала жағдайларды қиялдап, оларды ойында жүзеге асыра келе өзінде әділдік, батылдық, адалдық, әзілді түсіне білу сияқты көптеген жеке ерекшеліктерді қалыптастырады. Қиял жұмысы арқылы баланың өмірлік қиындықтарды, айтыс-тартыстарды жеңу, әлеуметтік өзара әрекет мәселелерін шешу сияқты әлі де жеткіліксіз шынайы мүмкіндіктердің компенсациясы жүреді.

Бала шығармашылықпен айналыса отырып өзінде рухтану сияқты ерекшелікті қалыптастырады. Қиял рухтануда ерекше қолайлы сезімдермен ілесе келе бүкіл танымдық қызметке енеді. Қиялдың бай жұмысы оптимизм сияқты маңызды жеке мінездің дамуымен жиі байланысты.

Қиял, оның процестері мен механизмдері психологияда адам креативтілігінің, оның жаңа бейнелер мен идеяларды жасауға деген қабілеттілігінің маңызды көрсеткіштері ретінде қарастырылады. Қиял адамның жинақтаған білімдері, бейімділігі, сезімдері, өмірдің жарқын

әсерлері негізінде дамитындықтан, бейнелі ойлауды дамыту процесі белсенді жүрген кезде осы мақсатпен бастауыш мектепте оқу пәндерінің потенциалын пайдаланған маңызды. Қиял құбылыстың эстетикалық бағасын бейнелейді, сондықтан бастауыш мектептің оқыту кезеңінде қиял балада сұлулық заңы бойынша дамуына ерекше көңіл бөлген жөн. Қиялды дамыту мәселесін осылайша түсіну төменгі сынып балаларын эстетикалық тәрбиелеуде ұлттық ою-өрнек мәліметтерін пайдаланудың маңыздылығы туралы ой келеді.

Пайдаланылған әдебиетер тізімі

1. ҚР «Білім туралы» заңы «Егемен Қазақстан» №11 июнь 1999 ж.
2. 2004-2006 жылға арналған «Мәдени мұра» бағдарламасы – Алматы, 2004.
3. Абу Насыр Аль-Фараби. Философские трактаты. – Алма-Ата, 1972.
4. Абай. – Шығармалар жинағы /екі томдық/ – Алматы, 1995.
5. Агапов П., Кадырбаева М. Сокровище древнего Казахстана. – Алма-Ата, 1979 г.
6. Алиева Т. И. От восприятия – к творчеству: ребёнок в мире эстетического образа // Развивающее образование в системе дошкольного воспитания.- Дубна, 1995.
7. Амадуни И.А. Факторы, способствующие формированию творческого мышления дошкольников.// Сб.Новые исследования в психологии.- 1974. №2
8. Ананьев Б.Г. К этнопсихологии человека // Теоретическая и прикладная психология. – Л., 1969.
9. Арнхейм Р. Искусство и визуальное восприятие. – М.: Прогресс, 1974.
10. Арнхейм Р. Новые очерки по психологии искусства. – М., Прометей,
11. Астахов А.И. Воспитание творчеством. – М., 1991.
12. Асылханов Е.С Бейнелеу өнері сабақтарында оқушыларға эстетикалық тәрбие беру. – Алматы, 1999.
13. Асылханов Е.С. Қазақ қолөнерінің тарихы.// Қазақстан мектебі. – Алматы, 1990 №11.
14. Асылханов Е.С. Қазақ қолданбалы өнері // "Қазақстан мекетeбі" – Алматы, 1991 №12.

МУЗЫКА САБАҒЫНДА ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ

*Г.С.Абдуллаева аға оқытушы,
Н.А.Абдуллаев магистр-аға оқытушы
Шымкент университеті, Шымкент қ.*

Қазіргі қоғамның даму қарқыны білім берудің міндеттерін қайта қарауды талап етеді. Тұлғаны қалыптастыру, оның шығармашылық даралығын дамыту, баланың бар мүмкіншілігін ашып, оны жүзеге асыру білім беру жүйесінің басты бағыттары. Оны біз Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы жобасынан көре аламыз: Қазіргі жалпы білім беретін мектептегі оқытудың мазмұны мен құрылымы өзгеріп отырған кезеңде тұлғаға бағдарланған ойын технологиясының алар орны ерекше. Ойын теориясы мен практикасын отандық және шетелдік педагогтар, психологтар, социологтар зерттеуде. Мысалы, Иохон Хейзингтің «Ойыншы адам», Д.Б.Элькониннің «Ойын психологиясы», «Эрик Берннің «Адамдар ойнайтын ойындар» атты еңбектері жазылды. Ойын теориясын А.В.Вербицкий, Т.В.Кудрявцев, И.П.Пидкасистый сынды Ресей ғалымдары зерттесе, Қазақстандық ғалымдар: Н.К.Ахметов, Ж.С.Хайдаров т.б.болды. Мектепте пәндерді оқытуды жетілдірудің жаңа технологиясын іздестіру жолында ғалымдар, жаңашыл педагогтар, мұғалімдер еңбек етуде. Олардың ғылыми еңбектерін, зерттеу жұмыстарын саралағанда берік білім берудің, оқу белсенділігін арттарудың маңызды жолдарының бірі ойын элементтерін тиімді пайдалану екендігін байқатады. «Баланың ынтасын тарту үшін оқылатын нәрседе бір жаңалық болу керек!» - деп жазады Ж.Аймауытов [1]. Мектептегі музыка сабағында да ойын технологиясын қолдана отырып, материалды тез меңгеруге, музыкалық шығармаларды қабылдауға, әуенді ести білуге үйретуге болады. Бастауышта оқытылатын барлық пәндер сияқты музыка сабағында да ойынның маңызы зор. Ойынды әдетте мұғалім сабақ алдында не сабақты қорытындылар сәтте пайдаланады. Сондай ойындардың бірі - «Ойлан, тап!» жұмбақ ойыны. Жұмбақ ойынды қолдану арқылы балалар аспаптар түрлерін, құрылысын ажырата отырып, тапқырлыққа, шапшаңдыққа үйрене алады.

Ұзын мойын екі ішек,
Қатар-қатар тепкішек.
Басып қалсаң бір-бірлеп,
Күй шығады күмбірлеп, (Домбыра)

Саусақ батпас түтіктен,
Сандуғаш құс сайрайды. (Сыбызғы)

Сексен бес тілі бар,
Әр тілдің Өзіне тән үні бар. (Күйсандық).

Ұсынылып отырған жұмбақтарды оқушыларды екі топқа бөліп жарыс түрінде өткізуге болады. Бірінші топтың балалары жұмбақты айтса, екінші топ оқушылары жауабын табу керек т.с.с.

«Малды төлін емізуге шақыру» ойыны.

Ойын жүргізуші:

-Кәне балалар бәріміз дауыстап төрт түлік малды төлін емізуге шақырайық. Ойынды көрнекіліктер пайдалана отырып өткізуге болады. Мысалы: Биені құраулап, Түйені көс-көстеп, Сиырды аухаулап, Ешкіні шөрелеп шақырып аламыз, Сауамыз, бағамыз. Бұл музыкалық ойында ән айтқызу арқылы дыбыс тазалығына, сөздерді анық айтуға көңіл бөлеміз.

Музыкалық-дидактикалық ойын. Ойын мақсаты:

1. Тоқсан бойынша тыңдалған әндер мен күйлерді тыңдатып, сазгерлер мен шығармаларының аттарын ажырата білуге дағдыландыру.

2. Сонымен бірге орындалу ерекшеліктеріне (қандай музыкалық аспапта немесе әнді кім орындады т.б.) көңіл бөлу.

3. Ойынды түрлі көрнекіліктер (карточкалар, таблицалар т.б.) пайдалану арқылы өткізу. Кемпір шетке шығып тұрады, басқа ойыншылар қаздай тізіліп, бірінің соңынан бірі ұстап хормен «Гөк-гөк, көгі - гөк» деп бірнеше рет әндетеді. Балалар қаздың жүрісіне еліктей ақырын оң мен солға шайқалып кемпірдің қасына келеді. Бірінші келген балаға кемпір ине, шөп, таяқша беріп: «Жоғалындар!» деп тапсырады. Балалар айнала жүгіріп, қайтадан қаздай тізіліп кемпірге келеді. Кемпір әндетіп: «Әлгім, әлгім қайда?» деп сұрайды. Балалар бәрі бірдей: «Әлгінің, әлгің қайда? Қалды алыс сайда!» деп жауап береді. Олай болса, сендердің біріңді алып қаламын деп кемпір балаларға бас салады. Балалар тізбегін жазбай қаша жөнелуі керек. Қолға түскен біреуін кемпір қасына алып қала береді. Ойын барлық балаларды түгел ұстап болғанша қайта жалғаса береді.

Музыкалық-дидактикалық ойын. Ойын мақсаты:

1. Ұрмалы немесе ішекті аспаптарды (дабыл, асатаяқ, тұяқтас, қоңырау, домбыра, қобыз, жетіген т.б.) дыбыс ерекшеліктері арқылы айыра білуге дағдыландыру. Ойын барысында балалардың белсенділігін, қызығушылығын жоғалтып алмау мақсатымен, аспаптарды шешімін дұрыс тапқанша көрсетпеген жөн.

2. Күйді тыңдатып, одан алған әсерін сұрау немесе күйді тыңдата отырып, оларға күйден алған әсерін, көңіл-күйін, ой сезімі мен толғанысын суретке салдыру керек.

3. Ою-өрнектердің түрлерін көрнекі құралдар пайдалану арқылы таптыру.

Көрнекі құралдарға - үй жиһаздарынан: түскиіз, қоржын, киіз, әр түрлі иллюстрацияларды пайдалануға болады. Музыка сабағында әрбір оқушының жеке тұлғалық (психологиялық, мінез - құлық, қабілет, мүмкіндік т.б.) ерекшеліктерін ескере отырып, белгілі музыкалық - дидактикалық ойындар қатарын таңдап алған жөн. Бұл ойындар баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуында негіз болатын оның өзін - өзі сезінуі, психикалық

процестерінің дамуына бағытталып, сабақ үстінде, сергіту сәттерінде және сабақтан тыс кездерде жүргізіледі. Мысалы, жүйелі жүргізілген ойындар кезінде төмендегідей ойындар жүргізуге болады. Эмоцияны дамыту, қарым-қатынас, эмоционалдық дискомфорт жағдайын жақсартуға бағытталған ойындардан «Әуенді тап!», «Шатасқан», «Ноталар», «Кім немесе не үні екенін тап», «Әуенге қозғалыс ойла да, сыйла», «Музыка арқылы менің эмоцияларым», «Көңіл-күйді көрсет», «Әнді тап», «Музыкалы-мимикалық гимнастика» т.б. Жеке тұлғаның адекватты өзін - өзі бағалауды дамытуға бағытталған ойындардан «Сақина», «Үндемес», «Отырып - отырып жалықтым», «Ертегі құрастырамыз», «Ақындар бізде қонақта», «Судан балық аулайық», «Би», «Алма теру», «Сазгерлер» т.б. Қабылдауды дамытуға арналған ойындардан «Әуенге не жетіспейді?», «Не бейнеленгенін анықта?», «Аспаптарды боя», «Шығарма әуенін сызықтар арқылы беру» т.б. Есті дамытуға арналған ойындардан «Тыңда да таны», «Әуенді есте сақта» т.б. Ойлауды дамытуға арналған ойындардан «Төртіншісі артық», «Музыканы салыстыр», «Әуенді аяқтау», «Артық нотаны тап», «Әуен құра» т.б. Зейінді дамытуға арналған ойындардан «Не өзгерді?», «Айырмашылығын тап», «Алақан шапалақтау», «Рұқсат етілмейтін қимыл», «Ұшты-ұшты» және тағы да басқа көптеген ойындар өткізіледі.

Ойындық өзара әрекет - бұл өмірдің имитациясы емес, бұл баланың қоғамда өз қабілеттерін, мүмкіндіктерін жүзеге асыруына, өзін - өзі бекітуге мүмкіндік беретін ерекше іс - әрекет түрі. Яғни, ойын бала тұлғасының әлеуметтік дамуының негізгі факторы. Музыкалық ойындар оқушының музыкаға деген құлшынысын, қызығушылығын ғана арттырып қоймай, есте сақтау, ойлай білуге, ажырата, салыстыра алуға баулиды. Қорыта келе, бүгінгі таңда дидактика саласындағы негізгі мәселелердің бірі - білім берудегі ойындар технологиясы болып отыр. Ойын өмірде өте ерте жастан өзінен өзі бастала отырып, адамның кәсіпті толық меңгермегенінше жалғасады және ойын оқытуда алдыңғы технологиялардың маңызды бөлігі болып табылады.

Музыкалық білім беруді ұйымдастыруда қажетті ұсыныстар:

1. Оқушылардың өз бетімен ізденуіне, өз бетімен жұмыстануына, өз бетімен жаңалық алуына бағыт беріледі.

2. Оқыту үрдісінде бейімділіктер мен таңдауларды анықтау және есепке алу жүреді.

3. Музыка пәнінде оқушылардың танымдық стратегияларымен жұмыс ұйымдастырылады. 4. Түрлі үлгілердегі оқушыларға арналған музыкалық - дидактикалық материал қолданылады.

5. Оқу материалының қиындық деңгейін оқушы таңдайды, мұғалім өзгертіп отырады.

6. Әрбір оқушының өзінің мүмкіншілігі мен жеке бейімділіктеріне сәйкес белсенділігі қамтамасыз етіледі.

7. Мұғалім оқушыға топтық немесе жеке жұмыс жасау мүмкіндігін береді.

8. Мұғалім мен оқушы түрлі міндеттерді бірігіп шешу барысында оның жаңа заңдары, заңдылықтары, тәсілдері ашылады.

9. Таным әрекетін ең алдымен оқушы бағалайды, содан соң мұғалім бағалайды.

10. Үй тапсырмасының көлемін, қиындық деңгейін, формасын оқушы өзі таңдайды.

11. Оқушы алдымен шығармашылық жұмыс түрлерінің авторы ретінде танылады (музыка сабағында) содан соң мәдениет үлгілерімен салыстырады.

Библиографиялық тізім:

1. Аймауытов, Ж. Шығармалары: алты томдық шығармалар жинағы / Жүсіпбек Аймауытов; ҚР мәдениет және ақпарат м-гі, М. О. Әуезов атын. әдеб. және өнер ин-ты.- Алматы: Елшежіре, 2013.

2. Амонашвили Ш.А. Здравствуйте, дети! - М., 1990

3. Амонашвили Ш.А. Как живете, дети? - М., 1989

4. Кларин М.В. Педагогическая технология в учебном процессе.-М., 1989

5. Мазепина Т.Б. Развитие навыков общения ребенка. В играх, тренингах, тестах. - Ростов-на-дону. 2002

6. М.Балтабаев, Б.Өтемұратова «Елім-ай». - Алматы: «Атамекен» 1993.

ӘОЖ:372.8:004 Қ-31

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАЗІРГІ ТЕНДЕНЦИЯЛАР

Калымбетова Г.П. аға оқытушы

Шуланбеков Ж.Б. аға оқытушы

Шымкент Университеті, Шымкент қаласы

Шығармашылық идеясын инновациялық технологияларды енгізу идеясымен бірінші болып байланыстырған экономистер болды. "Инновациялық технологиялар" ұғымын көптеген ғалымдар терең талдағанына қарамастан, "шығармашылық" идеясына жеткілікті көңіл бөлінбеді. Бұл мәселені алғаш рет австриялық және американдық экономист Шумпетер зерттеді, ол "бұл шығармашылықтың арқасында инновациялық технологиялар енгізілуде" деген қорытындыға келді. Алайда ол ешқашан тұжырымдаманың нақты анықтамасын берген жоқ. Шын мәнінде, шығармашылық таңқаларлық функцияларды орындайды – бұл сипаттай алмайтын адам жасаған барлық нәрсенің элементі құрғақ теория.

Қазіргі ғылым "шығармашылық индустрия" терминімен байланысты ұқсас мәселелерге тап болады. Шығармашылыққа негізделген өндіріс идеясы нарықтық экономиканың нағыз жетістігі болып табылады. Оны технократтар жоғары бағалайды және саясаткерлер қолдайды, бірақ олардың ешқайсысы шығармашылық адамдар не жасайтынына және өндіріс шығармашылық қызметпен қалай байланысты екеніне жауап бере алмайды. Сонымен қатар, әр түрлі қызмет түрлері – көркем және ғылыми шығармашылық – шын мәнінде бір бүтіннің бөліктері екендігі әлі дәлелденген жоқ.

Сонымен қатар, экономистер ешқашан "шығармашылық" ұғымын өзінің бастапқы мағынасында қолданбаған. Шығармашылық адамдар шығармашылыққа нақты анықтама бермесе де, олар өз тәжірибелеріне негізделген оның идеясын пайдаланады. Бұл сөзді алған экономистер оны түсінікті контекстен алып тастап, түсініксіз контекстке көшірді. Бұл түсінбеушіліктің негізі саяси ортада " шығармашылық "сөзі"мәдениет" сөзінің синониміне айналды. Алайда, бұл екі ұғым мүлдем басқа мағынаға ие. Олардың араласуына байланысты аналитикалық зерттеулердің дәлдігі қатты әсер етті.

Осы жұмыста осы дәлдікті сақтау үшін біз осы екі ұғымды бөлуге тырыстық. Бастапқы принциптерге сүйене отырып, біз кең контексте шығармашылық мақсатты "әрекет" деп санаймыз. Шығармашылықты адамның сыйы, қабілеті, талантқа, күшке немесе интеллектке ұқсас деп сипаттауға болады. Мәдениетке келетін болсақ, көптеген адамдар мәдениет – бұл дәстүр мен тәжірибе немесе көркем немесе әдеби шығармалар болсын, адам қызметінің нәтижесі деген пікірмен келісетін сияқты. Өнер әлемінің адамдары да, қарапайым адамдар да шығармашылықтан айырмашылығы, мәдениет адамдардан және жалпы қоғамнан бөлек, белгілі бір тарихи мұра болып табылатын өткен әрекеттердің нәтижесі деп санайды.

Осы анықтаманың негізінде көптеген экономистерге белгілі келіспеушілік туындайды: процесс пен нәтиженің болуы-шығармашылық пен мәдениет. Бірақ бұл жерде келесі фактіні ескеру қажет, егер біз адамның іс-әрекеті өнімді "шығарады" деп санасақ, онда біз келесі екі проблемаға тап боламыз: шығармашылық мәдениетті "өндіру" қызметімен шектелмейді және мәдениет әрқашан адам қызметінің нәтижесі емес. Дегенмен, бұл екі ұғым "шығармашылық индустрияға" қатысады және осы себепті автор мәдени және шығармашылық сектор ұғымдарымен бөліседі.

Жоғарыда айтылғандардан осы ұғымдар арасындағы байланыс ситуациялық және оны нақты мысалдармен зерттеу керек деген қорытынды жасауға болады. Мәдениет пен шығармашылықты жаңа қарқынды қарым-қатынаста көретінімізді ескере отырып, бұл ұғымдар бөлек болғанымен, олардың арасындағы байланысты ескере отырып, оларды зерттеу оңайырақ деп болжауға болады. Бұл мақаланың мақсаты-шығармашылық адам еңбегінің экономикалық сипаттамаларын және оның мәдениетпен байланысын анықтау.

Шығармашылық еңбек тұжырымдамасының ерекшеліктерін шын мәнінде зерттей отырып, біз оның осы ортадан тыс не істейтіні туралы сұраққа жауап бере аламыз. Шығармашылықтың мүмкіндіктері немесе шығармашылық процестің өзі туралы айтудың мағынасы бар-жоғын, оның көркем шығармашылықпен шектелетінін немесе ғылыми, техникалық шығармашылықтың кеңірек тұжырымдамасы бар-жоғын түсінуге болады. Ақыр соңында, шығармашылықтың қалай жұмыс істейтіні және ол біздің қоғамды қалай өзгерте алатындығы маңызды.

Мәдениеттанушылардың шығармашылық туралы өзіндік тұжырымдамасы бар және біздің көзқарасымыз оларға қайшы келмейді. Экономистер мәдениеттанушылардың пікірін тыңдауы керек және керісінше. Бірақ сонымен бірге біз шығармашылық ұғымының нақты анықтамасы жоқ екенін түсінуіміз керек – Экономикалық контексте де, мәдениеттану контекстінде де. Керісінше, бұл мақаланың мақсаты-шығармашылық жұмыстың қоғам өмірінде қандай орын алатынын зерттеу. Бұл «нақты бар шығармашылық» деп аталатын экономикалық шындық принципі. Маңызды сұрақ: «қазіргі экономикалық жағдайда шығармашылық адамдар қандай рөл атқарады?». Сондай-ақ, «шығармашылық өнімдері» деген не және олардың сол экономикалық жағдайдағы рөлі, өндірістегі, бөлудегі және тұтынудағы шығармашылық жұмыстың рөлі, мәдениет пен шығармашылық қызметтің анықтамаларының қайсысы экономикалық шындыққа сәйкес келетінін білу маңызды.

Шығармашылық процесінің табиғатын қарастырыңыз және оның біз ұсынатын анықтамаға сәйкес келетінін көрсетіңіз. Мәдени өндіріс процесі қалай сипатталады, оны қазіргі мәдениет пен шығармашылық секторында қалай көреміз? Мәдени өнім толық немесе анық емес деп саналады. Бұл шығармашылық адамдардың – жазушылардың, дизайнерлердің, композиторлардың, хореографтардың, әртістердің жұмыстарын қарастырған кезде айқын болады. Шығармашылық адамдар үшін «өнім» пайда болады жалпы идеядан немесе шабыттан гөрі көп. Дегенмен, шығармашылықтың анықтамасы осы шеңберден асып түседі. Шығармашылық адамдар өздері жасағысы келетін әсерді біледі немесе дамытады. Бірақ олар өз жұмыстары аяқталғанға дейін бұл әсерге қалай қол жеткізілетінін нақты білмейді. Объектінің тұжырымдамасы бар-мақсатты аудитория беретін бағалау, олар оны «іске асыруға» айналдырады, соның арқасында қажетті нәтижеге қол жеткізіледі. Бұл аудармашыларға да қатысты. Түпнұсқаны жасаушы «механикалық сипаттаманы» орындаушыға және басқа толық емес мамандандырылған аналогты мәдениет тізбегіндегі басқа адамға бермейді. Бұл жоғарыда келтірілген анықтамаға сәйкес шығармашылық.

Қабылдағыштар білім бағажы мен үлкен тәжірибені қолдана отырып, іс жүзінде механикалық түрде түсіндіре алады: мысалы, бидегі қадамдар тізбегі, механикалық немесе қарапайым фотосурет немесе журналистердің репортерлық қабілеттері. Бірақ, соған қарамастан, әсерді алу толық механикаландыру емес; шығармашылық минимум қалады. Бұл адамдардың

кез - келгені механикаландырылған функцияларды орындай ма, жоқ па, соны анықтаудың ең оңай жолы-олардың механикаландырылған болуы мүмкін бе, жоқ па; және бұл айырмашылықты тікелей пайдаланушы байқай ма. Бұл сондай – ақ мәдениет өнімін өндіруші алған спецификация толығымен семантикалық – мәнмен немесе әсермен - синтаксиске қарама-қарсы оны жүзеге асыру үшін қажетті әрекеттер тізбегімен анықталатындығын терең логикалық түсінумен байланысты. Жоғарыда айтылғандай, мәдениет пен шығармашылық ұғымдары бір уақытта пайда болды, өйткені адамдар осы ұғымдар туралы тиісті алғышарттар пайда болған кезде және экономика осы эволюцияға тең қатысқан кезде ғана ойлады.

Шығармашылық индустрия, терминнің өзін анықтаудағы теориялық мәселелерге қарамастан, эмпирикалық түрде бар. Ол іс жүзінде нақты өндірістік бірлікті қалыптастырады, сол еңбек ресурстарын пайдаланады, өз өнімдерін сол нарықтарда ұсынады. Мүмкін, бұл шығармашылық пен шындықты байланыстыру үшін бар экономика. Бұл мәселе бойынша экономистердің пікірлері әртүрлі – кейбіреулер мұны жақсы деп санайды, ал басқалары жоқ. Сондықтан шығармашылықтың функцияларын нақты өндіріс контекстінде қадағалап, нәтижелерді бағалау қажет. Өндірістің, бөлудің және адам қызметінің нәтижелерін есепке алудың ілгерілеуі адамзатты өндіріс саласындағы революция қоғамның негізгі трансформациялық факторына айналған қызмет көрсету саласындағы революцияны өзгерткен сыни нүктеге әкелді.

Өнер туындысын жасау процесі тек экономикалық өріс шеңберінде жүре алмайды және оның қоғамды тануға бағдарлануын ескере отырып, шығармашылық процесс әлеуметтік сипатта болатындығын атап өткен жөн. Өнердің әлеуметтік маңыздылығының басымдығына байланысты мәдениет саласындағы құбылыстар мен процестерді сипаттау үшін кейбір іргелі экономикалық категорияларды қолдану қиынға соғады. Шығармашылық қызметті мәдениет саласының өнімінің рухани құндылықтарын құруды, таратуды, тұтынуды және сақтауды біріктіретін толыққанды экономикалық қатынастар қалыптасқан рухани өндіріспен салыстыру. Сондай - ақ, шығармашылық қызмет барысында капиталдың жаңа түрі қалыптасады-мәдени. Өнер туындысы үшін төленген баға-бұл рухани өндірістің пайдалылығын өлшеудің материалдық бағасы. Өнер нарығының ерекшелігі-өнер туындысының мазмұнына тауар бағасының формасын беру. Бұл жағдайда әдеттегі баға процесін шифрлау науқанының бір түрі ретінде сипаттауға болады, оның көмегімен белгілі бір нарыққа қатысушылар өнімнің шынайы құнын сипаттайды. Дәл осы көркемдік нарықтың ерекшелігі экономикалық талдаудың жаңа перспективаларын ашады, оның эпиграфы құндылық көзінің сенімділігіне айналады - оның алмастырылмайтындығы.

Қазіргі заманғы нарық мәдени дистилляцияға тең процесс арқылы шығармашылықты ерекше жұмыс түріне айналдырады, мысалы, тазалаушы мамандықтар, сонымен қатар атақты адамдар мен магнаттардың жаңа иерархиялары үшін жаңа, мүлдем көрінбейтін еңбек бөліністерін жасайды.

Бұл анағұрлым айқын теңсіздіктерді, тіпті одан да қатаң жұмыс режимдерін тудыруы мүмкін. Алайда, бұл әлеуметтік эволюцияны көрсетеді – ол теріс немесе оң бола ма, әлі шешілмеген. Жасау, жасау қабілетіне негізделген Иерархия роботтарды орнату қабілетіне негізделген иерархиядан ерекшеленеді; және бұл талдаудың мәні.

Қазіргі уақытта қазіргі заманғы өнер, мәдениет экономиканың толыққанды саласы болып табылады. Бұрын өнер қоғамда әлеуметтендіруші рөл атқарды, діни , адамдардың күнделікті өміріне қызмет етті. Шығармашылық қызметтің өнімдері қоғамның интеллектуалды, эстетикалық және рухани қажеттіліктерін қанағаттандырды, утилитарлық мақсатқа ие болды. Қазіргі әлемде қоғамның материалдық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін көркемдік құндылықтарды құру немесе өндіру кезінде, сондай-ақ пайдалану кезінде маңызды рөл беріледі.

Әдебиеттер

1. Художественный рынок: Вопросы теории, истории, методологии. – СПб.: СПб ГУП, 2004.

2. Гасратян К.М. Сфера культуры в современной рыночной экономике (Особенности функционирования ее институтов). М., ИМЭМО РАН, 2006

3. Кошкина М.В. Негосударственные некоммерческие организации в сфере культуры и искусства. – М.: Композитор, 2002.

4. Тульчинский Г.Л. Менеджмент в сфере культуры / Г.Л. Тульчинский, Е.Л. Шекова. – М.: Лань, 2003.

5. Baumol W. Performing Arts – The Economic Dilemma / W. Baumol, W. Bowen. – N.Y., 1966. – P. 162.

6. Виленский В. К проблематике брэнда (торговой марки) в сфере исполнительских искусств // Аспирантский сборник ГИИ. – М., 2003.

7. Моль А. Социодинамика культуры.

8. Немзер А. Современная жизнь классической музыки. Неприкосновенный запас. Дебаты о политике и культуре. – М., 2006.

ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА НЕГІЗДЕЛГЕН ҚАЗАҚ ЖАЗУЫНА КӨШУДІҢ БҮГІНГІ ТАҢДАҒЫ МАҢЫЗЫ

*А.Е.Мамаева ф.ғ.к., Шымкент университеті
Г.А. Ибрагимова №46 лицей-мектебінің директоры
Шымкент қ.*

Резюме

В этой статье рассматривается значение перехода казахской письменности на латинскую графику

Annotation

This article discusses the significance of the transition of Kazakh writing to Latin script

Жазу-адамның ой пікірін, хабарын, мағлұматын таңбалар арқылы жеткізуді қамтамасыз ететін белгілер жүйесі. Жазудың пайда болуы адамдардың қарым-қатынастағы уақыт пен кеңестік кедергісін жойды. Оның алғашқы нұсқалары өте ерте заманда жасалды. Жазу қатынас құралы ретінде пайдаланылған суреттер мен шартты белгілерден кейін пайда болған. Өз ойын басқаға жеткізу үшін адамдар әуелде заттың өзін пайдаланды. Мысалы, кеткен бағытын көрсету үшін жолға бұтақ тастаған. Кейін осы мақсатпен ағашқа садақтың оғын қадап кеткен. Ойды зат арқылы білдіру үрдісі ежелгі замандарда тайпалар арасындағы елшілік қарым-қатынастарға да пайдаланылған. Кейін мұндай рәміздік зат орнына таңбалар, бедерленген бұйымдар қолданылған.

Қазақ жазуының тарихына көз салсақ, ғасырлар тоғысында арғы ата-бабаларымыз көне түркі алфавитінде пайдаланылған. Көне түркі алфавитінің шығу тегі оның көне түркі этногенезімен, көне түркі тайпалары мәдениетінің тарихымен және түркі тілдерінің тарихи грамматикасы мәселелерімен байланысты. Түркітанудың өрістеп дамуы үшін бұл проблеманы дұрыс шешу аса маңызды болып табылады. Бұл жазудың аса бір құндылығы - ертедегі Қазақстан жерін мекендеген сақ тайпаларының тілі көне түркі болғандығын тағы да нақтылы дәлелдей түседі. Сондай-ақ, Қазақстан жеріндегі алғашқы көшпелілерде жазу-сызу болмаған деген пікірдің ешбір негізсіз екендігін айқындап, бұдан 2500 жыл бұрын түркі тілдес тайпалардың алфавиттік жазуды білгендігін және оны кен түрде пайдаланылғандығын дәлелдейді. Көне түркі жазуы арғы ата-бабаларымыздың 1500 жыл бойы қолданған төл жазуы екендігі ешқандай күмән туғызбайды. Бұл жазудың соншалық өмір сүргендігін, яғни б.з.б. 1 мың жылдықтың ортасынан б.з.б. 1 мың жылдықтың аяқ кезіне дейін қолданылғанын қазіргі деректер айқындап отыр. Сонымен, көне түркі алфавиті Оңтүстік Сібір мен Жетісу жерінде ерте дәуірде, яғни біздің жыл санауымызға дейінгі 1 мың жылдықтың орта кезінде қалыптасты деген тоқтамға көңіл қоямыз. Руникалық көне түркі алфавитінің шығу тегі

жөніндегі болжамдар мен деректер В. Томсен, О. Доннер, Н. Аристов, Ф. Альтхайм, Дж. Клоссон т.б. зерттеуші ғалымдардың еңбектерінде үлкен орын алады. Бұл пікірлерде қайшылықтар кездеседі және нақты дәлелдердің жетімсіздігі ұшырасады. Түркі руникалық таңбаларының (графемалардың) палеографиялық және фонологиялық байланысты болып келеді. Көне түркі руникалық таңбаларының алғашқы семит, көне грек, италиялық, кіші азиялық әріптерімен типологиялық және генетикалық жағынан жақындығы байқалады. Көне түркі руникалық таңбаларының шығу тегі басқа көне алфавиттердің шығу тарихымен тамырлас. Руникалық жазудың бастапқы түркі негізі б.з.б. үшінші және екінші мың жылдықтағы беймәләм идеографиялық немесе алфавиттік жазу болуы ықтимал, ал басқа көне алфавиттермен ішінара ұқсастығы олардың арғы тегіндегі бастауы бір екендігін көрсетеді. Сонымен бірге, көне түркі алфавитінің шығу тегі, генезисі, проблемасы жалпы дыбыстық жазудың шығу мәселесімен ұштасып жатыр. А. С. Аманжолов түркі руникалық алфавитінің Оңтүстік Сібір мен Жетісу аймағына біздің заманымызға дейінгі 1 мың жылдықтың ортасынан қалмай қалыптасқандығын көрсететін, палеографиялық талдауға сүйенген гипотеза ұсынды. Түркі руникалық алфавитінің ұзаққа созылған эволюциясы көне түркі тілі дыбыстық жүйесінің қалыптасу процесін айқындап ұштасып жатады,- деген [1]

1929 жылға дейін Қазақстанда араб жазуы пайдаланылды. X-XI ғасырлардан бастап қолданыла бастаған араб жазуы түркі халықтары тілдерінің ерекшеліктеріне сәйкестендірілмей, арабтарда қалай қолданылса, сол қалпында өзгеріссіз түркі тілдерінде де қолданылды. Бірақ соған қарамастан ол оншақты ғасыр бойы түркі халықтарының, соның ішінде, қазақ қазақ халқының да мәдени-рухани дамуына қызмет еттіп келді.

XX ғасырдың басында Ахмет Байтұрсынұлы ұсынысымен қазақ фонетикасының ерекшеліктері ескеріліп жасалған, араб графикасына негізделген «төте жазу» пайдаланылған. 1929-40 жылдар аралығында латын графикасына негізделген әліпбиді жазу жүйесіне енгізіп, 1940 жылдан бері қарай кирилл графикасы әліпбиін қолданып келеді. Мысалы, айта кетсек, Қазақ тілі үшін әр кезеңдерде және әр аймақтарда келесі жүйелер Қазақстан Республикасында кирилл жазуы негізінде, ресми түрде Қазақстанның бүкіл жерінде және Моңғолияның Баян-Өлгей аймағында пайдаланылған. Тағы да көршілес Қырғызстан, Ресей, Түрікменстан және Өзбекстан елдерін бірыңғай мекендеген қазақ жұрты пайдаланады, сонымен бірге басқа ыдыраған КСРО республикаларында да пайдаланылады. Сонымен қатар Түркия, Германия, АҚШ, т.б. батыс елдерінде қазақ диаспорасы әртүрлі қалыпты емес латын жазуын пайдаланады [2].

Араб жазуымен орта ғасырда түркі халқынан шыққан ұлы ғалымдар өз еңбектерін жазды. Атап айтсақ, А.Жүйнеки, А. Әл-Фараби, Ж.Баласағұни, М.Қашқари, А.Яссауи. Осы ғалымдарымыздың біраз жазба мұралары біздің заманымызға араб жазуымен де жеткен. Түркі халықтарының бұл жазуды қолдануының да тарихи себептері бар. Оның алғашқы бастамасы араб

мәдениетінің Қараханидтер дәуірінде ене бастауы болу керек. Араб алфавиті XI ғасырдан бастап түркі тілдерінде пайдаланыла бастады. Араб алфавитіндегі алғашқы түркі жазба ескерткіштері Юсуф Баласағұнидің «Құдатғу біліг» (1069ж.) дастаны, Махмуд Қашғаридің «Диван лұғат ат түрік» сөздігі, Ахмет Югнекидің «Хиба ал-анбия» (XII ғ.), Насретдин Рабғузидің «Қисса ал-анбия» (XIV) атты туындылары т.б.. Махмуд Қашғаридің «Диван лұғат ат түрік» сөздігінің қазіргі Түркітану ғылымы үшін аса маңызды еңбектер болған.

XX ғасырдың басында Ахмет Байтұрсынұлы ұсынысымен қазақ фонетикасының ерекшеліктері ескеріліп жасалған, араб графикасына негізделген «төте жазуды» пайдалану іске асты. А.Байтұрсынов ана тіліне әлеуметтік лингвистикалық тұрғыда ерекше мән берген. Ол: «...һәр жұрт баласын әуелі өз тілінде оқытып, өз тілінде жазу – сызу үйретіп, өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын танытып, балалар әбден дағдыланғаннан кейін, басқаша оқыта бастайды. Біз де тіліміз бұзылмай сақталуын тілесек, өзгелерше әуелі өз тілімізбен оқытып, онан соң басқаша оқытуға тиіспіз», - деген еді [3.142]. Сондықтан «Атаның аздырмай берген мүлкін, қолымызға алып быт–шытын шығарсақ, ол ұнамды іс болмас», - деп білеміз [3.399].

1929 жылғы 7 тамызда КСРО Орталық Атқару Комитеті мен КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің Президиумы латындандырылған жаңа әліпби – «Біртұтас түркі алфавитін» енгізу туралы қаулы қабылдады. Латын әліпбиінің негізінде жасалған жазу үлгісі 1929 жылдан 1940 жылға дейін қолданылып, кейін кириллицаға ауыстырылды. 1940 жылғы 13 қарашада «Қазақ жазуын латындандырылған әліпбиден орыс графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру туралы» заң қабылданды. Қазақ жазуы бірнеше рет өзгеріске ұшырады. жазу тарихында қазақ тілінің әліпби жүйесі бірнеше тарихи кезеңдерді басынан өткізіп, ұлттық әліпби деңгейіне жеткен. Бүгінгі таңда латын әліпбиіне көшу бұл үлкен қажеттілік. Біздің қазіргі кирилл әліпбиіндегі қазақ тіліміз - Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі, сонымен қатар Ресей, Өзбекстан, Қытай, Моңғолия және т.б. елдерде тұратын қазақтардың ана тілі. Қазақ тілі түркі тілдерінің қыпшақ тобына, соның ішінде қарақалпақ, ноғай, қарашай тілдерімен бірге қыпшақ-ноғай тармағына жатады.

Қазіргі қазақ жазуында қолданылып жүрген әліпбиді латын әріптерімен ауыстыру мәселесіне алаңдаушылық тудыратыны рас. Бірақ бұл болашаққа батыл қадам жасап, елімізді танытып келе жатқан маңызды бастамаларының бірі болып саналады. Ата-бабадан мирас болып келе жатқан тіліміздің болашағы үшін жасалған ғылыми маңызды шара деп білеміз. Тәуелсіз елдің негізгі белгілерінің бірі ретінде жазудың маңызы өте зор. Себебі бұл сөз тілінің болашағын ойлаған тіл мамандары мен тілге жанашыр зиялы қауымның көкейіндегі ойды дөп басқандай. Латын әліпбиіне көшу, сайып келгенде, ана тіліміздің болашағын ойлап, қолданыс аясын одан әрі кеңейте түсуге мүмкіндік жасап, тіліміздің ішкі табиғи әліпбиіміз арқылы жазудың айтуға жасап келе жатқан қиянатын болдырмай, қазақы айтылым

(орфоэпия) мен жазылым (орфография) талаптарын жүйеге түсіру деп түсіну керек. Латын әліпбиіне көшу – қазақ халқының алға жылжуына, жаңа заман талабына сай өсіп-өркендеуіне, болашақта еліміздің жан-жақты дамуына үлкен үлес қосып, жемісі мен жеңісін әкелері сөзсіз. Біз латын әліпбиіне көше отырып, өркениетті елдердің қатарына қосылып, тіліміздегі дыбыстық жүйелерді нақ анықтап, қазақ тілінің жазылуы мен дыбысталу кезінде сөздер қолданысындағы артық кірме сөздерден арыламыз. Сондықтан латын әліпбиіне көшу біз үшін, болашақ үшін әлдеқайда маңыздырақ.

Қазақстанның бүгінгі жай-күйін және келешектегі даму бағытын сөз еткенде, өткен тарихын да әрдайым есте ұстап, тарихтан тағылым еткен жөн. Бұл орайда тарихтың бөлінбес бір бөлігі- тіл мәселесі. Қазақ тілінің өсіп-өркендеуін бағадарға ала отырып, қазақ қоғамының рухани жағынан жаңғыруына, баюына бірлесе еңбектенгенде ғана ана тіліміздің мәртебесі биік болатыны анық. Еліміздің латын әліпбиіне көшу ұлтымыз үшін жасалған маңызды қадамдардың бірі. Тарихқа көз жүгіртсек, бірінші тұғыры байлық - жер, екіншісі - тіл, үшіншісі - мемлекет және оның тарихы болуы керектігі айқындалады. Ағартушы-педагог ғалым Ахмет Байтұрсынұлы айтып кеткендей, «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы - тілі» деген. Алаш қайраткерлері де латын әліпбиін жазу-сызуда қолданды. Латын әліпбиі әлемде кеңінен қолданылады. Өзектілігі дау тудырмайтын бүгіннің де, ертеңнің де негізгі мәселелерінің бірі болып қала беретін дүние - қазақ тілінің жай-күйін зерделеу, ұлттық лингвистиканың көшбасшысы ретіндегі даму бағытын айқындау, қазақ жазуының тарихына талдау жасай келе болашақтағы латын әліпбиіне көшуде алдағы уақытта лингвист- ғалымдардың алар орнын, бағытын танып, анықтауымыз қажет.

Латын графикасына негізделген қазақ алфавитінің құрамында 29 әріп бар. Жаңа енген сөздерді дұрыс жазуға әріптер жеткіліксіз болды. Сондықтан латын графикасы негізіндегі қазақ алфавиті мен орфографиясына 1938 жылы өзгерістер енгізілген. Алфавит құрамында енді 32 әріп болды. Дауысты ұ мен і дыбыстары өз алдына белгіленді (ı, ı), интернационалдық мәні бар ф, х, в, дыбыстарын таңбалайтын әріптер қосылды (f, x, y). Қазіргі қазақ тілінің фонетикасына соңғы латын алфавиті сай келеді, осының негізінде қазақ орфографиясы едәуір түзелді.

Латын әліп биіне көшу- заман талабы. Қазіргі таңда түркі елдерін де өткір қойылып отырған әдеби тілді толықтырып, жетілдіру жұмысы ортақ әліпбиге көшуден бастау алмақ. Ортақ жазу туысқан халықтардың одан әрі шашырап, ыдырап кетуіне жолбермей, оларды жақындастырып, мәдениетінің өркендеуіне зор ықпалын тигізбек.

Академик Ә. Қайдаровтың айтып өткеніндей бөлек-бөлекке мен әліпбиге жүгіну-түркі тілдер орфографиясындағы үлкен сәтсіздік. Өйткені бұл туыс халықтар арасын ашып, бір-бірінен алшақтата түседі. «Жазу таңдау да оның ұлтаралық, халықаралық деңгейде екендігі, жалпы жер жүзін етаралуы да ескерілуге тиіс. Бұл тұрғысынан латын әліпбиінің болашағы

зор». Ғалымның «Кемел елге кемел әліпби керек» деген мақаласындағы «Түркі дүниесінің басын қосып, тұтастығын қалпына келтірудің үлкен біршарасы- латын әліпбиіне негізделген ортақ түркі жазуын қалыптастыру. Бүкіл түркі елдері латын әліпбиіне көшіп, олардан бөлектеніп, бұрынғы жазу мен қалып қоюға болмайды. Терезесі тең тәуелсіз мемлекеттер қатарында қоғамдағы прогрессивті үрдісті, замана талабын ескере отырып, әлем халқының басым көпшілігіне ортақ латын әліпбиін қазақ мемлекеттік ұлттық жазуынан егізетіп алған жөн» деген сөзі жұртшылық тарапынан қолдау табуда.

Ана тіліміздің тағдырына йқындайтын латын әліпбиі негізінде іске асуы тиіс жаңа жазу реформасы толғауы тоқсан қызыл тілдің толғақты мәселесін, оның қағамдық әлеуметтік қызметін назардан тыс қалдырмау тұрғысынан қолға алынғанын қалар едік.

Атап айтқанда, түркі тілдеріне ортақ латын жазуына көшкенде бейқамдыққа салынбай, тіліміздіңғасырбойықалыптасқаннормасынбұзбай, сөзді дұрыс сауатты жазуға нұқсан келтірмей, емледегі қайшылыққа жолбермей, тыңғылықты даярлықпен көшуді мақсат тұтқанымыз жөн.

2025 жылға дейін латын графикасына кезең-кезең мен көшуін қамтамасыз етілуі міндеттелген еді. Соған сай тіл ғалымдары жаңа әліпбиге көшудің 3 кезеңін қарастырып отыр. Латын әліп биіне көшу ұлтымыздың санасын бұғаудан босатады, түркі және жаһандық әлемімен ықпалдасуға, ертеден қолданған әліпбиімізге қайта оралып, ұлттық санамыздың қайта жаңғыруына жол ашады. Біз 2025 жылдан бастап әліп биімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады» – деп латын әліп биіне көшудің қажеттілігін атап өтті [4].

Қазіргі уақытта ұялы телефондарда жарнамалар, хабарламалар латын әліпбиімен жазылуда. Сонымен қатар, интернет желісінде де латын әліпбиіне аударатын транскрипция орнатылған, бірақ орыс графикасында ғана жасалған, болашақта қазақ графикасында жасалады деген ойдамыз. Латын әліпбиіне көшуде осындай бастапқы жұмыстар атқарылып отыр. Қорыта айтқанда, латын әліпбиіне көшудің терең логикасы бар. Бұл қазіргі заманға технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ ХХІ ғасырдағы ғылыми және білім беру процесінің ерекшеліктеріне байланысты. Қазақ тілінің әліпбиін өзгерту тарихы негізінен нақты себептермен байланысты.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. А.С. Аманжолов. История и теория древнетюркского письма. Алматы: Мектеп, 2003.

2. Закон Республики Узбекистан «О государственном языке Республики Узбекистан». Ташкент. - 1989.

3. А. Байтұрсынов .Тіл тағылымы. - Ұлттық рухтың ұлы/-Ғылыми мақалалар жинағы. Алматы:Анатілі; 1992 –448 б

4. Аналитический центр «Разумные решения» Латинизация алфавита. Узбекский опыт /<http://analitika.org/Uzbekistan/uz-politics/60620070519043222328.html>.

ТҰЛҒА ДАМУЫНДАҒЫ ЭМОЦИОНАЛДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

*БО-222 тобының студенті: Абдикаримова М.
Ғылыми жетекші: Тилекова Ания Жанабаевна*

Аннотация

В статье рассматриваются способы управления способностью человека понимать свои эмоции и эмоции других с помощью эмоционального интеллекта и адаптации к собственному эмоциональному состоянию, как своим собственным, так и чужим эмоциям. Данная тема исследования является одной из актуальных на сегодняшний день. В ходе исследовательской работы были проанализированы концепции российских и зарубежных ученых, изучающих эту область.

С помощью специальных упражнений личностное развитие, начал регулировать межличностные отношения, то есть эмоциональный интеллект начал работать на практике. Дифференцируя труды ученых – исследователей роли эмоционального интеллекта в развитии личности, можно сделать вывод, что ЭИ-это психологическая структура, которая формируется в процессе жизни человека под влиянием ряда факторов, лежащих в основе его уровня и индивидуальных особенностей.

Summary

The article discusses through emotional intelligence the ability of a person to understand his emotions and those of others and adapt to his own emotional state, ways to control the emotions of both his own and others. This topic of the proposed study is one of the most relevant today. In the course of the research, the concepts of Russian and foreign scientists studying this area were analyzed. Personal development, through special exercises, began to regulate the interpersonal relationship, that is, emotional intelligence began to work in practice. Analyzing the works of scientists studying the role of emotional intelligence in personality development, we can conclude that AI is a psychological structure that is formed during a person's life under the influence of a number of factors underlying his level and individual characteristics.

XXI ғасырда адамдардың кәсіби шеберлікке бағдарлануында эмоционалдық интеллектің орны ерекше. Эмоционалдық интеллект жұмсақ дағдыларды (softskills) қалыптастыратын, адамдармен тиімді және үйлесімді қарымқатынас жасауға мүмкіндік беретін, адамның өміріндегі жетістіктерін анықтайтын және адамдар арасындағы қарым-қатынасты, эмоциялар мен шығармашылық қабілеттерге жауап беретін қасиеттер болып табылады.

Қазіргі күнде эмоционалды интеллект тұжырымдаманы біз еркін қолданып жатырмыз. Себебі бұл қазіргі замандағы адам өмірінде ажырамас бөлігіне айналған. Бұл тұжырымдама қазіргі уақытта әр түрлі түрде түсіндіріледі. 20 ғасырдың соңында бұл сөз тіркесі академиялық психологиялық шетелдік әдебиеттер бетінде пайда болған. Осы уақыттан бері қолданып келе жатқан бұл тұжырымдаманы ғалымдар әр түрлі түрде зерттей бастаған. Адамдар арасындағы қарым – қатынасты алғаш рет әлеуметтік интеллект ретінде қарастырылуы Эдвар Ли Торндайктің зерттеулерінен кейін яғни 1920 жылдардан басталады. Содан бері эмоциялық зерде ғылымы ретінде қазіргі күнге дейін зерттеледі алайда оның маңыздылығы 1980 жылдан кейін білінді. Ғылымда «Эмоциялық интеллект» терминін америкалық психологтар Питер Сэловей мен Джон Мэйер

90 жылдары енгізді. Америкалық ғалым Дэниел Гоулманның 1995 жылы кітабы жарық көрді. Бұл кітапта «Эмоциялық интеллект неліктен IQ-ден де маңызды?» деген кітабынан кейін EQ дербес ғылым ретінде әлемде кең қолданысқа ие болып келе жатыр. Ең алдымен осы ғалымның кітабына тоқталып өтсек «Эмоциялық интеллект» дегеніміз не? Адам өз-өзін толық тану әлсіздіктер мен артықшылықтары мен бағалау түрлі жағдайда көрініс табатын сезімнің түпкі себебін түсіне білу сол артықшылықтары мен жұмыс жасай білу оның қате әрекеттерге түрткі болуына жол бермеу, эмоцияны дұрыс басқара білу қабілеті, сондай-ақ адам өзін өзгелердің орнына қою.

Ғалымдардың айтуынша Эмоциясыз адам – ол ауру немесе ақыл-есі кем яғни жетілмеген адам сияқты санайды, адам да мүлдем қуану, шаттану, ашулану, еш нәрседен қорықпайтын жек көру сезімдері болмаса, онда біз оны көз алдымызға робот бейнесі секілді немесе жансыз суық адамды елестетеміз. Сондықтан да адам мен роботтың басты айырмашылығы сезімдер де. Қазіргі күнде шетелдік технология мен айналысатын мамандар робот жасап роботтарға сезім мүшесін қою мен айналысуда яғни адам баласы сияқты жылай алады, қуанады, әр түрлі эмоциялар көрсетеді. Бірақ бізге сезімдер табиғи түрде берілген. Қазіргі таңда эмоциялық интеллектісі жоғары адамдар өздерінің эмоциялары және басқалардың эмоцияларын түсіну және де эмоцияны басқару қабілеттерінің арасында әлеуметтік салаларда жақсы бейімделген және өздерінің алдына қойған мақсаттарына жетуіне көмек береді. Ғалымдардың айтуынша бұл эмоционалды интеллект жағдайларға байланысты өзгеріп отырады.

Америкалық психологтар зерттеуі бойынша осы өмірде жетістікке яғни мақсатқа жетудің 20%-ы ғана білімге байланысты болса, ал қалған 80% -ы EQ-ға яғни эмоциялық зердеге қатысты екен. Сол себепті қазіргі таңда

көптеген компаниялардың жаңа қызметкерлерін басшылық лауазымға адам таңдаған кезде олар эмоциялық зердесінің даму деңгейіне назар аударуда. Сондықтанда қазіргі күнде елімізде ұлттық эмоцианалды интеллекті және де оны тереңірек түсіну маңызды. Президентіміздің жолдаған болашаққа бағдар рухани жаңғыруы атты мақаласында айтылған. Ұлттың эмоцианалды интеллекті практика жүзінде халықаралық өзара қатынастар кезінде пайдалану ол ұлттың бірегейлігін сақтай отырып ашықтық пен әріптестер арасында құрметтің болуына әкеледі. Сол себепті адам өміріндегі эмоциялық интеллектінің маңыздылығы оразан зор. Қазіргі күндегі мен байланыстыра отырып айтсақ орта мектепті алтын белгімен, ал университетті қызылға бітіріп өмірінде алған біліміне сай жетістікке жетудің орнына әр түрлі жағдайларға байланысты қоғамда нақты орынын таппай қалуда. Осы мәселелерге байланысты Гарвард университеті ең білімді түлектердің университеттен кейінгі өмірінде 10 жыл бойы қадағалау жасайды екен. Алайда олардың университетті үздік оқыған талапкерлердің бәрі бірдей өмірде жетістікке жете алмағанын байқағандықтан. Оларды зерттей келе, олардың кемшіліктері эмоциясын дұрыс басқаруды білмегендіктен. Олар өздерінің әлсіз тұстарын танымағандықтан, қате шешімдерге барады. Күрделі жағдайда сыр беретін сезім ықпалынан шыға алмай, күйгелектікке салынып, теріс әрекеттерге ұрынғыш болып келеді. Алайда эмоциялық интеллектісі жоғары адамдар деңгейлі қарым – қатынаста жылдам байланыс орнатып әріптестермен тығыз байланыс орнатуға көмектеседі. Яғни бұл қағида үлкен мемлекеттермен халықаралық қарым- қатынаста өз жемісін береді.

Ғалымдардың зерттеуі бойынша тұйық адамдар ғылыми жағынан математика және логикалық есептерді өте жақсы есептей алады. Алайда қарым – қатынасқа байланыстағы сұрақтар өте қиын болып көрінеді. Не себепті екенін 20- ғасырдың 60- жылдарында психологтар бұл сұраққа жауап береді. Біздің ақылымыз тек қана логикалық ғана емес сонымен бірге эмоцианалды бөліктен тұрады. Интеллект болудың ең жоғарғы кайвистенті тек логикалық жұмыс жасай алады. Психологтардың айтуынша адам ашуланған кезде қан айналымы барлығы білекке ал қобалжыған кезде аяққа жиналады деп тұжырымдайды. Жағымсыз эмоцияны тудыратын жағдай көбінесе адам өзін басқалармен салыстырудан келіп шығады. Адамдармен тез тіл табысу сол адамды жетістікке жетелейді, тіпті біз айтып өткендей жетістіктің 80% - ы айналамызбен дұрыс қарым- қатынас жасай отыруымыз керек екен. Қазіргі таңда осы ғылымда тұлғалық дамуында көп кездесетін 4 түрлі интеллект бар.

- Рухани интеллект
- Эмоциялық интеллект
- Менталды интеллект
- Физикалық интеллект.

Біз бұл интеллекттерді қазақ әдебиетінің аса құрметті жазушысы кайраткері Абай атамыздың жазып кеткен сөздерімен байланыстырсақ

болады. Мысалы Абай атамыз айтқан үш ақ адамның қасиеті- Ыстық қайрат, Нұрлы ақыл, Жылы жүрек. Демек бұл жерде жылы жүрек- яғни бұл рухани интеллект, Нұрлы ақыл – менталды интеллект, Ыстық қайрат – бұл физикалық және де эмоциялық интеллектке жатқызсақ болады. Қорытындылай келе айтсақ эмоциялық интеллект бұл адамның өмірінде ең басты құрал деп айтсақ болады. Адамның көңіл- күйі яғни эмоциясы өзіне байланысты .

Эмоциясыз адам бұл жансыз адамға ұқсайды. Алдын алу шаралары: Эмоциялық интеллекті дамытудың ең басты бөлігі – олбастау. Яғни өз эмоцияларамызды жақсы жағымды жаққа өзгертуді бастауымыз керек. Адам өзін мұқият тыңдап, эмоцияны ұстай білу, эмоциясын қадағалау, жағымсыз эмоцияны сыртқа шығармау қажет . Алайда адам өміріндегі ситуацияларға байланысты ол біздің іс -әрекетіміз бен тез байқалады. Барынша өз эмоциясын ұстай білу қандай да бір мәселе немесе тапсырмалар кезінде эмоцияға берілмей ең алдымен саналы түрде ойланып барып шешім қабылдауымыз керек. Кей кезде әр – түрлі жағдайларға байланысты эмоция беріліп дұрыс болмаған шешімдер қабылдап қоямыз . Ол біздің өмірімізге кері әсер етуі мүмкін. Сондықтанда эмоциямызды барынша басқара білуіміз керек. Тез стресске түспей ақылмен шешім шығарған дұрыс .

Адам өмірі эмоцияға толы. Эмоциялар адамды жаңа белесті бағындыруға тәуекел етуге итермелейді. Реніштен жылатады. Эмоциямызды сыртқа шығаруға ойларымыз ғана емес, өзіміздің ақылымыз бен жеңіп шығатын ниетпен әрекетімізде еріксіз түрде мәжбүрлейді. Ашу, өкпе қызғаныш сынды жағымсыз эмоцияларымызды көбінше бақылауымыздан шығып кетеді. Осы эмоцияларымыз өмірімізді қиындатып та жібереді. Сондықтан да эмоцияна берілген кезімізде барынша сабырлық танытып ең алдымен стресске түспей 5- 10 секундқа кідіртіп барынша сабырлық танытып баяу демалуымыз керек. Психология мамандары айтуы бойынша эмоцияға беріліп кеткен кезімізде кеудемізді ауаға толтырып, 20 ға дейін санап баяу демімізді шығаруымыз керек. Сол кезде жағымсыз эмоцияларымыз шығып кетеді.

Жағымсыз эмоцияларымыз шығып кеткен ше осы әдісті қолдансақ болады. Алайда эмоциямызға тосқауыл қоялған соң, оның лайықты түрде шығуына қадағалауымыз керек. Ал жиналып қалған эмоцияларымыз толықтай шыққанда ешқандай бақылауға көнбейді. Яғни бұл кезде адам ашу қысқанда бір сәт естерін жоғалтады және күйінішті жағдайларға түсуі мүмкін. Ал бұл жағдайларға түспеуі үшін ашу, ыза, реніш , қызбалықты әдепті түрде шығаруға тырысуымыз керек.

Қолданылған әдебиеттер

1. Қайрат Жолдыбайұлы Кемел адам Алматы 2021 ж.
2. Намазбаева Ж.И. Психологика Алматы 2005 ж
3. Алдамұратов Ә. - Қызықты психология – Алматы 1992ж.
4. Елеусізова С. Қарым – қатынас психологиясы . Алматы 1999ж.

5. Андреева И.Н. Эмоциональный интеллект: 2006ж.
6. М. Мұқанов. Ақыл -ой өрісі Алматы 1980ж.
7. М. Мұқанов Ми және сана Алматы 1980ж.

ӘӨЖ:370.33

МУЗЫКА САБАҒЫН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

*Сарсенбек Айдос Сарсенбекұлы
Түркістан облысы, Бәйдібек ауданы
Қосбұлақ жалпы білім беретін
мектеп" КММ, Музыка пәні мұғалімі*

Музыкалық білім беру педагогикасында әдіс-тәсілдерді үйретудің әдістемесі болашақ мұғалімді даярлау моделі маман моделінің негізінде құрылатыны белгілі, ал маманға талаптарды практика қояды. Сондықтан қандай мұғалімді даярлау туралы сөз болғанда, ең алдымен мектепке, оның проблемаларына үңіліп, бүгінде жаңарған мектеп мұғалімге қандай талаптар қоятынын және балаларды оқыту мен тәрбиелеуде күннен-күнге күрделеніп отырған міндеттерді шешуге қазіргі заман мұғалімінің даярлығын анықтау қажет. Бұл жағдай принципті мәнге ие болады, себебі мұның өзі педагогикалық іс-әрекетке мұғалімдерді даярлау проблемасының пайда болуына себеп болды. Аталған проблеманың шешімін табу жоғары оқу орындарында инновациялық педагогикалық технологияларды кеңінен пайдалануды көздейді. Белгілі кеңес педагогы М.Н.Скаткин 70-жылдардың басында былай деп жазған болатын: «Негізінен мұғалімді өздерін қалай оқытса, олар басқаларды солай оқытады. Сондықтан егер біз мектеп практикасына оқытудың қандай да бір жаңа әдістерін енгізетін болсақ, ең жақсы жол - бұл әдістерді ең алдымен мұғалімдерді оқыту барысында, яғни олармен өткізілетін сабақтарда қолдану болып табылады»[1].

Әдістемелік - педагогика саласы ретінде дамуы оқыту теориясының жеке саласы болып саналады. Әдіс грек тілінде адамның практикалық әрекеттерін және өмірді тани білу амалдарының жолдарын тәсілдерін білдіреді. Әдістеме оқытудың негізгі жолдарына көрсетеді. Қалай және қандай жолдарымен балалардың музыкалық тәрбиелеудегі әсері бастауыш орта сынып балаларының музыкалық шығармаларды тыңдап қабылдауларындағы назарларын ұйымдастыру олардың жоғарғы талғамдағы көркемдік дәрежедегі шығармаларды тануға талпындыру әдістерінің жолдарын көрсетеді. Музыкалық білім беру педагогикасында әдіс-тәсілдерді үйретудің әдістемесі музыкалық, іс - жүзінде балаларды музыка өнері арқылы тәрбиелеу.

Музыкалық сабақтарды үйретудің әдістемелері қазіргі әлеуметтік тақырыптарға, балалар мен жастар образын жасауға арналған. Композитор

творчествасынан лирикалық әуен басты орын алды. Айқын әуезділік, ойнақылық, юмор, жігерлілік пен өміршендік оның музыкасына тән қасиет. Балалар мен жастарға музыкалық-эстетикалық тәрбие беру проблемаларымен айналысқан өнер ретіндегі музыканы музыка оқу пәнімен табиғи байланыстарын көпшілікке музыкалық тәрбие берудің педагогикалық тұжырымдамасын жасаған. Көп кешікпей академик Д.Б.Кабалевскийдің тың көзқарастағы музыкалық-педагогикалық тұжырымдамасы өмірге келді. Аталған тұжырымдама автордың болашақ музыка пәнінің жаңа бағдарламасының жаршысы болған «Об основных принципах и методах программы по музыке для общеобразовательной школы» атты мақаласында және бірқатар кітаптарында көрініс тапты. Музыка өнері өмірдің ажырамас бөлігі ретінде эстетикалық, тәрбиелік, танымдық функциялар атқарады. Бұл туралы Д.Б.Кабалевский былай деп тұжырымдаған: «Адам жасаған өнер сол адам туралы және адам үшін жасалады, музыка мен өмірдің байланысының мәні осында жатыр. Міне, сондықтан да өнер үнемі адамдардың идеалдық дүниесін байытып, рухтандырып, дүниетанымын бекітіп, күш-қуатын арттырып келеді»[2].

Әдістеме іс жүзіндегі жүргізілген тәжірибелермен ғылым негіздерге сүйене отырып әрдайым жетілдіруде. Әдістеме курсы музыка пәнінің маманын дамуына бағыт береді. Ал енді осы пәннің мағынасы ашып тұрған құрылымына енгізілген сөздердің мазмұнына тоқталайық. Әдістемелік - педагогика саласы ретінде дамуы оқыту теориясының жеке саласы болып саналады.

Музыканы түсіну үшін сезіммен қабылдаумен қатар онда нені, қалай жеткізетінін саналы түрде қабылдау болып табылады. Өнер туындысы арқылы тыңдаушы, оқушы, көрермен санасынан өтетін психикалық құбылыс. Музыканы тыңдағанда дыбыстардың физикалық қасиеттеріне көңіл аудармаймыз осы орайда тыңдаушыға бірінші кезекте музыкалық ынта мен музыкалық ойға тоқу, және де шығарманың барлық деңгейінде оның мән-мағыналық бөлшектерінің біртұтастығын түсіну қажет. Сондықтан музыканы дыбыстардың жиынтығы деп қарамау керек. Музыка көркемдік эмоциялармен өнер шығармасының қажетті мазмұндық жағын және оның адамға рухани өмірлік әсерін, өнердің әлеуметтік қызметін жүзеге асыруда маңызды роль атқарады. Музыканың адам санасында өмір танытқыштық, сондай-ақ аса күшті әсер тудыра алатын қабілетін тексерген ғалымдар мен педагогтар, музыка зерттеушілері мен өнер қайраткерлері бұл жөнінде үнемі айтып келеді. Музыканы сүймейтін адамды кездестіру мүмкін емес шығар. Музыканы түсіну үшін адамға эстетикалық талғам қажет эстетикалық қиялдың бірден-бір ажырағыз бір кезеңі бар: таным-бастан кешу,бағалау. Сондықтан эстетикада оның эстетикалық эмоция, эстетикалық мұрат, эстетикалық көзқарас пен теория тәрізді өлшемдері қарастырылады. Оқушының бойында түрліше сипатта жеке көңіл-күйге қона білетін музыкаға деген өзіндік ой саналық және сезімдік тұрғыдағы қарым - қатынас негізгі

музыкалық; қабілетті дамыту жалғастырыла береді, музыка жөнінде түсінік пен білім аясы кеңейтіледі [3].

Музыкалық ойлау туралы ұғымның негізі қаланатын бастауыш сыныптарда музыкалық тәрбиенің дұрыс жолға қойылуының мәні бар. Және де балаларды тыңдау мәдениетіне баулу керек. Балалардың барлығы музыкаға құлақ қойып тыңдайды деп айта алмаймыз. Ол үшін бастапқы кезде оқушыларды белгілі бір сюжет жағдайына қарай бағыттап, тыңдаушыны музыканы байыппен түйсінуге алдын ала дайындайтын бағдарламалық аспаптық музыкаға жол берген дұрыс. Шығарманың туу тарихы мен уақытынан бастап белгілі бір шығарманың тууына себепкер болған жайтқа қысқаша тоқтала кеткен жөн.

Сонымен біз жоғары педагогикалық білім беру теориясы мен практикасында бастауыш сынып мұғалімдерін даярлаудың жай-күйін талдай отырып, қазіргі кезде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау жүйесінде орын алып отырған проблемаларды айқындауға талпыныс жасадық. Сондай проблемалардың бірі бүгінгі қоғамдық сұраныстың өсуіне байланысты жоғары оқу орындарында бастауыш сынып мұғалімдерінің даярлығын жетілдіру болып табылады, ал оны шешудің бір жолы оқу процесінде инновациялық педагогикалық технологияларды пайдалану екендігін айқындадық. Сондықтан бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда инновациялық педагогикалық технологияларды пайдалану мүмкіндіктері мен жолдары туралы сөз болады.

Музыка мұғалімінің музыка сабағын берудегі әдіс-тәсілдерді үйретудің әдістемесі бүгінгі күнде педагогикалық технология мәселесі теориялық және ғылыми-қолданбалы бағыт тұрғысынан зерттеу арқауы болып отыр. Теориялық тұрғыдан алып қарағанда, педагогиканың категориясы ретінде қарастырылады, оның мәні, құрылымы айқындалады; педагогикалық іс-әрекеттің әртүрлі саласындағы (дидактика, тәрбие, білім беруді басқару) педагогикалық технологияның ғылыми негіздері оқып-үйретіледі; педагогикалық жобалаудың әдіснамасы мен теориясы зерттеледі; педагогикалық технология теориясының негіздері ашып көрсетіледі

Ғылыми-қолданбалы бағытта нақты педагогикалық идеялар мен тұжырымдарға негізделген жаңа педагогикалық технологиялар жобаланады; мұғалімдерге кәсіби білім беруде педагогикалық технологияларды пайдаланудың теориясы мен әдістемесі зерттеледі

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде педагогикалық технологияның мәнін ғалымдар түрліше анықтайды:

практикада іске асырылатын белгілі бір педагогикалық жүйенің жобасы (В.А.Беспалько);

педагогикалық мақсатқа қол жеткізу жолындағы қолданылатын барлық қисынды ілім амалдары мен әдіснамалық құралдарының жүйелі жиынтығы және жұмыс істеу реті.

оқыту формаларының, әдістерінің, тәсілдерінің, амалдарының, тәрбие құралдарының әлеуметтік жиыны мен бірлігін анықтайтын психологиялық-педагогикалық нұсқаулардың жиынтығы (Б.Т.Лихачев);

- педагогтің шынайы өзара әрекетін қамтамасыз ететін қолданбалы ғылыми педагогикалық пән (Н.Е.Щуркова);

қойылған мақсатқа сәйкес білімді,білікті, дағдыны және қатынасты құрастыру, қалыптастыру мен бақылау бойынша операциялардың жиыны (А.К.Колеченко);

- педагогикалық технология – оқу түрі процесінің шығармашылықпен терең ойластырылған көптеген факторлардың үйлесімділігін, оқыту тиімділігін қамтамасыз ететін жанды құрамдас бөлігі (Ш.Т.Таубаева, Б.Т.Барсай), т.б. [4]. Педагогикалық әдістің мазмұнын айқындауға В.Ю. Питюков талпыныс жасайды. Оның ойынша, музыкалық педагогикалық әдістер тәрбиеленушіге педагогикалық ықпал етуді ұйымдастыру бойынша мұғалімнің мәнді кәсіби біліктерінің жүйесін айқындайды, педагогикалық іс-әрекетті технологияландыруды саналы ой елегінен өткізу тәсілін ұсынады. Педагогикалық ықпалды музыкалық педагогикалық қамтамасыз ететін болғандықтан, оның мазмұны педагогикалық ықпал ету құралдарынан тұрады: педагогикалық тіл табысу, педагогикалық баға беру, педагогикалық талап, ақпараттық тілдік және демонстрациялық ықпал. Бұл элементтер атқаратын нақты функциялары мен анықталған кілтті операцияларына сай педагогикалық технологиялардың мәнін құрайды, педагогты тәрбие процесінің субъектісі болатын - тәрбиеленушіге ықпал ету үшін қажетті және жеткілікті кәсіби мәнді білікпен қамтамасыз етеді. Бірақ мұнымен педагогикалық технология мазмұны шектелмейді: қосымша элементтер - психологиялық климат, топтық іс-әрекет, жасаған қылығына педагогикалық реакция, ортаны ұйымдастыру және т.б. жалпылама немесе жеке сипатқа ие болып, ықпал етудің формаларын түрлендіруді және әрбір мұғалімнің дербестігін сақтауды қамтамасыз ететін әрекеттер қатарына жатады .

Бүгінгі егемен Қазақстан мектептерінде музыкалық білім мен тәрбие беруде музыка пәні сабағында түрлі музыкалық іс-әрекеттер арқылы оқушылардың әсемдік сезімін, эстетикалық талғампаздығын дамыту, өнер туындыларын түсіну, туған өлкенің сұлулығы мен байлығын қастерлеп бағалау, өнер, мәдениет жетістіктеріне аялы көзқарстарын қалыптастыру міндеттері қойылып отыр. ҚР «Білім туралы» Заңы да жас ұрпақтың жоғары адамгершілік сапа-қасиеттерін, ұлттық патриотизм мен намысын, адамдарға деген ізгілікті қарым-қатынасын, мінез-құлқын, халықтың қайталанбас мәдениетіне сыйластықты көзқарасын қалыптастыруды көздейді, соның ішінде музыкалық білім беру мазмұнын қалыптастыруда өзгерістерді талап етеді.

Осы талаптарды музыкалық білім беру мазмұнында негізге алу мақсатында, Қазақстандық ғалым-педагогтер, музыка пәні мұғалімдері бірнеше оқу бағдарламаларын, оқулықтар мен әдістемелік құралдарын жасады.

Музыка маманының жұмысының нәтижелігі музыка өмірінің ерекшелігін мазмұнын идеялогиялық және тәрбиелеудегі мәнісін баланың жас ерекшеліктеріне, ой -сезімдеріне әсерін тигізетіндігіне байланысты екендігін түсінуде музыка адам өнермен тығыз байланысты екендігін түсінуде музыка, жеке адамның ой сезімін бейнелейтін өнер болғандықтан оның өзіндік тілі болады. Әрбір музыкалық шығармашылық, айтайын деген ерекше мағынасы болады.

Қазіргі таңда білім шарттары бойынша балаларға музыкалық білім берудің мазмұны мен олардың музыкалық дамуы арасындағы байланысын музыкадан сабақ берудің жаңарту үрдісінің тиімді критерийлерін жасауда оқушылардың музыкалық білім беру әдістемесінің маңызы зор болып отыр. Қазіргі жас буын педагогтер- музыканттар балалармен жұмыс жасау барысында танымал және шетел прогресшіл қайраткерлерінің жаппай музыкалық білім дәрежесін үйрену. Музыкалық педагогикадағы оқытудың ерекшеліктері, мәні және мазмұны. Музыка сабағын оқытудағы эмоциялық пен саналықтың бірлігі. Мектепте музыканы оқыту әдістемесі негізінен музыканы тыңдау, қабылдау барысында оқушылардың психологиясына, физиологиялық үрдістеріне өмірлеріне кешенді әсер етіп, олардың бүкіл музыкалық-шығармашылық қабілеттерін дамыту міндеті жатқызылады.

Музыка пәні мұғалімдерінің атқарған жұмыстарының нәтижелерінің қорытындылау, олардың жетістіктерін дәлелдейтін мысал жинақтай алуының маңызы зор. Жинақтаудың дәрежесі мұғалімдердің сабақ мазмұнын, оқушылардың сабақтан тыс музыкалық-эстетикалық іс-әрекеттерінің түрлі бағыттарының бірлігін қамтамасыз ете отырып, сипаттай алуымен анықталады. Осы салада орындалған ғылыми- зерттеу жұмыстары мен педагогикалық озық тәжірибе жетістіктеріне сүйенеді. Себебі озық тәжірибе нәтижелеріндегі жаңалықтың мәні, яғни басты қасиеті олардың мазмұнының мағыналық жағынан қоғам дамуының бағыттарына, бүгінгі қоғам талаптарына барынша сәйкестігіне, сонымен қатар педагогтар мен оқушылардың көп еңбек шығындамай, практикада жоғары тиімділік пен жоғары сапаны қамтамасыз етуіне байланысты.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Кабалевский Д . — 1970. СИМЕ-де жасаған баяндамасы.
2. Бабанский Ю.К. Проблемы повышения эффективности педагогических исследований. М., 1982.
3. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы (оқу құралы) - Алматы: Рауан, 1988.
4. Ақбаева Ш. Дәстүрлі өнердің эстетикалық тәрбие мәселелері. //Ұлт тағлымы-2001. -№4-5. -Б.66-72.

ЗАМАНАУИ ЭСТРАДАЛЫҚ ЖӘНЕ КЛАССИКАЛЫҚ МУЗЫКАНЫ МЕКТЕПТЕ ОҚЫТУ МӘСЕЛЕСІ

Жолымбекова Айжан оқытушы
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық
қазақ-түрік университеті
talshyn.mustapaeva@ayu.edu.kz

Нұрғали Жасмин 6B02121- Эстрада өнері
білім беру бағдарламасының 1 курс студенті

Әлемдік музыка мәдениетінде екі түрлі ағымның қатар дамып келе жатқаны әмбеге аян. Оның бірі – классикалық музыка болса, екіншісі – эстрада. Кең көлемде алғанда, эстрадалық музыка дегеніміздің өзі – жаңа дәуірге ізденіс. Музыкадағы мұндай ізденістеп, ең алдымен, ырғақтық ерекшеліктерімен танылады. Себебі ырғақ – музыка аталуының атасы. Мысалы, бір кездері чарлистон, твист, шейк дегендер шықты. Бүгінде егде тарта бастаған, жастарға ұлттық әуен, ұлттық нақыш туралы ақыл-кеңес беріп жүрген аға буын сол билерді білмеді деп айту қиын. Мұның бәрі негізінен музыкалық ырғаққа құрылған, яғни стилизациядан (стильдік өңдеуден) өткен көркем құбылыстар болатын. Бір кезеңге тән ырғақ пен әуендік өрнектердің екінші бір кезеңге сай келмей жататыны эстрадалық музыка тән құбылыс. Себебі ондағы ырғақ-импровизация үнемі өзге-ріп, ауысып отырады.

XX ғасырда классикалық музыкалық дәстүр көбіне академиялық бағыттағы оқу орындарының еншісіне тиіп, эстрада жастар арасында кең тарай бастады. Себебі бүгінгі жастар мен XVII-XIX ғасырдағы жастардың тұрмыс-тіршілігінде, дүниетанымында, өмір салттарында елеулі өзгеріс болды. Осы белгілеріне орай эстрадалық музыка да түлеп, жастарға тән өрнек-ырғақтармен толысып келеді [1].

Кешегі француз импрессионизмі, одан соңғы экспрессионизм ағымдары өнердегі мелодизмі есте мойндамайды. Қазірде музыкалық образ әсем әуен емес, дыбыстар фонизмі арқылы жасалып келеді. Осының бәрі эстрада өнерінен де орын алып, жаңаша көрініс беруде. Афро-американдық стиль деп жүргеніміз сол.

Оның жылдам тарап кетуінің екі түрлі себебі бар. Біріншіден, бұл өзге ай-мақтардағы адамзат мәдениеті үшін жаңа құбылыс. Екіншіден, мұнда жастардың психологиялық ерекшеліктеріне сай, олардың қимылдық іс-әрекеттеріне ықпал ете алатын, оларды еркінен тыс би қимылдарына итермелейтін күш-қуатты музыкалық ырғақ бар.

Жастарға керегі – баяу орындалатын, тыңдаушының ішкі сезімдеріне әсер ететін әсем әуен емес, дыбысты қатты, ырғағы қуатты, гитара, саксафон, түрлі ұрмалы музыкалық аспаптары айғырша кісінеп тұрған эстрадалық ансамбльдер. Бірақ мұны еткінші құбылыс деп түсіну керек. Есейген сайын

адамның психо-физиологиялық мінез-құлқы өзгеріп, көбіне тыныштықты іздей бастады.

Орта жастан асқандар шулы музыканы ұнатпаса, қарт-қариялар ондай жерде отыра да алмайды. Себебі шулы музыка олардың психикасына, қалыпты жағдайына кері әсер етеді.

Олай болса, бүгінгі жастарымыз есейген шағында міндетті түрде дәстүрлі әуенімізге құлақ тосатын болады. Бірақ мұның тағы бір шарты бар: олар мінде-тті түрде мемлекеттік тілді білуі шарт. Ана тілін білмеген жастар бүгін эстрада-мен әуендесіп, ертең дал болып далада қалады. Ол аз болса, бүгінге көзіміз ке-ріп жүргендей, ана тіліне қарсы сөйлетіндердің санатына қосылады. Біз үшін ең қауіптісі – осы.

Екінші бір мәселе – мынада. Кез келген халықтың музыкалық әуені терең-нен тамыр тартатын әрі эстетикалық, әрі тарихи-этникалық құбылыс. Олардың ажырату үшін маман болудың да қажеті шамалы. Мысалы, араб, орыс, грузин т.б. халықтардың бірде сырлы, бірде кең тынысты, енді бірде жігере толы әуен-дерін ажырату қиын емес. Қазақ халқының музыкалық үй-әуені де сондай құ-былыс. Ол бірер күнде қалыптасқан нәрсе емес, ғасырлар тереңінен жеткен, халқымыздың ұлттық-психологиялық ерекшеліктерімен астасып, астарласып жатқан мәдени-көркем құбылыс.

Біз ұлттық музыкалық мәдениетімізбен Еуропа жұртшылығын таң қалды-рып жүрміз. Бірақ олар біздің мәдениетімізге классикалық музыканың жаңа би-ігі, шыңы ретінде емес, этнографиялық құбылыс – архаика деп қана қарайды. Оның бірі жағы қызығу болса, екінші жағы – менсінбеу, арта қалған мәдениет ретінде қарау.

Қазақ әуені – ғасырлар бойы қалыптасқан құбылыс. Жаһандану процесі басталды дегеннің өзінде оның жойылуы да ғасырларға кетеді. Дәл бүгін-ертен төніп тұрған қауіп жоқ. Бірақ ұлттық әуен-нақышымызды қалай сақтап қалуы-мыз керек деген мәселені осы бастан ойластырғанмыз жөн [2].

Бүгінгі қазақ әуенін сақтаудың басты бір жолы – оларды әлемдік стандарт-тарға сай өңдеп, көркемдеп барып тындармандарға ұсыну. Оның мәнісі, ұлттық музыка үлгілерін ұлт аспаптар оркестрі ғана емес, симфониялық оркестрлерге арнайы түсіріп, жер жүзіне насихаттау керек. Мұндай сыртқы полимәдени қыз-мет атқаруға «Құрманғазы» немесе «Отырар сазы» оркестрлерінің мүмкіндік-тері шектелуі. Олар ішкі мәдени процесске әсер ете алады, ал сыртқы әлемге тек «архаика» ретінде ғана танылмақ [16].

Неге олай? Біріншіден, «Құрманғазы», «Отырар сазы» оркестрлерінің құ-рамындағы музыкалық аспаптар негізінен қазақ мәдениетінде ғана кездеседі. Бұл оркестрлер шетел музыка үлгілерін өздеріне лайықтап орындаса да, олар-дың орындап жүрген ұлттық музыка репертуарын өзге елдердің оркестрлері орындай алмайды. Себебі оларды мұндай аспаптар жоқ.

Бұл – әлем музыкасында бұрыннан байқалған құбылыс. Осы қиыншылық-тан шығудың жолы ретінде симфониялық оркестр енгізіліп, қазір олар әлемдік музыка мәдениетінен үлкен орын алып отыр. Себебі

типтендірілген симфония-лық оркестрге лайықтап жазылған кез келген ұлттық шығарма үлгісін Африка, Америка, Еуропа, Жапония, т.б. елдер оркестрлері орындай береді.

Міне, біздің өзге елдердің мәдениетін қабылдаумен ғана шектеліп, өз ұлт-тық музыкамызды оларға сіңіре алмай келе жатуымыздың негізгі сыры да, себебі де осында.

Екіншіден, қазақ музыкасы бір ғана классикалық арнада жүре бермей, ұлт-тық (жырау-жыршылық, күйшілік, т.б.) және эстрадалық бағытта да дамып отыруы қажет. Күй – көркем құбылыс болса, жыраулық өнер – ұлттық сана жиын-тығы. Оның ұлттық болмысымызды сақтап қалудағы рөлі ерекше.

Сондықтан арнаулы орта және жоғары оқу орындарына жеке мамандық ре-тінде еңгізіп, үнемі қолдап отырған жөн. Бірыңғай еуропалық стильде ән салу, хор айту – түбінде бізді ұлттық нақыштарымыздан көз жаздыратын бағыт. Мәдени өмірімізден орын алса да, әрбір өнердің түп-тегіне де үңілмей болмайды. Осы реттен келгенде хор – шіркеулік құбылыс. Оның ол баста григорян хора-лынан шыққаны әмбеге аян.

Эстрада – замана ағымына сай туған керкем құбылыс. Бүгінгі қазақ қоға-мында эстрада жоқ емес, бар. Роза Бағлановадан басталған бұл бағытты Роза Рымбаева секілді көптеген әншілеріміз жалғастырып келеді. Олар осы бағытта ізденіп, халқына қызмет көрсетіп те жүр. Бірақ бүгінгі қазақ эстрадасына тол-қырау, бір орнында тұрып қалғандық байқалады. Жылт еткен жаңа ізденіс, қа-лын топты жарып шыққан эстрадалық үн-ырғақтар әлі күнге бой көрсете қой-ған жоқ. Сондықтан болар, жастардың көбісі шетел үн-әуендеріне бейімделе бастаған.

Мұның да бірнеше себептері бар. Біріншісі – эстрада әншілерінің білім та-яздығы. Олар арғы-бергі жердегі музыка (эстрада) тарихын, оның неден туға-нын, нендей құбылыс екенін жете білмейді. Себебі эстрада әншісін дайындау бір ғана ән салу бағытында жүргізіліп келеді. Екіншісі – эстараданың кездей-соқ, өткінші есімдермен қоқыстануы. Қазір біз 10 адамның 8-9-ы әнші деуге бо-латын халге жеттік. Дауысы бар болсын, жоқ болсын ән салатындар көгілдір эк-раннан түспейтін болды. «Клип» дейтіні тағы шықты. Оның қызметі – дауысы жоқ әншілердің мінін жасыру. «Плюс», «минус» дейтіндері тағы бар. Оның бірі айтатын әнін күнілгері кассетаға жазып қойып, сахнада тек ауыз ашып, билеп жүруге лайықталса, екіншісі кассетаға жазылған дайын аспаптық сүйемелдеуге қосылып ән салу. Айналып келгенде, мұның екеуі де тыңдарман қауымды ал-даудың құралы.

Осының бәрі қазақ эстрадасының құнын түсіріп, «жалған» әншілерді туды-рып келеді. Ән салу елге, халыққа танылудың құралына айналғандай. Мысал ретінде Рахат Тұрлыхановты алайық. Өрімдей ғана әсем жігіт, бірақ әнші емес. Мамандығы да басқа. Сонда оған ән салу не үшін керек болғаны? Жастық шақ-тың желі ме, әлде елге танылудың жолы ма?

Ән салу, көпшілік қауым бойына әсем сезім ұялатып, эстетикалық тәрбие ұрығын егу – қоғамдық мәні бар күрделі құбылыс. Осы тұрғыдан

келер болсақ, етісінен есері көп бүгінгі әндердің зияны шаш етектен болып шығады. Эфир де де, сахнада да мәдени талаптар болу керек.

Нарықтық қатынас ұялмаған адамның әнші болатын кезеңіне де жеткізді. Ақшасын төлегендер көгілдір экраннан түспейтін болды. Оның зардабын, яғни насихат атаулының жастарға қаншалықты кері әсер ететінін ойлап жатқан еш-кім жоқ. Жас организм анау-мынау ауруды елей бермейді ғой, оның сырақтың алдағы күндерде сезетін боламыз деп ойлаймын.

Жалпы, қазақ халқының ұлттық нақышын сақтау үшін оның тыңдарманы болуы шарт. Оған ұлттық тілге жеттік, ұлттық салт-дәстүрлерімізден сусындаған жастардың бейім келетінін айтып жатудың өзі артық.

Музыка-адамдардың саналуан сезімдерін, көңіл-күйлерін ашу үшін дыбыстарды белгілі бір жүйеде құрастыру өнері. Қай уақытта болса да музыка ту-ралы айту өте қиын болатын. Ғылыми тұрғыдан алып қарағанда, ол өнердің ең бір күрделі түрі саналатын. Бұл әсіресе заманауи музыка туралы сөз қозғағанда анық байқалады. Заманауи эстрадалық музыка жайы айтылып та, жазылып та жүр. Пікірлер қарама-қайшы. Талғам әртүрлі. Көпшіліктің пікірін тыңдасаныз (жастардан басқа) «оның зиянынан басқа ешқандай пайдасы жоқ», «түкке тұр-майтын дыбыстар жиынтығы», «тіпті үйреніп алып-айтатын десең де құлағына кірмейді», «сөзі мен әуені келіспейді, мағынасы жоқ», «тәрбиелік мәні жоқ», «дүрсілден басқа дымы жоқ» т.б. деген әңгімеледі жиі естисіз. Шынында да эфирде орындалып жатқан қайсы юір әідерді қанша тыңдап, үйренгің келсе де, оның әуенің қабылдай алмайсың[3].

Эстрадалық музыканың барлығы бірдей бірдей қабылдауға, тыңдауға бол-майтын нәрселер ме? Оның жастар психологиясына әсері қандай? Егер ол қа-жетсіз болса, концерттерді былай қойғанда, жеке басымыз өткізетін той-думан-дарда эстрадалық музыка әуені естілісімен-ақ неге рахаттанып билеп қоя бере-міз?

Жақында Қарашаш Тоқсанбайдың «Қазақ эстрадасы, қайда барасың?» ат-гы «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған мақаласынан эстрадалық музыка туралы мынадай ойларды оқыдық (24 қаңтар, 2006 жыл): «Қалай десек те, мы-надай пікірге жұрттың бәрі толығымен қосылады – ол басқа өнер түрлеріне қа-рағанда ел арасында тез тарайтын, адам жанына өте жақын да ыстық жанр. Оның ғажап сиқырына үлкен де, кіші де ұйып бөлене қалады. Әуені қандай жеп-жеңіл болса, санаға сақталуы мен жатталуы да сондайлық жылдам әрі оңай. Халық өзінің түрлі жағдайдағы көңіл-күйін осы өнер арқылы танып, бағалап келген.

Әлде біз осы мәселеге – төңірегінде тек бір жақты пікірге бой алдырып жүрміз бе? Шын мәнінде эстрадалық музыканың барлығы бірдей қабылдауға, тыңдауға болмайтын нәрселер ме? Оның жастар психологиясына әсері қандай? Егер ол қажетсіз болса, концерттерді былай қойғанда, жеке басымыз өткізетін той-думандарда эстрадалық музыка әуені естілісімен-ақ неге

рахаттанып билеп қоя береміз? Ырғақ естіле бастағанда делебеңіз қозып, өзіңіз қалай қозғалып кеткеніңізді білмей қаласыз.

Біз өзіміздің қолға қалға алған жұмысымызда осы мәседе төңірегінде ой қозғап, эстрадалық музыкамен айналысатын мұғалімдеріге, оқушыларға, жас өспірімдерге аталған мәселе жөніндегі еңбектерден қажетті материалдармен қа-тар, оның қалыптасуы және әрі қарай дамуы туралы жинақтаған ой-пікірлері-мізді, тәжірибемізді ұсынбақпыз. Эстрадалық музыка. Ресми басымдарда оған мынадай анықта-ма берілген:

Эстрадалық музыка – қабылдауға жеңіл, ойын-сауыққа арналған ХХ ғасыр музыкасының әртүрлі формалары.

Кеңес Одағында джаз стилін өнер түрі ретінде қабылдауға тиым салынған кезде, музыканттар оның өткір ырғағын сәл ғана «майдаланап» атын осылай өзгертуге мәжбүр болды. Сөйтіп, 40-жылдарда «эстрадалық музыка» деген тер-мин пайда болды. Кейін джаз «ақталып» кеңінен тарай бастағанда, эстрадалық музыка атауы би ырғағындағы әндер мен музыкаларға көшті, ары қарай олар-дың қатарына поп-музыкалар, көпшілікке танымал оперетталардан үзінділер де енді.

Бүгінгі таңда эстрадалық музыка жастардың өнер саласындағы ең бер ете-не жақын сүйіп тыңдайтын жанры. Жұмыс істеп отырып та, көшеде келе жатып та, сабақ оқып отырып та, құлақтарына кетін музыка тыңдағыш арқылы өздері-нің қалаған шығармаларын тыңдап отыра береді, айналасындағыларды байқа-мады, өзімен-өзі. Бұндай көрініс қазір бізге үйреншіктік айналып бара жатыр. Жастар неге бұл музыкаға әуес, оның феномені неде? Сонау ІХ-Х ғасырда өмір-сүрген Әл-Фараби «Музыка уақытын ырғағы» деген екен. «Өнер атаулының қай түрі болмасын оның маңызы замана тақырыбын жырлап, әлеуметтік жай-ларға иек артуымен өлшенетіні белгілі. Ол өмір шындығын жан-жақты көрсете біліп, уақыт тынысымен бірге тыныстай алса келешекпен тілдесуге өресі бар өнер болғаны[4]. Әр қоғам өз ағасына орай өнер атаулыдан жаңашылықты талап етеді. Бүгінгі біз өмір сүріп отырған ортада өсіп, дамып, көп салалы музыка мә-дениетіне қосылған және оны онан әрі байыта түскен жанр – эстрада деп айта алар едік», - деп жазады өнер зерттеушісі Еңілхан Мекежанов өзінің «Жастық әуендері» атты кітабында.

Міне, арғы жаққа тереңдеп, шолу жасамай-ақ, беріден қайтқанның өзінде-ақ, эстрадалық музыканың жастар арасына кең тарап, олардың рухани қазына-сына айналғанын көрсетеді.

Музыка мамандарын ойландыратын да, толғандыратын да осы мәселе. Әу бастан-ақ, эстрадалық музыкаға көңіл көтеріп, жеңіл музыка деген айдар тағыл-ғаны жөнінде жоғарыда айтап өттік. Демек оның әуені жеңіл, қарапайым, диа-пазоны адамның табиғи дауыс көлеміне жақын болғаны. Әсіресе жастарды тар-татын әннің ырғақты екпіні. Олай болсы, осы ырғақты туындатқан белгілі бір музыкалық шығарманың мазмұның білдіру үшін қолданылатын мәнерлік құ-ралдар болып табылатын, стильдік

ерекшеліктерін қалыптасу тарихына тоқта-лайық. Бірғаққа негізделген музыканың «арғы атасы» - рок музыка.

Рок музыка өткен ғасырдың 50-жылдарында Америкада пайда бола баста-ды. Оған тән белгілер – оның электрлі музыка аспаптарында орындалуы және осыған орай оларды тек өздеріне ғана тән дыбыс ерекшеліктерінің болуы. Қан-дай да болмасын дәстүрлі аспаптарда рок стилінде орындалатын музыкаларға қажетті дыбыс бояу мен күшейту құралдарын таба және сол қалаған мәнерде жетізе алмайсын. Яғни, рок стилінде орындалатын музыкалық шығармалар тек электрлі аспаптарда ғана ойналуы тиіс деген сөз.

Америкадан бастау алған рок музыканың әсері басқа шетелдердегі атал-ған музыкалық стильдің қалыптасуына өте зор ықпал етті. Егерде өткен ғасыр-дың 50-жылдарының ортасында бұл стиль Англияда мүлдем белгісіз болса, 60-жылдардың басында жастар арасында кеңінен таралып, жер-жерлерде көптеген ансамблдер құрылып, етек жая бастады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

- 1.Қыдырбаева К.Ұлттық хор ұжымдарын ұйымдастыру. - Алматы “Жазушы” баспасы, 2009ж.
- 2.Мендіаяқова Қ.М., Қарамолдаева Т., Мектепте музыка тәрбиесін беру әдістемесін - Алматы, 1997;
- 3.Касенова Р.К., Танкешова Ф.С., Мектептегі музыкалық тәрбиенің әдістемесі – Шымкент, ОҚМУ, 2003;
- 4.Момынов П., Музыкалық-эстетикалық тәрбие/Алматы, 2000;

ӘОЖ 372:233

ЭСТРАДАЛЫҚ МУЗЫКАНЫ ОҚЫТУДА ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Жолымбекова Айжан оқытушы
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық
қазақ-түрік университеті
talshyn.mustapaeva@ayu.edu.kz

Сабден Зарима 6B02121-Эстрада өнері білім
беру бағдарламасының 1 курс студенті

Музыка-адамдардың саналуан сезімдерін, көңіл-күйлерін ашу үшін ды-быстарды белгілі бір жүйеде құрастыру өнері. Қай уақытта болса да музыка ту-ралы айту өте қиын болатын. Ғылыми тұрғыдан алып қарағанда, ол өнердің ең бір күрделі түрі саналатын. Бұл әсіресе заманауи музыка туралы

сөз қозғағанда анық байқалады. Заманауи эстрадалық музыка жайы айтылып та, жазылып та жүр. Пікіптер қарама-қайшы. Талғам әртүрлі. Көпшіліктің пікірін тыңдасаныз «оның зиянынан басқа ешқандай пайдасы жоқ», «түкке тұр-майтын дыбыстар жиынтығы», «тіпті үйреніп алып-айтатын десең де құлағына кірмейді», «сөзі мен әуені келіспейді, мағынасы жоқ», «тәрбиелік мәні жоқ», «дүрсілден басқа дымы жоқ» т.б. деген әңгімеледі жиі естисіз. Шынында да эфирде орындалып жатқан қайсы юір әідерді қанша тыңдап, үйренгің келсе де, оның әуенің қабылдай алмайсың [1].

Эстрадалық музыканың барлығы бірдей бірдей қабылдауға, тыңдауға бол-майтын нәрселер ме? Оның жастар психологиясына әсері қандай? Егер ол қа-жетсіз болса, концерттерді былай қойғанда, жеке басымыз өткізетін той-думан-дарда эстрадалық музыка әуені естілісімен-ақ неге рахаттанып билеп қоя бере-міз?

Ол өмір шындығын жан-жақты көрсете біліп, уақыт тынысымен бірге тыныстай алса келешекпен тілдесуге өресі бар өнер болғаны[2]. Әр қоғам өз ағасына орай өнер атаулыдан жаңашылықты талап етеді. Бүгінгі біз өмір сүріп отырған ортада өсіп, дамып, көп салалы музыка мә-дениетіне қосылған және оны онан әрі байыта түскен жанр – эстрада деп айта алар едік», - деп жазады өнер зерттеушісі Еңілхан Мекежанов өзінің «Жастық әуендері» атты кітабында.

Тағы бір айта керек нәрсе – бала талғамының дұрыс қалыптасуына тікелей септігін тигізетін заманауи музыканың өзіне ғана тән дамыту заңдылықтарын ескере отырып жазылған кәсіби композиторлар әннің табудың өте қиындығы. Қуаты мол, патриоттық сезімге толы әндер жоқтың қасы деуге болады. «Бүгін-де біздің жас бүлдіршіндер не тыңдайды екен деп те ойлатыным бар. Балалар репертуарларының соңғы кездегі тым жұтанданып кеткенін жасыруға болмай-ды. Кейде қарап отырсаң 5-6 жастағы балалар «сүйдім-күйдім» детін әндерді айтып жатады. Кәсіби композиторлар жас бүлдіршіндерге арнап ән жазбай кет-кендей көрінеді.

Орыс тілінде жас балаларға арналған қандай тамаша әндер бар, соларды көріп, қызығып қаласың...», - дейді белгілі өнер қайраткері, ҚР халық әртісі, ән-ші – композитор Е.Хасанғалиев («Талантсыздарды тайрандатпайық». Егемен Қазақстан. 7 шілде, 2002 жыл). Бұл ащы шындық. Өйткені қазір ән сұраныс ар-

қылы жазылады. Кім тапсырыс берсе, әнді тек сол ғана орындауы тиіс деген та-ғы бар [3].

Дей тұрғанмен, бала дауысына орындауға келмесе де (диапазоны үлкен, сондықтан бала орындамаймын деп дауысына зақым келтіріп алуы мүмкін), тыңдау үшін көпшілік көңілінен шығып жүрген, тәрбиелік мәні зор, патриоттық сезімге толы ұлттық бояуы, өзіндік қолтаңбасы бар құлаққа жағымды, аранжи-ровкасының кәсіби мықтылығымен ерекшеленетін бірнеше әндерді музыка са-бағында, сыныптан тыс жұмыстарда тыңдау үшін ұсынуға болады. Олар: Н. Байкөзовтың «Ел-жер-ана», «Отан», «Ән-домбра», Е.Белғозиевтің «Тұған жер», Г.Өмірбаеваеаның «Қыздар-қыздар», «Бекзат»,

«Ана әлдиі», А.Исағұлованың «Көкпар», Х.Әбілжановтың «Ана жүрегі», Б.Хасанғалиевтің «Аққулар қайтқан-да», Батырхан Шукеновтың орындауындағы «Отан ана» т.б. [4].

Қазіргі эстрадалық музыканың құндылық бағыттары және оны жүйелі түр-де оқыту проблемалары жайында сөз қозғай отырып, мектептерде немесе мек-тептен тыс мекемелерде заманауи музыкаларды оқыту проблемаларын шешуге септігін тигізеді деген оймен мына тақырыптарды ұсынып отырмыз. Онда әр тақырыпқа байланысты қандай мәселелер төңірегінде пікір алмасуға болатын-дығы таратылып көрсетілген және олар нақты мысалдарға (музыкалық мате-риал) сүйене отырып жүргізілуі тиіс. Бұл жерде оқушылардың өз ойларын жет-кізе білуге, өз пікірлерін дәлелдей алуға баулу негізгі әдіс болып табылады.

Қазіргі эстрадалық музыка-музыкалық және әлеуметтік құбылыс (музы-калық та, әлеуметтік те құбылыс болып саналатын себебі-ол тек музыкаға ғана тән емес, өзінің болмысы жағынан жалпы қоғамға да тән), күрделі де шым-шы-тырық, қарама-қайшылыққа толы, ерекше қуатты, танымдық функциясы әлі зерттеліп үлгермеген, бірақ тұрақты орнын тапқан құбылыс. Оның мәні, жеткі-зілу және мәнерлік құралдары, тек өзіне ғана тән ерекшеліктері (электромұзы-калық аспаптарда орындалуы, өзіндік ырғағы, дыбыс күшейткіш аппаратура т.б.).

Эстрадалық ән салу өнеріне қатысты негізгі түсіндіктерді сипаттайтын глоссарий:

Альбом – белгілі бір топтардың, жеке орындаушылардың репертуарлары жиналған күйтабақ (пластинка). Қазіргі компакт – дискілер.

Аранжировка – (француз тілінен аударғанда «ретке келтіру», «орналасты-ру» деген мағынаны білдіреді). Музыкалық шығарма тұрғысынан алып қарасақ – ол сол аталған шығарманы өзінің түпнұсқасынан басқа бір аспапта немесе да-уыста орындау үшін арнайы өңдеу. Ал қазіргі эстрадалық музыкада заманауи әндерді, сондай-ақ халық композиторлары, авторлар әндердің музыканың қазіргі-гі кездегі орындалу, даму ерекшелігіне қарай түрлі аспаптардың үнін пайдалана отырып әншілерге сүйемел жасау⁷

Блюз – америкалық негрлердің лирикалық әндері түріне жатады. Музыка зерттеушілері оны XVIII-XIX ғасырларда сол өңірде тараған «еңбек өндері» мен «спиричуэлдің» қосындысынан туындаған деседі. Блюздің тақырыбы – өмір-дің қиындығы, сәтсіздік, жалғыздық, уайым т.б. Формасына келер болса, әр шумағы 3 сөйлемнен тұрады және ол «сұрақ-жауап» түрінде құрастырылады. Алдыңғы 2 жолдың әуені бірдей болып келеді. Әр жолдан соң қысқа-қысқа аспаптық партия орындалады. Әні мен аспаптық партияны қосқандай блюздің әр фразасы 4 тактіден тұрады.

Сүйемелі – бәрімізге белгілі үш аккордқа құрылған (тоника, субдоминанта, доминанта), тек қана 3-ші және 7-ші дыбыстар жарты тонға төмендетіліп алынады. Екінші әртүрлі болып келеді.

Бит – (ағылшынша beat) тікелей «соғу», «ырғақ», «қағу» деген ұғымды білдіреді. Оның негізі ырғақтан құралады. Ойнау ерекшелігіне келер болсақ,

бит топтарында ырғақ өрнегін негізінен бас гитара мен ритм гитара және соқпалы аспаптар орындайды. Құрамы – үш гитара мен соқпалы аспаптар, кейінірек эле-ктроорган қосылды. Тағы бір ерекшелігі – оның әрбір мүшесі әрі әнші, әрі ас-папта орындаушы болуы тиіс.

Бэк-вокал – қазақша аударғанда «артқы дауыс» деген ұғымды білдіреді. Сахнадағы негізгі әншіні дауыспен сүйемелдеуші қызметін атқаратын әншілер немесе музыканттар тобы.

ВИА (Вокально-инструментальный ансамбль) – ССРО кезінде рок топтар-ды тыңдауға, құруға тыйым салынғанына қарамастан «шекарадан өтіп», жастар арасында кең тарала бастаған өткен ғасырдың 60-жылдары, Кеңес одағында рес-ми түрде құруға рұқсат етілген топ түрі. Оның құрамында 3 гитара (соло, ритм, бас), синтезатор, үрлемелі және соқпалы аспаптар кіреді. ВИА мүшелері негізі-нен әндерді өздері орындайды, кейбір топтарда ғана бірді-екілі жеке әншілер болады.

Госпэл – негрлердің діни тақырыптағы бұл ән жанры тек Америкада ғана емес, басқа да көптеген шетелдерде өзінің орындалуы мәнерімен рок музыка-ның қалыптасуына орасан зор ықпал етті. Оны орындаушылар сахнада толығы-мен өзін-өзі ұмытып, ән құдіретіне беріледі, дыбыстау ерекшелігі бельканто стиліне келеді, арасында айқай-ұйқайға, аһылап-үһілеуге де жол беріледі. Ән ырғағы бірнеше рет құбылып, өзгеріп отырады. Госпэлдің тағы бір назар ауда-рар қыры – оны сүйемелеуші аспаптық риффтің бір ырғақта үстін-үстін қайта-лануы және әр қайталанған сайын адамның делебесін қоздыратын түрлі дыбыс ерекшеліктерін тауып қолдану, оның өзіне ғана тән гармониялық айналымдар, әннің сұрақ-жауап негізінде құрылуы.

Диско – 1970 жылдарда АҚШ-та пайда болған, әеуеннің бірі ырғаққа ба-ғындырылған поп-музыканың жаңа бағыты. Диско сөзінің шығу тегі испан итальяндақтарға тән, француздардың *disque* және ағылшынның *disk* сөздерінің синонимы (диск, пластинка). Бұл бағыттағы музыкадық шығармалар негізінен дискотекаларға орындалу үшін жазылады.

Джаз – XIX-XX ғасырлар тоғысында АҚШ-тың оңтүстігінде қоныстанған негрлердің вокалды музыкасы мен өзіндік ерекше ырғақ өрнегін аспапқа салып ойнау нәтижесінде туындаған, солардың ортасында пайда болған сипатты, өткір ырғақты музыка түрі. Оның негізінде импровизация жатыр. Джаз құрамындағы музыканттар міндетті түрде алдын ала анықталған белгілі бір әуенге немесе ак-компанементе сүйене отырып импровизация жасау білу тиіс. Джаздың әрі қа-рай даму барысында мынадай орындаушылық стильдер қалыптасты: жаңа ор-леандық (ұжымдық импровизациялау), чикаголық ұжымдық импровизация-лаудан кейін жеке джаз солистерін шығару), свинг («тербелу» деген ұғымды білдіреді. Олардың орындаушылық өнері оркестрдің құрамына байланысты (биг-бэнд)), би-боп (дыбысқа еліктеушілік, диссонанстар, әуен, ырғақтың күр-

деленуі). Осы стиль джаздың жеке өнер түрі ретінде қалыптасуына ықпал етті. Кул («салқын» деген ұғымды білдіреді, дыбыс шығарудың майда,

жұмсақ түрі), прогрессив (ауыр оркестрлік орындау), хард-боп («қатты», «ыстық», «жүрдек»), соул-джаз (соул – ағылшын тілінен аударғанда «жан» деген ұғымды білдіреді), фьюжн («аралас», деген ұғым. Джаз құрамында электрлі аспаптардың және жастардың рок музыкасының келуіне байланысты).

Джаздың сәнді заманауи өткір ырғақтарды, фольклорлық музыканы пай-далануы «рок-н-ролл», «босса-нова», «соул», «фанк» т.б. музыкалық бағыттар-дың қалыптасуына ықпал етті.

Ду-воп (doo-wop) – өткен ғасырдың 50 жылдарда тараған поп-музыкасы-ның бір тармағы. Рок-н-ролл дәуірінде бұл бағыттың дамуы өте таңқаралық де-се болады, өйткені ол аспаптың сүйемелдеуінсіз а capolla (көбінесе 4 дауыста) айтылатын бағыт. Құрамы: ең жоғары тенор, екінші тенор, баритон және бас. Әуенді негізінен екінші тенор орындап, жоғары тенор болса, аспапта орындала-тын партияларды фальцетпен мың құбылтып, түрлендіріп ұстайды, ал баритон мен бас бэк-вокал ретінде екінші тенорға мықты сүйеніш қызметін атқарады.

Жеңіл музыка – дем алуға, көңіл көтеруге, ойын сауыққа арналған, көпші-ліктің қабылдауына түсінікті музыка. Оған әртүрлі эстрадалық әндер, би муз-касы, оперетта, водевильдер, мюзиклдер, заманауи поп-музыкалар жатады.

Кантри – АҚШ-тың ақ нәсілді селолық аудандарында тән, дәстүрлі әншілік аспаптың мәдениеті[5]. Оны көптеген Европалық халықтар өкілдерінің фольклор-лық музыкаларының жиынтығы десе болады, себебі одан ағылшын халық му-зыкасының, француздың шансонының, немістің әуендерін т.б.естуге болады.

Поп-музыка – (ағылшын тілінен аударғанда «popular music» - жалпыға бір-дей түсінікті деген мағынаны білдіреді). Қазіргі кезде жалпы коммерциялық, көпшіліктің сүйіп тыңдайтын, олардың қабылдауына жеңіл, түсінікті, өздері де орындай алатын, заман талабына сай күнделікті туындап жатқан әндер деген ұғымға келеді. Поп-музыканың кең тарауына бірден-бір себепкер болған – ды-быс жазу, радио, телевидение, кино дәуірінің жалпылай өркендеуі болды.

Қазіргі кезде поп-музыкасыз, оның араласуынсыз өнер саласын кездестіру қиын, ол өмірдің жаршысы сияқты музыка мәдениетінің алдыңғы қатарына тұр.

Ритм-энд-блюз – өткен ғасырдың 40-жылдары блюздің «мұнды сипаты» көңіл көтергісі келетіндердің дегенінен шықпай, жан-дүниелері басқаша әуенді іздей бастаған кезде пайда болған ағым.

Блюз бірте-бірте өзгеріске ұшырап, орындаушылар акустикалық гитара-лардың орнына электрлі музыкалық аспаптар қолдана бастады. Дыбыс күшімен қоса орындалатын музыканың екпіні де әдеттегі қалпынан өзгеріп үдей баста-ды, адамдарды қозғап, билеп кетуге еліктірді, сөйтіп жаңа ағымға тән дүрсілде-ген ырғақ шықты. Қатардағы блюз ритм-энд-блюзге

айналды. Кезегі келгенде, 1950 жылдарда ритм-энд-блюздің негізінде рок-н-ролл пайда болды.

Рок-музыка – өткен ғасырдың 50-жылында Америкада пайда бола бастады. Негізгі ерекшелігі – оның электрлі музыка аспаптарында орындалуы және осыған орай олардың тек өздеріне ғана тән дыбыс бояуларының болуы. Қандай да болмасын дәстүрлі аспаптарда рок стилінде орындалатын музыкаларға қа-жетті дыбыс бояуы мен күшейту құралдарын таба және қалаған мәнерде жеткізе алмайсың. Яғни, рок стиліндегі орындалатын музыкалық шығармалар тек электрлі аспаптарда ғана ойналуы тиіс деген сөз. Рок музыкадан туындаған ба-ғыттар мен ағымдардың бірнешеуі: кантри-рок, фолк-рок, хард-рок, арт-рок, симфо-рок, глэм-рок, этно-рок, хэви-метал т.б.

Рок-н-ролл – өткен ғасырдың 50-жылдарында Америкада пайда болған сәндік би, поп-музыканың ең танымал бағыты (ритм-энд-блюздің коммерциялық түрі, алғаш рет 1951 жылы бұл терминді радиохабарларда қолданған диск-жокей Алан Фрид). Аспаптар мен дауыс-дыбыстарын күшейту мақсатында түр-лі электрондық құралдар пайдаланған. Соқпалы аспаптар мен электрлі гитара бұл бағыттың негізгі түп қазығы саналады. Рок-н-роллды насихаттаушылардың мақсатты – бірге билеп, ән салу арқылы тыңдаушылардың өз мүмкіншілігін ба-рынша көрсете алу талабын қанағаттандыру. Негізгі ерекшеліктері: өлшемі 4/4, екпіні жылдам, екінші және төртінші үлестеріне (доля) акцент түседі.

Спиритчуэл – (ағылшынша spiritual) америкалық негрлердің діни-рухани та-қырыптағы әндері, АҚШ афро-америкалық фольклордың негізі жанрлардың бі-рі. Әуендері құлаққа жағымды, қабылдауға жеңіл және мәнерлі болып келеді, ырғағы синкопаға құрылған. Хормен а capella айтылады (қол шапалағы арқылы белгілі бір ырқақты соғып, би ырғағында қозғала отырып) немесе жеке әнші де (сүйемелмен) орындай береді. Негрлердің госпэл аталатын дін тақырыптағы ән-дерінің бір формасы.

Стиль (stileus) – ертедегі грек сөзі, қазақша «қолтаңба», «жазу» деген ұғымды білдіреді. Музыкадағы стиль ұғымына терең ойласақ, ол белгілі бір мазмұнды білдіру үшін қолданылатын мәнерлеу құралдары жүйесі болып табы-лады. Әдебиеттердегі бұл жайындағы түсініктемелерде «музыкалық шығарма-лардағы стиль ерекшеліктерінің бірлігі белгілі бір кезеңнің тарихи шарттарына, композитордың көзқарасы мен олардың шығармашылық әдісіне, музыкалық та-рихи кезеңнің жалпы заңлықтарына сүйенеді» делінген. Мәселені осы тұрғыдан қарастыру аталған сұрақтың үш бағыттын меңзейді: тарихи, ұлттық, жеке. Е.В. Назайкинскийдің анықтамасында: «стиль – ол белгілі бір туындыдан оны шыға-рушылар мен орындаушыларды естуге, анықтауға, сезуге мүмкіндік беретін му-зыканың ерекше қасиеті» - делінеді.

Шлягер – ең соңғы «мода» үлгісінде жазылған, әуені мен гармониясы, аранжировкасының кейбір тұстары бірден назар аударып, есте сақталатын, бел-гілі бір маусымның ерекше танымал әні.

Эстрада – көпжанрлы сахна өнері түрі. Оған музыка, ән, би, сөз, қуыршақ-тар театры, акробатика, цирк өнері түрлері тағы басқа жанрлар кіреді. Көп-жанрлығына қарамастан, әр жанрдың өзіне тән көркемдік ерекшеліктері, мәнер-леу құралдары, сахнаға шыққан әр өнерпаздың тікелей көпшілікпен байланыс жүргізе алатын ашық алаңы (эстрада) бар. Бұл жерде әрине әрбір орындаушы-ның ешкімге ұқсамас жеке тұлғасы, имиджі, ішкі энергетикасы, сахнаға шыққан уақытынан бастап көременді өзіне тартып аларлық қасиеті ерекше роль ат-қарады.

Эстрада сөзі латын тілінен аударғанда «еден», «алаңқай», «төсеніш» деген ұғымдары білдіреді. Біз эстрада деп жерден сәл көтерілген ашық концерттік алаңды айтамыз, ал сахна деген сөздің ұғымы «шатыр», «палатка» дегенге саяды. Ал былай алып қарайтын болсақ, қазіргі кезде үш жағынан жабық алаң. Ал былай алып қарайтын болсақ, қазіргі кезде үш жағынан жабық алаң. Сонда еке-уінің мәні шынында қарама-қарсы: эстрада – ашық, ал сахна – жабық орын.

Ашық алаңдағы орындаушылық актердің көрермендермен не шымылдық , не рампа арқылы бөлініп тұрғандығын, соған қарамастан олардың халықпен тығыз байланыста екендігін көрсетеді. Олардың өзара тығыз байланыста болу-ының ерекше жүйесі қалыптасқан. Орындаушының сахнадан жолдаған әреке-тіне көрермендер міндетті түрде реакция жасайды.

Эстрада жанрында жұмыс істейтін орындаушы көрермендерге бір табан жақын болады, өзін еркін ұстайды, еркін қимылдайды, еркін қозғалады. Сон-дықтан да эстрада сөзінің сипатын өнердің жеңіл қабылдауға болатын түрі деп қарауға болды.

Эстрадалық музыка – қабылдауға жеңіл, ойын-сауыққа арналған ХХ ғасыр музыкасының әртүрлі формалары. Кеңес одағында джаз стилін өнер түрі ретін-де қабылдауға тыйым салынған кезде, музыканттар оның өткір ырғағын сәл ға-на «майдалап» атын осылай өзгертуге мәжбүр болды. Сөйтіп 40-жылдарда «эст-радалық музыка» деген термин пайда болды. Соңынан джаз «ақталып» кеңінен тарай бастаған уақытта, эстрадалық музыка атауы би ырғағындағы әндер мен музыкаларға көшті, кейініректе олардың қатарына поп-музыкалар көпшілікке танымал операторларда үзінділер т.б. енді Қарамолдаева Дана, Қазақ мемлекет-тік қыздар педагогика институтының оқытушысы. Алматы қаласы.

Біз эстрадалық өнерге қызығушылық танытып, өнердің осы саласы туралы тереңірек білгісі келетін мектеп оқушылары жөн басқа да талапкерлерге арна-лады. Мұнда заманауи музыканың ең негізгі деген стильдері мен бағыттарынан және басқа да күнделікті қолданылатын ұғымдарынан мәлімет беріледі. Олар сіздердің эстрадалық музыка әлемімен тереңірек жүздесіп, оның өзіне ғана тән белгілерін, құндылық бағыттарын танып, білуіңізге септігін тигізеді деп ойлай-мыз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Эстрадалық музыка сөздігі// Мектептегі мекемелер 2006 №4 Б9-10
2. Сулеев Д. «Досмуқасан тарихы»// Мысль 2003.№9.

3. Исагулова А.Ш. «Айгул – тарих, тәрбие»// Вопросы музыкальной педагогики, теории. Межвузов.сб.науч.трудов. Алматы. 2000. – Б.99

4. Брусиловский Е. Жизнь, посвященная казахской музыке. Алматы. Жазушы, 1975-76с.

5. Жубанов А.Қ. Музыка мәдениеті даму жолында// Социалистік Каз.№5, 1968. 46.

ОҚЫТУДЫҢ ГЕЙМИФИКАЦИЯСЫ ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУДЕ ЖАҢАША КӨЗҚАРАСТЫ ДАМУДЫҢ НЕГІЗГІ ШАРТЫ РЕТІНДЕ

Айтқулова Гульмира Абдималиковна

Магистр-аға оқытушы, Шымкент университеті, Шымкент қаласы

Амирова Ақмарал Комекбаевна

Аға оқытушы, «Алаш» мектебі, Шымкент қаласы

Даубаева Динара Артыковна

Оқытушы, Шымкент жоғары педагогикалық колледж, Шымкент қаласы

Аннотация.Эффективность геймификации обоснована как новый метод организации обучения с большим педагогическим потенциалом. Доказано, что использование в учебном процессе средств компьютерных игр, во-первых, усиливает желание субъекта уделять более сильное и качественное внимание учебной деятельности, во-вторых, продлевает лояльность к задаче и, в конечном счете, повышает вероятность достижения цели. Из других игровых практик (ролевые игры, деловые игры и др.) геймификация отличается неполитическим характером деятельности: сохраняя содержание образовательной деятельности неизменным, геймификация кардинально меняет способ организации этой деятельности и сопровождается целым образовательным циклом.

Ключевые слова: геймификация образования, игровые технологии, средства организации образования.

Annotation.The effectiveness of gamification is justified as a new method of organizing learning with great pedagogical potential. It is proved that the use of computer games in the educational process, firstly, strengthens the subject's desire to pay stronger and better attention to educational activities, secondly, prolongs loyalty to the task and, ultimately, increases the likelihood of achieving the goal. From other gaming practices (role-playing games, business games, etc.), gamification differs in the non-political nature of the activity: while keeping the content of educational activities unchanged, gamification radically changes the way this activity is organized and is accompanied by an entire educational cycle.

Keywords: gamification of education, game technologies, educational organization tools.

Қазіргі бәсекелестікке толы нарық заманында, қоғамнан өз орнын таба білетін, көзі ашық, санасы ояу саналы ұрпақ тәрбиелеу – білім беретін мекемелердің алдында тұрған үлкен міндеттердің бірі болып отыр. Әрине оқыту мен тәрбиені бөліп қарастырмайтынымыз анық... Шығыс халқынан шыққан ұлы ойшыл, әмбебап ғалым, әлемнің екінші ұстазы атанған Әл-Фараби ғұламаның «Тәрбиесіз берілген білім-адамзаттың қас жауы» деген сөзін үнемі басшылыққа ала отырып, білім берудің жан-жақты қырларын құрастыруға тырысып жатырмыз. Қазіргі педагогикалық білім беру әлемінде «Білім беру трендтері» деген термин қолданысқа еніп, оқытудың жаңа форматтарын қырын ашып жатыр. Себебі сапалы білім барлық білім алушыларға қолжетімді болу керек. Алдағы уақытта он жұмыс орнының тоғызы цифрлық дағдылармен қарулануы заман талабы болып отыр, сондықтан 2030 жылдарға қарай технологиялық өзгерістерге сәйкес 1 млрд. адамды қайта даярлауды қажет етеді. Жасанды интеллект адамдарды ауыстыра алмайды, бірақ сол жасанды интеллектіні қолданатындар қолдана алмайтындарды ауыстыруы мүмкін. Жұмыс орындарының 32 пайызы осы цифрландыруға байланысты басқа мазмұнға ие болуы мүмкін. Қазақстандық контекст бойынша демографиялық өзгерістерге байланысты 2030 жылға қарай жұмыс қолының 80 пайызы жастар болуы мүмкін. Білім беру жүйесінің қазіргі таңдағы өзекті мәселелері болып отырған жайт – оқушылардың (білім алушылардың) базалық білімдерінің әлсіз деңгейі. Оқушылардың 50 пайызы функционалдық сауаттылығының минималды деңгейіне де жетпейді (ОЭСР-20). Ал қала мектептері мен ауыл мектептерінің оқушылары арасындағы білім нәтижелерінің айырмашылығы 20 баллға дейін, педагогтардың 42 пайызы өздерінің пәндері бойынша аттестациялық тестен де өте алмаған. Бастауыш мектепте сауаттылық деңгейі неғұрлым төмен болса (PI) соғұрлым орта мектептің(PISA) және жоғары мектептің де нәтижелері төмен болатыны көрініп отыр. Әуелі «Білім беруден – оқытуға» принципінен «Білім беруден – тұлғаның дамуы мен қалыптасуына» принципіне өту маңызды шарт болып отыр. Ұлтаралық ортақ мақсатты бекіту мына міндеттерді шешумен іске аспақ: оқушылардың базалық білімдерінің жалпы деңгейін көтеру, 21 ғасырдың функционалдық сауаттылығы мен дағдыларын дамыту, ұлттық бірегейлікті жүзеге асыру. Жетістікке жетудің негізгі қағидалары:

Мектептердің автономдылығы және мұғалімдердің академиялық бостандығы;

Сенімділік мәдениет пен академиялық адалдықтың ілгері жылжуы;

Әрбір баланың жетістігіне бағытталған алқалық жауапкершілік пен педагогикалық ынтымақтастық.

Осы жоғарыда көрсетілген мақсат-міндеттер мына төмендегі тапсырмаларды орындау барысында шешімін тақпақ:

1. Тең мүмкіндіктерді қалыптастыру;
2. Кадрлық потенциалды дамыту;
3. Білім беру мазмұнын жаңарту;

4. Цифрландыру;

5. Білім беру сапасын бағалау системасын дамыту.

Сондықтан білім беру саласында жүрген аға буындардың өз қызметтеріне басқа көзқараспен қарауды, яғни білімді үнемі жетілдіріп отыру басты талап болып отыр.

Қазіргі таңдағы мұғалімдердің алдында тұрған жауапты міндет – оқушыларға білімді түсінікті тілмен жеткізу, олардың қызығушылығын тудыру. Ал білім берудегі геймификация оқушылардың жаңа білім алуға деген мотивациясын арттыруға жаңа мүмкіндіктер есігін ашады. Әсіресе геймификация жаңа материалдарды игеруде аса тиімдірек. Қазіргі білім берудің мазмұны жаңа мәнге ие болған заманда геймификация әдістерін барлық білім беру жүйелерінде көбірек қолданысқа кіріктіруді қажетсініп отыр.

Геймификация ұғымы алғаш рет 2002 жылы американдық бағдарламашы және өнертапқыш Ник Пеллинг қолданғанмен бұл термин қолданысқа 2010 жылдан кеңінен түсе бастады және адам қызметінің көптеген салаларында (бизнес, персоналды басқару, денсаулық сақтау ұйымдарында, білім беру саласында) және әртүрлілік деңгейіндегі әртүрлі мәселелерді шешудің ерекше әдісін белгілеу үшін қолданылды.

Жалпы геймификацияның дәстүрлі ойындардан қандай айырмашылықтары бар екенін талдап көрелік. Білім беруде ойын технологияларын қолданудың маңыздылығы өте зор, себебі әсіресе бастауыш мектептерде «Оқыту ісі – тынбай әрекетті талап ететін күрделі және күнделікті әрекет болғандықтан, оқушылардан үлкен шыдамдылық пен күш-жігерді талап етеді, сондықтан көбінесе олардың шаршауын тудырады және ойын механикасы оқушылардың мінез-құлқына және оқу нәтижелерінің тиімділігіне, оқушылардың субъективті белсенділігіне айтарлықтай әсер етуі мүмкін. Педагогикалық практикадағы ойын және ойын технологиялары — бұл міндеттерге қол жеткізу үшін белгілі бір жағдайлар жасау, ішкі заңдылықтарымен арнайы ойын шындығын модельдеу (рөлдік ойындар, іскерлік ойындар, ұйымдастырушылық және белсенділік ойындары және т. б.). Білім беру технологиясының энциклопедиясы ойынды «мінез-құлықпен өзін-өзі басқаруды дамытатын және жетілдіретін қоғамдық тәжірибені қайта құруға және игеруге бағытталған жағдайлардағы іс-әрекет түрі" деп анықтайды.

Бастауыш сынып оқушыларының негізгі іс-әрекеті оқу болғанмен, ойын әлі де бала өмірінде айрықша орын алатын, маңыздылығын жоймаған іс-әрекет болып табылатынын барлығы біледі. Сондықтан да баланы дамыту және процесінде ойынды тиімді пайдалана білу бұл бастауыш сынып мұғалімінің алдындағы міндеттердің бірі. Ал қазіргі цифрлану өркендеп тұрған қоғамда ойынның формалары да мазмұны да өзгеріске ұшырап отыр. Осы орайда компьютерлік ойындарға тән әдістерді қолдану, бастауыш сынып оқушыларын ынталандыру, қолданбалы міндеттерді шешуге тұрақты қызығушылықты қалыптастыру қалыптастыру мақсатында қолданбалы

бағдарламаны пайдалану – бұл геймификацияның басты міндеттері болып табылады. Жалпы ойын және оның барлық түрі ол балаға түсінікті тіл. Ойын тілі – балаға әрі түсінікті, әрі таныс.

Себебі бала қоршаған ортаны осы ойындар арқылы танитынын біз психология ғылымынан білеміз, сондықтан балаға күрделі болып көрінетін оқыту процесін де осы ойын элементтерімен пайдалансақ ол нәтижесін көп күттірпейді. Ойынды оқыту процесіне пайдалану балалардың бойында қызығушылықтарды, белгілі бір жағымды эмоциялардың тууына және материалдарды жақсы есте сақтауына себепкер болады. Жалпы адамдар эмоцияны тудыратын нәрсені жақсы есте сақтайды. Ойын барысында баланың шынайы тілектері, мүмкіндіктері, қабілеттері, құштарлығы және өзін-өзі бағалауы арта түседі. Геймификация технологияны қолдану сабақ мазмұнын кеңейтуге мүмкіндік береді. Бала шығармашыл, бастамашыл сынды қасиеттерімен ерекшеленеді, оқу процесінің тиісті дәрежеде өтуіне ықпалын тигізетін танымдық қабілеттер, мысалы қабылдау, ойлау, есте сақтау, сөйлеу, қиял, зейін және т.б. қалыптасады.

Геймификация – бұл оқушылардың жаңа білім алуға деген мотивациясын арттыруға көмектесетін құрал. Бүгінгі таңда бүкіл әлемде әртүрлі жастағы адамдар қолданатын заманауи технологиялар мектеп оқушыларына өздерінің зияткерлік шеберліктерін дамытуға көмектеседі. Бұл оқу материалын тереңірек ұғынуға мүмкіндік береді. Заманауи технологиялардың арқасында мектеп оқушылары үшін білім беру процесі ыңғайлы болады. Оқушылар ойын түрін классикалық әдістерге қарағанда жақсырақ қабылдайды. Геймификация әрдайым оқушы мен мұғалім арасында болған қарсыласты азайтуға мүмкіндік береді. Балалар өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілікті өздері үйренеді, бір-бірімен өзара әрекеттеседі.

Неліктен геймификация тиімді:

Білім берудегі геймификация өнімділікті арттыру үшін адамдардың бәсекелестік пен жетістікке деген табиғи бейімділігін пайдаланады. Бірақ бұл нейрофизиология тұрғысынан қалай жұмыс істейді?

Ойындар біздің миымызда әртүрлі гормондардың өндірісін белсендіреді:

*Допамин – жетістік гормоны. Ол оқытуда қашан дамиды? Мысалы, адам прогресс барда жұмысты аяқтағанға дейін тек 10% қалғанын көреді. Оқушы өзінің жетістіктеріне қарап, өзінің үлкен жұмыс жасағанын және курсты аяқтауға жақын екенін түсінеді.

*Эндорфин – қуаныш гармонны немес ауырсынудан құтылу. Бұл адамның ойынға қосылуының басты себебі. Мысалы, орындалған тапсырма үшін балл алған немесе келесі деңгейден өткен кезде оқушы қол жеткізген мақсатына қуанады.

*Серотин – әлеуметтік мәртебе гормоны. Мысалы, ол адам жалпы рейтингте көшбасшы болған кезде немесе 10 күн қатарынан оқығаны үшін марапат алған кезде жасалады.

*Оксиотин – элеуметтік байланыс гармоны. Мысалы, онлайн-чат арқылы білім алушылар арасында Әлеуметтік байланысты күшейтуге болады. Бұл оқу ақпаратын тікелей оқу платформасында бөлісуге мүмкіндік береді.

Оқу процесін геймификациялау туралы айтатын болсақ, бұл әдетте сабаққа ойын элементтерін қосуды білдіреді. Ойын практикасы оқушылардың мотивациясын арттыру және материалды жақсы меңгеру үшін білімге енгізіледі. Кішкентай кезінде ойын тәжірибесі балаға жаңа ақпаратты органикалық түрде жеткізуге мүмкіндік береді, ал мектепте геймификация әлі де оқуға онша қызығушылық танытпайтын балалармен жұмыс істеудің пайдалы құралы бола алады.

Геймификация әдісін тіпті ересектерге де ұсына аламыз. Оқу процесінде ойындарды пайдалану адамға үйренген ақпаратты тәжірибеде пысықтауға, сондай-ақ өз кәсібінің шеңберінде дағдыларды бекітуге мүмкіндік береді. Кәдімгі жұмыс пен оқу жоспарынан ерекшеленетін ойын жарқын әсер қалдыруы мүмкін және бұл ақпаратты жақсы есте сақтауға ықпал етеді.

Бастауыш мектеп жасында ойын бала үшін қосымша мотивациялық күшейту болып табылады. Білімге деген құштарлық кейбір балалар үшін жеткіліксіз мотивация болуы мүмкін. Бұл жағдайда бастауыш мектепте геймификация балаларды сабақтың тақырыбына тартуға көмектеседі, білімді қол жетімді және қызықты форматта ұсынады.

Ойындар сонымен қатар бастауыш мектеп жасындағы балаларды элеуметтенудің жаңа мүмкіндіктерін ұсына отырып, одан әрі ынталандырады. Ойындар кезінде сіз жаңа және айқын емес форматта сыныптастарыңызбен қарым-қатынас жасай аласыз, мысалы, командаларға бірігу, әртүрлі рөлдерде өзіңізді сынап көру, тапсырмалар беру және сұраныстарды орындау.

Кез-келген мектеп сабағы, мысалы, Қазақстанның климаттық аймақтарымен танысу сабағы - ойын түрінде берілуі мүмкін. Мүмкіндіктердің бірі-тапсырманың кейіпкерлері мен элементтерін енгізу. Оқушыларға белгілі бір батырмен бірге белгілі бір аймақты іздеу үшін саяхатқа шығуды ұсынуға болады. Білім алушының алдында сабақ материалын пайдалану қажет мәселе туындаған кезде ақпарат жақсы есте қалады. Сонымен қатар, эмоционалды түсті ақпаратты сіңіру оңай, ал ойындар әдетте балаларда эмоционалды реакциялар тудырады.

Мектепте баланың әр түрлі формадағы ақпаратты түсінуді, есте сақтауды және пайдалануды үйренуі керек екенін ұмытпаған жөн, ол одан әрі оқу мен жұмыста кездесетін міндеттерге дайын болуы керек. Мысалы, геймификация көбінесе оқушылардың тәуелсіздігін ынталандырады, оларға оқу материалын өз қарқынымен игеру үшін кеңістік ұсынады. Сонымен қатар, оқытушымен сабақ шеңберінде оқыту баланың элеуметтік дағдыларын және спикерді қабылдау қабілетін дамытады. Сондықтан ойын және дәстүрлі

білім беру форматтары арасындағы тепе-теңдік идеалды нұсқа болып қала береді.

Тамаша ойын сабағы-ізденіс

* Біз балаға сүйкімді және қызықты кейіпкер іздейміз. Егер авторлық құқық мәселелеріне байланысты үшінші тарап кейіпкерін (мысалы, Гарри Поттер) пайдалану мүмкін болмаса, онда сіз өзіңіздің түпнұсқа кейіпкерлеріңізді ойлап таба аласыз.

* Біз оқушының алдына сабақ барысында шешілуі керек мәселені қоямыз. Проблемалық жағдайды баланың біліміне сәйкес келетіндей етіп жас ерекшеліктеріне бейімдеу маңызды, сонымен қатар кішкене қиындық туғызады, шешуге уақыт қажет.

* Біз сабақты кезеңдерге бөлеміз, бұл Баланы біртіндеп мәселені шешуге әкеледі. Тамаша құрал-әр кезеңді аяқтауға арналған шағын марапаттар. Осылайша оқушылар квесттің мақсатын еске түсіре отырып, бастапқы мәселеге оралады.

* Ойынның шарықтау шегі соңғы тапсырма болады. Бұл бұрынғыдан да қиын болуы керек және барлық игерілген балаға сабақ үшін білім алуға жүгіну керек. Бұл кезеңде квестті жеңу үшін жеңу керек теріс зұлым кейіпкерлерді енгізуге болады.

* Финалды мүмкіндігінше түсінікті және нақты тұжырымдау маңызды. Сабақтың соңында баланың толықтығын сезіну үшін сіз оған қандай да бір символдық сыйақы бере аласыз.

Оқытуды геймификациялаудағы танымал қателер

Сіз қызықты сюжетті, бірнеше деңгейлерді және сыйақы тапсырмаларын ойлап таптыңыз, бірақ оқушылардың қатысуы әлі де төмен болып қалды ма? Бұл қателіктер жібермегеніңізге көз жеткізіңіз:

* Шектен тыс көп марапаттар. Егер сіз балаға себепсіз марапаттар мен ұпайлар берсеңіз, олар өз күштерімен оларға лайық емес еді, мұндай белгілер тез құнсызданады. Оқушыларды тек еңбегі үшін атап өтіңіз.

* Ойынға шектен тыс берілу. Көбірек геймификация құралдарын қосу арқылы білім мен дағдыларды үйренудің негізгі мақсатын ұмытып кету мүмкіндігі бар. Сабақ пайдасыз ойын-сауыққа айналмауы керек.

* Ойын өз алдына мақсат болды. Ойын үшін ойнау тиімсіз. Геймификацияға басты назар аудармаңыз. Мысалы, бала жарыстағы жеңісті оқу мақсаты ретінде емес, қосымша бонус ретінде қабылдауы керек. Ойындар сыртқы мотивация болып табылады және ұзақ мерзімді емес. Баланың ішкі мотивациясын қосыңыз-оны не үшін үйренетінін, қандай нәтиже алғысы келетінін тұжырымдауға шақырыңыз.

Қорыта келе, геймификация-оқушыларды оқуға тартудың тамаша тәсілі. Негізі геймификация әдісі ересектер үшін де, балалар үшін де маңызды. Мұғалім бастауыш сынып оқушыларын жақсы нәтижелерге қол жеткізу үшін ынталандыруды қажет ететін әртүрлі әрекеттерге геймификацияны қоса алады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Артамонова В. В. ХХІ ғасырда геймификация тұжырымдамасын дамыту / В. В. Артамонова // Тарихи және әлеуметтік-білім беру ойы. Шығ. № 2 (2). 2018.
2. Игна О. Н. Мұғалімнің кәсіби-әдістемелік дайындығын технологияландырудың тұжырымдамалық негіздері: автореф. дис. ... д-ра пед. наук. Томск, 2014. 42 б.
3. Евплова Е. В. Геймификация оқуға деген ынтаны арттыру құралы ретінде // Одинцов оқулары. М., 2013.
4. Селевко Г. К. Білім беру технологиялары энциклопедиясы: в 2 т. Т. 1. М.: Народное образование, 2005. 556 б. Herger M. Enterprise Gamification. 2012.
5. Кельберер Г. Р. Педагогикалық кадрларды даярлауда ойын принциптерін қолдану перспективалары // Педагогикалық білім және ғылым. 2014. № 4. б. 144–147.
6. Сыдыков, Б. Д. Геймификация білім беруді ұйымдастырудың құралы ретінде / Б. Д. Сыдыков, Г. Т. Сман. — Текст : непосредственный // Молодой ученый. — 2022. — № 9 (404). — С. 251-255. — URL: <https://moluch.ru/archive/404/89152/> (дата обращения: 23.02.2024).

ХАЛЫҚТЫҚ МУЗЫКА ІС-ӘРЕКЕТТЕРІ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ДАМУ

*Аға оқытушы Асантаева Ұлтуаш Сейдеханқызы
Бабанова Ақмарал Аралбайқызы
№72 С.Нұрмағанбетов атындағы жалпы орта
білім беретін мектебі, директордың бейіндеуші ісі жөніндегі
орынбасары Орал Нүркен Базарбайұлы*

Тәуелсіз елімізде табандылықпен жүзеге асырылып жатқан ілгерілесу саясатты қоғам өмірінің барлық саласына түбегейлі өзгерістер енгізуде. Тәуелсіз мемлекетіміздің өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі, әл-ахуалының артуын жүзеге асырудың аса маңызды құралы қоғамның барлық саласын, соның ішінде өнер саласында мәдениет пен білімді дамытуда аса маңызды рөл атқарды.

Тәуелсіз еліміздің дамуы үшін мәдени - рухани мұраның жетістіктерін келешек ұрпаққа қалдырудың үлесі зор. Халықтың даналық мұрасын сақтаудың негізі халықтық тәрбиеде. Күнделікті өмір мен табиғаттағы әдемілікті түсіну, бақылау, пайдалану үшін балалардың сезім-түйсігі ұшқыр, ақыл-ойы алғыр, терең білімді азамат болуы керек. Осындай

ұрпақтың өмірге деген эстетикалық көзқарасы оның қызметінің барлық саласында көрініп тұрады.

Халықтық музыка арқылы тәрбие беру тек қана жекеленген нысандарды елестете ұғыну ғана емес, ол мәдениетті сезіну мен түсінудің негізі. Бұл өмірге деген эстетикалық қатынасқа тығысатын барлық үйреншікті заттарға, дағдылы әлемге жаңа қатынас орнатады.

Жоғарғы оқу орнының болашақ түлектеріне: «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға», -деп, ұлы Абай айтқандай, жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беріп, жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыруға үлес қосатын ұстаз орны әрқашан ерекше. Сондықтан да бүгінгі өмір талабы ұстаздарға қажымай-талмай жемісті еңбек етіп, ыждағаттылықпен, шығармашылық ізденімпаздықпен жұмыс істеуді міндеттейді. Соның ішінде халықтың рухани байлығы халықтық музыка екендігін естен шығармаған абзал. Ұрпақ тәрбиесі ісіне жете көңіл бөліп, жас жеткіншектерге музыка әлемінің қыр-сырын үйретуде рухани азықтандырып халықтық музыканың

а) музыканы тыңдау және ән салу, күй, жыр сияқты музыкалық шығармалардан үзінділер орындау (кез-келген музыкалық аспапта);

ә) музыкалық шығарламалардың мазмұны мен үлгісіне қатысты төл ерекшеліктері және қазақ халқының дәстүрлі музыкалық мәдениеті туралы білім қалыптастыру;

б) ән мен күйдің идеялық, эстетикалық мәнін түсіну, олардың сезім тербер дүниелі мазмұнын болжау;

в) оқу барысында (оқытушы мен оқушының қарым-қатынасы) еркін шығармашылық ахуал орнықтыру мақсат тұтылады. Ойдағыдай нәтижеге қол жеткізу үшін музыка мұғалімі ұдайы өзін-өзі шындап, дамытып отыру керек, жаңаша ізденіс үстінде болуы қажет;

г) басқа пәндермен байланыс жасау, шешендік өнерін дамытуға ден қою, тіл ұстарту мәселесіне көңіл бөлінеді.

Қазіргі таңда жас ұрпаққа тәрбие беру саласында көп өзгерістер жаңалықтар болып жатыр. Бүгінгі күнде негізгі мақсат жан-жақты дамыған білімді тұлғаны тәрбиелеу. Өзгерістер өнер саласын да қамтыды.

Тәрбиелеудің бір құралы кең сан қырлы ұғымды қамтитын музыкалық өнер.

Халық тағлымының байлығын өн бойына жинақтаған ертеден қалыптасқан педагогикалық тәжірибеде, тәлім-тәрбиеде оқу-ағарту мәселелері әлі де жетерлік. Музыка адамзаттың рухани азығы, жан серігі, ұшқыр қиялы, нәзік сезімі. Қазақ халқы құлақтан кіріп бойды алар әсем ән мен тәтті күйді ұнатқан. Домбыра сөйлейді, қобыз жеткізеді, сыбызғы білдіреді деген сөз тіркестері қазақ мәдениетінде кездейсоқ кездеспейді.

Сабақта оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуда музыка мұғалімінің негізгі міндеті толықтырылған кеңейтілген бағдарлама негізінде оқу-тәрбие үрдісін және ұстаздың педагогикалық шеберлігін дамыту. Жас өспірімнің бойында талғампаздық эмоциялық сезімпаздық қалыптастыруында, оның мәдениетті болып өсуінде музыка әлемін түсінуде

мектептегі музыка тәрбиесінің алатын орны ерекше. Әр түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды тану, музыкадағы түрлі кезеңдермен көңілді ажыратуда оқушының музыкалық шығармашылығын дамытады.

Жас өспірім – тыңдаушы, орындаушы музыкаға деген өзінің ой-пікірін көрсететін, түсінетін оқушы. Сондықтан музыкалық шығармашылық қабілеттің басты саласының бірі ол музыка арқылы тәрбие. Эстетика мен музыкалық шығармашылық қабілеттің ортақ мәселесі адамның табиғат пен өмірдегі әсемдікті қабылдап бағалауға және түсінуге тәрбиелеп оқыту.

Мұғалімнің міндеті оқушының жай ғана музыкалық икемін дамытып, оған музыка білім ғана беру емес, оған музыкаға күнделікті байланыс керектігін таныту арқылы оның шығармашылық белсенділігін арттыру. Музыкалық тәрбие әдебиет бейнелеу өнері, тіл, тарих тағы басқа пәндермен байланысты. Сонда ғана біз оқушының мәдениетті жан дүниесі бай ой-парасаты кемелденген білімді оқушы етіп тәрбиелей аламыз.

Музыка тіл айтып жеткізе алмайтын адамның киелі нәзік сезімі. Музыка бұл сезім тілі, адам жанын баурап алатын, моральдық сезімдік эстетикалық бірлігі болып табылады. Мектептегі музыка пәні оқушыларға басты тәрбие құралы болып есептеледі. Олардың рухани өмірі мен тәжірибенің музыка әлемін түсініп қабылдауы. Оқушының талғампаздығы, эмоциялық сезімталдығы, білімділігі, мәдениеттілігі, жас өспірімге ақыл-ой, сана-сезімдігі жақсы мінез-құлықтың қалыптасуына әсерін тигізеді. Музыканың қажеттілігі – ол музыка өнерінің негізімен оның өмірі мен байланысы жайлы түсінігін жетілдіру, баянды меңгеруіне көмектесу.

Музыкалық тәжірибелік іскерліктерін дағдыларын қалыптастыру болып табылады. Оқушының бойында рухани мәдениеттің маңызы мен ажырамас келбетін байытатын музыканың әсері мол. Олардың бойында түсінігі, сезімдік қабілеттілігінің тұрақтылығы музыка тілінің ерекшелігін меңгеру. Музыка сабағында, сыныптан тыс уақыттарда бастауыш сынып оқушыларымен музыкалық тәрбие жұмысын жүргізе білуге, күнделікті өмірге музыка өнерінің тәрбиелік мүмкіндіктерін кеңірек пайдалана білуге даярлау.

Негізгі мақсаты: оқушының бойында рухани мәдениеттің аса маңызды ажырамас бөлігі музыкалық мәдениетті қалыптастыру арқылы шығармашылық қабілеттерін арттыру. Отанға, өз халқына деген сүйіспеншілік, халық музыкасына, өз халқының рухани мәдени мұрасына, салт-дәстүріне сезімдерін оятады. Әр түрлі ұлт өкілдерінің бір-біріне деген достық, ұлт аралық бірлікке сезімдерін ояту, оны жетілдіру. Балалардың музыка арқылы түсінігін сезіну қабілетін музыка ерекшелігін меңгеру. Бүгінгі таңда балаларды жастайынан өнерге баулу музыкалық тәрбие арқылы жаңа тұлғаны, жаңа адамды тәрбиелеп қалыптастыру.

Сухомлинский былай деді: «музыка адамның табиғаттың әсемдігінен, еңбекке деген құлшынысын арттырады, музыканың арқасында адамның айналаға, өмірге, тіпті өзіне деген көзқарасты өзгертеді.» Оқушыларға музыкалық тәрбие беру олардың өнерге деген сезімін ояту, таңдаулы

халықтың шетелдік және классикалық музыкасын, Қазақстан композиторларының шығармаларын сүйіп тыңдай білуге дағдыландырып үйрету негізінен музыка сабағында, іске асырылады.

Жыр-дастан-қазақ поэзиясының жанрлық түрі, түпкі, негізгі мағынасында өлеңмен баяндалатын, жырлап айтатын уақиғалы, көлемді поэзиялық шығарма (батырлық жыры, эпостық ғашықтық жыролар). Сонымен қатар, стильдік ерекшеліктері, өлең өрнегі жағынан оларға ұқсас толғау, терме секілді көлемі ықшамдау поэзиялық үлгілер де жыр деп аталған.

Жыр күйі – жыраулар мен жыршылардың жыр айту сазы. Әр дәуірде өмір сүрген жыраулар мен жыршылардың жыр, толғау, терме, дастан, қисса айтатын өзіндік мақам, саз, әуені болған. Талантты жыршылар шығарма мазмұнына орай саз, әуенді де өзгертіп отырады. Бұл әдіс тыңдаушыларға ерекше әсер етеді. Жыр күйі композициялық құрылысы жағынан әр түрлі болып келеді.

Кейде бірнеше мақамдық бөліктері қайырмадан құралады. Жыр күйінің негізгі ерекшелігі – дәстүрлі 7 – 8 буынды жыр жолдарының жыраулық өнерге тән мақаммен емес, аспаптық музыка, оның ішінде төкпе күй сарынымен орындалуында. Белгілі әнші Б.Тілеухановтың орындауындағы Ақтамберді жыраудың “Күлдір-күлдір кісінетіп, күренді мінер ме екенбіз” деп келетін жыр соның айғағы.

Осы тұрғыдан келгенде Жыр күйі – жанрлық синкретизм көрінісі: бір жағы – жыр, екінші жағы – күй. Жыр күйі үлгілері, көбінесе, Бат. Қазақстан өңіріне тән. Еліміздің оңт. аймақтарында мұндай төгіп айтатын, шашып тартатын дәстүр байқала бермейді. Екінші жағынан, Жыр күйі әншілік дәстүрдің бір қанатын құрайтын жыр жанрының жіктеліп, аспаптық музыкаға бейімделу үрдісін де байқатады.

Бұл тұста Жыр күйі – жанрлық ұғым. Мыс., Қаратау шертпелері шағын жыр-толғаулардан туған. Жыр күйін дербес жанр түрінде өнерпаздар домбырада, қобызда орындайды. Қазақстанның Маңғыстау, Жамбыл облыстары мен Қарақалпақстан, Тәжікстан, Өзбекстан, Түрікменстан қазақтары арасында Қалнияз, Сүгір, Қожай, Мұрын, Қарабай, Ақтан, Теңелдік, Дүйсенбай, Шәдіман, Айтқұл сияқты жыршы, жыраулардың жыр күйлері сақталған. Мысалы, Қобылаш жыршы толғау, терме, ерлік дастандарын өзінен бұрынғы жыраулардың 10 – 12 түрлі жыр сазымен айтады. Қарақалпақстанда тұратын Ұзақ Мыңбаев жиырма шақты жыр күйін, маңғыстаулық күйші Сержан Шәкіратов оннан аса жыр күйін орындайды. Жыр күйі – әлі толық зерттелмеген өнер түрі.

Қорыта келе халықтық музыканың негізгі мақсаты білім алушыларға қазақ халқының ұлттық музыкасын, өнерін насихаттау, жыр терме үлгілерін үйрете отырып, көркемдік талғамды дамыту болып табылады. Халықтық музыка білім алушыларға аспаптарды кәсіби ойнай отырып, жыр-термелерді нақышына сай орындауды үйретеді. Қазақ тарихындағы атақты күйші, жыр-термешілердің еңбектерімен жете таныс болады. Сондай-ақ, білім

алушылардың облыстық, қалалық, республикалық байқауларға қатысуында қамтамасыз ететін болады деп өз ойымды тұжырымдағым келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Аймағамбетова Қ , Әлімқұлова Э. Педагогикалық үрдісте оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту // Бастауыш мектеп. – 2003. – 10. -25 – 26.
2. Алдамұратов Ә. Жалпы психология / Алматы: «Білім». -1996. – 196.
3. Алдамұратов Ә, Мұқанов М. Психология пәнінен лабораториялық - практикалық сабақтар / Алматы. – 1999. - 2- ші бөлім. – 156.
4. Алдамұратов Ә. Қызықты психология / Алматы. «Қазақ университеті». – 1992. – 215.

ӘОЖ 796.872:33

ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Ахмедов Б. А. Аға оқытушы

Ондасинов Канагат

*6B01406-Музыкалық білім білім беру
бағдарламасының 1 курс студенті*

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ,

Түркістан қ.

Қазіргі таңда дене тәрбиесі осы қоғамда өмір сүретін адамдардың денсаулығын нығайтумен қоса, жеке тұлға бойындағы психологиялық қасиеттердің жан-жақты жетілуіне барлық қызмет аясын бағыттаған әлеуметтік сала болып табылады. Қазақстан Республикасының бағытты даму жағдайында дене тәрбиесі арқылы жан-жақты жетілдірудің мүмкіндіктері кеңейді.

Саламатты өмір салты мен адамның өз денсаулығы үшін ынтымақты жауапкершілігі қағидаты – міне, осылар денсаулық саласындағы және халықтың күнделікті тұрмысындағы мемлекеттік саясаттың ең басты мәселесі болуы тиіс - деп атап көрсетілген [1].

Дамып келе жатқан қоғамның құрамдас бөлігі бола отырып дене тәрбиесі жалпы халықтық, кемелденген әлеуметтік жүйенің барлық белгілерін иемденген. Мәдениеттің дамуы, қоғамдық қатынастардың, адамдардың да жан-жақты дамып қалыптасуына әсерін тигізді. Сонымен бірге, адам баласы қоршаған ортаға бейімделу арқылы тәрбиеленіп қана қоймай, табиғатты өзгертуге себепкер болды. Қоғамдық қатынастың саяси және экономикалық бағыт алуы дене тәрбиесіне елеулі өзгерістер әкелді. Бұл жағдай спорт жүйесінің мақсаттары мен міндеттерін, пайдаланылатын құрал-жабдықтарын, қолданылатын жаттығуларының түрлерін дамытуға ықпал жасады.

Қай кезеңде болмасын жас ұрпақтың өнеге тұтар өзіндік ұлттық тәлім-тәрбиесі болары хақ. Егеменді еліміздің болашақ ұрпақтарының сана-сезімін, ұлттық психологиясы – қазіргі күннің өзекті мәселелеріне айналып отыр. Себебі ең берекелі, ең парасатты тәжірибе – халық түйген тұжырымдар, ғасырлар бойы «зергерлік» ұқыптылықпен сұрыпталған үрдістер, дамыған даналық дәстүрлер, тәлім-тәрбиелік ойлар.

Дене тәрбиесінің құрамды бөлігі ретінде дене мүмкіндіктерін тәрбиелеу әлеуметтік міндеттерді шешуге жәрдемдеседі: жан-жақты жетілген адамды дамыту, әлеуметтік-экономикалық жағдайға ағзаның бейімділік қасиетін арттыру, ағзаның төзімділігін жоғары деңгейге жеткізіп, жеке тұлғаның салауаттылығын қалыптастыру. Сонымен қатар дене тәрбиесін беруде дене мүмкіндіктерін тәрбиелеп қана қоймай, ақыл-ой жұмыс қабілетін қалыптастырып, рухани-адамгершілік сезімдері арқылы шығармашылық күш-жігерін толық мәнінде көрсетуге әсер етеді. Дене тәрбиесін беру проблемасының тамыры терең бастаулардан алады.

Қазіргі қоғам және дене тәрбиесі, оның психологиялық процестердегі орны қажет дүние. Көптеген ғылыми ізденістер дене тәрбиесіндегі психологиялық жағдайларды анықтаудың ғылыми жолын іздейді. Оның технологиясы мен инновациясын ұсынады. Теориясы мен әдістемесін ұсынудың тиімді жолдарын іздейді. Сондықтан да дене тәрбиесі мен психологиялық процестерге екі жақты қарап, өзара ара жігін ажыратып, оған қоса екі жақты тығыз байланыстылықты көрсетіп, оған өзіндік сипаттама берілді.

Дене тәрбиесі – ілім. Оның мазмұны мен құрылымы педагогикалық тұрғыдан талданып, жан-жақты саралануы, пән ретінде жүйеленуі – дене тәрбиесінің теориясы деп аталады.

Дене тәрбиесі мен спорт құралдары арқылы *кәсіби маңызды психикалық қасиеттерді* қалыптастырудың маңызы зор [2].

Зейіннің көлемі мен таралымы өзінің психофизиологиялық құрылымы бойынша жоғары жұмыс қарқыны жағдайында бірнеше іс-әрекеттерді бірмезгілде орындау дағдысы түрінде қалыптасады. Сонымен қатар көретін объектілер мен құбылыстар саны, олардың арасындағы ара қашықтық және қабылдау темпі үнемі өсіп отырады.

Зейіннің жекелеген қасиеттері арнайы ерекшеліктерге ие, осыған байланысты оларды қалыптастыру және жетілдіру барысында әр түрлі психологиялық әдіс-тәсілдер пайдаланылады [3].

Зейіннің тұрақтылығы ерік-күш қасиеттерін қалыптастырумен және белгілі бір физиологиялық өлшемі, әсіресе көз анализаторының төзімділігін жаттықтыру жолымен қамтамасыз жасайды. Зейіннің сапалы болуы үшін гимнастикалық және сапта тұру жаттығуларының мүмкіндігі жоғары болады.

Зейін дене тәрбиесі процесінде бірнеше жолмен жүзеге асады:

-қайта аудару “бағыты” мен техникасын алдын-ала меңгеру ережелерімен бір объекіден екінші объектіге зейін қою арқылы;

-қосымша объектілерден анағұрлым маңыздысын бөліп алу жаттығулары арқылы;

- зейіннің бір объектіден екінші объектіге тез аударылу жылдамдығына жаттығу арқылы.

Зейіннің көлемін және жан-жақты дамытуға арналған жаттығулар: жүгіру, жол бойына велосипедпен жүру; бір мезгілде қолмен және аяқпен жаттығулар орындай жүріп орташа және үлкен жылдамдықпен жүгіру (мысалы, эстафеталық жарыс); ағаштар арасындағы таумен жүгіру; жүгіріп келіп ұзындыққа секіру; жеңіл атлетикалық қондырғыларды лақтыру; қол мен аяқтың түзулігіне арналған еркін гимнастикалық жаттығуларды жасау; екі немесе одан да көп доптарды лақтыру; қатар қойылған екі гимнастикалық отырғыштармен жүру [3].

Доппен ойнау ойындары зейінді дамытудың тиімді әмбебап құралы болып саналады. Бұл ондағы қозғалыстардың әр түрлі зейін қасиеттерінің жоғары деңгейде көрінуін талап етумен үйлестіріледі. Мысалы, волейболшы ойын барысында бірмезгілде 10-нан артық нысанды қабылдауға және олардың элементтерін орындауға тура келеді. Мысалы, ол допты қабылдай отырып, бір мезгілде доп пен ойыншы арасындағы ара қашықтықты анықтайды, өз ойыншыларының және қарсы жақтың ойыншыларының орын алмастыруын бақылайды, доппен берудің тәсілі мен күшін таңдайды және т.б. Бұдан басқа, волейболшы ойын кезінде зейін аударылған нысанды үнемі бірден өзгертіп отыруға тура келеді. Ол допты шабуылшыға беріп жатып, өз зейінін сақтануға және қабылдауға аударады, т. б. Тек бір секундтің ішінде волейболшының зейіні кезек-кезек 3-6 нысанға аударылады. Ойынның ұзақтығы, тәсілдік жағдайлардың әр түрлілігі зейіннің тұрақтылығын талап етеді. Мұның бәрі волейболмен шұғылданудың өзі зейін сапасының дамуына ықпал ететіндігін көрсетеді. Мысалы, волейболшының зейін көлемі гимнастшы, күресші, жүзушілерге қарағанда 25-31 % жоғары болады.

Тиімді әсері бар жағдайлар:

- дене тәрбиесі материалын тез ойланып қабылдауға үйрету (проблемалық оқыту және ақыл-ой әрекеттерін кезеңмен қалыптастыру қағидасы бойынша);

- ойыншының орта қашықтыққа жүгірушінің, күресшінің тактикалық ойлауын дамытуға арналған жаттығулар түрі бойынша алгоритмдік (белгілі бір схемамен бойынша шешілетін) және эвристикалық (ойдың шығармашылық күшін талап ететін) тапсырмаларды орындау;

- байқағыштық, есте сақтау, қабылдау, зейін, ерік және тез ойлаумен байланысты басқа да психикалық процестерді дамытуға арналған жаттығулар.

Дене тәрбиесі процесінде тез *ойлануды* дамытудың тиімді жолдары болып: тактикалық дайындық элементтерін қолдану, сабақтарда спорт ойындары мен еркін күрес жаттығуларын кеңінен қолдану; арнайы педагогикалық ықпал ету жүйелерін ендіру.

Эмоционалдық тұрақтылық кәсіби-қолданбалы дене тәрбиесі процесінде төмендегідей жолмен жүзеге асады:

1) эмоциональдық шиеленіс жағдайында ерік-күш тәжірибесін жинақтау, стресс-факторларға бейімделудің физиологиялық процестерін жетілдіру;

2) дағдылар мен қабілеттерге, әдеттерге үйрену, эмоциональдық шиеленісті өздігінен реттеу. Әр түрлі стресстік жағдайларды модельдеуге және қойылған мақсатты тиімді орындау үшін барлық айналысушының күшін жұмылдыруға арналған жаттығулар анағұрлым тиімді әдіс болып саналады. Бұл бірінші міндетті шешу үшін қолданылады. Екінші міндетті шешу соматикалық және жағымсыз өзгерістерді қабылдау (мимикалық және қаңқа бұлшық еттерін реттеу, арнайы тыныс алу жаттығуларын жасау) және эмоциядан, өзін-өзі сендіруден арылу жаттығуларын орындау арқылы жүзеге асады [4]. Жеке тұлғаны нақты *ерік-күш қасиеттеріне* тәрбиелеуге арналған ықпалдар жүйесі, оның ерік-күш мінез-құлық тәжірибелерін жинақтауы, ерік-күшінің көрінуі үшін жақсы функциональдық, физиологиялық және морфологиялық база жасауы ерік-жігер қасиетін қалыптастырудың әдістемелік негізі болып табылады. Өндіріс қиындықтарымен пара-пар, қиындықтарды жеңуге арналған дене жаттығулары, спорт түрлері осы міндеттерді шешу үшін негізгі әдіс-тәсілдер қызметін атқарады.

Ерік-күш қасиетінің бұл түрін қалыптастыру негізінен, ынташылдық мінез-құлық тәжірибелерін дене тәрбиесі мен спорт сабақтарында жүргізу арқылы жүзеге асады.

Сыртқы және ішкі қиындықтарды мейлінше жеңуге арналған – элементтерден тұратын – жаттығулар *төзімділік қасиетті* дене тәрбиесі процесінде қалыптастырудың анағұрлым әрекетшіл құралы болып табылады. Бұлар қолайсыз метеорологиялық жағдайда орындалады, айтарлықтай жүйке күйзелістерін талап етеді. Төзімділікке тәрбиелеу барысында қолданылатын жабдықтардың тиімділігін арттыра түсетін әдіс-тәсілдерді қолданған жөн: күш-жігерді өсіру, топта жаттығу, салыстыру, жаттығуға эмоциональдық факторларды енгізу, техникалық құралдарды қолдану.

Төзімділікті қалыптастыру кезінде тек ерік-күш жігерін жаттықтырып қоймай, күштің физиологиялық базасын да нығайту керек. Бұл жағдайда жүктеменің кезеңдік өсу принципін және оның ағзаның мүмкіндіктеріне тепе-теңдігін қатаң сақтау қажет. Қарама-қарсы жағдайда физиологиялық базаның әлсіреуі пайда болады, ақырында ерік-күші азаяды.

Қазіргі кезеңде *психикалық күйзеліс* пен *психологиялық шаршаудан* арылудың тәсілі ретінде аутогендік жаттығудың маңызы зор. Бұл әдісті меңгеру үшін орта есеппен бір айға жуық уақыт пен күніне 10-15 минуттық жаттығу қажет. Ойлағандай нәтижеге жету үшін, алдымен сәттілікке сену керек. Креслода отырып немесе жатып, мазалайтын ойларды алып тастап, алдын-ала жақсы жатталған тексті жаймен, бір сазбен созып айту керек: “Мен демаламын. Әр түрлі ойдан босаймын. Өзімді жеңіл және еркін

сезінемін. Барлық дене босады. Маған жеңіл және жақсы. Мен демаламын т.б.”

Бұдан кейін тез тұру керек, қолды көтеріп, екі жаққа жазу керек, тез және терең тыныс алып, шығарарда демді тартып тұру керек те, содан соң қатты терең дем ал керек. Жаттығу жасау тиімді болып саналады.

Дене және психофизиологиялық жаттығуларды, кешендерді, жүйелерді қолдану бойынша ақыл-кеңес беру, әрине, студенттің бүгінгі және ертеңгі кәсіби жұмысына дайын болуына, кәсіптік аурулардан жазылуға, артық жүкетемеден, шамадан тыс шаршаудан алыс болуға әсерін береді.

“*Ойлау*”, “*эрудиция*” секілді ұғымдарды түсініп алмайынша, ақыл-ойды дамытудың мәнін анықтау мүмкін емес. Адам ерікті және еріксіз өмірді тани отырып, өздері қабылдаған құбылыстар мен заттарды салыстыруға, талдауға және жинақтауға, модельдеуге, қорытынды шығаруға, гипотеза мен теория жасауға мәжбүр болады. Сезім мүшелері арқылы танылатын заттың барлығы – шындық емес, көпшілігі өркениет жетістігімен түсіндірілетіндіктен, біздің органдарымыз үшін алыс та. Осы кезде қоршаған ортаны тану тікелей ойлау, ақыл-ой қызметі арқылы жүзеге асырылады. Танымның нақты ойлау процесі, іс-әрекеттер алгоритмі мен жеке тұлғалық мүмкіндіктерге негізделген мақсатты ақыл-ой белсенділігі ойлау болып саналады. Әрине, әр түрлі адамдарда ақыл-ой жұмысына деген қабілет әр басқа болып келеді. Тиімді ойлаудың, ақпаратты өңдеу мен түсінудің ақыл-ой мүмкіндіктері интеллекттің мәнін құрайды, ал ойлау – оның іс-әрекетінің процесі. Адамның ойлау іс-әрекеті әрқашанда ақпараттық жаңарусыз жүзеге аспайды [4].

“*Эрудиция*” және “*интеллект*” ұғымдарының бір-біріне қарым-қатынасы “*сан*” және “*сапа*” дегенмен бірдей болады. Адам неғұрлым көп ақпарат алған сайын, соғұрлым оны тез өңдейді және меңгереді. Адам меңгеретін жүйелі ақпарат көлемі, яғни білім мөлшері, оның қызмет етуі үшін қажетті білім эрудиция деп аталады. Бүгінде интеллект өз дамуының ең жоғары деңгейінде дәстүрден тыс шығармашылық ойлау, мәселені шешудің жаңа жолдарын табу болып қарастырылып жүр. Адам интеллектісі өзгермелі, адамның өзінің ақыл-ой қабілетіне қарай жақсара түседі не төмендейді. Интеллекттің ішкі құрылымы үйлесімді ұйымдасқан, іс-әрекет үшін тұтастық болып құйылған, интеллекттің бізмезгілде өмір сүруінің формалары болып табылатын деңгейлерден тұрады: дұрыс ойлау, түсіну, ақыл.

Ойлау – күнделікті өмірде зат пен құбылыстың өзара байланысына негізделген анағұрлым тұрақты түсінік, бас миының оң жақ жарты шарының қызметімен байланысты практикалық ойлау формасы. Дұрыс ойлау – ой бағыттарын дұрыс практикалық пайымдау түрінде таңдауға, табиғи жаратылысқа негізделген арнайы филтрге ұқсас келеді.

Түсіну – бейнелеу мен тәрбиелеу шикізаты – сезімдік ақпарат, тұрмыс шындығы базасымен емес, жоспарланған жазу мен ережелер, нормалар мен схемалар бойынша жұмыс жасайтын практикалық және ғылыми сипаттағы білімдердің алдын-ала меңгерілуі негізінде қалыптасады. Түсіну іс-әрекеттер

алгоритміне қабілеттілік болып табылады, оған автоматизм, бағдарланған іс-әрекет және консерватизм тән. Түсіну қызметі мидың сол жақ жарты шарының қызметімен, әрине грамматикалық формалармен – тілмен байланысты.

Ақыл – адам ойлауының ең жоғарғы сатысы, негізі – дұрыс ойлау мен түсінік құндылықтарының жаңа сапаға айналуы – шығармашылықпен ойлауға қабілетті болып табылады. Ақылға құбылыс мәніне терең бойлау, тұрақты схмалар мен логикалық құрылымдарды өзгерту, жаңа матрицаларды құру, заттар мен құбылыстар арасындағы байланыс заңдылықтар анықтау, шығармашылық көру, болашаққа мақсатын көзқарас, интуиция элементтері (түйсік) тән. Ақылмен ойлау бас миының екі жақ жарты шарының жұмысымен байланысты деп түсіндіріледі. Ми көлемі адамның ақыл-ойын анықтай алмайды. Негізгі көрсеткіш – функциональдық байланыстардың саны, нақты айтқанда – ми құрылымында нейрондар арасында байланыстың пайда болуы. Ал олар бір нейронның бойында 10 000-ға дейін болады. Қандай жағдай болмасын тек 500-600 ғана жұмыс атқарады [4].

Ми қартаймайды және істен шықпайды - өйткені үлкен потенциал оған мұндай мүмкіндік бермейді. Ежелгі заман уақытынан бергі адам миының өзгеруі туралы түсінік ғылыми дәлелсіз болып шықты. Нейрофизик Г.А.Кураева былай дейді: “Сізді ренжітуге тура келеді – ми мүлдем өзгерген жоқ. А.да.м бүгін.де үлкен. білім мөлшерін. меңгерген., сон.дықта.н. ол а.қылдыра.қ болға.н. секілді көрін.еді. А.л құрылымы бойын.ша., бұрын.ғы а.та.-ба.ба.ла.рымызбен. бірдей: екі жа.рты ша.р, сол жа.ғы – тілдік, мұн.да. көру, есту, сөйлеу орта.лықта.ры ба.р, бұға.н. қоса. ол оң қолмен. ба.сқа.ра.ды. Оң жа.қ жа.рты ша.ры – субдомин.а.н.тты. Егер оң жа.қ мидың қа.н.да.й да. бір бөлігін. алып та.ста.са., айта.рлықта.й қа.уіп тума.йды. Бүгін.де дүн.ие жүзін.де оң жа.қ жа.рты ша.рын.ың түбірі бұзылға.н. 160 а.та.қты а.да.м өмір сүреді, олардың миы дұрыс қызмет етеді. Па.стер жа.стық ша.ғын.да. үлкен. соққы алып, н.этижесін.де оң жа.қ жа.рты ша.рын.ың қорексіз болып қалға.н.ын.а. қа.ра.ма.ста.н., үлкен. ғалым болып шықты”.

Жүрек-қа.н. та.мырларын.ың соғысы да. қызығушылық тудыра.ды. А.қыл-ой жұмысы кезін.де ми та.мырларын.ың қа.н.мен. толуы күшейді, а.қырғы перифериялық та.мырлар та.рыла.ды, ал ішкі та.мырлар кеңейеді, ба.сқа.ша. айтқа.н.да. та.мырлар реакциясы бұлшық ет жүктемесі уақытын.да.ғы та.мырлар жұмысын.а. керісін.ше әсері бола.ды. Қысқа мерзімді қатты а.қыл-ой еңбегі жүрек соғысын.ың жиілігін. күшейтеді, әсіресе, жұмыс жүйкелік-сезімдік жа.ғда.йда. өтсе, тез бұзу факторларымен., уақыттың жетіспеушілігімен., сыртқы жа.ғдайлардың керітартпа. әсерімен. бірге жүрсе, жүрек жұмысын.ың жиілігі арта. ба.стайды. Ұзақ мерзімді а.қыл-ой жұмысы барысын.да. жүрек қа.н. та.мырларын.ың соғу жиілігі баяу бола.ды.

Ұзақ жән.е мақсатты а.қыл-ой еңбегін.ен. кейін. жалығу пайда. бола.ды, бұл – а.ғза. болмысын.ың шын.айы жа.ғдайы, сыртқы сезім мүшелерін.ің жұмысын.а. әсер етеді: а.ғза.н.ың реакция беруі бірден.

көтерілуі н.е төмен.деуі мүмкін.: жа.на. ға.н.а. меңгерілген. білімн.ің бір сәтке жоғалуы пайда. болып, есте сақтау күші төмен.дейді. Ұғымдар мен. түсін.іктер бұлдыр тартып, “ой қашады”, жұмыс жа.са.у құлқы жоғала.ды, а.ғза. жа.ғдайы ұзақ уақытқа. өз қалпын.а. келмейді.

Көбін.есе жалығу жа.ғдайын. ша.рша.умен. – ин.дивидтің субъективтік пікірімен. ша.тыстыра.ды, оған. жоғарыда. а.талға.н. белгілердің бәрі тән., бірақ олар қысқа. мерзімді, олардың себептері белгілі: жа.са.ға.н. іс-әрекетін.е көңілі толма.у, сәтсіздіктер, ойла.у жұмысын.ың дұрыс ұйымда.стырылма.уы, көңіл-күй толқын.ы (мысалы: емтихан. күн.і жоғары ба.ға. алу) жән.е т.б. А.йта. кету керек, студен.ттің емтихан.ды жа.қсы та.псыруға. ұмтылуы он.ы ода.н. са.йын. жұмылдыра. түседі, ал “құлап қалу” депрессия жа.ғдайын.а. түсіреді.

Ақыл-ой еңбегі қозғалыс белсен.ділігі аз жа.ғдайда. жүзеге а.са.ды, бұл мидың үлкен. ша.рын.да. тежелу процестерін.ің да.муын.а. әсер етеді, бұдан. жалпы көңіл күйі мен. жұмысқа. қабілеті төмен.дейді, жалығу пайда. бола.ды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Ә.К.Әбділлаев. Дене мәдениетінің ілімі мен әдістемесі. Оқу құралы, Түркістан, 2011

2. Физиология мышечной деятельности. Учебник для институтов физической культуры. /Под ред. Я.М.Коца/.-Москва. «Физкультура и спорт», 2012.

3. 2.Дене мәдениеті-оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу жүйесінде.Ізденіс-Поиск. 2009, №2 (2)- Б.262-264

4. Е.Уақбаев Қазақстанда дене тәрбиесі жүйесінің дамуы.Алматы:Санат, 2000

ӘОЖ 796.853:23

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ МҰҒАЛІМІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ НЕГІЗДЕРІ

*Ахмедов Б. А. Аға оқытушы
Серік Дарига 6В01406-Музыкалық
білім білім беру бағдарламасының
I курс студенті Қ.А.Ясауи атындағы
ХҚТУ, Түркістан қ.*

Қазіргі білім беру мазмұнын жаңарту бағдарламасы негізінде «Дене шынықтыру» пәнінің мәртебесі артты деуге болады. Мұнда пән белгілі нормативтерге бекітілген талаптар бойынша тек дене шынықтырып қана қоюға бағытталмайды. Арнайы педагогикалық тәсілдерге негізделеді. Жеке

адамға бағытталған тәсіл арқылы бала организмнің функционалдық мүмкіндіктеріне сәйкес келетін дене жүктемелерін мөлшерлеуді көздейді. Әрекет ету тәсілі бала қозғалыс арқылы дамитындығын қарастырса, құзыреттілік тұрғыдан келу негізгі біліктіліктерді меңгеруді көздейді. Сондай-ақ, денсаулықты сақтау тәсілі үйрету процесінде баланың денсаулығын міндетті түрде сақтауды қарастырады.

Мұғалімдердің пайдаланатын оқыту тәсілдері (яғни, педагогикалық әдістемелер) оқушыларды оқытудың ең жоғары стандарттарын қамтамасыз ету үшін аса қажет. Олар алдында қол жеткізген жетістіктерден кейін оқушылардың алға жылжуына мұғалімдердің педагогикалық шеберлігі айтарлықтай септігін тигізетінін дәйекті түрде көрсетті. Мұғалімдер пайдаланатын әдіс-тәсілдер оқудың тиімділігіне елеулі әсерін тигізеді. «Дене шынықтыру» пәнінің жеке тұлғаны тәрбиелеуде алатын орны ерекше. Ол оқушының дене дамуына, сондай-ақ әлеуметтік, дербес және рухани қасиеттерін қалыптастыруға ықпал етеді. Мектептің білім беру жүйесінің құрамына да бола отырып, дене шынықтыру оқушыларда салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған. Осындай жол арқылы болашақта салауатты әлеумет қалыптастыруға болады. Сонымен қатар, дене шынықтыру сабағындағы негізгі қағидаттардың бірі – белсенділік. Ол дене шынықтырумен айналысатындардың ойластырылған негізде, терең түсінуін қамтамасыз етіп, дене шынықтыру-спорт шараларына тұрақты қызығушылық мен қажеттілік тудыруға, сондай-ақ барынша белсенді болуға жетелеуге бағытталған. Бұл қағидатты іске асыру дене шынықтырумен айналысатындардың түрлі жаттығуларды орындау техникаларын біліп, терең түсініп, дене шынықтыру үдерісіне саналы және байсалды қарауға көмектеседі [1].

Белсенділік – адам орындайтын іс-шаралардың өлшемі, оның жұмысқа тартылу деңгейі. Дидактикалық тұрғыдан алғанда, белсенділік деп білім, білік және дағдыларды саналы түрде игерудің алғышарттарын, шарттары мен нәтижесін атаймыз. Проблемалық оқыту әдісі теориялық сабақтарда да, тәжірибелік сабақтарда да қолданылады. Мысалы, проблемалық оқыту әдісі қолданылатын сабақта 1-сынып оқушылары тірек-қозғалыс дағдыларын дамыту мәселесін қарастырғанда оларға мынадай сұрақтар қойылуы мүмкін: Аяқпен неше түрлі жолмен қозғала аласың? Оқушылар бұл қозғалыс түрлерін көрсету керек.

Жоғарыда аталған сабақ түрлерінің барлығына тән ортақ белгілер бар.

Олар:

- оқушы мен мұғалімнің арасындағы тығыз қарым-қатынас;
- ойлау қызметі жоғары деңгейде іске қосылған;
- ұжымдық жұмыс түрлері жеке жұмыс түрлерімен бірге қолданылады;
- оқушыларға әсер ететін эмоция деңгейі артады;
- танымдық тұрғыдан оқушылардың дербестігі;
- өз бетінше білім алуға ынталандыру, бұл саралау әдісін іске асыруға мүмкіндік береді;
- оқу үдерісінің тиімділігі артады.

Бұның барлығы оқушы білімінің сапасына қазіргі заман сабағына қойылатын маңызды талаптардың бірі—оқушының денсаулық жағдайын, дене бітімінің дамуын, қимыл-қозғалысқа дайындығын, психикалық даму ерекшеліктерін есепке ала отырып, саралау және жекешелендіру тәсілін қолданудың маңызы зор.

Саралау және жекешелендіру тәсілі дене шынықтыру саласында жоғары нәтижелері бар балалармен қоса, бұл саладағы нәтижелері төмен балалар үшін де маңызды. Әдетте қимыл-қозғалыс қабілетінің нашар дамуы оқушының бұл сабақта үлгерімінің төмен болуының басты себебі болып жатады. Ал орташа оқушыға есептелген сабақта деңгейі жоғары оқушыға қызықсыз болады. Оның үстіне, дене шынықтыру сабағында балалар негізгі, дайындық және арнайы топ деп бөлінеді. Сондықтан, тапсырмаларды да, сабақ мазмұнын да, оқу материалын игеру қарқынын да, нәтижелерді бағалауды да саралау қажет. Дене шынықтыру сабағында оқытуды тиімді түрде саралай білу әркімге білім бере отырып, оларды лайықты әрі шабыттандырушы түрде жұмылдыруға жол ашады. Оқушыларының ішкі уәжін арттыру үшін бірқатар педагогикалық оқыту тәсілдерін қолдануға болады. Мысалы: оқушылардың қызығушылығын туғызып, олардың қажеттіліктері мен ұмтылысына сай келетін тапсырма орындауды қамтитын жаттығуларды әзірлеу және жетілдіру. Бұл оқушылардың спортшыларды тануына мүмкіндік береді. Олардың сынып қабырғасынан тыс дене шынықтыру жаттығуларымен айналысу тәжірибесі қандай? Олардың білетіні және қолынан келетіні мен істегісі келетінінің арасында қалай байланыс орнатуға болады? Мұны оқытуға қалай тиімді кіріктіре алуға болады? Сондай-ақ, мұғалім оқушылар өздері баратын секцияда үйренген дағдыларын көрсетуді өтіне алады. Табысқа жетуге арналған ортаны қалыптастырыңыз. Барлық оқушылардың сіздің қажет болған жағдайда өзгерту енгізіңіз. Сондай-ақ оқушылардың оқу мақсатын түсінетіндігіне, олардың сабақтан шыққан кезде өздерінің спортта қандай да бір жетістікке қарай ілгерілегенін сезінетініне көз жеткізіңіз. Сабақта белсенді оқыту тәсілдері қолданылуы үшін сабақтың мазмұнын өзгерту [2]. Оқушыларды оқыту мен оқудың жаңа әдістерімен қызықтырыңыз. Бұл мұғалімдер мен оқушылардың арасын байланыстырады, сонымен қатар, жақсы кері байланыс үшін жағдай жасап, оқытуға қолайлы мүмкіндіктер туғызады. Оқушылар сізді спортшы ретінде қабылдауы үшін, әрдайым модельдер құрыңыз көрсетілімдер жасаңыз. Ынтымақтастық ортасындағы топтық жұмысқа ынталандыру керек. Балалар спортты қазірдің өзінде жақсы көреді, сіздің міндетіңіз—олардың спортқа деген сүйіспеншілігін арттыра түсу. Оқушыларды ынталандыруға арналған осы ұсынылған тәсілдер тізімінде қандай да бір мадақтау немесе жазалау ескерілмегеніне мән беріңіз. Олар – жалпы қолданылатын техникалар әдетте, «сыртқы» уәж немесе «оқу керек» деген талаппен байланыстырылады. Оқушыларды мұндай жолмен уәждеу стратегияларын пайдалануға сақтықпен қараған жөн, себебі олар ішкі уәжді төмендетуі мүмкін. Атап айтқанда, оқушыларда төмендегідей сезім тудыруы мүмкін

марапаттардан (әсіресе мақтаудан), жаза немесе кері байланыстан аулақ болған дұрыс:

тапсырманы орындауға өзін қабілетсіз сезіну;

тапсырманы аяғына дейін орындаудың қажеті жоқ деп сезіну;

тапсырманы орындау үшін аз ғана әрекет етіп, шектеулі күш-жігер жұмсаса жеткілікті деп сезіну;

өзіне аз тапсырма берілді деп сезіну.

Бастапқы ішкі уәж төмен болған жағдайда сыртқы марапат пайдалы болуы мүмкін. Шын мәнінде, мұғалім оқушылардан жоғары нәтиже күтіп, олардың өз күшіне деген сенімін нығайту үшін мадақтауды пайдаланғаны дұрыс. Оқушының жұмысына құрметпен қарай отырып, оның ішкі уәжін арттыруға ықпал етуге тырысыңыз (мысалы, оның жеке қызығушылығы, тақырыпқа қызығушылығы, жеке мақсаттарға ұмтылуы және т.б.). Оқушының оқуға құлқының болмауы, негізінен, мұғалімнің оның уәжін оята алмауының салдарынан болады. Мұғалім қызметінің аса маңызды қыры – оқушылардың уәжін анықтауға көмектесетін көптеген факторларды түсіну. Төмендегі кестеде мұғалім жұмысының оқушының уәжін өсіретін немесе, керісінше, өшіретін факторлар ұсынылған. Сонымен, жаңарту бағдарламасындағы дене шынықтыру пәнін оқытудың орны ерекше. Онда оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, білім сапасын көтеруге барлық мүмкіндіктер қарастырылған. Жаңарту бағдарламасы нәтижесінде оқушылардың белсенділігі артып, спортқа деген бейімділігі қалыптасады. Оқушылардың танымдық қабілеттерін артырып, салауатты өмір сүру, адам денсаулығы осы спортқа байланысты екендігін түсінеді. Нәтижесінде оқушылардың білім сапасы артып, оқу тоқсандарында жоғары сапаға қол жеткізуге болады. Спорттың басқа да қызмет аясы жеткілікті. Біріншіден. спорт өз алдына адамның тәрбиелік жағына оңды ықпалын тигізумен қатар. қоғам әміріне даиындаушылық міндеттерді де шеше отырып. қызмет етеді. Екіншіден. спорт

әндірістік қызметке жатпайды және материалдық игіліктерді тікелей әндіруге байланысы жоқ.

Спорт адамды жан-жақты жетілдірудің тиімді құралы ретінде оны рухани және дене даиындығына тәрбиелеудің қозғаушы күші болып саналады. Спорт түрінен жоғары нәтижеге жеткен саиын спортшы тек дене. әдістік және тәсілдік даиындығын гана жетілдіріп қоимаиды. сонымен қатар адамгершілік. әнегелілік. эстетикалық. ақыл-ои. еңбек. отан сүйгіштік тәрбиелерін де алады. Сондықтан Жоғары оқу орны Спорттын адамды тәрбиелеудегі маңызы әте зор.

Дене шынықтыру мұғалімдері үшін белгілі болғандаи алғашқы этика қағидалары Америкалық денсаулық сақтау. Дене шынықтыру және Бос уақытты тиімді пайдалану үиымы этика құрылымы тарапынан жарияланған болатын [3]. Одан кеиін Үлттық спорт және Дене шынықтыру үиымы 5 негізгі қағидага және оның төмендегідеи қағидалары дене шынықтыру мұғалімдерінің этика қағидаларын қалыптастырды.

Қорыта айтқанда, дене шынықтыру сабағында алдымен жеке тұлғаның әлеуметтік құзыреттілігін дамытуға баса назар аударылады. Бұл дегеніміз оқушының өзін-өзі басқарудағы әлеуетін артып, салауатты өмір салтын ұстануына өзінді септігін тигізеді. Дене шынықтырумен және спортпен шұғылдану кезіндегі жағдайлардың ерекшелігі зерттеу объектісін көру тәсілі ретінде қызмет нысанасымен анықталады. Ол өз денесінің қозғалысын саналы түрде меңгерген, өз күш-жігерінің көмегімен уақыт пен кеңістікте мақсатты түрде жылжыта алатын адам болып табылады. Осы мақсатта адам физикалық қасиеттерді (күш, жылдамдық, төзімділік, ептілік және икемділік) дамытады, психикалық процестерді, жеке тұлғаның жағдайы мен сапасын жетілдіреді.

Ол спорттық қызметтің түрлі әлеуметтік жағдайларында өзін басқаруды үйренеді (көмек көрсету, қарсы әрекет ету), жеке өмір сүру жағдайында дене және психикалық белсенділікті табысты іске асыру үшін қажетті жалпы және арнайы іс-қимыл алгоритмдерін (шеберлігі мен дағдылары) қалыптастырады.

Дене тәрбиесі адамды тәрбиелеу жүйесіндегі маңызды элемент болып табылады. Осы аспектіде дене тәрбиесі білім беру-тәрбие процесі болып табылады және педагогикалық процеске тән принциптермен сипатталады.

Дене тәрбиесінде педагог-маманның (дене шынықтыру мұғалімінің) рөлі, тәрбиеленушілердің (оқушылардың) орны мен функциялары, олардың білім беру және тәрбие сипатындағы міндеттерді іске асыруға бағытталған бірлескен қызметі нақты айқындалған.

Тұлға бір нәрсеге үнемі жаттығып, үйренуге саналы түрде баруы қажет болды. сонымен бірге еңбек ету барысында пайдаланылатын еңбек құралдарын тиімді меңгеру үшін алдын-ала қажетті қимылға тән дене даиындығының маңызын түсінді. Осы қажеттіліктердің маңызын түсіне келе адамдар еңбек етуден тыс уақыт арында тіршілікке қажетті қимыл-қозғалыс жаттығуларын қайталап отырған. Осы кезден бастап бұл қимыл-қозғалыс тар дене жаттығуларына айналып. Арн аиы шұғылдануды баст аган. Дене жаттығуларының жәрдемімен адамдардың әздеріне на қты еңбек дағдыларын алатындай мүмкіндіктің бар екеніне кәзі жетті. осылайша денені шынықтыру. яғни қажетті дене жаттығуларымен шұғылдану адамның материалдық құндылықтарды игеруіне белгілі дәрежеде әсер етті. Еңбек барысындағы қимыл-қозғалыстардың дене жаттығуларына айналуы. оның адамға әсер ету ауқымын әлшеусіз кеңейтті. сонымен қатар денені жан-жақты жетілдіру мүмкіндігін тугызды.

Ғылыми тұрғыдан алғанда адам қызметінің бірде-бір түрі биологиялық жағынан тұқым қуаламайды. дене мәдениетіндегі тәрбие жетістігі тек қана жаттығуларды кәп қайталау нәтижесінде игеріледі. адам игілігіне айналады.

Дене мәдениетінің мақсаттары мен міндеттерінің әздері дене тәрбиесінің негізгі құралы дене жаттығуларының әзгеруіне әсерін тигізді. Мысалы кейбір жаттығулардың орындалу түрлері әзгеріп жатса. енді біреулері жоиылып. орнына жаңасы пайда болып жатады. Бұл әзгерістер екі

себепке байланысты. яғни біріншіден қоғамның материалдық әмірінің даму кезеңдерінде адамның үйлестіктегі қозғалыс дағдыларының талап етілуі. жатт ыгулардың жаңа жүйесінің пайда болуы. екіншіден. дене мәдениетін зерттеуін ғылымның дамуы адамның қозғалыс қызметі ндегі заңдылықтарды тереңірек ұғынуы. бұрын соңды адам әмірінде кездеспеген жаттығуларды жасауы. адамға жағымды әсер ететін тиімді құралдарды іздестіруі жатады.

Дене шынықтыру және спорт мамандарының кәсіби даиындықтарын жақсарту бағыттарының бірі Жоғары оқу орны студенттерінде қарым-қатынас мәдениетті қалыптастыру болып табылады. Берілген мақсатта Жоғары оқу орны студенттерінде қарым-қатынас мәдениетті қалыптастырудың арнайы педагогикалық жүйесін әзірлеу қажет. Бұл жүйе - студенттердің жеке басына тиянақты әсер етуші болып табылатын оқу процесі және педагогикалық құбылыстар жиынтығы болып табылады.

Анықталған жүйенің мақсаты - студенттердің алдағы кәсіби қызметіне қажет психологиялық -педагогикалық білімдеріне. педагогикалық ептіліктеріне әсер ету жеке адамдық қасиеттерін және мәдениеттілігін дамыту болып табылады.

Берілген жүйе нің маңызы және ғылыми сапасы болашақ мамандарды даиындау мақсаттарымен Жоғары оқу орны студенттерінің пси хологтық-педагогикалық білімдеріне. ептіліктері мен жеке адамдық қасиеттеріне қойылатын талаптарымен анықталады[4].

Жоғары оқу орны ең бастысы қазіргі заманға сәйес мамандарды даиындайтындықтан олардың бітірушілері әзінің және басқа да адамдардың іс-әрекеттерімен есептесе алуы тиіс. сонымен қатар оны дене шынықтыру және спорт мамандарының алдында тұрған негізгі мақсаттарды шешуге бағыттап. одан қарым-қатынас мәдениетінің жоғарғы дәрежесін талап етуі тиіс. Бұл үшін Жоғары оқу орны студенттерінде мұндай талантты оқудың алғашқы жылынан бастап-ақ қалыптастыра бастау қажет.

Теорияда қиындататын психологиялық кедергілерді болдырмау. мамандыққа деген қызығушылықты жоғарылату студенттердің ағылшын тілі сабақтарындағы рольдік ойын қызметтерін ептілікпен пайдалануға көмек береді. Рольдік ойын элементтерін қолдану іс-әрекетті шын мәнінде қызметте қолдануға мүмкіндік береді. Одан басқа орыс. қазақ ағылшын тілдеріндегі рольдік ойындар төменгі курс студенттерінде келешек жоғарғы курстарда мамандық бойынша әткізілетін кәсіби ойындарына қатысуға даиындықты қамтамасыз етеді.

Жоғары оқу орнындағы студенттермен жеке жұмыс жүргізуді ұйымдастыру тек мәліметтік сипатты ғана алып баруды емес. қалыптастыру қызметінде орындауы тиіс. себебі біздің басқа адамдардан алып отырған біздің мінез-құлқымыз туралы мәлімет мінез-құлықтың стилін сақтауды немесе өзгертуді болжайды. Жеке адам үшін кәделген тура осындай қызметті оның психологиялық ерекшеліктерінің диагностикасы мен бағалауы орындайды.

Жогары оқу орнындағы студенттің психологиялық ерекшеліктерін бағалау және оның диагностикасы - оған әзінің қасиеттерін бағалауға және қайта бағалауға. оларды сол немесе басқа қасиеттерінің құндылығына сәйкес сақтап. өзгертуіне көмектеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Дене мәдениеті-оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу жүйесінде. Ізденіс-Поиск. 2009, №2 (2)- Б.262-264
2. Е. Уақбаев Қазақстанда дене тәрбиесі жүйесінің дамуы. Алматы: Санат, 2000
3. Ә.К. Әбділлаев. Дене мәдениетінің ілімі мен әдістемесі. Оқу құралы, Түркістан, 2011
4. Физиология мышечной деятельности. Учебник для институтов физической культуры. /Под ред. Я.М. Коца/. - Москва. «Физкультура и спорт», 2012.

ӘОЖ 377.8:71

ҰЛТТЫҚ ПСИХОЛОГИЯ АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ ДҮНИЕТАНЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

*Аға оқытушы Баймбетова Қызтумас
Магистрант Шымкент университеті,
Умирзакова Асия Тенеловна
Шымкент қаласы*

Дүниетанымның қалыптасуына ұлттық психологияның да әсері мол. Ұлттық психологияның ерекшеліктері тарихи дәуірлер, қоғамдық әлеумет бұраландары салған іздің белгілерін жинақтап, сақтап, бүгінгі ұрпақтың рухани қасиеттерімен аралас өрбітіп отыр. Ұлт мәселесіндегі аса маңызды буын - ұлттық психологияның белгілері мен қасиеттері ұлттың рухани-психологиялық мінездемесін бейнелейді.

Көшпелі тұрмыс пен дала табиғаты адамға қойылатын талап-тілектің де, аса қатал болуын керек етті. Бұған қайратты да, мығым, аса төзімді, құбылмалы табиғат жағдайына икемді, жан-жүйесі кемел адамдар қажет еді. Мәселен, бала ес білгеннен бастап, із кесіп, жол қарап, жұлдыз санап өскендіктен, оның көзі қырағы, көкірегі саналы болды. Аң аулап, мал баққан жас буын ақын-жыраудың тағылымын, әншінің өлеңі мен әуенін, күйшінің күмбірлеген күйін көкейіне қондырып, ел аузындағы ұлағатты сөздерді, мақал мен мәтелді, ертегі мен жұмбақты, терме мен шежірені жадына сақтап, халық даналығын өзіне рухани азық етті. Ғалымдар халықтық тәлім-тәрбие, этнопсихологиялық материалдардың ғылыми теориялық нұсқа күйінде

қалмай, оқу-тәрбие үдерісінде тәжірибелік тұрғыдан педагогикалық-психологиялық формалар – арнайы дәріс беру бағдарламалары, арнайы сабақтар, үйірмелер, психологиялық тренингтер, аутотренингтер, әулет психотерапиясы т.б арқылы қолданудың жолдарын көрсеткен.

С.Қалиұлы еңбегінде этнопсихология терминіне «Этнопсихология – халықтың сан ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрі мен салттарындағы ұлттық сана сезімін, өмірге деген көзқарасын, өзіндік ойлау ерекшеліктерін зерттейтін ғылым» деген анықтама бере отырып, ұлттық психологияның ерекшеліктері салт-дәстүрлерден, әдет-ғұрыптардан көрініс табатынын, ұлттың ұлт болып қалыптасуыда маңызы зор екендігін көрсеткен. Сонымен бірге ғалым ұлттық психологияның құрылымын үш к бағытта қарастырған: ұлттық сана-сезім, салт-дәстүрлер және ұлттық мінез-құлық[1, 49 б.]. Ұлттық психологияның күрделі элементтерінің бірі – ұлттық сана-сезім.

Ұлттық сана-сезім дегеніміз өзінің ұлттық өкілділігін мойындай отырып, ұлтына деген сүйіспеншілік, жанашырлық, халық мұраларын мақтанышпен бағалай білуі. Ұлттық сана-сезімнің пайда болуы халықтың тарихи даму кезеңдерімен байланысты. Ұлттық сезім адамды қоршаған ортаның әлеуметтік-экономикалық, мәдени және жаратылыс құбылыстарының сол ұлт өкіліне тартқан ерекше табиғи сыйы. Ұлттық сезім басқа сезімдер сияқты адамның жеке басының қанағаттану, шаттануымен байланысты ой-қиял, әсер сезімінің сыртқа шыққан көрінісі болып келеді. Балаға ата-бабаларымыздың ерлік істерін айтып беру арқылы халқымызға деген сүйіспеншіліктерін оятамыз.

Ұлттық мінез-құлық – халықтың тарихи тәжірибесінде қалыптасқан дағды және әдеттер жиынтығы. Намыс, абырой, шындық, әдеп сақтау, ар, ұят, ұлттық мінез жайында Ә.Табылдиев еңбектерінде саралап айта отырып, ұлттық ерекшеліктермен дәлелдеген [2]. Қазақ этнопедагогикасы арқылы мектеп жасына дейінгі балалар жаман мен жақсыны ажыратуды үйренеді, адамды сыйлау, құрметтеу, сәлемдесу, үлкен кісінің алдынан өтпеу, орын беру сияқты адамгершілік құндылықтарды меңгере бастайды.

Соңғы жылдары қазақ этнопедагогикасы мен этнопсихологиясы материалдарын ауқымды тұрғыда зерттеумен қатар, оны оқу-тәрбие жұмыстарында кешенді ендіру мәселелері жөнінде көптеген тәжірибелер жинақталып келеді. Қазақ этнопедагогикасы арқылы балалардың дүниетанымын қалыптастыруда қазақ этнопсихологиясын жан-жақты қарастырудың маңызы зор. Бүгінгі таңда «Қазақ этнопсихологиясы» пәні жоғарғы оқу орындарында, колледждер мен педагог-психолог мамандардың білімдерін жетілдіру ұйымдарында қолданыс табууда. Қазақ халқының адамгершілік қасиеттері, мінез-құлықтары, сана-сезімдерінің дамуы халықтық психологияда көрініс тауып отырады. Ұлттық психология өмір сүретін ортаға қарай салт-дәстүр тұрғысынан көрініс тауып, адамның мінез-құлық ерекшеліктерінен анық байқалып отырады.

Белгілі ғалым М.Мидтің пайымдауынша әр этностың мәдени мұралары ұрпақ болашағы үшін айрықша орны бар екенін тәжірибе жүзінде

дәлелдеген. Ғалымның тікелей қатысуымен жүргізілген психологиялық эксперимент нәтижелері әр баланың психикасы мен танымдық-тәлімдік әрекетіне ұлттық салт-дәстүрлердің ерекше ықпал ететіні анықталған [3, 48 б.].

Ұлттық дәстүрді тарихи қалыптасқан берік дәстүр ретінде қарау халықтың тарихи танымын қалпына келтіреді, ұлттық психологияны дамытады. Ұлттың өзін-өзі тануында адамда өз халқының ерліктері арқылы ұлттық мақтаныш пайда болады. Мектеп жасын дейінгі балалардың дүниетанымының қалыптасуына ұлттық психологияның мағызы ерекше. Мысалы, бала қазақ халқының қонақ күту дәстүрімен танысу арқылы халқымыздың қонақжайлылық, сыйластық, үлкенді құрметтеу, имандылық т.б. қасиеттерін көре отырып, бойына сіңіреді. Халықтық педагогика мен халықтық психология тағылымдарын қолдану балалардың өзін-өзі тануына, қоршаған ортаға деген қызығушылығын, белсенділіктерін арттырып, алған білімдерін толық меңгеруге көмектеседі. Сонымен бірге, балалардың ойын, өз пікірін айту қабілетін дамытып, жаттанды айтудан аулақтатып, дербес ойлап, әрекет етуге жетелейді.

Танымдық әрекетті тек ойлау үрдісі ғана емес, ықылас, ес, ерік т.б. үдерістердің де қатысы бар екенін және даму кезеңінің арасындағы өзгеріс келесі жас кезеңдеріне өтудің өте маңызды ішкі негізін яғни қозғаушы күшін көрсетті. Мәселен, ерте сәбилік шақта баланың сыртқы болмыспен байланысты, оның үлкендерге қарым-қатынасы арқылы қарапайым ұғымдарды меңгеріп, тілі жетіледі, дербес іс-әрекет жасауға үйрене бастайды. Танымдық әрекет үдерісінде ойлаудан өзгеше адамның қоршаған дүниеге қатысы білінетіндігін дәлелдеді. Психолог А.Ковалев жеке тұлға дүниетанымының сапалық сипаттамасын мазмұндылығы мен ғылымилылығы, жүйелілігі мен мақсаттылығы, логикалық дәйектілігі мен дәлелдігі, жалпылау дәрежесі мен нақтылығы, іс-әрекет пен мінез-құлықпен байланысты белгілері бойынша анықтайды [4].

Бала дүниеге келген сәттен-ақ, әлеуметтік, қоғамдық тіршілік иесі болып саналады. Балалар өмірі үлкендердің тыныс-тіршілігімен бірге қайнасып жатқан ажырамас құрылым. Бала қоршаған ортаны мүлдем басқаша қабылдайды. Себебі, балалардың өмірлік тәжірибесі өте аз. Бала ересек адамдармен қарым-қатынасқа түсудің нәтижесінде өмірге қажетті білім мен тәжірибе жинақтайды, қоршаған ортаның сырын түсінуі баланың жан-жақты дамуының қайнар көзі болып табылады.

Дүниетану - тікелей түйсіну, қабылдаудан басталып, ойлауға қарай өрбиді. Адамның дүние шындығы мен болмысын танып білуі – дидактикалық жолмен дамитын аса күрделі үдеріс. Түйсік, қабылдау, елес бейнелері адамның «нақты пайымдау» не «тікелей таным процесі» деп аталатын дүниетанымдық сатысына жатады. Мұндай таным үдерісі сыртқы заттар мен құбылыстар сезім мүшелеріне тікелей әсер етуінен пайда болып, шындықты, ақиқатты бейнелеудің сезімдік сатысы делінеді. Әр сезім ағзасының өзінің сезгіштік шегі бар. Ғалымдар оны «түйсік табалдырығы»

деп атаған [5]. Түйсіну – дүниені танып білудегі бейнелеу үдерісінің алғашқы есігі. Түйсік жақсы даму үшін сезім мүшелерін жаттықтырып отыру керек.

Дүниені тануда көру түйсігінің маңызы зор. Заттар мен құбылыстардың жеке сипаттарын айнытпай толық бейнелеу ең алдымен көру түйсігі арқылы іске асады. Адам қоршаған ортадағы ақпараттардың 80% көріп қабылдайды. Сонымен бірге, көз дүниені танудың құралы ғана емес, қырағылықтың, білгірліктің, данышпандықтың таразысы іспеттес. Ғалымдардың зерттеуінде адам әсер ететін жеті спектрлі түсті және соның негізінде он мыңнан аса реңкті ажырата алатыны анықталған. Көру түйсігінің өресі өте кең. Халық ұғымындағы «көзі ашық», «көпті көрген», «көз көрген» т.б. сөз тіркестері осыған дәлел іспеттес. Адамның көру түйсігінің айрықша ерекшеліктері - адам өз қолымен жасаған заттардың, олардың көлемі мен түстерінің айырықша сапаларын көру болып табылады. Мысалы, Сәулет өнері, мүсін өнері, кескіндеме өнері – көру түйсігінің дамуының жоғарғы деңгейін айқындайды.

Сонымен бірге, 5-6 жастағы бала заттарды топтастыру қасиеттерін меңгере түседі. Мысалы, кебеже, сандық, орындық, кереует, сырмақ, түскиіз т.б. үй жиһаздарына жатқызып, тақия, табақ, сақина сияқты басқа заттардан ажыратып, айыра алады. Балаға жеке тұлға ретінде қарым-қатынас жасау, қоршаған ортаны өзі танып білуіне толық мүмкіндік беру, бала материалды өзі таңдап, өздігінен дербес әрекет етіп, өзінің жоспарымен жұмыс жасауға жағдай туғызып отыру керек. Педагог балаларға қазақ этнопедагогикасының материалдарын өздігінен таңдауға және онымен танысуға уақыт беріп, оны қалай қолдануы жайында көрсетіп, түсіндіріп отырса, балалар қабылдау негізінде ой елегінен өткізіп, қорытынды жасай білуге үйренеді.

Мектеп жасына дейінгі балалардың өмір тәжірибесі аз болғандықтан заттар мен құбылыстарды қалай көрінсе, солай қабылдайды. Мәселен, суретте орындықтың бір аяғы көрінбей, үш аяғы ғана көрініп тұрса, үш аяғы бар үстел деп қабылдауы мүмкін. Ертегідегі жағымсыз кейіпкерлердің суретін бетін шимайлап, оны жеңдік деп ойлайды. 5-6 жастағы балалар заттар мен құбылыстарды неғұрлым жоспарлы да, тұрақты түрде қабылдауды меңгере бастайды. Сондықтан балалардың қабылдауын жетілдіру барысында үлкендердің көмегі көп қажет. Мектепке дейінгі кезеңде баланың кеңістік пен уақытты қабылдаулары да жетіле түседі, алайда, кеңістік пен уақытты қабылдауда қиындықтарға кездесіп отырады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Пирлиев К. Прогрессивные традиции народной педагогики в современном воспитании школьников. - Ташкент, 1991. - 350 с.
2. Ханбиков Я.И. Из истории педагогической мысли татарского народа. - Казань, 1967. - 322 с.
3. Жарықбаев Қ. Развитие педагогической мысли в дореволюционном Казахстане. - Киев, 1982. - 285 с.

4. Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. - Алматы: Жалын, 1999. - 352 б.
5. Диваев А. Казахское народное творчество. - Алтын кітап, 2007.-316б.

ӘОЖ 377.8:71

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГ МАМАННЫҢ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

*Қ.Баймбетова Аға оқытушы
А.Т.Умирзакова магистрант
Шымкент университеті, Шымкент қ.*

Педагогтың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігі оның кәсіпқойлығының басты көрсеткіші және тиісінше білім беру процесін тиімді ұйымдастырудың негізін қалаушы шарты болып табылады. Психологиялық-педагогикалық құзыреттілік педагогтың кәсіби құзыреттілігінің жалпы құрылымындағы құрамдас элементі болып табылады, ол сондай-ақ коммуникативтік құзыреттілікті, риторикалық құзыреттілікті, когнитивті құзыреттілікті, кәсіби-техникалық және кәсіби-ақпараттық құзыреттілікті қамтиды. Психологиялық-педагогикалық құзыреттілік мәселелерімен Ю.П.Азаров, Ш.А.Амонашвили, Г.Г.Горелова айналысты. Психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктің мәні мен мазмұнын ашу үшін «педагогтың кәсіби құзыреттілігі» ұғымын терең қарастыру қажет[1].

Ғылыми әдебиетте педагогтың кәсіби құзыреттілігі мәселелерін зерттеу кеңінен ұсынылған, өйткені қазіргі білім беруде ең өзекті құзыреттілік тәсіл болып табылады. Бүгінде көптеген ғалымдар, қоғам қайраткерлері білім беру сапасы және ғылым мен өндірістің даму қарқыны артта қалып отыр деп санайды. Америкалық ғалымдар құзыреттілік тәсіл шеңберінде сапалы оқытудың тұжырымдамалық негізін зерттеді. Олар құзыреттілік тәсіл еңбек нарығының сұраныстары мен қажеттіліктеріне сәйкес келеді деп санайды. Американдық ғалымдар құзыреттілік парадигмасы арқылы сапалы білім берудің концептуалды негізін әзірледі. Олар құзыреттілікке негізделген парадигма сапалы білім беру мен еңбек нарығының қажеттіліктерін үйлестіретініне сенеді. Американдық зерттеушілер құзыреттілік білімнің құрылымдық элементтеріне білім, іскерлік және құндылықтарды жатқызады. АҚШ мектептерінде мамандардың педагогикалық және психологиялық білімін тексеру үшін білім беру қызметін ұйымдастыру дағдыларына байланысты бірқатар салаларды қамтитын тестер қолданылады. Оқытудың мақсаты мен нәтижесі ретінде құзыреттілік тәсілдемесі болашақта кәсіби

қызметте құзыреттілік ретінде көрінетін әртүрлі деңгейдегі түйінді құзыреттіліктерді қалыптастыруды анықтайды [2].

Аталған ғалымдар педагогикалық құзыреттіліктің мынадай аспектілерін ашады: басқарушылық аспект оқытушы талдайды, жоспарлайды, ұйымдастырады, бақылайды, оқу процесін білім алушылармен өзара қарым-қатынас арқылы реттейді; психологиялық аспект, оқытушының тұлғасына қалай әсер етеді, педагог білім алушылардың жеке қабілеттерін қалай есепке алады; педагогикалық аспект, оқытушы оқытуды әдістер мен тәсілдердің көмегімен жүргізеді. Г.М. Коджаспированың сөздігінде «құзыреттілік» түсінігі автолитарлы жүйе ретінде түсіндіріледі [3].

Қазіргі қоғамда жасыл экономика, жаңа саясат, жаңа білім орын алуда. Аталған факторлардың барлығы «педагогикалық, психологиялық құзыреттілік», «құзыреттілік» ұғымын кеңірек қолдануына әкелді. Ғалымдардың зерттеу еңбектерінде «құзыреттілік» түсінігіне қатысты әртүрлі көзқарастар бар. Сондықтан да бұл түсінік терең зерттеуді талап етеді. Бұл ұғымды Н.Хомский енгізген. Ол алғаш рет ана тілін меңгеруге бағытталған қабілеттер жиынтығы деп түсіндірген [4]. Ал ғалым М.В.Рыжков өзінің зерттеуінде құзыреттілікті былай топтастырады:

- «құзыреттілік» ұғымы тек танымдық (когнитивтік) және технологиялық құраушы ғана емес, ол мотивациялық, әлеуметтік және мінез-құлықтық, яғни оқыту нәтижелерін (білім, білік, дағды) құндылық бағдар жүйелерін қамтиды;

- құзыреттілік – алған білім, білік, тәжірибе, мінез-құлық тәсілдерін нақты жағдаятта, нақты іс-әрекет жағдайында жұмылдыру қабілеті;

- құзыреттілік ұғымында «нәтижеден» қалыптасатын білім мазмұны мен интеграциясы жатыр; -

- құзыреттіліктер тек білім беру мекемелеріндегі оқыту процесінде ғана емес, яғни дәстүрлі және дәстүрден тыс білім алу жағдайында да қалыптасады - деген [49].

А.В. Хуторский «құзырет» және «құзыреттілік» ұғымдарын ажыратып, келесі анықтамаларды ұсынады: Құзырет – адамның өзіне және қызмет нысанасына байланысты жеке қасиеттерге ие болуы. Құзыреттілік – пәндер мен процестердің белгілі бір шеңберіне қатысты сапалы өнімді (білім, білік, дағды, қызмет тәсілдері) өзара байланыстарын және қасиеттерінің жиынтығын қамтиды [5].

Д.И.Ушаков өзінің түсіндірме сөздігінде «құзыреттілік» және «құзырет» ұғымдарын сипаттай отырып, ерекшеліктерін жүйелеп түсіндіреді. Д.И.Ушаковтың пайымдауынша «Құзыреттілік» - іскерлік пен ептілік, ал «құзырет» ұғымы адамның тұлға ретіндегі өзіндік мәні, кәсіби іскерлігі және қызметтегі акмеологиялық қасиеттердің көрсеткіші [60].

Ресей ғалымы Л.М. Митинаның зерттеуі бойынша құзыреттілік ұғымы «жеке тұлғаның қарым-қатынасын басқаруда қолданатын білім, дағды, іскерлік компоненттерінің жиынтығы» [6]. Ғалым К. Хамзинаның еңбектеріне талдау жасайтын болсақ, педагогикалық құзыреттілік ол

студенттердің бағдарды дамуы, іс-әрекеттерді жүзеге асыруы, танымдық дағдылардың болуы, жалпы айтқанда тәжірибелерінің жиынтығы», - деп сипаттаған болатын. Ол өз зерттеулерінде, ЖОО студенттерінің құзіреттілігін жетілдірудің әр түрлі аспектілерін ұсынады және сипаттамасы мен мазмұны бойынша құзіреттіліктерді төрт топқа бөледі.

Атап айтсақ, арнайы құзіреттілік, әлеуметтік құзіреттілік, тұлғалық және жеке құзіреттілік.

1) Арнайы құзіреттілікті игеру барысында жеке тұлға дайын өнімді меңгерумен ғана шектелмейді, керісінше алған теориялық материалдарын тәжірибеде қолдануды үйренуге күш жұмсайды;

2) Әлеуметтік құзыреттілік қоғамдық сананы қалыптастыруға, вербальды және вербальсыз стильдерді қолдануға, социумда әлеуметтену мен бейімделуге бағытталған кәсіби әрекеттестіктің көрсеткіші;

3) Тұлғалық құзыреттілік жеке тұлғаның мендік сипатының болуы бүгінгі таңда өзін-өзі өзектендіруіне, өзін-өзі басқаруына негіз болады;

4) Жеке кәсіби құзыреттілік барысында тұлға субъектілік әрекет жасауға, психологиялық эмоциясын тежеуге, танымдық әрекеттерін мотивациялауға, тұрақты мінез-құлықты қалыптастыруға әрекеттенеді.

Қазақстандық ғалым Б.Т. Кенжебеков өзінің диссертациялық жұмысында кәсіби құзыреттілікті белгілі бір әрекеттерді орындауға даярлығы мен тәжірибелік қабілеттілігі - деп дәлелдейді. Педагог құзыреттілігінің пайда болуында төмендегідей құзіреттіліктер негізгі болып табылады:

1. Психологиялық құзыреттілік. Ол мектеп кеңістігінде жұмыс істеу мақсатын, өзін-өзі дамыту мен өз білімдерін жетілдіру қажеттілігін, педагогикалық қызметті өз бетінше және жауапкершілікпен жүзеге асыруды, оқушының психикалық дамуына көмектесуді, ұдайы өз-өзімен, ойлау және тану қабілетімен жұмыс істеуді көздейді.

2. Ғылыми-теориялық құзыреттілік. Ол педагогикалық ғылымды дамыту тұжырымдамасын білумен, тұлғаны дамыту схемасын үлгілеу шеберлігімен және т.б. теңдестіріледі.

3. Тәжірибелік құзыреттілік. Бұл – педагогикалық іс-әрекетті тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін тәжірибелік білімдер мен дағдылардың жиынтығы.

4. Психофизиологиялық құзыреттілік. Ол тұлғалық қасиеттер мен балалармен педагогикалық жұмысты іске асыруға мүмкіндік беретін белгілі бір білімдердің үйлесімінен тұрады.

5. Физиологиялық құзыреттілік. Бұл – педагогтың физиологиялық және психикалық денсаулығының кәсіпке қойылатын талаптарға сәйкестігі.

М.А. Ермағанбетова құзыреттіліктің негізгі элементтері ретінде мыналарды атайды:

- мотивациялық (жұмыс істеуге қызығушылық, осы салада белгілі бір табыстарға қол жеткізу);

- танымдық (оқыту үдерісінде, соның ішінде гуманитарлық пәндерге деген қызығушылығын дамыту);

- эмоционалды-еріктік (білім берудегі бәсекелестікті арттыру).

Инклюзивті білім беру – бұл барлық балаларды, олардың дене, психикалық, әлеуметтік-мәдени ерекшеліктеріне қарамастан, тұрғылықты жері бойынша бір жалпы білім беретін мекемеде оқыту мен тәрбиелеудің тұтас процесі, онда олардың білім алу қажеттілігі ескеріледі және тұлғаның өзін-өзі дамыту мен өзін-өзі жүзеге асыру үшін қолайлы жағдайлар жасалады. Осының барлығы ересек адамға қоғамның тең құқылы мүшесі болуға мүмкіндік береді, оның сегрегациялану мен оқшаулану тәуекелін төмендетеді. Инклюзивті білім беру – бұл ерекше қажеттіліктері бар балаларға білім алуға қолжетімділікті қамтамасыз ететін, барлығына білім беруге қол жетімділікті білдіретін жалпы білім беруді дамыту процесі.

Ал, инклюзияны Қазақстанда алғаш рет зерттеп, әдіснамасын жасаған ғалым З.А. Мовкебаева: «Жалпы білім берудің қолжетімділігін және барлық балалардың, соның ішінде мүмкіндігі шектеулі балалардың әртүрлі білім алу қажеттіліктеріне бейімделуін білдіретін жалпы білім берудің даму үдерісі».

Инклюзивті білім беру бағытында жасалған тың зерттеулерге шолу жасайтын болсақ, олар Қазақстанда инклюзивті білім беру кеңістігін құру бойынша:

– мектептердің материалдық-техникалық базасының әлсіздігі;

– сыныптардағы білім алушылар санының көптігі; – педагогтің күн тәртібінің тиімсіздігі;

– мүмкіндігі шектеулі білім алушылардың бойында өзіне деген сенімсіздіктің қалыптасуы тәрізді бірқатар қиындықтарына тоқталады: З.А. Мовкебаева инклюзивті білім беруде педагогтардың кәсіби құзыреттілігінің жеіспеушілігі мен оқу-тәрбие процесіне дайын емес екендігін айтады.

Даму мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту мен тәрбиелеу үшін кедергісіз орта құру мақсатында инклюзивті сыныптарда психологиялық-педагогикалық қолдау ұйымдастырылады, оған мыналар кіреді: психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің болуы (арнайы психолог, логопед, арнайы педагогтар (тифлопедагог, сурдопедагог, олигофренопедагог), ДМШ балаларға кеңес беруші, әлеуметтік педагог), жеке оқу жоспарлары және оқуда қиындықтары бар оқушылар үшін жеке оқыту бағдарламалары.

Инклюзивті білім беру үдерісінде педагогтардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін қарастырайық, ол келесі құзыреттіліктерді қамтиды:

- педагогтың әрбір тұлғаның құндылығын сезінуі және қабылдауы;

- денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балаларды сәтті әлеуметтендіру үшін инклюзивті білім берудің маңыздылығын түсіну;

- инклюзивті білім беру процесін жүзеге асыруға терең қызығушылықпен қарау;

- білім алушы ұжымында мүмкіндігі шектеулі балаларға қоғамның тең құқылы мүшелері ретінде сенім, мейірімділік атмосферасын құруға ұмтылу;

-арнайы педагогика мен психологияның теориялық-әдіснамалық негіздерін, жеке әдістемелерді, білім алушылардың даму деңгейінің диагностикасын білу;

-инклюзивті білім беруді ұйымдастырудың негізгі тұжырымдамаларын, технологияларын және ерекшеліктерін, туындайтын психологиялық-педагогикалық проблемаларды, кедергілер мен тәуекелдерді білу;

- ерекше даму мүмкіндіктері бар балалардың психологиялық, жас және жеке ерекшеліктерін, ауытқушылық түрлерін білу;

- вариативтік тәсіл негізінде арнайы технологияларды, педагогикалық қызметті жобалау және ұйымдастыру әдістерін білу;

- инклюзивті білім берудің педагогикалық міндеттерін шешу үшін қажетті ақпаратты қабылдау, өңдеу, сақтау және жетілдіру қабілеті;

- инклюзивті білім беру жағдайында педагогикалық іс-әрекеттің рефлексиялық қабілетін меңгеру;

- инклюзивті мектептің тұтас педагогикалық процесінде нақты кәсіби міндеттерді шешу қабілетінің болуы;

- білім алушы ұжымының даму деңгейін, жеке тұлғаның дамуын, жеке білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеу, тұлғааралық қарым-қатынастың ерекшеліктерін, отбасы мен социумның микроклиматын, инклюзивті білім беру жағдайында жалпы педагогикалық процестің жағдайын диагностикалауды жүзеге асыру қабілетінің болуы;

- білім алушылардың, ата-аналардың, пән мұғалімдерінің, әкімшіліктің, қоғамдық ұйымдар өкілдерінің қажеттіліктерін ескере отырып, инклюзивті білім беру жағдайында педагогикалық қызметті құрастыру қабілетінің болуы;

- инклюзивті білім беруді тиімді жүзеге асыруға ықпал ететін педагогикалық процесс субъектілерімен өзара конструктивті іс-қимылды жүзеге асыру қабілетінің болуы;

-оқу бағдарламаларын ерекше қажеттіліктері бар балалардың мүмкіндіктеріне бейімдей білуі;

- мүмкіндігі шектеулі балалармен өзара қарым-қатынас орната білуі;

-ерекше білім беру мүмкіндіктері бар білім алушылардың жетістіктерін бағалай білуі;

- ерекше білім беру мүмкіндіктері бар балаларды оқыту және тәрбиелеу процесінде арнайы әдістемелік құралдарды меңгеруі;

- арнайы білім берудің коррекция әдістемелері мен технологияларын меңгеруі.

Жоғарыда аталған педагогтардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілікті меңгеруі инклюзивті білім беру жағдайында педагогикалық қызметті жүзеге асыруға кәсіби дайындығын анықтайды.

Болашақ педагог психологтардың кәсіби құзіреттілігін ең негізгі шарты жоғарғы оқу орнында қалыптасуы үшін барлық жағдайды жасау. Осы жағдайды ескере келе, болашақ педагог-психологтардың инклюзивті білім

беру жағдайында кәсіби құзіреттіліктерін дамытудың келесі педагогикалық шарттарын анықтадық:

-Студенттердің педагог-психологтың кәсіптік іс әрекетінің маңыздылығын ұғыну, ең маңыздысы дамуында ерекшеліктері бар балалармен жұмыс жасау және соған сәйкес практикалық іс-әрекетті орындауға қажетті теориялық білім, іскерліктер мен дағдыларды меңгеру;

-Болашақ мамандықтың кәсіби құзіреттілігін қалыптастыру үшін студенттердің теориялық және практикалық дайындығы барысында инклюзивті білім берудің инновациялық технологияларын мейлінше кең көлемде қолдану;

Сонымен қатар, төмендегідей қосымша шарттардың: кәсіби құзіреттілікті жалы пәндер мен педагогикалық психологиялық пәндерді оқыту барысында қалыптастыру, «Инклюзивті білім беру» элективті курсының мүмкіндіктерін пайдалану, жоғары мектептің оқу тәрбие процесінде оқытудың белсенді әдістері (пікірталас, коуч, тренинг, мифа шабуыл) мен инновациялық технологияларды белсенді пайдалану маңызды педагогикалық шарт болып табылады.

Библиографиялық тізім

1. Қазақстан Республикасының 2020-2025 жылдарға арналған білім беру бағдарламасы. Нұрсұлтан, 2020.

2. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі N 319 Заңы // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., N 20, 151-құжат

3. Оралбекова А.К. Информационно-коммуникационные технологии как ресурсы инклюзивного образования //Матер. IXмеждунар. науч. конф. молодых ученых Казахстан в международном образовательном пространстве. – Алматы, 2017. – С. 216-220

4. Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері. -Астана, 2015. -152б.

5. Зимняя И.А. Компетентный подход в образовании. Проблемы качества образования. – М.: Уфа Исследовательский центр проблем качества подготовки специалистов, 2004. -34-38 б

6. Дружилов С.А. Психология профессионализма. Харьков: Изд-во Гуманитарный центр. 2017. 360с.

7. Кенжебеков Б.Т. Жоғары оқу орны жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру: дисс. ..пед. ғыл. докт.: Қарағанды, 2005. –267 б.

8. Ермағанбетова М.А. Проблемы обновления профессиональной деятельности учителя в условиях изменений парадигмы образования <https://www.dissercat.com>

9. Мовкебаева З.А. Вопросы подготовки педагогических кадров в Республике Казахстан к работе в условиях инклюзивного образования // Педагогика и психология. – 2013. – №2. – С.6-11.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

*К.М.Баймухамбетова магистр, аға оқытушы,
Шымкент университеті, Шымкент қ., Қазақстан
E-mail: kuralai-61@mail.ru*

*К.Т.Ыбраимжанов п.ғ.д., профессор,
І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті,
Талдықорған қ., Қазақстан
E-mail: tarmpi_school@mail.ru*

Аннотация. В данной статье рассматривается методика реализации наглядной позиции обучающихся с использованием компьютерных технологий в обучении казахскому языку. Кроме того, было отмечено, что в настоящее время в улучшении системы образования повышается качество занятий за счет эффективного использования компьютерных технологий.

Annotation. This article discusses the methodology for implementing the visual position of students using computer technology in teaching the Kazakh language. In addition, it was noted that the quality of classes is currently improving in improving the education system through the effective use of computer technology.

Қазіргі таңда оқытудың парадигмасы өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және инновациялық технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті түр. Әлемдік өркениеттен өз орнын тауып, жаһандану ағысына енген еліміздің алдында тұрған міндеттердің бірі – Қазақстан Республикасы жоғары оқу орнында бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасындағы қазақ тілін оқыту әдістемесін жетілдіру, білім алушылардың білім сапасын арттырып, әлемдік стандарттар деңгейінде білім беруге қол жеткізу. Осыған орай технология, ақпараттану және интеграция ғасырында жаңа дүние үшін күрес жолында білім беруді ақпараттандыру.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында [1, 8 б.]: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және азаматтық құндылықтар мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желіге шығу», – делінген.

Қазіргі заманда ақпараттандыру және онымен тығыз байланысты білім беруді ақпараттандыру жетілгендігімен, ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың кеңінен таратылуымен сипатталады. Олар ақпаратты тарату үшін және оқытушылар мен білім алушылардың өзара әрекетін қамтамасыз ету үшін білім берудің қазіргі жүйесінде кеңінен қолданыс табуда. Осыған байланысты ХХІ ғасырдағы ақпараттанған қоғам қажеттілігін қанағаттандыру

үшін білім беру саласында мынадай міндеттерді шешу көзделіп отыр: компьютерлік техниканы, интернет, көмпьютерлік желі, электрондық оқулықтарды оқу үдерісінде тиімді пайдалану арқылы білім сапасын арттыру [2, 131 б.].

Бүгінгі таңда педагогикалық тәжірибеде заманауи жағдайда мұғалімнің жаңа құзыреттіліктері қажет. Цифрлық құзыреттіліктерге сұраныс артып келеді, бұл мұғалімдердің түбегейлі жаңа, цифрлық ортада жұмыс істеуге мәжбүр болуымен байланысты. Цифрлық ортада өзара әрекеттестік негізделетін принциптер мүлдем басқа. Сондықтан цифрлық кеңістікте білім беру үдерісінің басқа қатысушыларымен өзара әрекеттесе білу қажет. Сондықтан мектептегі қайта құрулардың ең маңызды шарты мұғалімнің белсенді позициясы болып табылады, болашақ маман өз оқу орнының әдістемелік ресурстарын және инновациялық технологиялардың мүмкіндіктерін пайдалану арқылы да өзінің кәсіби құзыреттілігін үздіксіз жетілдіруге ұмтылудан тұрады.

Технологиялық оқыту білім алушыларды белсенді жағдайда қойып, оның субъектілігін қалыптастырады және шығармашылығын тудырады. Әсіресе, ақпараттық дәуірде инновациялық технологияның қолданылуы ерекше. Білім сапасын жоғарылату, оны жеткілікті түрде арттыруда жаңа ақпараттық технологияларды қолданусыз, заманауи телекоммуникациялық құралдарды пайдаланусыз мүмкін емес. Озық әдістемелік технологиялармен қаруланған, заман талабына сай оқытудың жаңа әдістерін, яғни ақпараттық-коммуникациялық технологияларды толық меңгерген педагог қана білім алушының сапалы білім алуына мүмкіндік жасайды. Әр мұғалім сабақ өткізген кезде білім алушыларға сапалы білім беру үшін инновациялық технологияларды пайдалана отырып, сонымен қатар компьютерді, интерактивті тақтаны қолдану арқылы білім берсе, білім алушылардың қызығушылығы арта түсері анық. Оқыту үрдісінде инновациялық технологияны қолдану арқылы білім берудің әр түрлі аспектілерін дамытуымызға болады. Мәселен, ақпаратты өндеудің когнитивті аспектілері, оқытудың мотивациялық аспектілері және оқытудың коммуникациялық аспектілері және танымдық аспектілері. Электронды оқулықпен жұмыс жасағанда, инновациялық технология арқылы таңдап алған тараудың барлық тақырыптарының теориялық материалдары мен білім алушылардың өз бетінше жұмыс істеуге арналған жаттығуларын, білім сапасын тексеруге арналған тест тапсырмаларын беруге болады және білім алушылардың әрқайсысына жеке-жеке нұсқаулар бойынша жұмыс жүгізуге қолайлы болып келеді. Мұндай инновациялық технологияның ерекшелігі сол, уақытты үнемдейді және мұғалімнің де жұмысын жеңілдетеді [3, 256.].

Қазақ тілін оқытуда цифрлық технологияны пайдаланудың маңызы – пән бойынша теориялық білім беруде болашақ бастауыш сынып мұғалімінің ақпараттық сауаттылығын арттырып, шеберліктерін шыңдап, жан-жақты іскерлігін дамытып, бәсекеге қабілетті етіп, білім кеңістігінде өз мүмкіндіктерін тиімді пайдалануға жағдай жасайды. Болашақ бастауыш

сынып мұғалімдеріне қазақ тілін оқытуда цифрлық технологияны ұтымды пайдалану несімен өзіне баурап алды:

- кез келген мұғалімге сапалы сабақ беруге мүмкіндік беретіндігімен;
- оқыту мен ұйымдастырудың тиімді әдістерінің көптігімен.

Сол әдіс-тәсілдерді жақсылап игеріп, ішінен қажеттілерін таңдау арқылы әр сабақтың мақсат-міндеттерін тиімді де оңтайлы жолмен жүзеге асыруға мүмкіндік мол.

Қазақ тілі сабағында оқу ақпаратын инновациялық технология жағдайында меңгерумен байланысты оқу әрекетінің түрлері:

1) эмпирикалық әрекет қабылдау кезеңі ретінде:

- монитор экранындағы фонына назар аудару;
- фондағы жекеленген жаттығуларға зейін аудару;
- нақты жаттығуды және айрықшаланған сөздерді суреттеу.

2) жаттығуды танытуға бағытталған эвристикалық әрекет ретінде:

- жаттығуды түрлендіру жолдарын іздеу.

3) жаттығуды түрлендіру мен жаңа білім алуға бағытталған репродуктивтік әрекет ретінде:

- таңдалған жаттығу бойынша сөйлемді түрлендіру;
- берілген жаттығуды бағалау.

4) дағдыны қалыптастыруға арналған практикалық әрекет:

- дағдыны таныс жағдайда қолдану;
- таныс емес жағдайда дағды қалыптастыру.

Жоғарыда аталған кезеңдер бойынша білім алушылардың қазақ тілі сабағында оқу әрекеті қалыптасып, сабақ барысында белсенділігі артады. Бұл әр білім алушының дербес компьютердің және мұғалімнің көмегімен өзара түсінісу ортасында қазақ тілі сабағында жаңа білімдерді алуына, инновациялық іс-әрекетін дамытуына айтарлықтай септігін тигізе отырып, білім алушының тілдік күзіреттілігін қалыптастыруда бірігіп жұмыс жасаудың жоғары түрлеріне көтереді.

Қазақ тілі сабағында инновациялық технология арқылы берілетін білім оқу материалын жүйелі беруге, ақпаратты көруге, есте сақтауға, қатысымдық тұрғыдан меңгеруге, қазақша тілдік қатынасты игеруге мүмкіндік береді.

Инновациялық технологияны қолдануда шынайы өмірлік жағдайлар келтіріліп, бірігіп шешу мәселелері ұсынылса, білім алушылардың білгірлік деңгейі қалыптасуы барысында жеке белсенді позициясын қалыптастыруға жағдай тудырады және қарым-қатынас дағдыларын орнықтырып, сыни тұрғыдан ойлауға үйретеді. Яғни, инновациялық технологияны пайдалану оқу үрдісіне енгізу тіл үйретуде тиімді.

Барлық білім алушылар білім стандарты деңгейін меңгергеннен кейін ғана жаңа материалға ауысу жүзеге асырылады. Білім алушылар біліміндегі ақаулықтарды жою үшін сыныптан тыс жеке жұмыстар жасауға тура келеді [4, 17 б.].

Компьютерді пайдалану сабақ сапасын көтерумен қатар білім алушылардың ынтасын, белсенділігін арттыруда ерекше орын алады. Білім

алушының назарын пән мазмұнына аударады, өз бетінше практикалық жұмыстарды орындауға қызықтырады. Оқытушы көбінесе оқытудың әр түрлі әдіс-тәсілдерін қолданған жөн. Көбінесе, проблемалық оқыту, ойын арқылы оқыту, инновациялық оқыту, саралап оқыту, тірек сигналдары арқылы оқыту, компьютерлік оқыту және жаңа технологиялар бойынша оқыту, электронды оқыту т.б. Компьютерлік технологияларды оқу процесінде тиімді қолдану үшін, ең алдымен, өтетін пәнге талдау жасау керек, себебі, компьютерді жақсы меңгерген оқытушы ғана программистер көмегін қолдана отырып, компьютерлік бағдарламалар, электрондық оқулықтар жасай алады [5, 11 б.].

Нәтижесінде білім алушылар тарауды жақсы меңгергенін, компьютерлік сауаттылықтары дамығанын, ақпараттық мәдениетінің қалыптасқанын көруге болады. Тест қорытындысы бойынша білім алушылардың желілер байланысы, электрондық пошта, жалпы компьютерлік желілермен жұмыс жасау технологиясын жақсы меңгергенін көрсетті. Бірақ білім алушылар желі топологиясын, байланыстың түрлерін, ұялы байланыс жөнінде түсініктерді әлі де кең түрде қарастыруды қажет етті. Қазіргі заманғы дамудың талаптарына лайық ақпараттық – инновациялық технологияларсыз жоғарыда айтылғандарды шешу мүмкін емес. Жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны оқу үрдісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор.

Өткен ұрпақ үшін кітаптың маңызы қандай болса, компьютер де білім алушы үшін қоршаған әлемді тану құралы болып табылады. Олай болса, барлық пәнді, соның ішінде, қазақ тілі пәні сабағында компьютерді дұрыс қолдана алуды үйрену - бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі.

Педагогикалық тәжірибе көрсетіп отырғандай, білім беру процесіндегі кез келген жаңашылдық оқу үрдісін жоспарлауда елеулі өзгерістер енгізеді. Сапалы білім беру жүйесін қалыптастыру үшін оқытудың белгілі бір жекелеген әдісі немесе тәсілі емес, алға қойылған дидактикалық мақсаттарға жетуді қамтамасыз ететін әдіс-тәсілдердің жиынтығы болып табылатын тұтас педагогикалық технология қажет.

“Оқытып жүріп, өзіміз де үйренеміз” қағидасын ұстанған оқытушы үшін өзінің әрбір сабағы бірінші өзіне жаңалық болуы тиіс. Оқытушының өзі – ізденуші. Кәсіби шеберлігін шыңдауға талпынған оқытушы әрбір сабағын өткен сайын білім алушыларға қызықты жеткізе алады деп ойлаймын. Әрбір сабақта инновациялық технологияны пайдаланып өткізу арқылы жақсы нәтижелер алары хақ. Оқытушы әр кез ізденуші бола білсе, өзі үшін білім жинақтайды, білім алушы үшін сабақты қызықты ете алады.

Қорыта келгенде, мақсатты білім беру – тұлға дамуын жүзеге асыратын мәселе болғандықтан, сабақ барысында инновациялық технологияны тиімді пайдалану білім алушылардың білім сапасын арттыратыны анық. Бұл мәселе қазақ тілі ғана емес, барлық пәндерге де қатысты. Яғни, білім алушыларға белгілі бір пәнді оқыту барысында қазіргі мектептерде бар технологиялық мүмкіндіктерді барынша қолданған ұтымды болмақ. Ол үшін тек заман талабына байланысты оқытушылар мұндай технологияларды жетік

меңгерген болулары керек. Себебі оқытушы әрқашан үйретушілік рөлін жоғалтпауы қажет.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы. Жаңартылған 10.09.2024. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_

2. Абилхасимова Ә.Е. Цифрлық білім беру ресурстарын білім беру үдерісінде қолдану. –Молодой ученный. Международный научный журнал № 14 (304)/2020. –292б. (<https://moluch.ru/archive/304/68503/> дата обращения: 16.02.2024

3. Битэм Э., Шарп Р. Педагогиканы цифрлық дәуірде қайта зерделеу. ХХІ ғасырдағы оқыту дизайны. –Алматы: Ұлттық аударма бюросы қоғамдық қоры. -2019. --328б.

4. Е.Сарманов, С.Сапаров. Сабақта жаңа технологияларды қолдану. Шымкент, 2006. -128 б.

5. Антонова Д.А., Оспенникова Е.В., Спирин Е.В. Цифровая трансформация системы образования. Проектирование ресурсов для современной цифровой учебной среды как одно из ее основных направлений//Вестник Пермского государственного гуманитарно-педагогического университета. Серия: Информационные компьютерные технологии в образовании. 2018. № 14. С. 5–37

ДУАЛЬДЫ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІН БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ МЕН ҰШТАСТЫРА ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Бектаева Нурилла Турсыналықызы

магистр,аға оқытушысы Шымкент университетінің

Мырзакасымова Лаззат Наримановна

№136 ЖОМ директоры

Резюме:В статье раскрываются проблемы несоответствия выпускников образовательных организаций требованиям рынка труда.

Түйіндеме:Мақалада білім беру ұйымдары түлектерінің еңбек нарығының талаптарына сәйкес келмеу мәселелері ашылады.

Дуальды оқыту жүйесі дегеніміз-теорияны өндіріспен ұштастыра оқыту технологиясы.Ол алғаш Германияда пайда болып,негізі қаланды.Дуалды оқыту жүйесінің кәсіби мамандар даярлауда тиімділігі меннәтижелілігі зор екендігі тәжірибеде дәлелденген.Дуалды оқыту жүйесі қазіргі дүние жүзілік тәжірибеде бар дүние.Оның жарқын мысалдарының бірі-Германиядағы кәсіптік-техникалық білім берудегі даярлаудың дуалдықжүйесі.Мұнда білімгерлер уақытының үштен екі бөлігінде еңбек өте

жүріп өндірістен қол үзбей оқиды, тек уақытының үшінші бөлігін теориялық оқуға, білімді ұйымдастыруға арнайды.

Дуалды оқыту жүйесінің негізгі мақсаты-техникалық-кәсіптік оқу орындарының жұмыс беруші жеке сектордағы өндіріс, шаруашылық мекемелерімен серіктестік ретінде бірлесе отырып, нарық заманында бәсекелестікке төтеп бере алатын, жаңа инновациялық-технологиялық бағдарламаларды меңгеруге дайын жұмысшы мамандар даярлау[1].

Қазіргі кезде әлемде оқытудың дуалды жүйесі-техникалық және кәсіптік мамандар даярлаудың ең тиімді жолдарының бірі болып табылады. Нақты өндіріс жағдайларын бейімделген, жұмыс орнында дағды мен білімді тікелей игеруге бағытталған, практикалы сағаттардың оқыту бағдарламасына барынша үйлесіммен біріктірілетін білікті мамандарды дайындау қазіргі кезде білім берудің дуалды жүйесі деген атпен белгілі.

Бүгінгі таңда еңбек нарығында жоғары білік мамандар тапшылығы ерекше орын алуда. Қалыптасқан жағдайдың негізгі себепшісі білім беру үрдісін ұйымдастыру және жүйедегі мәселелер, яғни жас мамандық бойына табылуға тиісті тәжірибелік дағды, білім мен тәжірибені талап ететін нақты өндірісті жағдайлардан теориялық білім берудің алшақта кетуі болып табылады. Қалыптасқан жағдайда теория мен практиканың арасындағы алшақта кетуі болып табылады. Қалыптасқан жағдайда теория мен практиканың арасындағы алшақтықты жою мәселесімен жұмыс берушіге күресуге тура келеді, себебі білікті мамандармен қамтамасыз ету-бұл жетістікке қол жеткізудің кепілі. Мұндай жағдайда жас мамандардың оқу үрдісінде алған білімдерін жүзеге асыру жоспарланатын кәсіпорын қызметінің ерекшелігін ескере отырып, қосымша оқу, тәжірибеден өту, қайта даярлау қажеттілігі туындайды[2].

Бүгінгі күннің болмысы кәсіби білім жүйесі алдында еңбек нарығында бәсекеге қабілетті білікті мамандар даярлау, өз мамандықтарын жетік меңгерген, өз мамандығы бойынша тиімді жұмыс жасауға қабілетті, тұрақты кәсіби өсуге дайын, әлеуметтік және оңтайлы кадрларды даярлауды талап етеді. Осыған байланысты қойылған басты міндет- мемлекеттік құрылымдардың күшін біріктіру, жұмыс берушілер мен оқу орындарын облыстық кәсіпорындар мен өнеркәсіптерді білікті мамандармен қамтамасыз ету мәселесінде жұмылдыру.

Техникалық және қызмет көрсету еңбегінің кадрларын даярлау елдің тұрақты экономикалық дамуын қамтамасыз ететін орта буынды кәсіби мамандар даярлау үшін негіз қалайды. Еліміздің индустриялық-инновациялық даму міндеттері ауқымының жедел қарқынымен өсуіне байланысты техникалық және қызмет көрсету еңбегінің кадрларын даярлауда сапалы ұмтылыстың қажеттілігі туындап отыр.

Осыған байланысты елімізде заман талабына сай білімді, озық технологияларды жетік меңгерген, кәсіби білікті жұмысшы мамандар даярлауда техникалық және кәсіптік білім берген оқу орындарында үлкен міндеттер мен талаптар жүктеліп отырғаны белгілі[3].

Қазақстанның инновациялық болашағы еңбек ресурстары сапасына сай тікелей байланысты болғандықтан түбегейлі жаңа әдіс және технология қажеттілігі туралы мәселеге Елбасы аса назар аударды. Елбасының тапсырмасы бойынша Қазақстанда техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін жаңғырту үдірісі басталды. Мамандарды даярлау жүйесінде оқытудың дуалдық жүйесін енгізу тапсырылды.

Дуалды оқыту жүйесі дегеніміз-теорияны өндіріспен ұштастыра оқыту технологиясы. Ол алғаш Германияда пайда болып негізі қаланды. Дуалды оқыту жүйесінің кәсіби мамандар даярлауда тиімділігі мен нәтижелілігі зор екендігі тәжірибеде дәлелденген. Дуалды оқыту жүйесі қазіргі дүние жүзілік тәжірибеде бар дүние. Оның жарқын мысалдарының бірі-германиядағы кәсіптік-техникалық білім берудегі даярлаудың дуалдық жүйесі. Мұнда оқушылар уақытының үштен екі бөлігінде еңбек ете жүріп өндірістен қол үзбей оқиды, тек уақытының үшінші бөлігін теориялық оқуға, білімді ұйымдастыруға арнайды.

Қазіргі кезде әлемде оқытудың дуалды жүйесі -техникалық және кәсіптік мамандар даярлаудың ең тиімді жолдарының бірі болып табылады.

Бүгінгі таңда еңбек нарығында жоғары білікті мамандар тапшылығы ерекше орын алуда. Қалыптасқан жағдайдың негізгі себепшісі білім беру үрдісін ұйымдастыру және жүйедегі мәселелер, яғни жас маманның бойынан табылуға тиісті тәжірибелік дағды, білім мен тәжірибені талап ететін нақты өндірістік жағдайлардан теориялық білім берудің алшақтап кетуі болып табылады.

Бүгінгі таңда еңбек нарығында жоғары білікті мамандар тапшылығы ерекше орын алуда. Қалыптасқан жағдайдың негізгі себепшісі білім беру үрдісін ұйымдастыру және жүйедегі мәселелер, яғни жас маманның бойынан табылуға тиісті тәжірибелік дағды, білім мен тәжірибені талап ететін нақты өндірістік жағдайлардан теориялық білім берудің алшақтап кетуі болып табылады[4].

Қалыптасқан жағдайда теория мен практиканың арасындағы алшақтықты жою мәселесімен жұмыс берушіге күресуге тура келеді, себебі білікті мамандармен қамтамасыз ету – бұл жетістікке қол жеткізудің кепілі. Мұндай жағдайда жас мамандардың оқу үрдісінде алған білімдерін жүзеге асыру жоспарланатын кәсіпорын қызметінің ерекшелігін ескере отырып, қосымша оқу, стажировкадан өту, қайта даярлау қажеттілігі туындайды.

Іс жүзінде кадрларды даярлау және қайта даярлау үшін бірнеше негізгі схемаларды пайдалану жүзеге асырылады:

А) Тәлімгерлік институты. Бұл бүгінгі күні айтарлықтай кеңінен тараған және адамзатпен (шебер, шебердің жәрдемшісі, оқушы) қолөнерді пайдаланумен бір уақтылы пайдаланумен туындаған өндірістік жағынан неғұрлым сынақтан өткізілген схема. Өндіріске жаңадан қабылданған оқушыны (стажерды) тәжірибелі шебер – тәлімгердің жанына бекітеді.

Тәлімгерлік институтының қызметін талдау құқықтық, нормативтік – техникалық, әдістемелік, педогогикалық және ұйымдастыру жағынан маңызды мәселелердің бар екендігін айқындады.

Б) Қайта даярлау және біліктілікті жоғарылату орталықтары. Ережеге сай, орталықтарда оқытудың озық әдістемелері, оқытушылық ұжымның педогогикалық шеберлігі мен тәжірибесі, оқытылатындардың біліктілік сипаттамаларына жұмыс берушінің талаптары синтезделеді. Алайда орталықтардың материалдық – техникалық және оқу – өндірістік базасы олардың қаржылық мүмкіншіліктерімен айқындалады да, сәйкесінше кадрлар даярланатын және қайта даярланатын нақты өндірістік жағдайларға сәйкес келе бермейді[5].

В) Білім беру мекемелері. Қаржылық жағынан білім беру мекемелері үш санатқа бөлінеді:

- мемлекеттік оқу орындары (бюджеттік, гранттық қаржыландыру, шаруашылық қызметі есебінен өзін өзі қаржыландыру және ақылы білім беру қызметтерін көрсету);

- жеке меншік оқу орындары (шаруашылық қызметі есебінен өзін өзі қаржыландыру және ақылы білім беру қызметтерін көрсету, гранттық қаржыландыру);

- ведомствалық оқу орындары (қаржыландыру бизнес – құрылыммен жүргізіледі).

Білім беру мекемелеріне тән сипат олардың академиялығы, жүзеге асырылатын оқыту бағдарламасының мемлекеттік жалпы міндетті білім стандарттарына (МЖБС) сәйкес келу қажеттілігі, бітірушілердің болашақтағы жұмыс орындарынан ара қашықтықта болуы және бірыңғайға келтірілуі болып табылады. Бүгінгі таңда білікті кадрларды даярлау жүйесін жетілдіру мақсатында МЖБС орнына білім берудің кәсіби стандарттары (БКС) әзірленуде және енгізілуде.

Теориялық біліммен қатар практикалық дайындыққа ие болатын білікті мамандар дайындау мәселесін шешуге бағдарланған және бизнес – құрылымдармен, сондай ақ білім беру мекемелерімен сұранысқа ие болатын дуалды білім беру жүйесін енгізу мәселенің негізін қалаушы принциптерін жан жақты талқылау мен қоғам алдына қойылған мәселенің тәртіппен шешілуін қажет етеді.

Әлемдік тәжірибеге қарағанда, білім берудің дуалды жүйесі мамандардың кәсіби дайындығын жоғарылатуға ықпал етеді. Еңбек өнімділігі артады, халықтың көшіп – қонуы азаяды, әлеуметтік шиеленіске жол берілмейді.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Қ.М. Нағымжанова. Оқыту технологияларын таңдау және мұғалімнің кәсіби-педагогикалық мәдениеті. Ж.К. Аубакирова. Педагогикалық қарым-қатынастың психологиялық-педагогикалық негіздері. // «С. Аманжолов

оқулары - 2015» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. Өскемен 2020. - 538 б.

2. Ғ.М.Кертаева. «Рахат» мектебі: жаңа ғасырға – жаңа мектеп. Павлодар, 2019. – 297 б.

3. Ақпараттық телекоммуникациялық оқыту технологияларын пайдалану ерекшеліктері // Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы. - 2019. - №4. - Б.182-189.

4. Оқыту теориясынан дәрістер. - Зияткерлік меншік объектісін мемлекеттік тіркеу куәлігі. - №345, 27.10.2016 ж.

5. Білікті маман даярлау – басты мақсат // Бастауыш мектеп. - 2021. - №7. - Б.11-13.

УДК 37 (091)

ҚОРҚЫТ АТА МЕН ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОЙ- ПІКІРЛЕРІ

Ибодуллаева Х.Э.

БО-123 тобының студенті

Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к, А.Е Мамаева

Шымкент университеті Шымкент қ.

Резюме: В данной статье рассматриваются педагогические мышление Коркыта и Аль-Фараби

Халқымыздың даналығын білдіретін ірі тарихи тұлғаларды зерделеу қазіргі ұрпақтың, ғылымның қасиеті парыздарының қатарына жатқызамыз. Осы тұрғыдан алғанда ғасырлар бойы жасырынған рухани мұралар көптеп саналады. Ортағасырлық педагогикалық ой-пікірдің даму тарихында аты әлемге әйгілі ортағасырлық данышпандары – Қорқыт Ата, Әл-Фараби қазақ жерін әлемге мәшһүр етті. VIII ғасырда Сыр бойында өмір сүрген Қорқыт Ата – ежелгі түркілердің көрнекті ағартушысы, ойшылы, әрі ақын, сазгер, әрі күйші, тарихта ерекше рухани із қалдырған, халық даналығын жинаушы.

Өзінің философиялық толғамдарында өмір мен өлім мәселелерін көтерді. Мәңгі өлмеудің жолын қиялымен іздестіреді. Аңыз бойынша, ол ақ түйені мініп, дүниенің төрт бұрышын кезеді. Бірақ қайда барса да, алдынан қазылып жатқан көр кездеседі. “Кімге қазып жатырсыздар?” деген сұрауына “Қорқыттың көрі” деген жауап алады. Содан кейін өлімнен қашып құтылуға болмайды екен деген қорытындыға келеді. Ол пікірді оған түрлі жан-жануарлар да, өсімдіктер де, бүкіл әлем ұқтырған көрінеді. Қорқыт ата поэма, күйлер шығарып, оны қобызда орындайтын болады. Сол себепті де “Қорқыт ата шығармаларын” “Қорқыт Ата кітабы” деп атайды. Себебі, Қорқыт Ата айтқан жырларды, дастандарды жинақтап, солай атапа шығарған көрінеді. 12

тараудан тұратын кітапта батырлық, елдік, адамгершілік туралы оқиғалар жырланады.

“Қорқыт Ата кітабы”- бүкіл түркі тілдес халықтарға ортақ аса көрнекті жазба ескерткіші. Бұл еңбекте тәлімдік мәні күшті афоризмдер, қанатты сөздер мен тағылымдық-танымдық идеялар, өсиет сөздер көптеп кездеседі. Қорқыттың есімін көшпенді түркі тайпалары ежелден қастерлеген. Сондықтан да халық: “Жыраудың үлкен пірі – Қорқыт Ата, бата алған барлық ақын асқан ата, таңқалып жұрттың бәрі тұрады екен, қобызбен Қорқыт Ата күй тартқанда” – деп тегін жырламаған. Қандай ма қиын іс болмасын, Қорқыттың кеңесін алмай, ел ешбір жұмысқа қол ұрмаған. Ел оның барлық өсиетін бұлжытпай орындаған. Қорқыт атадан қалған нақыл сөздерінен мысал келтірсек: “Тәңірге сиынбаған адамның тілегі қабыл болмайды. Тәңірі пендесінің маңдайына не жазса, сол болады”. “Менмен, тәкаппар адамды тәңірі сүймейді. Басқалардың өзін жоғары ұстаған адамға тәңірі бақ бермейді”. “Өзіңнен тумаса ұл өгей: қаншама бағып, қаққанмен ол саған ұл болмайды. Ер жетіп, ат жалын тартып мінген соң өз жөніне кетеді, бәлкі ол тәрбиелеген адамға көрдім-білдім деген де сөзді айтпас”. “Анадан өнеге көрмеген қыз жаман, атадан тағылым алмаған ұл жаман. Ондай бала ел басы құрап, үйінен дәм беруге де жарымайды”, “Ананың көңілі балада болар”, “Ақылсыз баладан ата дәулетінен қайран жоқ”.

Қорқыт Ата өзінің ел-жұртына тағы мынадай өсиет айтқан: “Батыр туған жігіттің садағының оғы да қылыштай кесіп түседі”, “Атаның атын былғаған ақылсыз баланың әке омыртқасынан жаралып, ана құрсағында шырланып, тумағаны жақсы”, “Ата даңқын шығарып, өзінің тегін қуған балаға ешкім жетпейді”, “Өтірік сөз өрге баспайды, өтірікші болғаннан, жарық көріп, өмір сүрмеген көп артық”. Шығармадағы оқиғаларды баяндау желісі Ә.Фирдоусидің “Шахнамасына” үлгі болған еді. Шығарма Шығыс елдеріне кең тараған. Ол – бүкіл түркі халықтарына ортақ жайында сақталған. Көшірмесін түріктер одан біз қазақ тіліне аударған. Қорқыт Ата философиясында ұрпақтар сабақтастығы қағидасына ерекше мән берген. Ұрпақтар сабақтастығы адамзат болмысының басты қағидасы бола отырып, қазіргі заманғы кейбір өркениетті елдердегі бұл қағиданың бұзылуы олардың болмыссыздығына әкеліп, адамгершілік өлшемдерге қайшы келеді. “Салор қазан үйінің шабылғаны туралы әңгімесінің баяны” жырында ұрпақтар сабақтастығы қағидасының тәрбиелік-тәлімдік мәнін төмендегіше суреттейді: Қарлы таулар қартайса, шөп бітпес, Арналы өзендер қартайса, су келмес, Биелер қартайса, құлын бермес, Ей, кәпір әйел қартайса, ұл бермес. Баланың өмірге келуін салтанатты түрде атап өтуі және адамзаттың әлемнің бөлшегі ретіндегі тұтастық туралы дүниетанымдық көзқарастары тұжырымдалды. Осы жерден көне Рим философы Цицеронның да: “Бала болмаса, адам мен адамның табиғи байланысының болуы да мүмкін емес. Бұл байланыс жойылса, ортақ тіршілікте ұштасып жатқандығын байқау қиын емес”. Кең даланы еркін мекендеп, салтанатты, салауатты өмір кешкен көшпенділер “Адамзат өмірінің мәні неде?” деген философиялық мәселеге

ұрпақтар сабақтастығы адамзат тіршілігінің мақсаттарының бірі екендігі туралы түсінікке әкеліп салған.

Қорқыт Ата мұрасындағы адам мәселесі, оның өмір сүру қағидалары, мақсат-мұраттары және қоғам мен ұлттық болмыс хақындағы әлеуметтік-тұрмыстық толғаныстарына алып келеді. Онда халқының болашағы, жалпы адамгершілік құндылықтар мен қасиеттерді сақтау, тәлім-тәрбие, ата салтын, дәстүрін құрметтеу мен қастерлеу мәселелері өз болды.

Қорқыт Атаны қазақ, жалпы түркі халықтарының мәдени-дәстүрінің негізін салушылардың бірі деп қарастыруға болады. Қорқыт Ата дана-ақылшы ретінде оның тағылымдық көзқарастары ең алдымен даналық тұжырымдар арқылы берілетін өсиетнамалардан, ғибратнамалардан тұрады. Әрбір жыр соңындағы қорытынды сөздерінің ақыл-кеңес пен батасы, тәлімдік-тәрбиелік ой толғаныстарынан байқалады. Оның дидактикалық тұрғыдан берілетін нақыл сөздерінің, оның ішінде ата-салтын қастерлеу, жалпы адамзаттық, адамгершілік құндылықтар туралы айтқан қағидалары бүгін де өз мәнін жойған жоқ. Мәселен, ата дәстүрі мен салты, жанұя тәрбие, тәрбиедегі үлгі-өнеге туралы өсиетнамалары мен қатар жырларында да жақсы айтылады. “Қыз анадан көрмейінше өнеге алмас”, “Ұл атадан көрмейінше сапар шекпес”, “Ұлдың күні қараң, ата өлік мал қалмаса”, “Ата малынан не пайда, баста дәулет болмаса”¹ Күллі түркі халықтарына ортақ Қорқыт Ата тағылымдық қағидалары күні бүгінге дейін өз мәнін жойған жоқ. Қорқыт Ата мұрасына бүгінгі ХХІ ғасырда өмір сүретін ұрпақ ерекше мән беріп, ұлттық тәрбие мен білім беру жүйесінде кеңінен пайдаланылып келеді. Феодализм дәуірінде Батыс елдерінен Шығыс елдерінің едәуір ерекшеліктері болды. Мұнда қайта өрлеу (Ренессанс) Батыс елдерінен 5-6 ғасыр ерте, яғни ІХ-ХІІ ғасырларда басталды. Әсіресе, бұл Орта Азия мен Иран жеріне қатысты болды. Оның себебі, бұл жерлерді атақты Жібек жолы Шығыс пен Батыс елдері арасында сауда қатынасын күшейіп, экономикасын дамытуға әсерін тигізді. Ғалымдардың ішінде Әбу Насыр әл-Фараби, Әл-Бируни, Ибн-Сина (Авицена) ерекше орын алды. Әл-Фараби ертедегі Қазақстан жерінен шыққан, қазақ топырағында дүниеге келген, ғұлама ғалым, Шығыстың ұлы ойшылы, әрі ағартушысы, әйгілі математик, философ, музыка зерттеушісі, тарихшы болған. Туған жері – Отырар (Фараб) қаласы. Отырар (Фараб) ойшылдарының ең атақтысы, ең ғұламасы – Аристотельден кейінгі “екінші ұстаз” , “Шығыстың Аристотелі” ұлы ғұлама. Араб, парсы шежірелерінің деректеріне қарағанда, әл-Фараби 870 жылы Арыс өзенінің Сырға құяр тұсындағы Фараб (Отырар) қаласында, отырарлық әскербасының жанұясында дүниеге келген. Ол туған жерінің атауымен “Әл-Фараби”, яғни “Фарабтық” деген атқа ие болған. Әл-Фараби алғашқы білімін Отырар медреселерінің бірінде алған болатынды. Өмірін араб елдерінде өткізген. Ол Аристотель еңбектерін араб тіліне аударып, оған түсініктемелер жазған. Сол үшін оны “екінші ұстаз” (Аристотельден кейінгі) деп атаған. Мәселен, Аристотельдің “Жан туралы трактатын 200 рет қайталай оқыдым”, - деп жазып қалдырған. Ол кезде мұсылман дүниесінің рухани орталығы

Месопотамия болғандықтан, жас Әбу Насырды ата-анасы Таяу және Орта шығыс елдеріне сапарға дайындайды. Әбу Насыр Бағдатқа бармастан бұрын, жолшыбай Самарқан, Бұхара шаһарларына соғып, білімін жетілдіреді. Кейін Иран халқының мәдениетімен танысады. Содан кейін әрі қарай Бағдатқа аттанады. Әбу Насырдың Бағдатқа баруының өзінің себептері бар. Аты әлемге әйгілі шығыстанушы ғалым В.В.Бартольд: “IX-X ғасырларда ғылыми жұмыстар негізінен Тигр мен Евфрат аралығындағы ескі мәдени орталықтар болған Басра мен Харранға шоғырланды. Бағдат – бүкіл мұсылман әлемінен, әсіресе, Иран мен Орта Азиядан шыққан әдебиетшілер мен ғалымдарды өзіне тартты”, - деп жазған. Араб халифатының үлкен мәдени орталығы Бағдат болған. Әл-Фараби логика, саз, астрономия және басқа ғылымдар бойынша көптеген еңбектер жазған. Араб ғалымдарының бір Ибн Халликан өз еңбегінің бір жерінде жерлесіміз жайлы: “Ол-аса ірі мұсылман фәлсафашыларының бірі еді деп үлкен баға береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Айдосов А. “Қорқыт Ата”, А., 1997;
2. Аташ Б.М. “Қорқыт Ата – ойшыл, философ”, А, 2002;
3. Есім Ғ. “Қорқыт дүниетанымы”, Парасат, 1998, №4;
4. Бейсенов Қ. IX-X ғасырлардағы қазақ ойшылдары.

УДК 373.1.02:372.8

**БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ОЙЫН
ТЕХНОЛОГИЯСЫН ПАЙДАЛАНУ**

Ташниязова Д, Калмуддинова А.

БО-121 тобының студенттері

Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к. Мамаева А.Е

Шымкент Университеті, Шымкент қ.

Резюме

В данной статье рассматривается применение игровой технологий на уроках казахского языка в начальных классах

Қазіргі білім беру жүйесінде жаңа технологияларды енгізу күннен-күнге басты. Талапқа айналып, осы әдістерді жетілдіре түсу қажеттігі күшейіп келеді. Оқушының психологиялық жағдайы, қабілеті, мұғалімнің тілді үйрету тәжірибесі, мұғалімнің шеберлігі, оқыту тәсілдері, оқыту құралдары, оқулық пен көмекші құралдар, көрнекілік, оқу бөлмесінің тартымдылығы, бір-бірімен жақсы қарым-қатынасы, оқушылардың қазақ тілін оқуға деген өз

ынтасы. Осы жағдайларды ескеріп, тіл үйрету мақсатын алға қоя отырып, сабақтарда ойын технологиясына басты назар аударады. Әр ойынның өз реті, жөні бар. Сондықтан әр бір сабақ процесінде қандай ойын қолдануға болатыны сабақ мазмұнына, тіпті сабақты пысықтау, қорытындылау кезінде де ойын элементінің мәні зор. Себебі: бала ойнай отырып, бірнеше сөзді өзінің сөздік қорына жинап отырады.

Технологияның біз үшін ерекшелігі мен құндылығы сол, оқушылардың білім сапасын едәуір арттырады. Ойын – оқу үрдісіндегі оқытудың әрі формасы, әрі әдісі ретінде дербес дидактикалық категория. Сонымен бірге ойынды мұғалім мен оқушылардың бірлескен оқу әрекетінің өзара байланысты технологиясы ретінде қолдануға болады, қазақ тілі сабағында ойын формаларын еңгізу барысында интерактивті тақтаны да қолданудың маңызы өте зор. Бастауыш сынып оқушыларының мектепке келгенге дейінгі негізгі әрекеті – ойын болса, оқу-тәрбие үрдісінде олар біртіндеп ойын әрекетінен оқу әрекетін орындауға бейімделуі тиіс. Ол сабақ барысында пайдаланылатын дидактикалық ойындар арқылы жүзеге асады. Ойынның мақсаты – бағдарламада алған білімдерін қалыптастыру, тиянақтау, пысықтау. Міндеті – баланың қызығушылығын ояту, белсенділігін арттыру[1].

Дидактикалық ойындар – балалардың білімдерін арттырудың құралы. Сабақта ойындарды қолданудың түрлі жолдары бар. Дидактикалық ойындар арнайы мақсатты көздейді және нақты міндетті шешеді. Ойын сабақтың басында – өткен сабақты еске түсіреді. Сабақтың ортасында – көңіл-күйін сергітеді, ерік-жігерін дамытады, сабаққа ынтасын арттырады. Сабақтың соңында – тақырыпты бекіту, сабақта алған білімді жинақтау мақсатын көздейді.

Ойын – оқушылардың оқуға деген ынтасын арттыратын құрал. Сондықтан бастауыш, дайындық сыныптарында оқушылар сабақ үстінде ойынды көп қажет етеді. Оларға пайдаланылатын ойындар оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай күрделеніп отырады. Мысалы, дайындық сыныбында қарапайым ғана ойын түрлерін ойнатсақ, сыныбы үлкейген сайын баланың жас ерекшелігіне сай болып күрделенгені дұрыс. Олай болса, ойынды пайдаланудың маңызы зор. Мұндай ойынның көптеген түрлері бар. Сондықтан ойын балалардың жас ерекшеліктеріне және өтілетін сабақтың тақырыптарына мазмұнына сай етіліп таңдалып алынғаны дұрыс. Бала ойын іс-әрекеті үстінде білімді қалай игеріп жатқанын, ал оқу үрдісінің қалай ойынға ұласып кеткенін аңғармай қалуы тиіс. Сонда ғана ойын және іс-әрекеттері табиғи бірлікте болып, пәндік білім, білік және дағдыны игеруге толық ықпал жасайды. Мысалы, дайындық сыныптарда сан санауға заттарды санап және олардың екі тобын салыстыруға, өлшеміне, пішініне және түстеріне қарай ажыратуға үйрету мақсатында түрлі ойындарды ойнатуға болады.

Ойын да халық педагогикасының құрамдас бір бөлігі болып келеді. Ұлттық ойындар халықтың әлеуметтік - экономикалық жағдайларына

байланысты туып, дамығанына қазақ халқының ойындарымен таныса отырып, көзіміз әбден жетеді. Халық ойындарын сабақтарда пайдалану оқушының алған білімін күнделікті өмірмен берік ұштастыруға қолайлы. Оқушылардың ойын кезіндегі белсенділігі көбінесе жарыс нәтижесін дұрыс есепке алуға байланысты. Оқушылар ойындағы өз жетістіктері мен кемшіліктерін біліп отыруы тиіс. Ойын нәтижелерін есепке алу түрліше: әрбір дұрыс орындалған грамматикалық ойын үшін ұпай есептеу, әрбір ұтылыс үшін кем ұпай беріледі, оқушылар тақтаға жазылған тиісті команда бағанындағы сөз немесе сөз тіркестерін жазып отыру; ол сөздерді есепке ала отыру; қол көтеріп немесе тиісті орфограммалар жазылған карточкаларды көтеру арқылы білімдерін анықтау; жаттығуға жіберілген уақытты есепке алу [2]. Педагогикалық ғылым тарихына көз салсақ, балалар ойынына қатысты мәселелерге соқпай кеткен ағартушы, педагог болмаған екен.

Тұлғалы, кезіндегі прогрессивті ұлы педагогтар Я.А.Коменский, Ж.Ж.Руссо, И.Г.Песталоцций халықтық ойынға назар аударып, қолданып, халықтық ойындардың теориялық негізін жасауға талпынған. Ойынның балалардың денін сауықтыратынын, ақыл-ойын белсенді ететін және барлық ағзаларын икемді қозғалуға баулитын мәнін Я.А.Коменский дәріптеген. Ж.Ж.Руссо пікірінше білім алу ойынның балалар өмірінде кезектесіп, алмасып отыруы бір-бірімен сабақтаса байланысуы бала дамуындағы қажетті шарт болады. Бастауыш сыныптарында оқушылар сабақ үстінде ойынды көп қажет етеді. Оны қызықты ету арқылы олардың білімге ынта-ықыласын, пәнге деген сүйіспеншілігін қалыптастыруды мақсат етеді. Демек, мұғалім сабағын баланың қабілет-қарымына, психологиялық ерекшелігіне сай байланыста жоспарлау керек. Сонда ғана сабақ тартымды, жеңіл болады, оқушыларды жалықтырмайды. Бала ойын ойнай отырып үйренеді. Мысалы: сабақта жаңа дыбыстармен танысуда, «Сөз ойла, тез ойла» ойыны. Ойынның шарты: сөзді дұрыс оқып айтқан балаға жұлдызшалар беріледі. Кім көп жұлдыз жинайды. Ойын оқушыларының тілді үйренуге деген сенімдерін оятады. Рөлдік ойындарда рөл барлық балаларға бірдей тиімді. Бір-бірімен міндетті түрде қарым-қатынасқа түсіп, сөйлеседі, өздерін және бір-бірін бағалайды. Ал мұғалім тек бағыттаушы болады [3]. Мысалы: бастауыш сыныптарда, «Телефон арқылы сөйлесу», «Дәрігердің қабылдауында», «Танысу», «Кітапханада», «Қонақта», «Дүкенде», «Базарда». Деген рөлдік ойындарды жаңа сабақты қорыту, үй тапсырмасын және сөздікті тексеру. Сондай ақ, бастауыш сыныптарда қазақ халқының балаларға арналған ұлттық ойындарын тіл дамыту сабақтарында, ойын шарттарын өзгертіп қолданамыз. Мысалы: «Айгөлек», «Түйілген орамал», «Жүзік салмақ», «Ақ сандық, Көк сандық». Бұл ойындар баланың тілге деген қызығушылығын арттырады. Ойын баланың көңілін өсіріп, ойын сергітіп қана қоймай, сонымен қатар оның таным түсінігін арттырады.

Балалар ойын арқылы бір-бірімен тез тіл табысып, жақсы ұғысады, бір-бірінен ептілікті, тапқырлықты үйренеді. Ойын технологисында жетістікке

жетудің негізгі факторлары: мағыналы жоспардың болуы, оқушылардың іскерлігін жоспарлау, әр түрлі ойын элементтерін тиімді пайдалану, оқушылардың тілдік қорын молайту және грамматиканы жақсы білуін қамтамасыз ету[4]. Аталған технология оқушының белсенділігін арттырады, өзара көмек көрсету, жауапкершілік, яғни тілді игеруге жоғары қызығушылықтың пайда болуына ықпал етеді. Бұл жұмыстың нәтижесінде оқушылар қалалық олимпиадаларда жүлделі орындарға ие болды. Қорыта келгенде, ойын – балалардың негізгі іс-әрекеттерінің бір түрі.

Бала өмірі ойынмен байланысты. Бала ойынсыз өсіп өркендей алмайды. Бұл – өмірдің заңдылығы. Сондықтан да қазақ тілі сабағында ойын элементтерін пайдаланудың оқушылардың ой белсенділігін арттырудағы маңызы зор.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Тілдерді оқыту үрдісінде инновациялық технологияларды қолдану. Алматы 2010ж
2. Бастауыш мектеп, №3, 2003, А.Әбішева «Ойын элементтерін пайдаланудың педагогикалық қерекшеліктері»,
3. Қазақ тілі (дидактикалық материалдар) Алматы кітап 2010ж.

ӘОЖ: 14.07.07

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА МАТЕМАТИКА ПӘНІН ОҚЫТУДА ЖАҢА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ - УАҚЫТ ТАЛАБЫ

*БО-122 тобының студенті Нармет А.
Ғылыми жетекші: магистр, аға оқытушы
Кубеева Марзия Абдухалыковна*

Аннотация: В данной статье рассматривается использование новых педагогических технологий при обучении математике в начальной школе. На уроках математики в начальной школе полезно работать с компьютером.

Annotation: This article deals with the use of new pedagogical technologies in teaching mathematics in primary school. It is useful to use a computer in elementary school mathematics lessons.

Қазірі заман математиканың жан-жақты дамыған кезеңі. Ғылымның қайсы саласын алсақ та математикалық білім жүйесінің қолданылмайтын жері жоқ деп айтуға болады. Мысалы физикада, биологияда, географияда, ғарышты игеруде және тағы басқа ғылымдар саласында математика ең қажетті құралдардың бірі. Сондықтан да, математикалық білім кезеңін бастауы, бастауыш сыныптардан басталатын математикалық білім

мазмұнының алатын орыны ерекше. Бастауыш сынып математика сабағында компьютермен жұмыс істеу тиімді.

Компьютер - технологиялық құралдардың бірі, оның көмегімен сабақты қызықты, тартымды етіп түрлендіруге болады. Компьютермен өткен сабақ баланың көңіл-күйін көтеріп, нашар деген оқушының компьютермен жұмыс істеуде қызығушылық қабілетін арттыруға мүмкіндік береді және шеше алмаған жауапты мұғалімнің көмегімен шешуге тырысады.

Бастауыш сыныптағы математика сабағында оқытудың әртүрлі әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, оқушылардың шығармашылық ізденістерін, өз бетінше жұмыс істеу белсенділіктерін арттыру барысында теориялық білімдерін кеңейтіп, логикалық ойлау қабілеттерін дамытуда, математиканың негізін қалыптастыру, ұғындыру, түсініктерін тереңдетуде мұғалімдердің математикалық білімдері терең болуы қажет.

Оқыту технологиясы педагогикалық әдістерге негізделген 1960 жылдарда шетел зерттеушілері «педагогикалық технология» терминін енгізді. «Педагогикалық технология — тәжірибеде жүзеге асырылатын белгілі бір педагогикалық жүйенің жобасы, ал педагогикалық жағдайларға сай қолданылатын әдіс-тәсілдер — оның бөлігі ғана» — деп көрсткен В.Беспалько.

Математика сабағында ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы оқушылардың ақпараттық құзіреттілігін қалыптастыру, қазіргі заман талабына сай ақпараттық технологияларды, электрондық оқулықтарды және Интернет ресурстарды пайдалану оқушының білім беру үрдісінде шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік береді

Математика сабағында СТО-ның бірнеше стратегияларын қолдануға болады: «Ассоциация», «Венн диаграммасы», «Бес жолды өлең», «жұпта, топпен, жеке жұмыс», «Кең ауқымды дәріс». Мысалы, мен практика барысына 1-сыныпқа «7 саны мен цифры» тақырыбын өттім. «Кең ауқымды дәріс» стратегия бойынша элементтерін қолдандым. «Ассоциация» стратегия бойынша 7 саны нені көз алдына елестетеді, немесе осы сан бойынша бұрын қандай білімі бар. Мысалы, қазақ халқына тән қазақ баласының 7 атасы, 7 қазынасы, аптаның 7 тәулігі т.б.

Математика сабағында дамыта оқыту технологиясын қолдана отырып оқушылардың ойларын жетілдірудің маңызы зор. Біріншіден-дамыта оқытуда білім даяр күйінде берілмейді, оған оқушы өз оқу әрекеті арқылы қол жеткізеді. Сабақтың алғашқы ізденіс кезеңінде жаңа ақпарат жайлы не білетіндіктерін ортаға салып, мәселені өз беттерінше шешуге талпынады.

Екіншіден-дамыта оқытуда оқушы жоғары қиындықтағы мәселелерді шеше отырып өзінің санасының саңылауларын ашады. Әр оқушының өзінің деңгейіне дейін дамуға қол жеткізе алады. «Жақсы оқушы», «Жаман оқушы» ұғымының болмауы, балаларды танымдық әрекеттерге ұмтылдырады, құштарлығын арттырады.

Үшіншіден-оқушының жеке басын дамытатын басты құрал- ол өзінің әрекеті. Сол себепті дамыта оқытудағы оқыту әдістері оқушыны белсенді

жұмыс жағдайына қоя отырып, мәселелерді, қайшылықтарды шешу мақсатын қояды. Сабақта қолданылған әдіс-тәсілдер сабақтың негізгі мақсатына жетуге жақсы көмек берді деуге болады, себебі, сабақтың әр кезеңіне бөлінген уақыт оқушылардың дайындық деңгейіне сай және бір кезеңнен екінші кезеңге өту еш қиындық туғызбайды.

Мектептің бастауыш сатысында берілетін математикалық білім мазмұны қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру, сандар нумерациясы, алгебра элементтері, геометрия элементтері, шамалар және оның өлшем бірліктері деп аталатын бөлімдерден тұрады. Әрбір мұғалім математика пәнінде оқушыларды терең ойлай білуге, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытып, өз бетінше жұмыс жасай білуге үйрету мақсатын қояды. Бұл мақсатты орындау, яғни оқушылардың білім, білік, дағдысын, өзіндік танымын қалыптастыру – нақты ұйымдастырылған кезеңдер арқылы жүзеге асырылатын күрделі үрдіс.

«Математика» білім саласы бойынша күтілетін нәтижелер білім мазмұнының жетекші компоненттері және білім, түсіну, қолдану, жоғарғы сипаттағы біліктер деп аталатын категориялар арқылы бейнелеген оқу материалдарын меңгеру деңгейлерін ескере отырып анықталады. Мұнда басты есте болатыны—оқушылардың математикалық мәдениетін көтеру, математиканы оқып - үйренуге ынталандыру, нақты дағдыларды бекіту.

Мысалы: “Екі қорап ойыншық сатып алынды, оның біріншісінде 32, ал екіншісінде 22 ойыншық бар. Екінші қораптағы ойыншықтар біріншіге қарағанда 100 теңгеге арзанға түсті. Екі қораптың әрқайсысы үшін қанша ақша төленген?”

Арифметикалық тәсіл

I-тәсіл $32-22 = 10$ - Бірінші қораптағы артық ойыншықтар саны $100:10 = 10$ (теңге)- Бір ойыншықтың құны $32 \times 10 = 320$ (теңге) - Бірінші қорап үшін төленген сома $22 \times 10 = 220$ (теңге) - Екінші қорап үшін төленген сома II- тәсіл $32-22 = 10$ -Бірінші қораптағы артық ойыншықтар саны $100:10 = 10$ (теңге) - Бір ойыншықтың құны $32 \times 10 = 320$ (теңге) - Бірінші қорап үшін төленген $320-100 = 220$ (теңге) - Екінші қорап үшін төленген. Бұл тапсырманы орындау үшін оқушылардың ғылыми таным әдістерін қолданары сөзсіз.

Себебі, алғашқыда балалар есептің шартына мұқият болып, ондағы заңдылықтарды анықтау арқылы бақылауды орындайды. Бақылау – зерттелетін объектілерді мақсатты және жүйелі түрде қабылдау арқылы зерттейтін әдіс. Сонан соң салыстыру жүргізіледі. Яғни объектілердің (қораптағы ойыншықтар) ұқсастықтары мен айырмашылықтарын тағайындайды. Сондай-ақ оқушылар есептің шартынағы екі қораптың бір-бірінен айырмашылығына көңіл бөліп, артық ойыншықтар санын және әрбір ойыншықтың құнын анықтайды. Содан әрбір қорап үшін қанша ақша төленгенін табуға мүмкіндік туады (анализ және синтез), аналогия элементтерін қолдану арқылы есептің басқа да шығару тәсілдерін іздестіреді.

Бұл жердегі мақсат – оқушының өз бетінше ойлау қабілетін арттыру, қазіргі заманғы интерактивті тақтамен жұмыс істеуге үйрету.

Математиканы оқытудағы негізгі талап оқушыға есептер шығара білуі жолдары мен тәсілдерін үйрету. Деңгейлеп оқыту математика пәні үшін маңызы зор. Мектептегі математика оқулықтарында тапсырмалар есептер 3 топқа бөлініп бірінші, екінші, үшінші деңгейлеп берілген. Білім мазмұны деңгейлік түрде ұсыну дамыта оқытуды ұйымдастыруға мүмкіндік береді, өйткені оқулықта тапсырмалар да деңгейленіп жасалған оны біртіндеп деңгей бойынша меңгереді.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Stud.kz /https://stud/refarat/show.
2. Инфоруок/https://infourok.ru/matematika.
3. Бияров, Т.Н. Элементар математика есептерінің жинағы. - Алматы: КІТАП, 1992. - 347 бет.
4. Богомолов Н.В. «Практические занятия по математике» Москва. Высшая школа, 1979.

УДК 373.1.02: 372.8

МАҚАЛ - МӘТЕЛДЕРДІҢ ТӘРБИЕЛІК МАҢЫЗЫ

*Абдиганпарова Г. БО-321 тобы студенті
Жетекшісі : ф.ғ.к. Мамаева.А.Е
Шымкент университеті, Шымкент қ.*

Резюме

В данной статье рассматривается воспитательное значение пословицы

Мақал-мәтел – әріқысқа, әрі нұсқа айтылған сөз мәйегі, ой маржаны. Мақал-мәтел бір ғасырдың ғана жемісі емес. Олардың алғашқы үлгілері есте қалмағаны қылым заманда туып, өзінің қалыптасу, даму, өсу процесінде талай ғасырмен бірге жасасқан. Бұл жолда әртүрлі қоғамдық, таптық тілектерге сәйке сөзгеріп, жаңарып отырған. Мақалдар мен мәтелдерде айтылмайтын, сөз болмайтын өмір саласы жоқ десе де болады. Мақал-мәтелдерден халықтың ой-санасы, дүниегекөзқарасы, ақыл - өнегесі мол көрініс тапқан. Мақал-мәтелдер ойдәлдігімен, мазмұн тереңдігімен, тұржағынанық шамдылығы мен ерекшеленеді. Онда өмірдің сан алуан салалы құбылыстарына баға беріліп, ой түйінделіп, халықтың ғасырлар бойғы тәжірибесі негізінде пікір айтылады. Халық терең ойды аядай қалыпқа сыйғызып, шебер беруге тырысқан. Сөйтіп, «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін» жинақтап, қорытып береді. Онда халық тарихы, әлеуметтік тіршілігі, ақыл-өнегесі кең көрініс тапқан. Мақал менен

мәтелдерде халқымыз жақсылық пен жауыздықты, адамдық пен арамдықты, еңбеккерлік пен еріншектікті, жомарттық пен сарандықты салыстыра сөз етеді. Адамгершілік жолына нұсқан, мін келтіретін жамандық пен жауыздық қылықтардың барлығын батыл сынап, жиренте әшкерелеп, бүкіл жұртшылыққа адамгершілікке тән мінез, қылықтардың барлығын ұсынады. Өкінішке орай ғылым мен техниканың, жалпы өркениеттің қарыштап алға дамыған заманында біз дайын құндылықтарға әбден үйреніп, төселіп кеттік. Олар – әлемдік ғаламтор өнімдері, электрондық өнімдер, т.б. Сөз жоқ бұл құндылықтардың да өмірде алатын орны зор. Дегенмен, адамдардың арасындағы «тірі» қарым-қатынасқа жетпейді. Көпшілігіміздің сөйлеу мәдениетіміз, сөздік қорымыз, ұтқыр, ойлы сөйлеу шеберлігіміз кемшін түсіп жататыны жасырын емес. Мақал – мәтелдердің құрылымдық ерекшеліктері. Мақал – мәтелдің өн бойында поэзияға тән жинақылық, үнділік, саздылық, ұйқас, ырғақтылық байқалады. Онда басы артық сөз болмайды. Барлығы өз орнында, екшеленген, сұрыпталған, жымдаса біріккен, ой-өрнек ажыраспас туыстық тапқан, ішкі мазмұнына сыртқы формасы сай үндестік тапқан болып келеді.

Мақал-мәтелдердің тура және ауыспалы мағынасы болады. Мысалы, «Өнералды – қызылтіл», «Ерқанаты – ат», «Елін сүйгенер болады», «Жігітті намыс, қоянды қамыс өлтіреді» деген мақалдар ешқандай тұспалдаусыз тура мағынада айтылып тұр. Ал, «Қызым, сағанайтам, келінім, сентыңда», «Топпағыкүштіболса, киіз қазық жерге кірер», «Неексең, соныорарсың», «Жауырды жаба тоқиды», т.б. мақал-мәтелдерде айтпақойтураайтылмай, жұмбақтап, астарлы мағынада ишарамен білдірілетінін көреміз. Мақалдар мен мәтелдердің үш жақты ерекшелігі бар тұлғалар екендігіне ғалымдар ертеден-ақ назар аударып келеді. Біріншіден, мақалдар мен мәтелдер – фразеологизм сияқты тілдік құбылыс. Екіншіден, пайымдау мен ой – пікірдің түйініретінде логикалық тұлға. Үшіншіден, келеліой, кең мазмұнды қысқа айтып, қорытынды жасаудың тамаша үлгісі. Мақал-мәтелдердің осындай үш жақты қасиеті оларды тілдік құбылыс ретінде және ойлау құбылысы ретінде бөлек-бөлек зерттеуді қажет етеді. Мақал – мәтелдердің өзара айырмашылығы рет өледі, ез мың рет өледі», «Ер елімен жақсы», «Елі жоқ ер жетім, ері жоқ ел жетім» деп, халық ел қорғаны батырды мадақтаған. Мақал-мәтелдерде ер мен ез, батыр мен қорқақ қатар сипатталады. Сөйтіп, елге ерді үлгі-өнеге етсе, қоян жүрек қорқақты жеріне жеткізе сынайды. Жастарды ерлікке баулуды мақсат етеді. Ынтымақ – бірлік туралы да мақал-мәтелдер көп. «Бірлік болмай, тірлік болмас» деп, қазақ елді бірлікке үндеген. «Бірлігі бар елдің белін ешкім сындырмас» деген мақал елді бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығаруға шақырып тұрғандай. «Байлық – байлық емес, бірлік – байлық», «Ынтымақ жүрген жерде ырыс бірге жүреді», «Ынтымақтың арты – игі», «Ері ынтымақты елде жоқшылық болмайды» деген дана халқымыз байлық та, ырыс-

береке де, елдік те, күш те бірлікте екендігін меңзеп, үлкен түйін жасаған. Халық даналығына баулудағы мақал-мәтелдердің тәрбиелік мәні. Мақал-мәтелдердің адамды игі қасиеттерге үндеу, уағыз-өсиет сипаты бар екені баршаға мәлім. Бұл қазына тәрбиелі қыз, ұлағатты ана, ардақты ұл, елі аялаған ер, жылы жүректі әке қандай болуы керек, осының бәрін тобықтай сөздің түйінінде түйіндейді. Жастарға өнер-білім, тіл үйретуге, жан-жақты тәрбие беруде мақал-мәтелдің мән-маңызы өте зор. Білім мен өнер еңбектің бір түрі болса, аз сөйлеп, көп тыңдаған, көп оқып, білімін байытқан бала ғана өмірден өз сыбағасын алып, өз орнын таба алатыны сөзсіз. Қазақтың мақал-мәтелдерінің өскелең ұрпақтың эстетикалық мәдениетін дамытуда да маңызы зор. Мұндай мақал-мәтелдердің мазмұны ата-бабаларымыздың бүкіл өмір тәжірибесін қамти отырып, жас ұрпақ санасын, әсемдік сезімін, талғамын, көзқарасын дамытады. Қорыта келе, мақал-мәтелдер – ауыз әдебиетінің ең байырғы, ең көне түрі. Ол – ғасырлар бойы халқымыздың ұқыптап сақтап келген тәжірибесінің жиынтығы, ой-пікірінің түйіні, аңсаған асыл арманының арнасы, өмір тіршілігінің айнасы, көнеден жаңаға, атадан балаға қалдырып келе жатқан тозбайтын, тот баспайтын, өмірлік өшпес мұра. Жастарға тәлім-тәрбие беретін, ұнамды үлгі қалыптастыратын мақал-мәтелдерді насихаттау; мақал-мәтелдерді мектеп өмірінің барлық бағыттарына сабақта, сыныптан тыс өмірде ,т.б. кеңінен енгізу керек деген қорытындыға келдім. Мақал-мәтелдер көркемдік бейнелі сөз айшықтарымен әсерлі. Олардың айтуға оралымдылығы, тілге үйіріле кететіндігі, ойдың өткірлігі, ұшқырлығы, тереңдігі мақал-мәтелдердің сапаларын анықтайды. Мақал-мәтелдер адамды сөз қадірін білуге, жақсы мен жаманды, қас пен досты айыра білуге, айналадағыларға мейірбан, кеңпейіл болуға, сезімтал болуға, халық шығармашылығының інжу-маржанын бағалай білуге баулиды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. С.Қалиев. «Халық педагогикасы хақында бірер сөз». Алматы – 2000.
2. С. Ұзақбаева. «Оқушыларға эстетикалық тәрбие беру». Алматы – 1988
3. Ғаламтор жүйесі: <http://kk.wikipedia.org>

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ЖАҢА ӘДІС - ТӘСІЛДЕР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

*БО-323 тобының студенті Айдарқұл А.
Ғылыми жетекші: магистр, аға оқытушы
Кубеева Марзия Абдухалыковна*

Аннотация: В этой статье рассматривается пути повышения интереса учащиеся через новые методы на уроках английского языка. Предусмотрено использование метода стимуляции.

Annotation: This article discusses ways to increase pupils interest through new methods in English lessons. The use of a stimulation method is provided.

Ағылшын тілін оқыту кезінде кез келген бір әдістемені қолдану әртүрлі шарттарға байланысты болып келеді. *Ең басты шарттары:* ағылшын тілін оқытудың алдына қойылатын мақсаты, оны оқып-үйренуге бөлінген уақыт, сағат саны жатады. Осы шарттардың ішінде аса маңызды роль атқаратын - оқыту мақсаты болып келеді. Бұл шарт қоғамның дамуы, оның басқа елдермен саяси, шаруашылық және тағы да басқа байланыстары шетел тілін оқытудың мақсаттарын анықтауға тікелей әсер етеді. Белгілі ғалым Н. Д. Гальскованың айтуы бойынша, кіші сынып оқушылары шетел тілдерін меңгеруге өте бейім. Баланың имитациялық қабілеттері, табиғи қызығушылығы әрқашан жаңаны меңгеруге қолайлы жағдай жасайды.

Мотивация факторлары мыналар:

- *Оқу мазмұнының әртүрлілігі;*
- *Оқушы мен оқытушы байланысының жанды интенсивті болуы;*
- *Оқытушы тұлғасы.*

Қазақ әдебиетінің классигі, Ұлы Абай атамыз: «Шәкірттерің жақсы оқу үшін, оның оқуға деген ынтасы және қызығушылығы зор болу керек», - деген. Расында да, тек қана жігерлі, әр нәрсені үнемі білгісі келген, табандылығын, шыдамдылығын көрсеткен адам ғана өз мақсатына жетеді.

Ағылшын тілі мұғалімі оқушылардың тіліне деген қызығушылығын арттыру үшін тек қана оқулықты ғана емес, басқа да қосымша материалдарды газет, журналдардан, тіпті интернет көзінен де қолдануы тиіс. Оқушылар материалды толық және тез меңгеру үшін, мұғалім көп көрнекі құралдарды пайдаланып, сабақты дұрыс ұйымдастыра білуі керек. Оқушылардың ағылшын тілі сабағына деген қызығушылығын ояту үшін, мұғалім әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолданғаны жөн, бірақ бұл әдіс-тәсілдер төмендегідей талаптарға сай болуы тиіс:

1 Әдіс-тәсілдер арқылы өзін-өзі еркін сезіну үшін жағымды атмосфера жасап, оқушы қызығушылығын ынталандыру керек, тілді практикада қолдануға деген қажеттілігін тудыру қажет;

2 Оқушы тұлғасын толығымен оқу процесіне тарту керек, оның эмоциялары, сезімдері оның қажеттіліктерімен байланысты болуы керек;

3 Оның тілдік шығармашылық қасиеттерін ынталандыру керек;

4 Оқушыны оқу процесінің басты тұлғасы ретінде белсенді етіп, басқа оқушылармен тығыз байланыстыру керек;

5 Оқушыға өз физиологиялық, интеллектуалдық, психологиялық ерекшеліктеріне байланысты өз бетімен жұмыс істей алуына көмектесу керек;

6 Түрлі жұмыс түрлерін жеке, жұппен, топпен, сыныппен және тағы басқа жұмыс түрлерін қолдану қажет.

Ағылшын тілін оқыту әдістері мыналар: Логикалық ойлау; Грамматикалық-аударма әдісі; Сатылау; Тізбектеу әдісі; Үнсіздік әдісі; Физикалық сезіну әдісі; Рольдік ойындар; Мәдени қарым-қатынас; Жобалау ідісі; Проблемалық оқыту әдісі; Анализдеу; Миға шабуыл; Пікір алматыру; Интерактивті әдістер; Коммуникативтік, көру, есту, кинестикалық, Витагендік әдіс, Ойға шолу, Аудиолингвистикалық әдіс; Келесі әдіс; Түсіндіру; Көрнекілік әдісі; Практикалық әдіс және ақпараттық-коммуникативтік технология әдісі.

Бұл оқыту әдістерінің ішінде бұрыннан қолданып келген әдістер және осы замандық жаңа әдістер қамтылған. Осы ағылшын тілін оқыту әдістерін салыстыра сипаттау аса маңызды.

Ағылшын тілін оқыту әдістерінің ең алғашқы қолданылған әдісі - **«Grammar-translational method» (грамматикалық-аударма әдісі)** болды.

Бұл әдістің негізі XVIII ғасырдың аяғында қаланып, XX ғасырдың ортасында іс жүзінде қолданыста болды. Ағылшын тілін меңгеру грамматика мен сөздікті меңгеру қажет болды. Сол үшін осы әдіс түрі қолданылды. Бұл әдісте қандай да бір грамматикалық құрылым меңгеріліп, кейін сол тақырыптарға орай сөйлем мәтіндері жинақталады. Одан кейін сол сөйлемнің аудармасы қамтылады. Қандай да бір әдіс түрі сияқты бұл әдістің де өзіне тән ерекшеліктері болды.

Біріншіден, бұл әдіс грамматиканы жетік меңгеруге жол береді.

Екіншіден, логикалық ойлау деңгейі жоғары азаматтарға ыңғайлы болды. Бұл тәсіл 50 жылдардың аяғына дейін үстемдік етіп келді. Себебі уақыт өзгере келе, қоғамда өзгереді. Сөйтіп заман ағымына сай сан алуан әдістер дүниеге келтірілді. Атап айтатын болсам, 60 жылдары пайда болған **«Silent way» (үнсіздік әдісі)** әдісін атауымызға болады. Ағылшын тілін оқытуда бұл әдістің басты мақсаты – тіл үйренушіге кедергі келтірмеу, әрі оған оқытушының көзқарасын араластырмау.

Бұл әдіс бойынша оқытушы ешнәрсе айтпайды, бірақ ол оқыту барысында күрделі түрлі түсті таблицаларды қолданады. Бұл таблицалардағы белгілер мен түстер белгілі бір дыбысты таңбалап одан жаңа сөздер құралады. Мысалы ретінде «dog» сөзін айту үшін ең «d», кейін «o», сосын «g» дыбысының белгісі саналатын квадрат немесе түрлі таяқшалар көрсетіледі. Содан сөз құралады. Үнсіздік әдістің артықшылығы

оқытушының тілді меңгеру сапасы, оқушының тілді меңгеру сапасына ықпал етпейді. Келесі қарастыратын әдісіміз *«Total-physical response» (физикалық сезіну әдісі)* деп аталады. Бұл әдіс оқыту барысында іс-қимылдар арқылы жүргізіледі.

Оқушы алғашқыда білім алады, ағылшын сөздерін үнемі тыңдайды. Ал кейін оқығанын не тыңдағанын қимылмен сезінеді. Оқушы физикалық қимылдарды білдіретін сөздер арқылы барлық сөздерді меңгеруге мүмкіндік алады. Мәселен «отыр» деген сөзді түсініп олар отырады. Одан кейін 70 жылдары пайда болған әдістің бірі- *«Коммуникативтік әдіс» (қарым-қатынас әдісі)*.

Оның ең басты *мақсаты*- әңгімелесушілердің сөздері түсінікті болуы үшін адам баласын бір-бірімен тілдік қарым-қатынас жасауға үйрету. Бұл әдіс түрі ағылшын тілін үйретуде ең жеңіл және қолайлы әдістің түрі болып табылады. Себебі коммуникативтік әдіс қазіргі таңда да жұмыс барысында жиі қолданылады. Осы әдіс ағылшын тілін үйретудегі бірқатар үлгілі тәсілдердің үйлесімді көрінісі.

Ағылшын тілін үйретудегі келесісі - *«Audio-Lingual method» (аудиолингвистикалық әдіс) әдісі*. Аудиолингвистикалық әдіс 70 жылдардың аяғына қарай қолданысқа енді. Бұл әдісте оқушы магнитофоннан немесе оқытушының айтқан сөздерін тыңдап, кейін бірнеше рет қайталайды. Оқушы осы іс-әрекетте сөздердің, сөйлемдердің немесе тіркестің дұрыс айтылу жолдарымен және оны аз уақыт көлемінде жаттап алу, оны қарым-қатынас әдісінде қолдану шарттары бейімделе бастайды.

Ағылшын тілін үйретудің келесі әдісі - *«Suggestopedia» (ойға шому)* деп аталады. Бұл әдіс түрі 70 жылдары қолданысқа енді. Бұл әдіс түрі басқа әдіс – тәсілдерге қарағанда күрделірек болып келді. Себебі осы әдісті қолдана отырып оқушы қиялға беріледі. Бұл әдістің мән–мағынасы мынадай: оқушы ағылшын тілін үйрену кезеңінде өзін мүлдем басқа адам болып сезінеді. Ол өзіне жаңа есім таңдап, жаңа өмірбаян ойлап табады. Сөйтіп, оқушы өзін мүлдем бөгде әлемде – ағылшын әлемінде отырғандай күй кешеді. Бұл әрине оқушылар үшін қызықты және жұмбақ болып келеді. Осы әдісте қолданылған барлық тәсілдер оқушылардың оқып-үйрену процесінде оң әсерін тигізеді.

Ағылшын тілін меңгеруде сөздік қордың бай болуы да аса маңызды болып келеді. Ағылшын тілі сабағында *сөздік қорды дамыту жолдары* мынадай әдіс-тәсілдерден тұрады. Олар: *сөйлеу, әңгімелесу, сұрақ-жауап, аударма, түсінік, кітап-мәтінімен жұмыс әдіс-тәсілдері*. Оқушылардың сөздік қоры баю үшін оқытушы сабақ барысында кестелер, видеокассеталар, түрлі суреттер, көрнекі құралдарды қолдануы керек. Енді ағылшын тілін сөздік қорын дамытатын әдіс-тәсілдерге жеке-жеке тоқталайық.

Көрнекілік әдісі – ағылшын тілін үйретуде ең жиі және ең нәтижелі әдіс-тәсілі болып саналады. Себебі бұл әдіс барлық сабақ түрінде қолданылады. *Көрнекілік әдісте* әрине көрнекілік құралдар мен схемалар қолданылады. Олар бірнеше түстен кем болмауы керек. Бұл оқушылардың

сабақ барысында қызығушылығын және сөздік қорларын дамытуда ең тиімді жолы болып табылады.

Түсіндіру әдісі – оқытушы сабақ барысында, оқыту үрдісінің бастамасы ретінде іске асырылатын әдіс. Бұл әдісте оқытушы жаңа сөзді, жаңа тақырыпты немесе сөйлемдерді түсіндіру үшін қолданылады.

Сұрақ – жауап әдісі – балалардың тілін дамыту үшін маңызды әдістің бірі. Бұл әдісте оқушылар коммуникативтік әдісте болады. Бір-бірілеріне сұрақ қойып, кейін сұрағына жауап алады. Кең көлемде қолданылатын әдіс түрі болып табылады.

Практикалық әдіс – оқушылар сабақ үйрену барысында түрлі ойын элементтері бойынша тіл үйрену іс-әрекеті болып табылады. Оқушының сөздік қорын молайтуда ойындардың ролі зор, себебі ойындар олардың сөйлеу машығын қалыптастыру үшін қажет.

Интерактивтік әдіс – сұхбат құруда оқушылардың белсенділігін арттырады. Бұл әдістің мақсаты – оқу процесінің барлық сатысында біріккен әрекетке жағдай жасау. Оқушылар және тапсырмалармен жұмыс істей отырып, топ мүдделерін де ойлауға үйренеді.

Қорыта келе, оқушылар бірігіп жұмыс істеуге үйренеді, сабақ барысында балалардың тілін дамыту, жаңа тақырыпты немесе сөйлемдерді түсіндіруде жаңа сөздерді 3 тілде меңгеруге талпынып отырады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Комиссаров В. Н. Лингвистика перевода. – М. : Международные отношения, 1980. – 166 с.
2. Копанев П. И., Беер Ф. Теория и практика письменного перевода. – Минск: Высшая школа, 1986. – 295 с.
3. Bilimdiler kz. https://vk.com/bilimdiler_kz.

ӘОЖ: 14.07.07

БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ ЖАҒДАЙЫНДА БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*БО-222 тобының студенті Бердан Назерке Нұрсейтқызы
Ғылыми жетекші: магистр, аға оқытушы
Кубеева Марзия Абдухалыковна*

Аннотация: Особенности обучения английскому языку учащихся начальных классов в условиях повышения качества образования. Обучение английскому языку с раннего возраста повышает коммуникативные навыки учащихся, позволяет вызвать интерес учащихся.

Annotation: Features of teaching english to primary younger schoolchildren in conditions of improving the quality of education. Teaching English from an early age improves pupils communication skills and arouses pupils interest.

Ағылшын тілін үйрену, оны жетік меңгеру – бұл ең алдымен халықаралық қатынастар кезінде маңызды. *Бастауыш сынып* – білімнің алтын қазығы. Негізінен ағылшын тілін ерте жастан оқытудың мақсаты-оқушылардың ағылшын тілінде қарым-қатынас жасай алу негіздерін меңгеруі болып табылады. Ерте жастан ағылшын тілін оқыту оқушылардың коммуникативті даму біліктілігін арттырады, оқушылардың қызығушылығын оятуға мүмкіндік береді, бірден көп тілдерде сөйлеуге мүмкіндік алады. Қазір ағылшын тілін білу – уақыт талабы.

Шет тілін оқытудың тиімділігін тек қана білім алушыларға байланысты емес, оқыту стратегиясына байланысты. Тілді үйрену сабақтарында оқушылардың тыңдау, оқу, жазу, сөйлеу дағдыларын дамыту сабақ барысында жүзеге асып отыруы тиіс және жазудан гөрі оқушылардың тыңдап түсінуіне, сөйлеуіне көбірек назар аударылады, өйткені бұл жаста балалардың көбі есту, көру арқылы есте сақтайды. Қойылған мақсаттарға жету үшін бастауыш оқушыларының сөйлеу дағдыларын жетілдіру, дамыту және сабақта ойын түрлерін қолдануы керек. Өйткені, ойын – көңіл күй, ойлау күштерін талап ететін, ұйымдастырылған сабақ болып табылады. Психологиялық тұрғыдан алып қарағанда бастауыш және орта буында оқушылар белсенді және өте қозғалмалы болып келеді. Бұл жастағы балалар өздерін еркін ұстап, сабаққа аса қызығумен қатысады, өзінің айналасындағы нәрселерді көріп, соны бейнелеуді ұнатады.

Сөйлеу әрекетінде қозғаушы күш – ырғақ. Сөйлеу ырғағын құру мұғалімдердің рөлдік ойындарды ұйымдастырудағы ең қиын іс – әрекеті. Оқушылардың қызығуын арттыру мақсатында мұғалім ойынға қатысушының өзіндік сөз ырғағын бейнелеп көрсетіп, тапсырманы дұрыс құра білу керек. Ойынның сабақ барысындағы басты мақсаты – білім беруді ойынмен ұштастыру. Баланың ойынға белсенді түрде қатысуы оның ұжымдағы басқа да әрекеттерін айқындайды. Ойын бір қарағанда қарапайым құбылыс, не әрекет сияқты болғанымен, ол ұжымдық әрекет.

Ойын арқылы оқушының :

- қисынды ой – қабілеті дамиды;
- өздігінен жұмыс істеуге үйренеді;
- сөздік қоры байиды, тілі дамиды;
- зейіні қалыптасады;
- ойынның ережесін бұзбау, яғни, тәртіптілікке баулиды;
- сабаққа қызығушылығын артады.

Бастауыш сыныпта ата – аналардың көмегі де өте маңызды. Егер олар бүгін сабақта үйренген сөздерін күнделікті үйде қайталап отырса, келесі сабақта балалар оны ұмытпай еркін қолданатын болады. Ән, өлең тыңдау

кезінде таныс лексика оқушы есінде тез жатталады. Мәселен оқушылар бейнелер арқылы тез есінде қалады сондықтан кішігірім өлең шумақтары



әрі ол жаттауда сандар да айтылған яғни балаға санауға да тілі тез үйренетін болады. Шет тілінде ән айтып үйрену барысында оқушы дыбыстарды дұрыс атап үйренеді, сөйлемге дұрыс екіпін қояды.

Ағылшын тілінің тағы бір ерекшелігі дыбысталуы, Мысалы: **Ch**әріптері бірге келіп қалса ол “**Ч**” деген әріпті білдіреді. “**Children** (оқылуы чилдрен)-балалар”, **Sh**әріптері қосылғанда **Ш** әріпін береді мысалы “**Ship** (оқылуы шип)- кеме” – деген мағынаны білдіреді. Сабақта MP3 плеер, интербелсенді тақтаны, бір-бірімен диалог жүргізу, оның мақсаты -сабақта барынша тіл үйренуге ыңғайлы орта қалыптастыру. Мәселен сабақ жоспары жаңа тақырып “**Asking for and giving directions**” - “Жол сұрау және сұраққа жауап беру дағдылары” аудио тыңдалым жасау арқылы тыңдап, сосын қалдырылып кеткен сөздерді толықтырып жазу керек. Ағылшын тілін үйренуде тыңдалым, айтылым, оқылым өте тығыз байланыста жүреді (**listening, speaking, reading skills**).

Педагогикалық іс – тәжірибе барысында 3-сынып оқушыларының ағылшын тілін оқытуда, көбінесе бейнелер арқылы сабақ өтіледі. Қарапайым күнделікті заттардың бейнесін ағылшын тілінде жазып және оларды сәйкестендіріп отырады. Мысалы: “Cap, scarf, gloves, jumper, put on” осы сөздерді суреттерге қарап сәйкестендіреді, яғни балалардың тез жатталуына тиімді.

Оқушылар жиі диалог құрады себебі күнделікті өздерінің болып жатқан оқиғаларын ағылшын тілінде айтып үйренеді, өздерінің көңіл күйлерін смайликпен білдіріп отырады әр сабақта, смайликтің қай бағытта екенін ағылшынша сөзбен толықтырып отырады.

Мысалы: good, bad, upset (яғни қазақшаға аударғанда жақсы, нашар, ренжулі деген мағынада) оқушылар осылай өздерінің көңіл күйлерін ағылшынша күнделікті айту арқылы есте қалдырады. Соның ішінде тыңдалым дегеніміз- есту қабілетінің іске қосылуы арқылы оқушының сөзді түсінуі. Ол өз кезеңінде ойлаудың мнемоникалық қызметін іске асырады. Басқаша айтқанда, тыңдау барысында таныс сөздер мен тақырыпты

байланыстыра отырып түсінуге тырысады. Жас ерекшеліктерін ескере отырып, көп күш түсірмейтін тапсырмалар беру қажет. Әнмен жұмыс барысында, рөлдерге бөліп оқығанда оқушының көңіл күйі көтеріліп, тілге деген қызығушылығы арта түседі.

Қазіргі уақытта шетел тілін оқытудың коммуникативтігі, интерактивтілігі, аутенттігі тілді үйрену үрдісінің мәдени контексте болуы үстемдікке ие болуда. Аталған ұстанымдар коммуникативтілік қабілетінің компоненті ретінде мәдениетаралық біліктілікті дамытудың алғышартын жасайды. Шетел тілін дәстүрлі оқытуда тіл үйренушілер тілдік жаттығуларды жасап, қажетті материалды жаттаумен ғана шектеледі. Яғни, ол төмендегідей көрініске ие болады: “сөздік қор + қажетті құрылым = тіл”.

Шетел тілінде тілдік қарым – қатынасқа үйрету үшін шынайы, өмірлік жағдаяттар туындату қажет. Ол оқушылардың қажетті материалды меңгеруіне және соған сәйкес мінез – құлқын қалыптастыруға жағдай жасайды. Ағылшын тілін оқыту жүйесінің бір ерекшелігі оқушыларға білім, білік, дағдыларды меңгертумен ғана шектелмей, жеке тұлғаның өзгелермен қарым – қатынас жасауға, қатысымдық, танымдық және шығармашылық қабілетін дамытуға оқушылардың белсенділігін арттыруға, ағылшын тілі пәніне деген қызығушылықтарын арттыруға дағдыландырады. Өскелең ұрпақтың үш тілді : қазақ тілін – мемлекеттік тіл, орыс тілін ұлтаралық қатынас тілі ретінде оқып үйренуге ұмтылыс жасауы – заман талабы, болашақ ұрпаққа қажеттіліктен туындап отыр. Осыдан келе, көптілді білім беру бағдарламасы аясында үштілді меңгеру тәжірибесін жинақтап, әлемдік деңгейде көтерілуіміз қажет.

Қорыта айтқанда, болашағамыздың жарқын болуы білімнің қарыштап дамуына тікелей байланысты. Шетел тілінің мұғалімі оқытудың жаңа технологиясын жан – жақты меңгеріп, соңғы жарық көрген ғылыми әдістемелік әдебиеттердегі тәжірибелі ұстаздардың оқыту әдістерін оқып үйреніп, оларды өз жұмысында орынды қолдана білу керек. Елбасымыз Н.А. Назарбаев айтқандай “Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздардың қолында”

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Bilim_all . kz. <https://e.bilimal.kz/auth/login>.
2. Республикалық ғылыми әдістемелік педагогикалық журнал 6,11-бет
3. Bilimdiler kz. https://vk.com/bilimdiler_kz.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДАҒЫ ТІЛ ДАМУ ЖҰМЫСТАРЫ

Калмудинова А. БО-121 оқу тобының студенті

Жетекшісі: ф.ғ.к. Мамаева А.

Шымкент Университеті Шымкент қ.

Резюме: В данной статье рассматривается развитие речи на уроках казахского языка

Тіл адамдардың бір –біріне пікір алысып, қарым- қатынас жасайтын құралы болғандықтан тілдің қоғамдық, тәрбиелік қызметі де ерекше. Ал, тілдіде, тіл мәдениетін игеру де баланың сәби шағынан іске аса бастайтын, біртіндеп жетілетін процесс.

Тіл дамыту-қазіргі оқытудың басты мәселесі. Тіл мен сөйлеу процесінжіктей оқыту, оқушының дұрыс сөйлей білуіне көңіл бөлу, ауызша және жазбаша тілін дамытып, тіл мәдениетін жетілдіруде қазақ тілі пәнінің алатын оны ерекше.

Тіл дамытудың басты құралы сөздік қорда жатады. Оқушының сөздік қорының неғұрлым көп болуы және оны тиімді қолдана білуі жүйелі еңбекті қажет етеді. Сөздік қорды байыту жұмысында іріктелініп алынатын атаулар, ұғымдар ұлттық дәстүріміз бен өткен тарихымызға байланысты болса, оның жан-жақты маңызы артып отыратындығы белгілі.Өйткені оқушылар өзінің туған халқының тарихымен, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрімен байланысты атауларды үйрену арқылы білім қорын жинай бастайды.

Қазақ тіліндегі тіл ұстарту жұмыстарының негізгі мақсаты – дұрыс, сауатты жазуға, оқушының ауызша және жазбаша ойын, грамматикасын және стилистикасы жағынан дұрыс сөйлем құрап,жүйелі сөйлеуге үйрету. Мұғалім оқушының ауызша және жазбаша тілін дұрыс дамытуда грамматикалық ережелерді жақсы білуге, тыныс белгілеріндұрыс қоюға үйретіп,көркем әдебиетті көп оқуға бағыт беріп,оның үлгісін көрсетіп отыруы тиіс. Әр мұғалім тіл ұстарту жұмыстарын шығармашылықпен жүргізіп, дұрыс ұйымдастыра білсе, ол оқушының күнделікті өмірдегі құбылысты жан-жақты түсіне білуіне,білген нәрселерін ауызекі сөздерін де қолдана білуіне жағдай жасайды.

Мектептерде оқушының қазақ тілін дамыту ұғымына қазақ тілінің лексикалық, грамматикалық тұлғаларын меңгерту, оларды сөйлемде қолдану дағдыларын қалыптастыру яғни қазақ тілінде әдеби тілмен сөйлеуге үйрету жатады; қазақ тілінің орфографиялық нормасын оқушыда қалыптастыру, қаақша сауатты жазу дағдысын меңгерту де осы ұғымға кіреді; сөздерді бір-бірімен дұрыс байланыстырып, сөз тіркесін жасау арқылы оларды арқылы ойын басқаға жеткізу, басқаның сөзін түсіну де тіл дамыту ұғымына жатады. Сөйтіп тіл дамыту сөйлеуге жеткілікті сөздік қорды және ол сөздерді сөйлемде бір-бірімен байланыстыратын тілдік нұсқаулардың қолдану

заңдылықтарын меңгерту болып шығады. Оқушының сөздік қорын байыту тілдік нұсқаулардың қолдану дағдысын қалыптастырумен тығыз байланыста жүргізіледі. Оқушының сөздік қорын үнемі байытып отыру-тіл дамытудағы негізгі мәселе. Сөздік қоры бай адамның ойын анық жеткізу мүмкіндігі мол болады. Сөздік қоры бай адам ойын жеткізуге ең керек сөзді таңдап қолдана алады, оның ойын дәл білдіретін сөзді тыңдау мүмкіндігі бар. Сондықтан тіл дамытуда оқушының сөздік қорын байытуға ерекше мән беріледі. Сөздік жұмысы әр сабақ үстінде, жыл бойында, бүкіл оқу кезеңінде белгілі жоспармен, жүйемен жүргізілуі керек. Оқушы сабақ сайын жаңа сөз үйреніп отырады. Оқушыға үйретілетін жаңа сөз тексте, диалогтарда жаттығу қолданысымен байланысты беріледі. Сабақ сайын жылма-жыл әр сыныпта оқышының сөздік қоры өсіп отырады. Әр сабақта үйретілетін жаңа сөзді оқушының сөздік қорын байытудағы негізгі мақсат болып саналады.

Осы мақсатта жету үшін, төмендегі жұмыстар жасалу керек:

1. жаңа сөз мағынасын оқушыға анық түсіндіру;
2. жаңа сөздің оқушы есінде сақталуын қамтамасыз ету;
3. жаңа сөзді қолданыста меңгеру яғни жаңа сөзді қолдану дағдысын қалыптастыру;
4. жаңа сөздің айтылуы мен жазылуын меңгерту;
5. сөздікпен жұмысқа үйрету.

Оқушының сөздік қорын байытудың тағы бір жолы- мақал-мәтелдер сөздігін жасау. Мақал-мәтелдер сөздігі оларды есінде тұрақтандыруға көмектеседі. Ал мақал-мәтелдер оқушының қазақша сөйлеуін көріктендіреді. Мақал-мәтелдер сөздігін оқушы сөйлесу кезінде, мазмұндама, шығарма жазғанда, пайдалануына болады.

Жаттығулар арқылы тіл дамыту. Оқушы қазақ тілінен меңгерген бай сөздік қорын қарым-қатынаста қолдана алмаса, тіл білген болып саналмайды. Сондықтан оқушының сөздік қорын байыту сөздердің сөйлеуде қолданысына жаттықтырумен бірге байланыста жүргізіледі.

Екінші тілді үйрету ісіне оқушы тілін дамыту жұмыстарын ұйымдастырылғанда, жаттығулардың атқаратын қызметі зор. Тілге үйрету қай тілде де жаттығулардан басталады. Жаттығулар тілдік материалдың негізінде оқушының жас ерекшелігіне, білі деңгейіне сай беріледі. Жаттығуларды ғылымға екіге бөледі: тілдік жаттығулар және сөйлеу жаттығулар. Тілдік жаттығулардың міндеті тілдің грамматикалық материалын оқушыға меңгерту. Тілдік жаттығулар әр тілдік тұлғаны таныстырады, оны қолданып үйренуге жаттықтырады. Тілдік жаттығулар тілдік тұлғаларды дұрыс ойланбай қолдану дәрежесіне жеткізуді көздейді. Тілдік жаттығулар алуан түрлі болып келеді. Мұндай жаттығулар тілдік тұлғаның қолдану үлгісі ретінде, оның қолданылуына оқушының назарын аударып, көзін үйрету мақсатын көздейді. Ал тілдік жаттығуда тілдік тұлғаның сөздегі орнына нүкте қойылатын жаттығулар оқушыны тілдік тұлғалардың дыбыстық вариантын дұрыс таңдауға үйрету мақсатын көздейді.

Сөйлемдегі түсіндірілген сөзді тауып қосу, сөйлемді өзгерту, сөйлемді аяқтау , сөйлемді кеңейту, сөйлемді тарылу сияқты жаттығулар оқушыны сөйлеуге апарды. Бұлар алғашқы жаттығулардан гөрі көп күрделі болып табылады.

Сөйлеу жаттығуларына сурет арқылы оқушыны сөйлеуге үйрету, оқыған кітабының мазмұнын әңгімелету, мақал-мәтелдерді сөйлеуде қолдануға жаттықтыру, тақпақ, өлең айтуға үйрету де жатады. Мақал-мәтелдерде- оқушыны тілін дамытудың құралы. Оқулықтарда мақал-мәтелдермен жұмыс жүргізуде әр мақал-мәтелдің оқушы мағынасын түсінуі керек, сонда ғана оны орынды қолдана алады.

Сөйлеу жаттығулары оқушыларды тілдік материалды сөйлеуде қолдануға дағдыландыруды көздейді. Сөйтіп, оқушы алдымен тілдік материалды меңгеру жаттығулармен кездеседі, оны білі, танып, түсініп алуы қажет. Ол тілдік материалды сөйлеуде қолдануға жаттықтыру, дағдыландыруда сөйлеу жаттығулары маңызды қызмет атқарады.

Мәтін арқылы оқушы тілін дамыту. Оқушы тілін дамытуға мәтіндердің атқаратын қызметі өте күшті. Мәтін оқушыға білім береді, мәтін-оқушыны оқуға үйретудің құралы, ол ойын, тілін дамытады, тәрбиелейді, қазақша сөйлеуге үйретеді. Мәтін осы қызметтерді толық атқару үшін, оған төмендегі талаптар қойылады.

Мәтіндердің мазмұны оқушыны қызықтыратындай болуы қажет. Оқушыны қызықтыратын мәтіндерді оқушыны жақсы меңгереді. Мәтіндердің тәрбиелік мәні болуға тиіс. Оқушыны достыққа, бірлікке, адамгершілікке тәрбиелейтін мәтіндердің мәні күшті. Мәтіндер қазақ халқының мәдениетімен, әдет-ғұрыптармен, ұлттық мерекелермен, жетістіктермен оқушыларды таныстыру қызмет атқарады. Олхалықты сыйлауға, тәрбиелеуге қажет. Мәтінді аудару- тіл үйренудегі, тіл дамытудағы негізгі мәселелердің бірі. Мәтін бойынша ауызша тіл дамытуға жүргізілетін жұмыстардың бәрі жазбаша да жүргізіледі. Сөйлеу тілі мен жазбаша тілдің байланысы. Сөйлеу тілі мен жазба тіл өте тығыз баланысты. Сөйлеу тілінде жазбаша тілде де қолданылатын тілдік тұлғалар бір.

Тыңдауға үйрету мақсатында жасалатын бұл жұмыстың түрлері, сөйлеуге үйретумен байланысты жүргізітіні есте болу керек. Жазбаша тілді дамыту Оқушының жазбаша тілін дамыту бастауыш сыныптан-ақ басталады. Тілді жаттығуларды жазбаша түрде орындау оқушыны жазбаша тілін дамытудың алғашқы басқышы шартты белгісінің бірі болып саналады. Дегенмен оқушының тілін жазбаша түрде дамытуда мазмұндама мен шығарманың орны ерекше.

Мазмұндама - тіл дамытудың өте маңызды әдісі. Мазмұндама негізінен оқушының жазбаша тілін дамытуға, ойын мәтінге сүйеніп, өзінше жазбаша түрде білдіруге үйретуді.

Бірақ мазмұндаманы оқушының жазбаша тілін дамытуда, ойын мәтінге сүйеніп, өзінше жазбаша түрде білдіруге үйретеді. Шығарма жақын

мазмұндама оқушының шығармашылық ойын дамытуды, ойын өз сөзімен білдіру дағдысын қалаптастырады. Шығармаға жақын мазмұндамада оқушы мәтіннің мазмұнын өзінше жалғастырып жазады, кейде мәтіннің басына өзінше үзінді қосады, мәтіннің арасында мәтінге байланысты уақиға туралы өзінше әңгіме қосады. Шығарма- жазбаша тілді дамытудағы ең негізгі жұмыс. Шығарма – оқушыны өздік шығармашылық жұмысы. Шығарма жазуға оқушыны үйрету ұзақ уақыттағы жүйелі жұмысты керек етеді.

Қорыта айтқанда тілді меңгеру сөз мағынасын білумен шектелмейді, қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды қатесіз тану үшін адам санасында белгілі бір ұғымдардың пайда болуы талап етіледі. Ұғымдарды ұғынуда бүтін логикалық ойлау операциялар жүйесі түзілген, адам соның жәрдемімен белгілі бір ұғымға қатысты зат не құбылысты және олардың арасындағы айырмашылықтары мен ұқсас қасиеттерін дұрыс айырады. Мұнсыз тілде ойлану мүмкін емес.

Пайдаланатын әдебиеттер тізімі:

1. Әбдікәрімова Т., Рахметова С, Қабатаева Б. Ана тілі. Оқыту әдістемесі. -А., 1999.
2. Рахметова С. Қазақ тілі оқыту әдістемесі. А., 2005.
3. Уәйісова Ғ., Жұмабаева Ә. Қазақ тілі. Оқыту әдістемесі.- А., 1999.
4. Ш.Сарыбаев. Қазақ тілі методикасының кейбір мәселелері. А., 1959
5. Қ.Р. жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары. А., 2002

УДК 373.1.02:372.8

ӘЛІППЕГЕ ДАЙЫНДЫҚ КЕЗЕҢІНДЕ ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЖҰМЫСТАР

Керімбек Г. БО-121 тобының студенті

Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к Мамаева А.

Шымкент Университеті,

Резюме

В данной статье рассматриваются работы при подготовке к азбуке

Әліппе – жас жеткіншектің ең алғаш танысатын оқулығы. Баланың оқи білу және жазу дағдылары осы кітап арқылы қалыптасады. Кез-келген тілді меңгеруде жас баланың тез үйренетінін білеміз. Одан басқа Қазақстанда тұратын өзге ұлттың өкілдері мен қазақтың қара домалақ балдарын бала кезінде өзіміздің ұлттық тілге үйренуіне ықпал жасасақ онда біріншіден уақыттан ұтып және қазақ тіліне деген құрметке ие болар едік. Сондықтан да

қазақ тілінде сауат ашу жүйесінің зәруліктері қазіргі таңдағы оқыту үрдісіндегі басты мәселенің бірі.

Кез-келген тілді үйрену үшін оның жасына қарамай, алдымен оның меңгерген деңгейін қарастыру керек сияқты. Сонды қтан алдымен қазақ тілін үйрену үшін әліппеден бастау дұрыс. Сауат ашу мәселесі, “Әліппе” оқулығының ғылыми тұрғыда белгілі бір тақырыптық – мазмұндық жүйеде түзілуіне байланысты.

Әліппеге дейінгі кезең (I жартыжылдық) Біліктілігі:

- сөйлеуден – сөйлемді, сөйлемнен – сөзді, сөзден - дыбысты ажырата алу және бөліп көрсете алу;

- сөздің дыбыстық (фонемдік) құрылымын бағдарлай алу; сөздегі дыбыстардың ретін және санын анықтай алу; сөз басындағы, сөз ортасындағы, сөз соңындағы дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажырата алу;

- сөзді буынға бөле алу;

- сөздің дыбыстық және буындық сызбасын; хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдердің графикалық таңбаларын айыра алу;

- жазу дәптерінің жолын сақтап, әр түрлі сызықтар.өрнектер, таңбалар сыза алу; әріп элементтерін жаза алу;

- лексикалық тақырыптар бойынша әңгіме құрастыра алу.[1]

Әліппеге дейінгі кезеңнің міндеттері:

1) оқу әрекетіне қызығушылығын ояту;

2) сөйлеу, сөйлем, сөз, буын, дыбыс туралы қарапайым түсінік қалыптастыру;

3) сөйлеу, сөйлем, сөз, буын, дыбыс сызба-модельдерін ажырату және қолдану дағдыларын қалыптастыру;

4) сөзге дыбыстық талдау жүргізу: сөздегі буын санын анықтау, сөз ішіндегі дыбыстарды екі, үш буынды сөзбен анықтау; дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату;

5) жазуға дайындық кезеңінде - қолдың ұсақ моторикасын дамыту (баяу, сурет салу, түрлі бағытта сызықтар жүргізу, сұлба салу, әріп элементтерін жазу).

6) тыңдай білуге және сұрақты түсінуге, сұрақтарға дұрыс жауап беруге үйрету.[2]

Әліппеге дейінгі кезең:

1) **Тыңдалым.** Ауызша сөйлеуде немесе мәтін оқуда сөйлеушіні немесе

мұғалімді (сыныптастарын) аяғына дейін зейін қоя тыңдай білу. Тыңдау барысында ақпаратты дұрыс қабылдау, ондағы негізгі ойды түсіну, тиістіжауап қайтару;

2) **Айтылым.** Сөйлеу кезінде сөздерді, дыбыстарды анық, дұрыс айту. Сөздердің мағынасын дұрыс түсініп, орынды қолдану. Тілдік қарым-қатынасқа, диалогқа қатыса білу, сөйлеу барысында айтатын ойының мақсатына және жағдаятқа сәйкес тілдік құралдарды тиімді таңдау. Оқу міндетіне (суреттеу, баяндау, пікір айту) сәйкес монологтік (ауызша)

сөйлеуді меңгеру, өзі жайында, ата-анасы, үй-іші жайлы, достары туралы айтып бере алу. Мектептегі және күнделікті өмірдегі түрлі жағдаяттарға сәйкес сөйлеу мәдениеті (сәлемдесу, қоштасу, кешірім сұрау) нормалары мен орфоэпиялық нормалар туралы түсінік қалыптастыру. Дауыс ырғағын дұрыс қою. Айтылуы ұқсас л – р, н – ң, с – з, с – ш, ж – ш, п – б дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру: жаңылтпаштар, жұмбақтар, санамақтар жаттату;

3) Оқылым. Сөйлеу, сөйлем және сөз туралы алғашқы түсінік. Сөйлеудің сөйлемнен, сөйлемнің сөздерден, сөздің буындардан құралатындығын графикалық сызба арқылы ұғындыру және оқу. Графикалық сызбалар бойынша сөйлемдер құрастырып оқу;

4) Буын туралы алғашқы түсінік. Сөзді буынға бөлу, сөздегі буын санын, буын түрлерін анықтау. Графикалық сызбалар түріндегі буындардан сөз құрапоқу;

5) Дыбыс және әріп туралы алғашқы түсінік . Буынның дыбыстардан (әріптерден) құралатындығын графикалық сызба арқылы ұғындыру. Дыбыстардың дауысты және дауыссыз түрлері болатыны: ауыз қуысында ауаның кедергісіз, еркін шығуынан жасалатын дыбыстардың дауысты деп аталатыны немесе ауыз қуысындағы сөйлеу мүшелерінің қатысуымен жасалатын дыбыстардың дауыссыз деп аталатыны туралы алғашқы түсінік қалыптастыру. Дыбыс шығаруда сөйлеу мүшелерінің әрекеті, дыбыстардың артикуляциясы: дыбыстау кезінде дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату. Дауысты дыбыстардың буын жасай алатыны (буындағы дауысты дыбысты ұзағырақ созу);

6) Буындық-дыбыстық талдау: сөзді буынға бөлу, буын санын, буын түрін анықтау, сөздегі дыбыс санын, оның дауысты немесе дауыссыз екенін ажырату;

7) Жазылым. Жазу жұмысына дайындық жаттығулары: үзік сызықтарды бастыра отырып, түрлі фигуралар, өрнектер, сызықтар (көлбеу, тік, ирек, үзік) салу, үзбей, байланыстыра жазуға дағдыландыру. Санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау (дұрыс отыру, парта бетіне дәптерді дұрыс орналастыру, қаламды дұрыс ұстау ережесі);

8) Тіл дамыту. Сөздік қорын байыту: суреттер бойынша кім? не? кімдер? нелер? қандай? қай? не істеді? қайтті? Не үшін қажет? т.б. сұрақтарға жауап ала отырып, заттардың атын атату, сапалық қасиеттерін, қимыл, іс-әрекетін, атқаратын қызметін, т.с.с. айтқызу, сөздердің мағынасын түсіндіру, сюжетті суреттер бойынша әңгіме құрату, ертегі айтқызу. Тақпақтар, санамақтар, жаңылтпаштар, жұмбақтар жаттату.[3]

Қорыта келгенде, “Әліппеге” дейінгі кезең – сауат ашуға даярлық кезеңі. Оқушының жақсы сауаттылығы осы кезеңде жүргізілетін жұмыстардың тиімділігіне тікелей байланысты.

Даярлық кезеңге оқу бағдарламасы бойынша 14 сағат бөлінген. Осы аз уақыт ішінде мұғалімге көптеген жұмыс атқаруға тура келеді. Партада дұрыс отырып, дәптерді, қаламды дұрыс ұстап, дұрыс пайдалануға, мектеп ережелері мен күн тәртібін орындап, мұғалімнің айтқанын мұқият тыңдауға,

дұрыс сөйлеуге, “сөйлем, сөз, буын, дыбыс” ұғымдарын ұқтыратын, үйрететін кезең. Әліппеге дейінгі кезең жұмысын өткізу – мұғалімнен үлкен кәсіби шеберлік пен ізденісті талап етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Р.С. Қазақ тілін оқыту әдістемесі, 1996 ж.
2. Оразбаева Ф.Ш., Рахметова Р.С. Қазақ тілін оқыту әдістемесі, 2005.
3. Қамзебаева Р.Е., Әділбекова А.М. Қазақша үйренейік. Атадан мирас. Тіл дамыту құралы. Астана, 2002.

УДК 373.1.02:372.8

ЗНАЧЕНИЕ ИЗУЧЕНИЯ ОБРАЗЦОВ УСТНОГО НАРОДНОГО ТВОРЧЕСТВО В НАЧАЛЬНЫХ КЛАССАХ

И.З.Муминова студентка БО-221

Научный руководитель: к. ф.н. А.Е.Мамаева

Шымкентский Университет, г.Шымкент

Резюме: Бұл мақалада бастауыш сыныптарда халық ауыз әдебиеті үлгілерін оқытудың маңызы туралы айтылады

Важность места образцов устного народного творчества в содержании образования заключается, с одной стороны, в литературном ориентировании в процессе обучения родному языку, а с другой стороны, в приобщении ребенка к искусству слова, привитии интереса к чтению оригинальных, художественных произведений. Поэтому в начальных классах важно определить место образцов устного народного творчества в содержании образования в объемном, жанрово-содержательном аспекте.

Учебники и хрестоматии для детей уже давно стали источником знаний и воспитания устного народного творчества. Впервые написавшие учебник Ы.Алтынсарин, А. Байтурсынов, М. Жумабаев, М. Дулатов, Ж. Аймаутов, С. Кобеев Т. С. посвятили свои труды произведениям устного народного творчества.

Как бы то ни было, но авторы, написавшие учебники, учебные пособия для детей, в любом случае охватывают образцы устного народного творчества. Конечно, это связано с тем, что народное творчество-это богатство, богатое сокровище. При обзоре характера передачи казахских образцов устного народного творчества в учебниках было отмечено, что авторы выдвигают их на разных уровнях в зависимости от своей цели, специфики предмета. Авторы учебников для начальной школы – С.

Жиенбаев, К. Тулебаев, Т. Кордабаев, Ж. Доскараев, А. Сарсенбаев, Т. Абдрахманов и др.

В «концепции содержания образования на ступени общеобразовательной школы «начало научной основе обновления содержания образования было положено тем, кто рассматривает классника как обладателя определенных необходимых умений и навыков, субъекта учебной деятельности, автора, вступающего в диалог с разных культур и со своей точки зрения, и ребенка, который трудится над формированием своего возраста в соответствии с возрастными особенностями получена идея современного развивающего обучения, помогающего выявить и сформулировать конструктивное образовательно-воспитательное содержание» – [1]

Как отмечается в «концепции», наблюдается новый подход к определению содержания нового образования. В «комментарии» к учебной программе по предмету «Родной язык» для 4 класса обозначена принципиальная цель учебного занятия – воспитание вкуса к литературному наследию, формирование личности учащихся, расширение духовного мира, содействие развитию интеллекта и национального самосознания, формирование потребности в чтении книг» [2].

В составе образцов устного казахского народного творчества начальной ступени представлены колыбельные, тұсаукесужыры, тұрттүлікжыры, Арнау-тілек, игровые стихи, вранье, скороговорки, загадки, пословицы, сказки, сказочные истории, отрывки из псалмов батыров. Метод творческого чтения был направлен на углубление художественного восприятия искусства и эстетического восприятия жизненных явлений. Важно использовать этот метод при обучении образцов устного народного творчества [3].

Во 2 классе для детей стихи, сказки, пословицы, поговорки, поговорки; сказки; легенды; ораторские слова; загадки и скороговорки; Сказки русского народа, сказки других народов. В 3 классе стихи для детей, стихи айтыса, стихи лжи, Наурыз жыры; сказки; сказания; ораторские слова; псалмы; сказки других народов. В 4 классе сказки; рассказы-легенды; слова ораторские и танцевальные, пословицы, поговорки, загадки, заблуждения; стихи айтыса, отрывки из псалмов героев; сказки других народов (лучшие образцы мировых сказок). Следует отметить, что в новой учебной программе Особое значение придается преподаванию образцов устного народного творчества, систематизирована классификация по классам в жанрово-содержательном плане. Это говорит о том, что воспитательная ценность народных произведений возрастает, формируется устойчивый взгляд. Тем не менее, по-прежнему наблюдаются недостатки в плане охвата, преемственности некоторых жанровых видов детского фольклора.

Анализируя в учебных программах образцы устного народного творчества, видно, что их жанровая, объемная, содержательная подача в

разное время различна с точки зрения возрастания-убывания, а иерархичность-преемственности, взаимосвязанности.

При разработке методического аппарата обучения образцам устной литературы в учебниках нового поколения имеются сравнительные преимущества с предыдущими учебниками, т. е. не только содержательные вопросы-задания по тексту, как в предыдущих учебниках. Гдеопрос-в заданиях предусмотрены познавательные, развивающие цели; систематизированы работы по развитию речи; заданы моделирование, тест-задания; составлены словари, предложены задания по тексту, которые заставляют ребенка думать, сравнивать, доказывать, раскрывают художественные особенности языка; следует отметить, что большое значение придается выполнению языковых работ, таких как: характеристика сказочных персонажей, деление текста на части, составление плана, различные письменные работы и др.

В казахской устной литературе встречается множество стихотворений посвящения, созданных в связи с мифическим сознанием, построенных на древнейших верованиях, в том числе посвящение в мир природы и миров, достойных упоминания детьми, Луне, Солнцу, звезде, облаках, дождях, туманах, льдах, а также птицам, червям, насекомым есть стихи посвящения, которые звучат в смысле желания, просьбы, моления, повеления и т.д. Польза этих стихов в том, что они знакомят детей с окружающим миром, учат познавать тонкости, критику, уникальные свойства, особенности природы, расширяют познания, развивают языки, вызывают интерес, побуждают к творчеству[4].

В детском фольклоре посредством предметов и предметов быта, явлений природы, животных, насекомых, червей, насекомых, увеличивая, уменьшая, утяжеляя, сравнивая, сравнивая, фантазируя, фантазируя, имитируя невероятные чудеса, или критикуя, морщась и смеясь.т.

Таким образом, образцы устного народного творчества воспитывают у детей нравственность, умение понимать, контролировать и ценить жизнь, формировать чувство патриотизма, отстаивать добро и справедливость, нетерпимость к лжи, несправедливости, не поддаваться насилию. Через популяризацию и приобщение к духовному богатству, благородному наследию народа открываются возможности для развития ребенка как личности. На протяжении многих веков в закаленной жизненной практике народной педагогики выработанные и закреплённые принципы служили делу воспитания детей. Например, колыбельные песни прививают доброту, чуткость, нежность, а игровые стихи-внимание, Внимание, ловкость, ловкость, активность, внимательность, обогащают словарный запас ребенка. Изучение образцов казахского устного народного творчества на начальной ступени школы имеет большое значение для формирования у молодого поколения основ гуманистических качеств личности. Как уже отмечалось, у каждого жанра устной литературы есть своя специфика обучения. В ходе

урока необходимо вызвать интерес учащихся к изучению жанров устного народного творчества, создать условия для его восприятия, рассказать ребенку о первых впечатлениях от народного произведения, провести различные работы с текстом произведения, рассказать о понимании и осмыслении произведения, развивать мышление, язык, творческие способности ребенка, уделяя особое внимание воспитательному значению произведения большую пользу в обучении оказывают знания и квалификация учителя класса, педагогическое мастерство.

Использованные литературы

1. Балталон Ц.П. Воспитательное чтение. Беседы по методике начального обучения. М.: Типография Вильде, 1914. — 315 с.
2. Аникин В.П. Русские народные пословицы, поговорки, загадки и детский фольклор. М.: Учпедгиз, 1957. — 240 с.
3. Н. Турекулов. Современный казахский фольклор. Алма-Ата, 1982 г.
4. Б. Адамбаев. Казахское народное араторское искусство- Алматы, 1997г.

ЦИФРЛАНДЫРУ ДӘУІРІНДЕГІ ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУДЫҢ ЗАМАНАУИ ҮРДІСТЕРІ

*Тобы: БО -123, 1 курс студенті Рустемова М.
Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Дильдабекова Г.Е.
«Авимед» көпсалалы колледжінің директоры Керімбекова А.А.*

Аннотация: Цифровая грамотность — основа безопасности в информационном обществе, важнейшее знание XXI века, одна из наших главных тем. Цифровая грамотность – это готовность и способность уверенно и эффективно использовать цифровые технологии во всех сферах жизни человека.

Annotation: Digital literacy is the basis of safety in the information society, the most important knowledge of the XXI century, one of our main topics. Digital literacy is the readiness and ability to confidently and effectively use digital technologies in all spheres of human life.

Бәсекеге қабілетті ұрпақ дайындау, адамдардың мәлімет алмасуына, қарым-қатынасына ақпараттық-коммуникативтік технологиялардың кеңінен қолданысқа еніп, жылдам дамып келе жатқан кезеңінде ақпараттық қоғамды қалыптастыру қажетті шартқа айналып отыр. XXI ғасыр – техниканың озық дамыған ғасыры. Компьютер оқушы үшін қоршаған әлемді танудың табиғи құралы болып отыр. Келешек қоғамымыздың мүшелері - жастардың бойында ақпараттық мәдениетті қалыптастыру қоғамның алдында тұрған ең басты

міндет. Расымен де, адамзат қауымы жыл санап емес, ай санап, тіпті апта мен күн санап цифрландыру заманының сиқырлы әлеміне еніп барады.

Цифрландыру технологиялары дегеніміз – бұл бұрын-соңды адамзат бастан кешпеген ғажайып әлемнің жаңа құралдары. Яғни, қазіргі таңда бұл технологиялар жасақталу үстінде. Олар қазірдің өзінде біз тамсанып айта беретін ақпараттық технологиялардың өзін жолда қалдыра бастады. Цифрлық сауаттылық – цифрлық технологияларды және интернет ресурстарын қауіпсіз және тиімді пайдалану үшін қажет білім мен дағдылардың жиынтығы.

Цифрлық технология қоғам өміріне әсерін молынан тигізуде. Соның нәтижесінде денсаулық сақтау мен білім беру, қала тіршілігі, жалпы адамның күнделікті өмірі айтарлықтай өзгеріп, жаңа сипатқа ие болуда. Олар қазірдің өзінде біз тамсанып айта беретін ақпараттық технологиялардың өзін жолда қалдыра бастады. «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру аясында халықтың цифрлық сауаттылығын арттыру кезеңі бастау алып, еліміздегі барлық саладағы жұмыс істейтін халық толығымен ақпараттық технологияларды игеруде. ХХІ ғасырға лайықты ізгі қасиеттерге ие болу – бүгінгі таңдағы әрбір жеке тұлғаның алдында тұрған асыл міндет.

Қазіргі кезде адамның кәсіби шеберлігіне, білім өрісіне, зиялылық және танымдылық деңгейіне жаңа технология дәуірінің өзі биік талаптар қойып отыр. Өткеннен сабақ ала отырып, болашақтың қоржынына өзіміздің халықтық қасиетімізбен, жаңарған болмысымызбен, терең ой - санамыз және сапалы дүниелерімізбен үлес қосу – жаһандану кезеңінің табалдырығында тұрған біздер үшін аса маңызды іс.

Бүгінгі таңда тұжырымдамалық түрде білім беру жүйесі негізгі үш бағыт бойынша жүргізілуде: білім беру үдерісін цифрландыру, цифрлық білім беру контенті, білім беруді басқаруды цифрландыру.

Қазақстанда мектептік білім беруді цифрландыру оны реформалау үрдісіндегі басты тенденциялардың бірі болып табылады. Болашақ мектептерінің көрінісі көбінесе барлық пәндердің бұлтты білім беру жүйесіне біртіндеп көшуімен байланысты.

Біз онлайн оқулықтар мен виртуалды зертханалар туралы, ашық білім беру мазмұны, әрбір қатысушыға икемді және жеке көзқарас туралы айтып отырмыз. Үй тапсырмаларын оқушылар онлайн режимінде бірге жұмыс істей алады. Мектеп кітапханалары ақпараттық және компьютерлік орталықтарға айналды. Оқу үрдісі әрбір білім алушының идентификаторымен байланыстырылатын болады, бұл бағалау және бағаларды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Мектептерді цифрландыру осы үрдіске қатысатын барлық қойыншыларға: оқушыларға, олардың ата-аналарына, мұғалімдеріне, білім беру жүйесінің әкімшіліктеріне ыңғайлы және тиімді құралдарды жасауды білдіреді. Сонымен қатар, оқу үдерісін цифрландыру, адамның адамдық қарым-қатынасының оңтайлы теңгерімі және виртуалды ортада нақты және цифрлы әлемді синтездеудің бір түрі болып табылатыны маңызды.

Сонымен қатар халықтың өмір сүру сапасын жақсартатын цифрлық платформа құру мақсаты Цифрлік Қазақстан -2020 Елбасымен ұсынылған бағдарламаны жүзеге асыруға белсенді түрде қатысады. ХХІ ғасырдың икемділігі мен құзыреттілігіне келсек, олар бастауыш мектептен бастап барлық білім беру қызметінде қалыптастырылуы керек.

Білім беруді цифрландырудың, атап айтқанда жалпы білім беру жүйесінің іске асуының кейбір аспектілеріне тоқталайық. Соңғы уақытта жеке тапсырмалардан бастап тағайындалған құзыреттерді қалыптастыру үшін толық курстар мен модульдерге дейін ашық жалпы білім беру, жалпы дамудың онлайн-ресурстарын құру және пайдалану үдерісі белсенді түрде жүргізілуде.

Онлайн курстардың бірыңғай платформасы баршаға ақпараттық ағындарға жылдам бейімделуге, ақпаратты бағалауға, ерекше жағдайлар да шешімдер қабылдауға, бірсөзбен айтқанда, ХХІ ғасырдағы дағдыларды игеруге мүмкіндік береді. Халық өмірінің әлеуметтік парадигмасын қайта цифрландыру, ол адамдардың ой өрісін кеңейтуге, жаңа білім алу мүмкіндігін ашады.

Заманауи білім берудің негізгі бағыттарының бірі – желілік қызмет, әлеуметтік желілерді білім беру ресурстары ретінде пайдалану және шалғай шеберлік сабақтарын өткізу, тренингтер. Желілік технологияларды қолданумен цифрлы білім берудің типтік ерекшеліктері – бұл икемділік, ұтқырлық, өндіріс қабілеттілігі, диалогтық және интерактивтілік, медиа ағындарды қабылдауға бағдарлау.

Цифрландырудағы негізгі мақсат – бәсекеге қабілеттілікті арттыру, халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, оқу-тәрбие процесін жеделдету және жеңілдету, балаларға, ұстаздарға, ата-аналарға жүктемені азайту. Еңбастысы – білім беру сапасын арттыру. Біздің балаларымыз халықаралық деңгейде әртүрлі салаларда, оның ішінде жасанды интеллект және ауқымды деректер жасау саласында бәсекеге қабілетті болуға тиіс.

Ақпараттандыру технологиясы дамыған заманда мемлекетіміздің ықпал ету мұғалімнен шығармашылық ізденісті, үлкен сұранысты талап етеді. Компьютер және ақпараттық технологиялар арқылы жасалып жатқан оқыту процесі оқушының жаңаша ойлау қабілетін қалыптастырып, оларды жүйелік байланыстар мен заңдылықтарды табуға итеріп, нәтижесінде – өздерінің кәсіби потенциалдарының қалыптасуына жола шады.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар тек білім беруде ғана емес, өмірдің барлық саласында, бағыттарында белсенді қолданыста. Технологиялардың күн сайын дамып, өзгеріп отырғаны белгілі, сол себептен де жаңалықтардан қалмай, барлық білім, ғылым саласындағы тізденістер мен технологияларды біліп отыру қажет деп білемін.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі. [Электрон.ресурс]. – 2023. – URL: [https:// www.akorda.kz/kz/memleket-](https://www.akorda.kz/kz/memleket-)

basshysy-kasym-zhomart-tokaevtynkazakistan-halkyna-zholdauy-183555
(қаралған күні: 02.06.2022).

2. «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы. [Электрон.ресурс]. – 2023. – URL: // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100024126> (қаралған күні: 04.06.2022).

3. Набокова Л.С., Загидуллина Ф.Р. Перспективы внедрения технологий дополненной и виртуальной реальности в сферу образовательного процесса высшей школы. Профессиональное образование в современном мире //ФГБОУ ВО Новосибирский ГАУ. – 2019. – Т. 9. – № 2. – С. 2710–2719.

4. По компьютерной грамотности школьники Казахстана заняли 14-е место из 14-ти возможных. [Электрон.ресурс]. – 2023. – URL: <https://ru.sputnik.kz/20201103/Shkolniki-Kazakhstanazanyal-i-poslednee-mesto-reytinga-kompyuternoy-gramotnosti-15376469.html> (дата обращения: 03.07.2022).

ӘОЖ 373:268

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА ХАЛЫҚ ӘНДЕРІ АРҚЫЛЫ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖОЛДАРЫ

Елеуов Сауранбек Еркенбекулы
ҚР Мәдениет қайраткері, доцент
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық
қазақ-түрік университеті
sauranbek.eleuov@ayu.edu.kz

Серікбай Гауһар Өмірзаққызы
6B02121- Эстрада өнері білім беру
бағдарламасының 3 курс студенті
snrikbay03@bk.ru

Эстетикалық тәрбие болмыстағы және өнердегі сұлулық пен өсемдікті дұрыс қабылдасауды және эстетикалық сезім мен талғамды тәрбиелейді. Өнер және өмірдегі сұлулықты жасау, оған қатысу қабілетін, қажетсінуін қалыптастырады.

Адамдардық эстетикалық сезімдері олардың өмірінде зор рөл атқарады. Өсемдікті көріп, түсініп, жасай білу адамның рухани өмірін байытады, қызғылықты етеді, оған ең жоғары рухани ләззаттануға мүмкіндік береді.

Адамның әсемдікті және жексұрындықты, сәулеттілік және ұждансыздықты, қуаныш пен қайғыны түсіне білуіне байланысты, оның саналы тәртібі мен мінез-құлқы айқындалады. Осыдан келіп адамның әсемдікке шынайы көзқарастары мен мұраттары болуы керек екендігі шығады.

Ең бастысы - адамгершілік сезімді, жеке бастың рухани деңгейін көтеру, мінез-құлқын толықтыру, түзету. Егер оқушы өзін жаман әдеттен алшақ ұстап, іс-әрекетінің әдемілігін, қажеттілігін түсініп, еңбек нәтижесінен көркемдікті сезіне білсе, бұл оның эстетикалық талғамының, адамгершілік қасиеттерінің жоғары жетіле бастағанын көрсетеді. Материалистік эстетика - эстетикалық тәрбиенің методологиялық негізі болып табылады. Ол өмір мен өнердегі эстетиканың мәнін ашады, адамның ортаны эстетикалық тұрғыдан меңгеруіне деген принциптерді зерттейді, көркем шығармашылық заңдарын тексереді. Ал, тәрбиенің теориясы болса, эстетикалық сезімнің, талғамның идеялық қалыптасу процесін зерттейді. Материалистік эстетика - болмыста жүзеге асатын нақты сұлулықты нығайта отырып, адамды ойдан шығарған сәулетті арман, қиял әлеміне алып кетпейді. Керісінше өнердегі әдемілік, болмыста әдеміліктің сәулесі деп мәлімдейді.

Эстетикалық тәрбиенің мақсаты - жеке адамның эстетикалық мәдениетін дамыту. Оның негізгі компоненттері:

- Эстетикалық қабылдау.
- Эстетикалық сезім.
- Эстетикалық талғам.

Эстетикалық қабылдасау деп - әсемдікті қабылдау процесін айтады, мұның нәтижесі эстетикалық әсерлену, эмоция болып табылады. Табиғат, өнер, адам жасаған заттар, адамның сыртқы кигімі, рухани дүниесі, тұрмыс-салты, әрекеттері мен қылықтары, адамның өзі де эстетикалық қабылдасаудық объектісі бола алады.

Сезім байлығы - адамның рухани өмірін жоғары дәр тарапты дамытудың қажетті шарты. Адам рухани жағынан бай болып, осомдікті көре біліп, одан ләззат ала білуге тиісті.

Эстетикалық талғам - әсемдікті дұрыс бағалай білуге тәрбиелеу. Эстетикалық талғам немесе көркемдік талғам әрбір адам өзі жасайтын белгілі бір эстетикалық мұратты бейнелейді.

Эстетикалық мұрат дегеніміз - адамдардық көксеп жүрген әсемдік жөніндегі түсінігі. Адамның жетем-ау деген арманы, өмірде сол бойынша құрғысы келетін нерсесі.

Эстетикалық сезімдерді, мұрат, талғамдарды бағалауды тәрбиелеу білімді меңгеріп алумен бірге, дүниеге көзқарасты қалыптастырудық маңызды құралы болып табылады.

Эстетикалық тәрбиенің мақсаты - оқушының бойында көркем-эстетикалық мәдениетті қалыптастыру, оны жоспарлы және мақсатты түрде сіңіру болып табылады. Эстетикалық тәрбиенің міндеттері:

Бейнелеу өнері арқылы көркем шығармашылық сезімін, талғамын дамыту.

Эстетикалық құралдарды: өнер, әдебиеттерді, қолдана білу дағдысын қалыптастыру. Эстетикалық сезімді және эстетикалық қабылдасауды тәрбиелеу.

Оқушыларды әсемдікті көре біліп, сезінуге тәрбиелеу.

Қазақ халқында көшпенділік өмір жағдайына байланысты табиғи өзгерістерге өте нәзік байқағыштық тән. Кең далада қозғалыс бағытын дұрыс табу, жайылымдардық күйін анықтау, ауа райының өзгерісін алдын ала болжау, өсімдіктердің атын өте дәл тауып қою, т.с.с. Халықтың эстетикалық тәрбие жүйесінде лирикалық, үйелмендік, тұрмыстың, әдет-ғұрыптық, еңбектік және т.б. әндер мен өлеңдер ерекше орын алады. Бұлар да эстетикалық тәрбиенің құралдары ретінде қызмет етті. Халқымыздың әндері жанры және тақырыбы жағынан бай. Халқымыздың тұрмысына енген қолданбалы қолөнер бұйымдары, олардың өшекейленіп жасалуы эстетикалық тәрбиеде өз алдына бір сала. Ағаш, тері, металл өңдеудегі өнері әлемге әйгілі. Эстетикалық тәрбиеде халық ауыз әдебиетінің маңызы зор. Оның мазмұны халқымыздың бүкіл өмір тәжірибесін қамти отырып, жас ұрпақ санасын, әсемдік сезімін, талғамын дамытады.

Салт-дәстүр дегеніміз - халықтардың кәсібіне, сенім нанымына, тіршілігіне байланысты қалыптасқан, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отыратын қоғамдық құбылыс. Ол отбасылық тәрбиеде қалыптасады. Салт-дәстүр халықтың белгілі бір әдет-ғұрыптарымен байланысты туады.

Опера труппасы бұнымен қатар классикалық шығармаларды да игеріп жұмыс істей бастады. 1936 жылдан бастап құрамында опера өнерінің асқан шеберлері ҚазКСР-ң халық әртістері Н.Самышина, А.Круглыхина, Н.Куклина бар орыс труппасы қазақ солистерімен бірлесіп "Кармен", "Евгений Онегин", "Қарғаның мәткесі", "Демон", "Фауст", "Аида" спектакльдерін сахнаға шығарды. Соғыс кезіндегі бес жылдың ішінде театр ұжымы ұлттық опералардан басқа үлкен-үлкен қомақты "Иван Сусанин", "Мазепа", "Отелло", "Чио-Чио-сан", "Дайси" сияқты классикалық шығармаларды сахналады. Бұған эвакуация жылдары Алматыда тұрған Кеңестер Одағының Үлкен театры солистерімен өнер адамдары баға жетпес үлкен көмек көрсетті.

Аталған дискі театрдың аса бір жарқын табысты да қиын жылдарын яғни алғашқы ұлттық опера өнерінің тууымен ең жоғарғы шыққан биігін, шарықтау шегіне дейінгі кезеңін қамтиды. Қазақстан композиторлары шығармаларының сол биік тұғырдағы туындылары ішінде "Қыз Жібек", "Абай", "Біржан-Сара" опералары шын мәніндегі қазақ ұлттық кәсіби музыка

өнерінің шоқтығы биік тамаша шынайы шығармалары болып саналғандықтан дискінің негізін осы опералардан үзінділер құрайды.

Е.Брусиловскийдің "Қыз Жібегі" республикамыздың кәсіби опера өнерінің ашылған бірінші беті, ғажап туындысы. "Әу" - деп басталғаннан-ақ тұла бойы, мазмұны, жазылуы, қойылуы, тіпті сахналық таңқаларлық тағдырымен болсын айырықша көркем дүние. Халықтың сүйіп тыңдайтын, рахаттана көретін операсы болғандықтан күні бүгінге дейін театр репертуарынан түспей келеді. Бұл керемет шығарма ұлы өнер саңлақтары композитор Е.Брусиловский мен жазушы Ғ.Мүсіреповтың және орындаушылардың шығармашылық достығы тудырған аса биік өнер үлгісі. Оның табысты өтуі заңды әрі соның бір айғағындай. Шығарманың музыкалық арқауын көбіне халық композиторларының әндері мен күйлері құрайды. Халықтың сүйікті әндері түрленіп, әдемі күйге малынып құлпырып жарқырап шыға келді. "Қыз Жібек" операсы өз сахнамызда ғана табысты өтіп қойған жоқ, сол кездегі еліміздің Үлкен театрында көрсетіліп қазақ өнерінің Декада күндері кезінде де зор шабытпен шырқалды. Мәскеуліктер қазақтың бірінші операсына аса зор ықыласпен сүйсініп ұзақ қол соқты. Спектакль баспасөз беттерінде төбесі көкке жете мақталды. Әсіресе сахнаны жайнатып жіберетін бұлбұл әнші Күләш Байсейітова талғампаз Мәскеу халқының жүрегін баурап алды. "Қыз Жібекті" қойған опера өнерінің негізін салушы – жұлдызды құрамы Қазақстан халқының аға буын өкілдері үшін мәңгі есте қалды[3].

Қазақ би өнерінің түп тамыры ғасырлар қойнауынан нәр алатыны белгілі. Бүгінде бишілер де, би ансамбльдері де, би студиялары да жоқ емес баршылық. Бірақ, кәсіби жеке бишілеріміз саусақпен санарлықтай. Мені көптен бері осы мәселе ойландырады. Біздің би әлі әлемге таныла қойған жоқ. Солай бола тұрса да қазақ биі ұлттық дәстүр, салтты танытатын ең бір өнердің тиімдісі. Ол халықтың табиғатында, болмыс, тірлігінде әуелден бар. Қанымызға сіңіп қалған дүние. Сондықтан да болар би халықтың жүрек қалауы. Ол онымен бірге жасап келеді. Әрине, тоқырау кезеңдерінде мәдениеттің басқа салалары сияқты ұлттық дәстүрлі би өнері де қиындықты бастан кешкені белгілі. Бір кездері көптеген әлем халықтарының билерін меңгерген «Салтанат», «Гүлдер», «Айгүл» сынды елімізге және одан да тысқары елдерге кеңінен танымал ән-би ансамбльдерінің беделі бәсеңсіп, көрермендермен жүздесуі саябырлап кеткені ешкімге жасырын емес. Оның үстіне, әсіресе, ежелгі қазақ биіне ерекше мән беру назардан тыс қалды. Халқымыздың тек өзіне ғана тән қазақ биі - әлем билерінің ішіндегі ең жасы десек те болады. Ол өзінің шарықтау шегіне әлі жете қойған жоқ. Бірақ оның белгілі бір бөлігі классикалық деңгейге көтерілді. Мәселен, халық биі «Қамажай», «Маусымжан», «Қаражорға», «Келіншек», «Айжан қыз» тәрізді ұлтымыздың болмысын танытатын билер біздің мақтанышымыз емес пе.

Бұл жайдан-жай көңіл жұбату үшін айтылған жалған мақтан деуден аулақпын. Біз тілге тиек етіп отырған қазақ би өнері бірнеше дәуірді

бастан кешті. Халқымыздың бұл өнерінің болашағы бүгінде осы сала өнерпаздарын қатты толғандырып отыр десем қателесе қоймаспын. Оларды ойландырып, алаңдатып отырғанда ұлттық биіміздің философияға бай мағынасы, әсерлі де тартымды көріністері болса керек[4].

Жалпы біздің елдің би өнерінің мүмкіндігі мен өрісі өте зор әрі биік. Демек жоғары дәрежеде өркен жаюына керемет қуатты күш бар. Сайып келгенде, қазақ биі оның арқауы халықтың жан дүниесі, оның таным түсінігі, табиғатпен байланысы, оның философиясы. Міне, осының бәрі кез келген бидің құрылымынан, болмысынан айшықты көрініс тауып жататынына өз басым күмәнім жоқ. Әрине, бұны былайғы қарапайым жұрт аңғара бермейді. Қай өнер саласы болсын, оның біз білмейтін жақтары, өзіндік сырлары, әдіс-тәсілдері болатынын ешкім жоққа шығармайды. Билер де жақсылыққа, ізгілікке, әсемдікке құрылатынын білеміз. Олар адамның бойындағы асыл қасиеттерді мадақтаудан тұрады десем қателесе қоймаспын. Енді бір сәт қазақ биінің жүріп өткен жолына үңілсек оның аумалы-төкпелі, өрлеу мен тоқырау кезеңдері аз болмапты. Бірақ Шара сынды саңлақтың арқасында біздің биіміз әлемдік сахнаға азды-көпті шыққанын әсте жоққа шығаруға болмас. Осы дара тұлғаның еңбегінің нәтижесінде қазақ биінің әр өрнегі халыққа жетті. Ол өзінің түсінікті де тартымды, әсерлі де мәнерлі билерімен сол өзі өмір сүрген заманның талабын орындады, жүгін көтерді. Сөйтіп, Шара апамыз қазақ би өнерінің қайталанбас жарық жұлдызына айналды десем менімен бәрі келісер. Әрине, Шара Жиенқұлова, Дәурен Әбіров, Зауыр Райбаев, Болат Аюханов, Гүлжан Талпақова сынды бишілер қалыптастырған салт та, дәстүр де қазақ биінің өзіне тән ерекшеліктерді бойына сақтаған әрі оны басқа елдердің билерімен салыстыруға әсте келмейді. Қай жағынан алсаңыз да оның ұлттық иірімдері, билеу мәнері дараланып тұрады.

Балабақшада жас жеткіншектерді өнерге баулып, оларға эстетикалық тәрбие беруде бидің маңызы зор. Ол баланы музыка тыңдауға, ырғақты сезініп, мәнерлі қимыл-қозғалыс жасай білуге тәрбиелеп, дене бітімінің сымбатты болып өсуіне жол ашады. Мектеп жасына дейін хореографиялық негіз алған балалар жеткілікті түрде мықты қимыл-қозғалыс дағдысы мен қабілетін меңгерумен қатар, жақсы есте сақтау, зейін, ұшқыр қиялмен ерекшеленеді. Баланың эстетикалық, физикалық және рухани ойлау қабілеттерін тәрбиелеуге би өнері қомақты әсерін тигізеді. Би тек сұлулыққа ғана қызмет етпейді. Ол дененің физикалық дамуына да ықпал етіп, дене иілгіштік қасиетін дамытады. Олай болса, хореография іс-әрекеті баланың белсенді қимылдауын шығармашылық тұрғыда іске асырып қана қоймай, әртүрлі қимыл-қозғалыстар арқылы ерте жаста ырғақты сезіну ет пен дене бітімін күшейту мен дамытуға әкелетінін де атап өтуге болады. Бала бойында ұлы мүмкіншіліктердің бәрі бар. Сол қасиеттерді дамыту ісі дәл балабақшада басталмақшы.

Мектепке дейінгі тәрбиеленіп отырған балалар үшін би өнері көңілді де қызықты болуы шарт. Ең алдымен биді билеуге үйрету үшін ән мен күй

тыңдауы, оны түсіндіру қажет. Сол себепті көңілді-көңілсіз, шапшаң-жай ырғақтарын таныстыра отырып, балаалрға би қимылдары үлгі арқылы үйретіледі. Би қимыл элементтері негізінен үш жастан бастап үйретіледі. Би қимылдарын оларға белгілі бір құралдармен ойыншықтармен үйреткен анағұрлым жеңілірек. Ал жоғары топтарда көбіне қазақтың ұлттық билерін және басқа ұлттардың билерін үйретуді қолға аламыз. Бұл топтарда асатаяқ, домбыра, даңғыра кесе, орамал, қамшы, қылыш т.б құралдар қолданылады. Көпшілігі аяқ, қол, иық қимылдарына арналған. Бұл билердің барлығы балаларға өте қызық, орындауға жеңіл. Би ырғағымен үйлесе билеу үшін, балаларда белгілі бір қимыл қоры болуы тиіс. Ол дене жаттығу қимылдарынан алынады. Сондай ақ, гимнастикалық жаттығу қимылдары да қолданыс табады. Аталған қимылдар доп, құрсау, лента заттармен күрделеніп, ортаңғы және мектепке даярлық топтарда үйретіледі.

Іс-әрекет үстінде әрбір дененің бар қимылдарын орындап қана қоймай биге қызығушылығын ынталандыра, музыка ырғағына сәкес, мәнерлі көрсетеді. Би қимылдары ең бір күтпеген ойлардан, кейбір қоршаған ортадағы жағдайларды бақылаудан пайда болады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Өтешкалиев С. XXI ғасыр – мәселесі//Мектептегі хореография , 2004, №2-3 б.50-52;
2. Ұзақбаева С.А., Өміршең өнер өрісі - Алматы, 1988;
3. А.Қ.Жұбанов. «Ән-күй сапары» М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты. Қазақ ССР-ң «Ғылым» баспасы. Алматы. 1976ж
4. Бес ғасыр жырлайды: 2 томдық. /Құрастыр. М.Мағауин, М.Байділдаев – Алматы: Жазушы, 1989. – Т. 1. 384 бет

ӘӨЖ 373.1.37

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН БИ ӨНЕРІ АРҚЫЛЫ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ МАҢЫЗДЫ РӨЛІ

*Жүсіпбаев М.Т. оқытушы
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық
қазақ-түрік университеті Түркістан қ.
Казбекова Зейнап бВ02124-Хореография,
білім беру бағдарламасының 1 курс студенті*

Салауатты өмір салты мен адамның өз денсаулығы үшін ынтымақты жауапкершілік қағидаты – денсаулық саласындағы және

халықтың күнделікті тұрмысындағы мемлекеттік саясатындағы ең басты мәселесі болуы тиіс деп ел басы Н.Ә. Назарбаев айтып өтті [1].

Еліміздің денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған мемлекеттік «Саламатты Қазақстан» бағдарламасы қабылданды. 2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап жүзеге асатын бұл жаңа бағдарлама отандық денсаулық сақтау жүйесінде «ауырып ем іздегенше, ауырмаудың жолын ізде» дегенді ұстанатын болады. Бұл жаңа бағдарлама Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясында, сондай-ақ Президент Жолдауында көрсетілген міндеттерді іске асыруға негізделген[2].

Елбасымыз айтқандай, халық денсаулығы-баға жетпес байлық, мемлекеттің қымбат қазынасы. Денсаулығы мықты адам ғана қоғамға лайықты қызмет етеді, оның дамуына, экономикасын жақсартуға үлес қосады. Сондықтан да біз күнделікті өмірімізде де денсаулық туралы ұмытпауымыз керек.

“Дені сау ұлт” үшін инфрақұрылымын дамытудың маңызы жоғары. Балалық шақтан бастап дене шынықтыру мен спорттық даярлыққа және оған ең қолайлы мүмкіндіктер туғызуға ерекше ден қойылуы керек. Барлық жастағы адамдардың спортпен шұғылдануына, өздерінің бойларын сергек ұстауына, сөйтіп, өмір жастарын ұзартуына жағдай жасауы қажет.

Өйткені қазіргі кезде адам баласында көп қозғалыс жоқ. Қозғалыс болмаса қан айналыс болмайтынын біле тұра мән бермейміз. Қан айналым жоқ болса көптеген ауруларға бой алдырамыз.

Қазіргі заманда, яғни технологияның дамыған заманында орнымызда қозғалмай жұмыс жасау мүмкіндігі мол. Бірақ оның да пайдасыз жақтары бар екені бәрімізге мәлім. Себебі мектеп жасындағы балалардың арасында омыртқаның қисаюуы, жалпақтабандылық, балалардың қозғалысқа ынтасының жоғалуы, артық салмақтылық т.б. сияқты аурулар көптеп кездесуде. Сондықтанда мектеп жасындағы балалардың денсаулығын нығайту мақсатында мектеп, мектептен тыс мекемелердегі би бөлімдерінде ырғақты би сабақтары өскелең ағзаның толық дұрыс дамуына көп ықпал тигізетіні анық.

“Музыкалық сүйемелдеуімен орындалатын қимылды ойындар музыканың өзі сияқты естуді жеңілдікті және қимылдың икемдігін, музыкадан алынатын әсерлерге шапшаң және дұрыс жауап берушілік қабілеті дамытады”-деп жазған болатын белгілі орыс педагогы Е.Н.Водовозова [3].

Бұл ойды А.П.Усова одан әрі дамытады: “Өсіп келе жатқан баланың бойында ойын, тіл және ойының өзара ұштастық табуында қалайда бір таң қаларлық нәрсе бар, соған орай баланың ән айтуы ойынан туындайды деп айтуға толық негізі бар [4]. Баланың ойының тәжербиесі балалар музыкалық мәдениетінің бастапқы мектебі болып табылады... Балалар үшін орыс биі дегеніміз не деген сұрақтың жауабын да осы ойындардан іздеген жөн болар. Балаға түсінікті әсем ырғақты сурет те соларда жасалып, ол ойын түрінде

берілген” Бұндай бейнелі сөздерде халықтың тәжербиеcіндегі бар жақсылықтың бәрін шеберлікпен пайдаланып балаға береді.

XX-ғасырдың басында негізін швейцарлық музыкант-педагог Э.Жак-Далькроз салған ырғақтық тәрбие жүйесі көптеген елдерде кеңінен тарады. Оның әдісі арнайы іріктеп алынған жаттығулар арқылы балалардың бойына музыкалық естуді, есте сақтауды, зейінді, ырғақты, қимылдың әсем мәнерлігін дамытуды көздеді. Бұл жағдайлар көңіл аударарлық, психологияның, музыка танудың ғылыми мағлұматтары негізінде одан әрі жасалып келе жатқан педагогикада ескеріліп келеді. Музыканың организмнің жалпы қызметіне оңды ықпал жасайтыны дәлелденген. Бұл жөнінде есту және бұлшық еттер түйсігінің өзара байланысына сипаттама бере отырып, И.М. Сеченев те жазған болатын [5]. Музыкалық қабілетінің дамуы-естуді және өзінің қимылдарын музыкамен үйлестіре білуді жетілдіру процесінде жүзеге асырылады. Мектепке дейінгі жастағы балалар үшін бұл іскерліктерді ырғақты жаттығулар, музыкалық ойындар, билер, қол ұстасып әдеттеніп билеу түрінде түсінікті әрі қызықты етіп дамытуды мүмкіндігінше ерте бастау қажет. Психолог Б.М.Тепловтың пікірі бойынша музыканы қабылдау “Музыкалық қозғалыстың уақытша барысында барынша толық күйде немесе аз көлемде бере алатын қандай да бір қимылды әрекеттер арқылы тікелей сүйемелденеді”. Тиісті музыкалық шығармаларды іріктеп алу жолымен белгілі бір қимылды әрекеттер тудыруға, ұйымдастыруға және олардың сапасына ықпал жасауға болады.

Бастауыш сынып жас жеткіншектерді өнерге баулып, оларға эстетикалық тәрбие беруде бидің маңызы зор. Ол баланы музыка тыңдауға, ырғақты сезініп, мәнерлі қимыл-қозғалыс жасай білуге тәрбиелеп, дене бітімінің сымбатты болып өсуіне жол ашады. Мектеп жасына дейін хореографиялық негіз алған балалар жеткілікті түрде мықты қимыл-қозғалыс дағдысы мен қабілетін меңгерумен қатар, жақсы есте сақтау, зейін, ұшқыр қиялмен ерекшеленеді. Баланың эстетикалық, физикалық және рухани ойлау қабілеттерін тәрбиелеуге би өнері қомақты әсерін тигізеді. Би тек сұлулыққа ғана қызмет етпейді. Ол дененің физикалық дамуына да ықпал етіп, дене иілгіштік қасиетін дамытады. Олай болса, хореография іс-әрекеті баланың белсенді қимылдауын шығармашылық тұрғыда іске асырып қана қоймай, әр-түрлі қимыл-қозғалыстар арқылы ерте жаста ырғақты сезіну етпен дене бітімін күшейту мен дамытуға әкелетінін де атап өтуге болады. Бала бойында ұлы мүмкіншіліктердің бәрі бар. Сол қасиеттерді дамыту ісі дәл Бастауыш сынып басталмақшы.

Бастауыш сынып тәрбиеленіп отырған балалар үшін би өнері көңілді де қызықты болуы шарт. Ең алдымен биді билеуге үйрету үшін ән мен күй тыңдауы, оны түсіндіру қажет. Сол себепті көңілді-көңілсіз, шапшаң-жай ырғақтарын таныстыра отырып, балаалрға би қимылдары үлгі арқылы үйретіледі. Би қимыл элементтері негізінен үш жастан бастап үйретіледі. Би қимылдарын оларға белгілі бір құралдармен ойыншықтармен үйреткен анағұрлым жеңілрек. Ал жоғары топтарда көбіне қазақтың ұлттық билерін

және басқа ұлттардың билерін үйретуді қолға аламыз. Бұл топтарда асаяқ, домбыра, даңғыра кесе, орамал, қамшы, қылыш т.б құралдар қолданылады. Көпшілігі аяқ, қол, иық қимылдарына арналған. Бұл билердің барлығы балаларға өте қызық, орындауға жеңіл. Би ырғағымен үйлесе билеу үшін, балаларда белгілі бір қимыл қоры болуы тиіс. Ол дене жаттығу қимылдарынан алынады. Сондай ақ, гимнастикалық жаттығу қимылдары да қолданыс табады. Аталған қимылдар доп, құрсау, лента заттармен күрделеніп, ортаңғы және мектепке даярлық топтарда үйретіледі.

Іс-әрекет үстінде әрбір дененің бар қимылдарын орындап қана қоймай биге қызығушылығын ынталандыра, музыка ырғағына сәкес, мәнерлі көрсетеді. Би қимылдары ең бір күтпеген ойлардан, кейбір қоршаған ортадағы жағдайларды бақылаудан пайда болады.

Мектеп жасына дейінгі мекемелердегі хореография іс-әрекеті мына міндеттерді іске асырады:

- Бала денсаулығын нығайтуды;
- Музыкалық ырғақты, қарқынды сезінуді, биді мәнерле орындауды, олардың жекелеген элементтерін меңгеруді;
- Әдемі жүріс-тұрыс дене сымбаттылығын ептілікті қалыптастыруды, мәнерлі дене қозғалысымен мен қалпын ұстауды үйретеді.

Ырғақты би- бала үшін қозғалыс арқылы өз-өздерін көрсетудің тәсілі болып табылады. Ал, қазіргі заманғы музыка әуені кең қозғалыстығымен көңілді динамикасымен балаларға жақын.

Ырғақты би қимылы тек ептілік әдемілік, шығармашылық мүсін ғана емес, баланы жігерлендіреді. Хореография сабағында тек қана би үйретіліп қана қоймай денсаулықтары нығайып, ой-өрістері дамиды. Бұлшық ет күштері жақсарып, икемділік, төзімділік қабілеттері дамиды және дене бітімдері түзеліп, сымбаттылыққа тәрбиеленеді, әдемілікке деген құштарлықтары артады, яғни ырғақты би қимылы баланың ішкі барлық ағзаларына әсер етеді. Мысалы ішкі рухани жағдайы өзгеріп, мазасыздықты басып, қандағы кортизол деңгейін жақсартып, жалпақтабандылық, омыртқа қисаю ауруларының алдын алады сонымен қоса балалардың зияткерлік деңгейінің артуына, оның ойлау жылдамдығына ықпалын тигізе отыра есте сақтау қабілеттерін жақсартады. Ырғақты би балаларды эстетикалық құндылыққа тәрбиелейді, эмоцияналдық көңіл-күйін жақсартады.

Бимен айналысу арқа, іш және аяқ бұлшық еттерін нығайтады әрі бүкіл ағзадағы және буындар мен омыртқадағы қан айналымын, сондай-ақ зат алмасу процесін жақсартады. Сонымен қатар қимыл-қозғалыстың үйлесімділігін арттырып, дене бітімін жетілдіруге, тыныс алу жүйесін жаттықтыруға көмектеседі.

Музыкалық-ырғақтық іс-әрекет ырғақ сабақ жұмысының мазмұны болады да, оның нәтижесінде оқушылар музыкаға қосылып, қозғалыс арқылы өзін, яғни «мен» дегенді көрсетеді. Күрделі емес музыкалық формаларды меңгеруі, музыкамен әртүрлі қозғалыстарды – жүгіру, секіру, би және гимнастикалық жаттығуларды орындау, оқушылардың қозғалыс

дағдыларын, кеңістік бағдарын және қозғалыс тепе-тендігін жақсартуға көмектеседі.

Бірғақ – оқушының эмоционалдық қалпын және тәртібін қалпына келтірудің жақсы құралы болып келеді.

Күрделі емес музыкалық формаларды меңгеруі, музыкамен әр түрлі қозғалыстарды – жүгіру, секіру, би және гимнастикалық жаттығуларды орындау, оқушылардың қозғалыс дағдыларын, кеңістік бағдарын және қозғалыс тепе-тендігін жақсартуға көмектеседі.

Бірғақтық-гимнастикалық жаттығулар баланың қозғалыс координациясының дамуына көмектеседі. Оқушылар қолдың, бастың, дененің және аяқтың қозғалыстарының үндесуін үйренуін және оларды синхронды орындауға тырысуына сабағымда басты назарға аламын. Музыка ырғағымен істелінетін жаттығулар физикалық дамуындағы ауытқуларды ғана түзете қоймай, сонымен қатар барлық психикалық процестердің жетілуіне көмектеседі.

Би ағзадағы зиянды қалдық заттардың сырқа шығуына және артық салмақты жоюда май жасушаларының еруіне септігін тигізетіні белгілі. Бойымызды тазалап, қан айналымымызды жақсарту, біздің ойлау қабілетімізбен санамызға оң әсер береді. Сонымен қатар саулықты, салауатты өмір сүруді іске асыратын тәсілдің бірі. Енді бидің денеге тигізетін пайдасын медициналық тұрғыдан алғандағы бірнеше түрін атап өтейік:

1. Бидің қимыл-қозғалысы жүректі қажытпай, адамның көңіл-күйін көтеріңкі ұстауға ықпал жасайды.

2. Би қимылындағы еңкейіп, шалқайғандағы жаттығуларыда адамның ми тамырлары кеңіп, арнасынан аққан қанның көлемі көбейеді. Сол арқылы миға қоректік заттар мен оттегі көптеп келеді. Мұндай адамның көкірегі ояу, ақыл-ойы таза, күш қуаты мол болады.

3. Үнемі иіліп, көтеріліп тұрудан көздің ішіндегі қан айналымы жақсарып, оны ұстап тұрған бұлшық еттер шындалады. Адамның аз қимылдауы-бұлшық еттердің дәрменсіз қалуы, қан айналысының нашарлауы, ішкі ағзалар қызметі төмендеп, зат алмасуы бұзылды деген сөз. Осындай зардап тартпас үшін, адамдар жаттығулар жиынтығын кеңінен қолдануы керек. Қимыл-қозғалыстың денсаулыққа пайдасы ықылым заманынан белгілі

Би өзінді нәзік, сұлу да сүйкімді, жеңіл әрі қуанышты сезінуге көмектеседі. Ең бастысы, бимен кез келген жастан бастап, кез келген жас мөлшерінде айналысуға бола береді, тіпті үй жағдайында да билей беріңіз. Би өмірді ұзартады, жұмысқа, өмір сүруге деген құштарлықты арттырады.

Дәрігер мамандардың пікіріне жүгінсек, бимен айналысу организмдегі зат алмасу процесіне, жүрек-қан тамырлары және тыныс жолдары жұмысына оң ықпал етеді, иммунитетті көтеріп, көңіл күйді жақсартуға, шаршағанды басуға көп көмектеседі. Сондай-ақ зерттеушілер жүректің ишемиялық ауруының азаюы мен қан қысымының төмендеуіне және дене салмағын қалыпты деңгейде ұстап тұруға да бидің пайдасы тиетіндігін анықтаған. Мұның сыртында би сүйекті нығайтатындықтан, онымен айналысқан адам

қартайғанда остеопароз, сүйек жарақатын алу сияқты ауруларға көп бой алдыра қоймайды. Сонымен қатар бишілер суық тию, демікпе, тіпті астма тәрізді сырқаттармен де жиі ауыра бермейді. Би адамды тоқырау жағдайынан сақтайды және қимыл-қозғалысының үйлесімділігін қалыптастырып, жалпы көңіл күйін көтереді. Қысқасы, бимен айналысудың денсаулыққа тигізер пайдасы зор.

Бүгінгі таңда мектепке дейінгі кезеңде балалардың ақыл-ой қабілеттерін жан-жақты дамыту және тәрбиелеу мәселесіне ерекше мән берілуде, себебі осы кезеңде балалардың таным қабілеттерін дамыту мүмкіндіктері мол. Баланың ақыл-ой ерекшеліктері жаратылыстан шығармашылық, ізденгіштік сипаттарға ие, бірақ оны дұрыс бағытта дамыту жағдайлары әртүрлі, сондықтан баланың танымдық қабілеттерін дамыту, оның бағыттарын анықтау ең алдымен оның жас және дара ерекшеліктерін ескеріп тәрбиелеуге байланысты. Сондықтан мен өз жұмысымда қызықты сахналық би қойылымдары арқылы балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға бағыттадым.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Өтешкалиев С. ХХІ ғасыр – мәселесі//Мектептегі хореография , 2004, №2-3 б.50-52;
2. Ұзақбаева С.А., Өміршең өнер өрісі - Алматы, 1988;
3. А.Қ.Жұбанов. «Ән-күй сапары» М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты. Қазақ ССР-ң «Ғылым» баспасы. Алматы. 1976ж
4. Абиров Д.Т. История казахского танца: Учебное пособие. - Алматы: «Санат», 1997. - 160 с
5. Жиенкулова Ш. Би өрнектері. – Алматы: Рауан, 2010. - 314 б.
6. Аюханов Б. Современное состояние балетного искусства в Казахстане. Алматы, 17 января 2005 года. [Электрондық ресурс] URL: www.aukhanov.kz

ӘӨЖ 373.1.37

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН БИ ӨНЕРІ АРҚЫЛЫ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ МАҢЫЗДЫ РӨЛІ

Жүсіпбаев М.Т. оқытушы

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық
қазақ-түрік университеті Түркістан қ.

*Казбекова Зейнап бВ02124-Хореография,
білім беру бағдарламасының 1 курс студенті*

Салауатты өмір салты мен адамның өз денсаулығы үшін ынтымақты жауапкершілік қағидаты – денсаулық саласындағы және халықтың күнделікті тұрмысындағы мемлекеттік саясатындағы ең басты мәселесі болуы тиіс деп ел басы Н.Ә. Назарбаев айтып өтті [1].

Еліміздің денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған мемлекеттік «Саламатты Қазақстан» бағдарламасы қабылданды. 2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап жүзеге асатын бұл жаңа бағдарлама отандық денсаулық сақтау жүйесінде «ауырып ем іздегенше, ауырмаудың жолын ізде» дегенді ұстанатын болады. Бұл жаңа бағдарлама Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясында, сондай-ақ Президент Жолдауында көрсетілген міндеттерді іске асыруға негізделген[2].

Елбасымыз айтқандай, халық денсаулығы-баға жетпес байлық, мемлекеттің қымбат қазынасы. Денсаулығы мықты адам ғана қоғамға лайықты қызмет етеді, оның дамуына, экономикасын жақсартуға үлес қосады. Сондықтан да біз күнделікті өмірімізде де денсаулық туралы ұмытпауымыз керек.

“Дені сау ұлт” үшін инфрақұрылымын дамытудың маңызы жоғары. Балалық шақтан бастап дене шынықтыру мен спорттық даярлыққа және оған ең қолайлы мүмкіндіктер туғызуға ерекше ден қойылуы керек. Барлық жастағы адамдардың спортпен шұғылдануына, өздерінің бойларын сергек ұстауына, сөйтіп, өмір жастарын ұзартуына жағдай жасауы қажет.

Өйткені қазіргі кезде адам баласында көп қозғалыс жоқ. Қозғалыс болмаса қан айналыс болмайтынын біле тұра мән бермейміз. Қан айналым жоқ болса көптеген ауруларға бой алдырамыз.

Қазіргі заманда, яғни технологияның дамыған заманында орнымызда қозғалмай жұмыс жасау мүмкіндігі мол. Бірақ оның да пайдасыз жақтары бар екені бәрімізге мәлім. Себебі мектеп жасындағы балалардың арасында омыртқаның қисаюуы, жалпақтабандылық, балалардың қозғалысқа ынтасының жоғалуы, артық салмақтылық т.б. сияқты аурулар көптеп кездесуде. Сондықтанда мектеп жасындағы балалардың денсаулығын нығайту мақсатында мектеп, мектептен тыс мекемелердегі би бөлімдерінде ырғақты би сабақтары өскелең ағзаның толық дұрыс дамуына көп ықпал тигізетіні анық.

“Музыкалық сүйемелдеуімен орындалатын қимылды ойындар музыканың өзі сияқты естуді жеңілдікті және қимылдың икемдігін, музыкадан алынатын әсерлерге шапшаң және дұрыс жауап берушілік қабілеті дамытады”-деп жазған болатын белгілі орыс педагогы Е.Н.Водовозова [3].

Бұл ойды А.П.Усова одан әрі дамытады: “Өсіп келе жатқан баланың бойында ойын, тіл және ойының өзара ұштастық табуында қалайда бір таң қаларлық нәрсе бар, соған орай баланың ән айтуы ойынан туындайды деп айтуға толық негізі бар [4]. Баланың ойының тәжербиесі балалар музыкалық мәдениетінің бастапқы мектебі болып табылады... Балалар үшін орыс биі дегеніміз не деген сұрақтың жауабын да осы ойындардан іздеген жөн болар. Балаға түсінікті әсем ырғақты сурет те соларда жасалып, ол ойын түрінде берілген” Бұндай бейнелі сөздерде халықтың тәжербиесіндегі бар жақсылықтың бәрін шеберлікпен пайдаланып балаға береді.

XX-ғасырдың басында негізін швейцарлық музыкант-педагог Э.Жак-Далькроз салған ырғақтық тәрбие жүйесі көптеген елдерде кеңінен тарайды. Оның әдісі арнайы іріктеп алынған жаттығулар арқылы балалардың бойына музыкалық естуді, есте сақтауды, зейінді, ырғақты, қимылдың әсем мәнерлігін дамытуды көздейді. Бұл жағдайлар көңіл аударарлық, психологияның, музыка танудың ғылыми мағлұматтары негізінде одан әрі жасалып келе жатқан педагогикада ескеріліп келеді. Музыканың организмнің жалпы қызметіне оңды ықпал жасайтыны дәлелденген. Бұл жөнінде есту және бұлшық еттер түйсігінің өзара байланысына сипаттама бере отырып, И.М. Сеченев те жазған болатын [5]. Музыкалық қабілетінің дамуы-естуді және өзінің қимылдарын музыкамен үйлестіре білуді жетілдіру процесінде жүзеге асырылады. Мектепке дейінгі жастағы балалар үшін бұл іскерліктерді ырғақты жаттығулар, музыкалық ойындар, билер, қол ұстасып әдеттеніп билеу түрінде түсінікті әрі қызықты етіп дамытуды мүмкіндігінше ерте бастау қажет. Психолог Б.М.Тепловтың пікірі бойынша музыканы қабылдау “Музыкалық қозғалыстың уақытша барысында барынша толық күйде немесе аз көлемде бере алатын қандай да бір қимылды әрекеттер арқылы тікелей сүймелденеді”. Тиісті музыкалық шығармаларды іріктеп алу жолымен белгілі бір қимылды әрекеттер тудыруға, ұйымдастыруға және олардың сапасына ықпал жасауға болады.

Бастауыш сынып жас жеткіншектерді өнерге баулып, оларға эстетикалық тәрбие беруде бидің маңызы зор. Ол баланы музыка тыңдауға, ырғақты сезініп, мәнерлі қимыл-қозғалыс жасай білуге тәрбиелеп, дене бітімінің сымбатты болып өсуіне жол ашады. Мектеп жасына дейін хореографиялық негіз алған балалар жеткілікті түрде мықты қимыл-қозғалыс дағдысы мен қабілетін меңгерумен қатар, жақсы есте сақтау, зейін, ұшқыр қиялмен ерекшеленеді. Баланың эстетикалық, физикалық және рухани ойлау қабілеттерін тәрбиелеуге би өнері қомақты әсерін тигізеді. Би тек сұлулыққа ғана қызмет етпейді. Ол дененің физикалық дамуына да ықпал етіп, дене илгіштік қасиетін дамытады. Олай болса, хореография іс-әрекеті баланың белсенді қимылдауын шығармашылық тұрғыда іске асырып қана қоймай, әр-түрлі қимыл-қозғалыстар арқылы ерте жаста ырғақты сезіну ет пен дене бітімін күшейту мен дамытуға әкелетінін де атап өтуге болады. Бала бойында ұлы мүмкіншіліктердің бәрі бар. Сол қасиеттерді дамыту ісі дәл Бастауыш сынып басталмақшы.

Бастауыш сынып тәрбиеленіп отырған балалар үшін би өнері көңілді де қызықты болуы шарт. Ең алдымен биді билеуге үйрету үшін ән мен күй тыңдауы, оны түсіндіру қажет. Сол себепті көңілді-көңілсіз, шапшаң-жай ырғақтарын таныстыра отырып, балаалрға би қимылдары үлгі арқылы үйретіледі. Би қимыл элементтері негізінен үш жастан бастап үйретіледі. Би қимылдарын оларға белгілі бір құралдармен ойыншықтармен үйреткен анағұрлым жеңілрек. Ал жоғары топтарда көбіне қазақтың ұлттық билерін және басқа ұлттардың билерін үйретуді қолға аламыз. Бұл топтарда асатаяқ, домбыра, даңғыра кесе, орамал, қамшы, қылыш т.б құралдар

қолданылады. Көпшілігі аяқ, қол, иық қимылдарына арналған. Бұл билердің барлығы балаларға өте қызық, орындауға жеңіл. Би ырғағымен үйлесе билеу үшін, балаларда белгілі бір қимыл қоры болуы тиіс. Ол дене жаттығу қимылдарынан алынады. Сондай ақ, гимнастикалық жаттығу қимылдары да қолданыс табады. Аталған қимылдар доп, құрсау, лента заттармен күрделеніп, ортаңғы және мектепке даярлық топтарда үйретіледі.

Іс-әрекет үстінде әрбір дененің бар қимылдарын орындап қана қоймай биге қызығушылығын ынталандыра, музыка ырғағына сәкес, мәнерлі көрсетеді. Би қимылдары ең бір күтпеген ойлардан, кейбір қоршаған ортадағы жағдайларды бақылаудан пайда болады.

Мектеп жасына дейінгі мекемелердегі хореография іс-әрекеті мына міндеттерді іске асырады:

- Бала денсаулығын нығайтуды;
- Музыкалық ырғақты, қарқынды сезінуді, биді мәнерле орындауды, олардың жекелеген элементтерін меңгеруді;
- Әдемі жүріс-тұрыс дене сымбаттылығын ептілікті қалыптастыруды, мәнерлі дене қозғалысымен мен қалпын ұстауды үйретеді.

Ырғақты би- бала үшін қозғалыс арқылы өз-өздерін көрсетудің тәсілі болып табылады. Ал, қазіргі заманғы музыка әуені кең қозғалыстығымен көңілді динамикасымен балаларға жақын.

Ырғақты би қимылы тек ептілік әдемілік, шығармашылық мүсін ғана емес, баланы жігерлендіреді. Хореография сабағында тек қана би үйретіліп қана қоймай денсаулықтары нығайып, ой-өрістері дамиды. Бұлшық ет күштері жақсарып, икемділік, төзімділік қабілеттері дамиды және дене бітімдері түзеліп, сымбаттылыққа тәрбиеленеді, әдемілікке деген құштарлықтары артады, яғни ырғақты би қимылы баланың ішкі барлық ағзаларына әсер етеді. Мысалы ішкі рухани жағдайы өзгеріп, мазасыздықты басып, қандағы кортизол деңгейін жақсартып, жалпақтабандылық, омыртқа қисаю ауруларының алдын алады сонымен қоса балалардың зияткерлік деңгейінің артуына, оның ойлау жылдамдығына ықпалын тигізе отыра есте сақтау қабілеттерін жақсартады. Ырғақты би балаларды эстетикалық құндылыққа тәрбиелейді, эмоцияналдық көңіл-күйін жақсартады.

Бимен айналысу арқа, іш және аяқ бұлшық еттерін нығайтады әрі бүкіл ағзадағы және буындар мен омыртқадағы қан айналымын, сондай-ақ зат алмасу процесін жақсартады. Сонымен қатар қимыл-қозғалыстың үйлесімділігін арттырып, дене бітімін жетілдіруге, тыныс алу жүйесін жаттықтыруға көмектеседі.

Музыкалық-ырғақтық іс-әрекет ырғақ сабақ жұмысының мазмұны болады да, оның нәтижесінде оқушылар музыкаға қосылып, қозғалыс арқылы өзін, яғни «мен» дегенді көрсетеді. Күрделі емес музыкалық формаларды меңгеруі, музыкамен әртүрлі қозғалыстарды – жүгіру, секіру, би және гимнастикалық жаттығуларды орындау, оқушылардың қозғалыс дағдыларын, кеңістік бағдарын және қозғалыс тепе-тендігін жақсартуға көмектеседі.

Ырғақ – оқушының эмоционалды қалпын және тәртібін қалпына келтірудің жақсы құралы болып келеді.

Күрделі емес музыкалық формаларды меңгеруі, музыкамен әр түрлі қозғалыстарды – жүгіру, секіру, би және гимнастикалық жаттығуларды орындау, оқушылардың қозғалыс дағдыларын, кеңістік бағдарын және қозғалыс тепе-теңдігін жақсартуға көмектеседі.

Ырғақтық-гимнастикалық жаттығулар баланың қозғалыс координациясының дамуына көмектеседі. Оқушылар қолдың, бастың, дененің және аяқтың қозғалыстарының үндесуін үйренуін және оларды синхронды орындауға тырысуына сабағымда басты назарға аламын. Музыка ырғағымен істелінетін жаттығулар физикалық дамуындағы ауытқуларды ғана түзете қоймай, сонымен қатар барлық психикалық процестердің жетілуіне көмектеседі.

Би ағзадағы зиянды қалдық заттардың сырқа шығуына және артық салмақты жоюда май жасушаларының еруіне септігін тигізетіні белгілі. Бойымызды тазалап, қан айналымымызды жақсарту, біздің ойлау қабілетімізбен санамызға оң әсер береді. Сонымен қатар саулықты, салауатты өмір сүруді іске асыратын тәсілдің бірі. Енді бидің денеге тигізетін пайдасын медициналық тұрғыдан алғандағы бірнеше түрін атап өтейік:

1. Бидің қимыл-қозғалысы жүректі қажытпай, адамның көңіл-күйін көтеріңкі ұстауға ықпал жасайды.

2. Би қимылындағы еңкейіп, шалқайғандағы жаттығуларыда адамның ми тамырлары кеңіп, арнасынан аққан қанның көлемі көбейеді. Сол арқылы миға қоректік заттар мен оттегі көптеп келеді. Мұндай адамның көкірегі ояу, ақыл-ойы таза, күш қуаты мол болады.

3. Үнемі иіліп, көтеріліп тұрудан көздің ішіндегі қан айналымы жақсарып, оны ұстап тұрған бұлшық еттер шыңдалады. Адамның аз қимылдауы-бұлшық еттердің дәрменсіз қалуы, қан айналысының нашарлауы, ішкі ағзалар қызметі төмендеп, зат алмасуы бұзылды деген сөз. Осындай зардап тартпас үшін, адамдар жаттығулар жиынтығын кеңінен қолдануы керек. Қимыл-қозғалыстың денсаулыққа пайдасы ықылым заманынан белгілі.

Би өзінді нәзік, сұлу да сүйкімді, жеңіл әрі қуанышты сезінуге көмектеседі. Ең бастысы, бимен кез келген жастан бастап, кез келген жас мөлшерінде айналысуға бола береді, тіпті үй жағдайында да билей беріңіз. Би өмірді ұзартады, жұмысқа, өмір сүруге деген құштарлықты арттырады.

Дәрігер мамандардың пікіріне жүгінсек, бимен айналысу организмдегі зат алмасу процесіне, жүрек-қан тамырлары және тыныс жолдары жұмысына оң ықпал етеді, иммунитетті көтеріп, көңіл күйді жақсартуға, шаршағанды басуға көп көмектеседі. Сондай-ақ зерттеушілер жүректің ишемиялық ауруының азаюы мен қан қысымының төмендеуіне және дене салмағын қалыпты деңгейде ұстап тұруға да бидің пайдасы тиетіндігін анықтаған. Мұның сыртында би сүйекті нығайтатындықтан, онымен айналысқан адам қартайғанда остеопароз, сүйек жарақатын алу сияқты ауруларға көп бой алдыра қоймайды. Сонымен қатар бишілер суық тию, демікпе, тіпті астма

тәрізді сырқаттармен де жиі ауыра бермейді. Би адамды тоқырау жағдайынан сақтайды және қимыл-қозғалысының үйлесімділігін қалыптастырып, жалпы көңіл күйін көтереді. Қысқасы, бимен айналысудың денсаулыққа тигізер пайдасы зор.

Қазіргі уақытта мектепке дейінгі тәрбие бүкіл қоғамдық, жалпы халықтық іс болып отыр, себебі қоғам өміріндегі өзгерістер – жан-жақты дамыған, білімді, парасатты адам тәрбиелеп, өсіруді талап етеді.

Бүгінгі таңда мектепке дейінгі кезеңде балалардың ақыл-ой қабілеттерін жан-жақты дамыту және тәрбиелеу мәселесіне ерекше мән берілуде, себебі осы кезеңде балалардың таным қабілеттерін дамыту мүмкіндіктері мол. Баланың ақыл-ой ерекшеліктері жаратылыстан шығармашылық, ізденгіштік сипаттарға ие, бірақ оны дұрыс бағытта дамыту жағдайлары әртүрлі, сондықтан баланың танымдық қабілеттерін дамыту, оның бағыттарын анықтау ең алдымен оның жас және дара ерекшеліктерін ескеріп тәрбиелеуге байланысты. Сондықтан мен өз жұмысымда қызықты сахналық би қойылымдары арқылы балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға бағыттадым.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Өтешкалиев С. ХХІ ғасыр – мәселесі//Мектептегі хореография, 2004, №2-3 б.50-52;
2. Ұзақбаева С.А., Өміршең өнер өрісі - Алматы, 1988;
3. А.Қ.Жұбанов. «Ән-күй сапары» М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты. Қазақ ССР-ң «Ғылым» баспасы. Алматы. 1976ж
4. Абиров Д.Т. История казахского танца: Учебное пособие. - Алматы: «Санат», 1997. - 160 с
5. Жиенкулова Ш. Би өрнектері. – Алматы: Рауан, 2010. - 314 б.
6. Аюханов Б. Современное состояние балетного искусства в Казахстане. Алматы, 17 января 2005 года. [Электрондық ресурс] URL: www.aukhanov.kz

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ДЕНЕ САПАЛАРЫН ҚИМЫЛ-ҚОЗҒАЛЫС ОЙЫНДАРЫ АРҚЫЛЫ ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

*А.Б.Кеңесбай Оқытушы
Қали Шаттық бВ01405-Денешынықтыру және
спорт білім беру бағдарламасының 1 курс студенті
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан қ.*

Қазіргі таңда заманның қарқынды даму жаңа технологиялар мен адам өмірін жеңілдетітін өндірістерді жаппай қолдану, адамзаттың қимыл-қозғалысын төмендетуде. Мұндай мәселелер дене шынықтыру саласында тереңінен зерттеліп зерделенеді. Өйткені денсаулықты нығайту жолдары мен тәсілдерін қарастырып жүйелері түрде жұмыс жасайтын сала түрі болып есептеледі. Сонымен қатар дене шынықтыру саласының жұмысы - оқушылардың денсаулығын, білім беру, тәрбиелеу, дамыту міндеттерін шешуді қарастыратын педагогикалық іс-шаралар болып табылады және де дененің белсенділігін, табиғи күшін күшейтуге, қимыл-қозғалысты қалыпты етуге, дене мүшелерінің генетикалық негіздері мен дене қозғалыс қабілет мүмкіндігіне сай, өз бетінше қимыл-қозғалыс жаттығу жасай алатын, өзін-өзі үнемі дамытып, қуатты сергек жүруге баулиды.

«Денсаулық басты байлық» - демекші, елдің дамып, өсуі, өскелең ұрпақтың дене күшінің, дене қозғалысының, дене іс-әрекетінің дамуы мен қалыпты болуына байланысты. Оқушының ойлау қабілеттері, зейіні, ынтасы, қабылдау түйсігінің қажетті деңгейде жұмыс істеуі баланың дене сапаларымен тығыз байланысты.

Дене шынықтыру сабағы баланың дене қозғалысын, дене сапасын дамыту арқылы баланың белседі болуын көздейді. Әлімдік ғалымдардың зерттеулерінде адамның миына қан дұрыс бармаса, ойлау, тыңдау, қабылдау жүйесі нашарлайтыны белігі. Ағзадағы қан айналымын денені шынықтыру арқылы яғни қимыл-қозғалыс жаттығуларын жасай отырып дене сапасын арттыруға болады. Қоғамда экономиканың жылдам дамуы, озық технологиялардың күн санап көбейуі, білімнің жаңаруы барлық жағдай мектеп оқушыларының дене сапаларына әсері тиетіні сөзсіз. Қарастырылып отырған зерттеу тақырыбының дене шынықтыру және сауықтыру саласынадағы шешілуі керек өзекті мәселе екендігі анық. Себебі, әлеумекттік қоғамнды құрастырушы тұлғаның дене сапаларын қалыптастырудың ғылыми зерттеудің және әдебиеттер мен дене шынықтыру жүйесін ауқымдылығын ашуды қажет етеді. Болашақ ұрпақтың дененің саулығы, мықтылығы, дене күшінің қалыпты болуы, дене қозғалысының дамуы өз-өзін дамуына тікелей әсер етеді. Алынып отырған тақырып оқушылардың дене сапаларын арттыруда қимыл-қозғалыс ойындарының жолдар көрсету және негіздеу керек деп таптық.

Адамның дене сапасын, дене белсенділігін қимыл-қозғалыс арқылы бір қалыпта ұстауға болатыны бәрімізге белгілі. Кәдімгі күнделікті жүріп-

тұрғанымыздың өзі денені шынықтыра алады. Дегенмен де дененің сапасын арттыру үшін күнделікті жүріс тұрыстық қимылдар аздық ететіні анық. Сондықтан да спортта қимыл-қозғалыс ойындарының маңызы зор болып келеді. Қимыл-қозғалыс ойынның бір түрі болып табылады. Қимыл-қозғалыс дегеніміз – әр түрлі қимыл әрекеттердің жиыны.

Оқушылар қимыл-қозғалыс ойындарын бастауыш сыныптан жоғарғы сыныпқа дейін дене шынықтыру сабағында ойнайды. Яғни қимыл-қозғалыс ойындары баланың дене сапасын арттырудың бірден бір жолы деген сөз.

Орыс ғалымдары Витенко Ю.Б. және Витенко И.В. өздерінің зерттеулерінде қимыл-қозғалыс ойындарына анықтама берген болатын олардың ойларына: «Қозғалмалы ойындар-балалардың дене тәрбиесінің негізгі құралдарының бірі. Қозғалыс қажеттілігі балалар әдетте ойындарды қанағаттандыруға ұмтылады. Олар үшін ойнау, ең алдымен, қозғалу, әрекет ету. Қозғалмалы ойындар кезінде балаларда қозғалыстар жетілдіріліп, бастамашылық пен дербестік, сенімділік пен табандылық сияқты қасиеттер дамиды. Олар өз іс-әрекеттерін келісуге және тіпті белгілі бір ережелерді сақтауға үйренеді.» [1]

Спортта оқушылардың қызығушылығын спорттық ойындар тудыртады. Ойындарды ойнау арқылы оқушылар дене сапаларын арттыра алады. Дене шынықтыруда оқушының қимыл-қозғалысының белсенді болуы ойын ойнау кезінде көрінеді. В.Б.Болдырева және т.б. ғалымдар өздерінің зерттеулерінде ойын-балалар мен ересектердің өзіндік іс-әрекеті.

Спортта жасалынған әрбір іс-әрекет ойын деп тұжырымдаған. Қозғалмалы ойын қозғалыстардың рөлі айқын көрінетін ойын іс-әрекетінің көріністеріне жатады.

Қозғалмалы ойынға оның сюжетімен дәлелді Белсенді Шығармашылық қозғалыс әрекеттері тән. Бұл іс - әрекеттер қойылған мақсатқа қол жеткізу жолындағы түрлі қиындықтарды еңсеруге бағытталған ережелермен (жалпы қабылданған, басшы белгілеген немесе ойнайтын) ішінара шектеледі. [2]

Оқушылардың дене сапаларын арттыруда ұжымдық қимыл-қозғалмалы ойындарын қарастырған. Ұжымдық қозғалмалы ойындар - бұл бір мезгілде қатысушылардың шағын топтары да, тұтас сыныптар да немесе спорттық кешендер де, ал кейбір жағдайларда ойнаушылардың саны да көп қатысатын ойындар.

Л. В. Былееваның пікірінше, бірлескен авторлармен жеке қозғалмалы ойындар әдетте балалар жасайды және ұйымдастырады. Бұндай ойындарды ойнау кезінде қатысушылар өз позицияларын яғни өз жоспар құра отырып ойнайтын болады.

Витенко Ю.Б., Витенко И.В. пікірінше қимыл-қозғалыс ойындарын үйрету барысында сабақтан тыс жаттығулардың оқушының дене сапаларын арттыруға айтарлықта көмегі тиетінін ашық көрсеткен[3].

Дене шынықтыру сабақтарында және сабақтан тыс уақытта қозғалмалы ойындар өткізу кіші мектеп және орта жастағы балалардың дене қасиеттерін дамыту үшін неғұрлым тиімді. Осы кезеңдегі адам үшін ойын оның ішкі

дүниесінің еркіндік бейнесі, оның қажеттілігін бейнелейді. Сондықтан ойын қуаныш, еркіндік, қанағат, өзіне және өзіне жақын тыныштық, әлеммен әлемді тудырады.

Ғалым өзінің педагогикалық тәжірибесінде ұжымдық және жеке қозғалмалы ойындарды, сондай-ақ спорттық іс-әрекетке әкелетін ойындарды пайдалану маңызды. Ұжымдық қозғалмалы ойындарға бір мезгілде тұтас сыныптар тартылатынын айтқан.

Индивидуальды (жеке) қозғалмалы ойындар әдетте оқушылар жасайды және ұйымдастырады. Мұндай ойындарда әркім өз жоспарларын белгілей алады, өздері үшін шарттар мен ережелерді белгілей алады, ал қалауы бойынша оларды өзгерте алады.

Жеке қалауы бойынша ойластырылған іс-әрекеттерді жүзеге асыру жолдары да сайланады. Сабақта ұйымдастырылған қозғалмалы ойындардың көпшілігі қатысушылардан жылдамдықтың талап етеді. Бұл ойындар дыбысқа, көрерменге, тактильді сигналдарға, кенеттен тоқтаған, кідірген және қозғалыстардың жаңарған, қысқа уақыт ішінде аз қашықтықты еңсере отырып, тез арада жауап беру қажеттілігіне құрылады. Үнемі өзгермелі ахуал, ойын, жылдам ауысу, қатысушылардың бір қозғалыс басқа дамытуға ықпал етеді ептілік.

Дене шынықтыру сабақтарында дене күшіне тәрбиелеу үшін ойындарды қолданамыз. Бағдарламалық жүктеме бойынша орташа, қысқа мерзімді жылдамдық-күштік кернеуді жақсарту бойынша жұмыстар жасалынады.

Оқушылармен ойын әрекетін ұйымдастыру кезінде күш пен күш жұмсайтын, шыдамдылықтың дамуына ықпал ететін үнемі қозғалыстық белсенділігі бар, көп рет қайталанатын қимыл - қозғалыс ойындарына көп көңіл бөлінеді.

Спорттық және қозғалмалы ойындар негізгі қозғалыстарды бастапқы жетілдіру үшін үлкен маңызға ие, қимыл - қозғалыс сапаларын жан - жақты тәрбиелеуді қамтамасыз етеді және жалпы физикалық дамуға айтарлықтай әсер етуі мүмкін, әсіресе, жақсы гигиеналық жағдайларда өткізіледі.

Яғни ойын адамдардың демалуға, көңіл - күйге, танымға, рухани және дене күшін дамытуға деген белсенділігін арттырады. Спорттық іс-әрекетке әкелетін ойындар-бұл ойын өткізудің тұрақты шарттарын талап ететін және оқушылардың спорттық техника элементтерін және спорттың жекелеген түрлеріндегі қарапайым тактикалық іс-қимылдарды табысты меңгеруіне ықпал ететін жүйелі түрде ұйымдастырылатын қозғалмалы ойындарды айтамыз.

Ойын әрекетін ұйымдастырудағы сабақтарда мұғалім қозғалыстардың күрделілігі мен әртүрлілігіне ерекше көңіл бөледі. Оларда, әдетте, барлық бұлшықет топтары тартылуы мүмкін. Бұл тірек-қимыл аппаратының үйлесімді дамуына ықпал етеді.

Қозғалмалы ойын-балаларды жан-жақты тәрбиелеудің маңызды құралдарының бірі негізгі ерекшелігі-ағзаға және оқушының тұлғасына

кешенді әсер ету. Тәрбиеленуші неғұрлым шығармашылық қызметке қатысса, өзін-өзі тану, өзін-өзі білу, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі бағалау процестерінің жоғары деңгейге тән оның жеке тұлғасы белсенді дамиды.

Дене шынықтырумен және спортпен шұғылдану кезіндегі жағдайлардың ерекшелігі зерттеу объектісін көру тәсілі ретінде қызмет нысанасымен анықталады. Ол өз денесінің қозғалысын саналы түрде меңгерген, өз күш-жігерінің көмегімен уақыт пен кеңістікте мақсатты түрде жылжыта алатын адам болып табылады. Осы мақсатта адам физикалық қасиеттерді (күш, жылдамдық, төзімділік, ептілік және икемділік) дамытады, психикалық процестерді, жеке тұлғаның жағдайы мен сапасын жетілдіреді.

Ол спорттық қызметтің түрлі әлеуметтік жағдайларында өзін басқаруды үйренеді (көмек көрсету, қарсы әрекет ету), жеке өмір сүру жағдайында дене және психикалық белсенділікті табысты іске асыру үшін қажетті жалпы және арнайы іс-қимыл алгоритмдерін (шеберлігі мен дағдылары) қалыптастырады.

Дене тәрбиесі адамды тәрбиелеу жүйесіндегі маңызды элемент болып табылады. Осы аспектіде дене тәрбиесі білім беру-тәрбие процесі болып табылады және педагогикалық процеске тән принциптермен сипатталады.

Дене тәрбиесінде педагог-маманның (дене шынықтыру мұғалімінің) рөлі, тәрбиеленушілердің (оқушылардың) орны мен функциялары, олардың білім беру және тәрбие сипатындағы міндеттерді іске асыруға бағытталған бірлескен қызметі нақты айқындалған.

Дене тәрбиесіндегі сабақтар жүйесі Педагогикалық үдерісті ұйымдастырудың дидактикалық принциптері мен нормаларына сәйкес келеді, алайда өзіндік ерекшеліктері бар. Біріншіден, бұл әрбір адамның өмірінің барлық кезеңдеріне таралатын үздіксіз көпжылдық процесс туылғаннан кейін бірден басталады. Екіншіден, бұл процесс, оның мазмұны мен формалары адамның дамуының жас кезеңділігіне тән заңдылықтардың ерекшеліктеріне байланысты болады.

Шын мәнінде, дене тәрбиесі қозғалыс қимылдары мен дағдыларын қалыптастыру, физикалық қасиеттер мен психикалық қасиеттерді тәрбиелеу онтогенездің кезеңділігінің заңдылықтарына толық сәйкес жүзеге асырылуымен ерекшеленеді. Осының жарқын дәлелі адамның физикалық дамуының жас кезеңдерінің және дене тәрбиесінің үстем формаларының арақатынасы болып табылады.

Ғалымдардың пікірінше дене сапаларының дамуы, дене белсенділігінің артыру жас ерекшелікке байланыстылығын көрсетіп кеткен. Яғни бұл зерттеуде назар аударатын маңызды субъекті, ол адамның даму барысындағы жас ерекшелік кезеңдеріне аса мән берілген.

Оқушылардың дене сапаларын арттыру үшін ең алдымен олардың ағзасының қалыпты өсуі маңызды болып келеді. Әлемдің ғалымдардың еңбектерінде осы мәселе күрделілігі жағынан кездеседі.

Даму - бұл ағзаның өзгеруі, ол ұрықтандырудан бастап, оның соңғы сатысына белгілі бір жағдайлармен, дене, ақыл-ой, тілдік, эмоционалдық сейсенбі, бағытта жеткенге дейін үнемі прогрессивті.

Даму - бұл процесс және оны оқыту, өмір, жетілу нәтижесінде адамда байқалатын тұрақты және тұрақты өзгерістер ретінде анықтауға болады. Бұл жеке тұлғаның функционалдық өзгерістеріне қатысты. Ол өмір бойы бастан өткен алға және артқа барлық өзгерістерді қамтиды. Бала жоғары деңгейде жұмыс істеуі үшін оның қабілеті қалыптасуы және дамуы тиіс. Күлімсіреу, өз анасын қарап, шөлмекшесін ұстап, отырып, жүгіріп, қолын басын көтеріп, жүгіріп, баланың туу кезінде рефлексивті реакциясы ғана бар екенін көрсетеді. Біздің өмірімізбен байланысты барлық өлшемдерді қамтитын даму зерттеулері өмір басталғаннан өлімге дейінгі адам ағзасында қандай өзгерістер орын алатынын зерттейді.

Даму және өсу ұғымдары бір-бірімен байланысты болса да, олардың мәні әртүрлі. Өсу - бұл процесс, даму-бұл процестің өнімі. Даму-бұл адам функциясының деңгейінде уақыт өткен өзгерістер. Басқаша айтқанда, Даму-бұл біздің өміріміздің барлық өзара байланысты аспектілерін қамтитын күрделі процесс.

Дамумен байланысты көздерді зерттеу кезінде көптеген өлшемдер мен осы өлшемдермен байланысты тұжырымдамалар бар, меніңше олар көп. Дамудың барлық салаларындағы сияқты өсу, жетілу, оқыту және дайындық тұжырымдамалары, әсіресе физикалық және моторлы дамуды өлшеуде көш бастап тұр.

Өсу тірі организмдердің негізгі сипаттамасы болып табылады және динамикалық даму процесі болып табылады. Тіндер мен мүшелердің дамуын қамтиды. Ол сондай-ақ жасушалардың өсуі мен көбеюінен туындаған қозғалыс көрсеткіштерінің ұлғаюы ретінде анықталады. Өсу-бұл жетілу кезеңінде адам денесінде және оның бөліктерінде болатын өлшемнің артуы.

Басқаша айтқанда, бұл форманың өзгеруін және шараның ұлғаюын тудыратын ағзадағы метаболикалық өзгерістер болып табылады. Биологиялық өсу үрдісі баланың дамуына байланысты өзгерістердің құрылымдық негіздерін белгілейді. Өсу импульсі ағзаның ішінде сақталған. Дұрыс тамақтану және жаман салдардан қорғау арқасында өсу жетілуге салауатты жолмен прогреседі [4].

Дене мүшелерінің өзгерістеріне қарап, тұқым қуалаушылық және қоршаған орта факторларының рөлі осы өсу мен өзгерістердің басында үлкен болып көрінеді. Даму кезеңінде барлық балалар бір даму жолын ұстанады. Бала жүгірудің алдында жүреді, жүрер алдында еңбек етеді. Бірақ балалардың даму жылдамдығымен мінез-құлыққа қол жеткізуге кететін уақыт адамнан адамға өзгереді. Кейбір балалар басқаларға қарағанда жылдам дамиды. Бұл артықшылығы, әдетте, тұрақты және үздіксіз. Мысалы, дамудың алғашқы жылдарында жоғары балалар оны келесі жылдары қолдауды жалғастырады. Тағы да, олардың құрдастарына қарағанда дағдылары

дамыған және кейбір даму тұлғалары тұрғысынан ерте пісетін балалар жиі басқа даму тұлғаларынан асып түсетін балалар болып табылады.

Баланың дамуы екі маңызды фактордан тұрады. Бұл мұрагерлік және қоршаған орта шарттары. Тұқым қуалаушылық - бұл адам гендер арқылы анасы мен әкесінен алатын қасиеттер. Қоршаған орта ұрықтандырудан бастап адамға әсер ететін барлық сыртқы стимуляторлар деп аталады. Кейбір қабілеттер мен қасиеттер анасы мен әкесінен балаға мұра ретінде беріледі. Біздің мұра арқылы бар сипаттамаларымыз қоршаған орта жағдайларымен өзара іс-қимыл жасай отырып, дамуды анықтайды. Адам ие қасиеттер гендермен анықталған шектерде қоршаған ортамен өзара әрекеттестікте қалыптасады.

Дамуға қатысатын әрбір кезең оның алдындағы кезеңдерге негізделген болса да, ол кейінгі кезеңдер үшін негіз қалайды. Даму градуирленген және үздіксіз, кейде жылдам, кейде баяу, бірақ өмір бойы созылады. Даму ең жылдам болып табылатын екі кезең - бұл сәби және жасөспірімдік кезең. Когнитивті даму декор мен интеллект арасындағы функционалдық байланысты қамтиды. Когнитивті даму-бұл туғаннан бастап, қоршаған ортамен өзара іс-қимыл жасауға мүмкіндік беретін және Біз өмір сүріп жатқан әлемді түсінуге көмектесетін және барлық психикалық процестерді қамтитын ақпаратты сатып алуға және пайдалануға, сақтауға, түсіндіруге және қайта құруға, бағалауға көмектесетін даму саласы. Дене дамуы; өсуі, салмағын арттыру, тістердің жойылуы және қайта қалпына келуі, дене пропорцияларының өзгеруі сүйектердің дамуын, жүйке жүйесінің дамуын және сезім мүшелерінің дамуын қамтиды. Өсу және даму қарқыны белгілі бір кезеңдерде үдеуді және баяулауды көрсетеді. Бұл кезеңдер жас ерекшеліктерінде көрініп байқалып отырады. Әрбір жас кезеңдерінің өзіне белгілі даму сатысында жүзеге асырылып отырады.

Ғылымда ағзаның даму қарқыны мен өсу кезеңдерінің зерттеулері дененің қалыптасу сатыларын айқындайды. Дененің даму мен өсу дене сапаларының қалыптасуымен тығыз байланысты. Ғалымдардың жүргізген зерттеулерінде дененің даму мен өсуіне әсер ететін факторларды қарастырған.

Физикалық даму деп тұқым қуалаушылық факторлармен және сыртқы ортаның нақты жағдайларымен негізделген ағзаның морфологиялық және функционалдық признаcының (дене өлшемдерінің, оның пропорцияларының, дененің - қосылуының, бұлшық ет массасының өсуінің, жұмысқа қабілеттілігінің өзгеруі) өзгеруінің динамикалық процесін түсінеді. Осының нәтижесінде балалар мен жасөспірімдердің өсу қарқындылығы елеулі өзгерістерге ұшырауы мүмкін [5].

Адам денсаулығы өмір салтына 50% — ға, тұқым қуалайтын факторларға 20% - ға, қоршаған орта жағдайына 20% — ға және медицинаның дамуына 10% - ға ғана байланысты екені дәлелденген.

Өсіп келе жатқан ағзаның функционалдық жүйелерінің өзгергіштігі сыртқы ортаның әртүрлі әсерлерінің кең ауқымына жылдам бейімделуге

ықпал етеді. Физикалық дамудағы нормадан кез келген ауытқулар денсаулық жағдайында салыстырмалы қолайсыздық туралы куәландырады және назарға алынуы тиіс[6].

Дене дамуы жалпы биологиялық заңдылықтарға және өсіп келе жатқан ағзаның денсаулық жағдайының басты өлшемі болып табылады. Дене дамуының негізгі көрсеткіші дене ұзындығы болып табылады. Баланың өсуі мен дамуының қарқындылығы, сондай - ақ дененің соңғы өлшемдері онтогенездің бейнеспе-сандық және жеке генетикалық бағдарламасымен анықталады – оған әсер ететін экзогенді факторлар да әсер етеді-өмірдің әлеуметтік-экономикалық және гигиеналық жағдайлары айқын әсер етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Аулик И.В. Определение физической работоспособности в клинике и спорте. Москва. «Медицина», 2012.
2. Мұстафина Т.Қ. Спорттық медицина. Оқу құралы. Алматы, 2012.
3. Бальсевич В.К., Запоржанов В.А. Физическая активность человека. Киев, 2014.
4. Ә.К.Әбділлаев. Дене мәдениетінің ілімі мен әдістемесі. Оқу құралы, Түркістан, 2011
5. Физиология мышечной деятельности. Учебник для институтов физической культуры. /Под ред. Я.М.Коца/.-Москва. «Физкультура и спорт», 2012.
6. Физиология человека. Учебник для институтов физической культуры. /Под ред. Н.В.Зимкина/.-Москва. «Физкультура и спорт», 2015.

ӘОЖ:378.147

КЕЙС - СТАДИ ӘДІСІН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПӘНДЕРДЕ ПАЙДАЛАНУ ЖОЛДАРЫ

*Қуатова Ж.Ж, п.ғ.к. Ө.Жәнібеков атындағы
Оңтүстік –Қазақстан педагогикалық университеті,
аға оқытушы Тавбаева Д.Б. Шымкент университеті
№102 жалпы орта білім беретін мектебінің
оқу ісі жөніндегі орынбасары Маханова Г.К.*

Резюме: В статье раскрываются суть и содержание, история развития, структура и пути использования метода кейс - стадии в процессе преподавания педагогических дисциплин. Автор на примере семинарских занятия по педагогическим дисциплинам рассматривает возможности и особенности использования метода кейс стадий как одной из инновационных

методов обучения в вузе. А также, указывается методика их использования в процессе обучения будущих специалистов.

Annotation: The essence and content, history of development, structure and ways of using the case-stage method deals with the teaching of pedagogical disciplines in the article. The author, using the example of lectures on pedagogical disciplines, reveals the possibilities and peculiarities of using the case study of the stages as one of the innovative methods of teaching in higher education. And also, the method of their use in the process of training future specialists is indicated.

Қазақстан Республикасында жаңа білім беру жүйесінің қалыптасуы жүріп жатыр. Осыған орай, алдыңғы қатарлы идеялар мен педагогикалық технологияларды практикалық тұрғыдан жаңартып пайдалану қажет. Оқыту процесін жеке тұлғаға бағыттап ұйымдастыру қағидаларына негізделетін болсақ, оқыту процесінде интерактивті әдістерді қолданудың орны және рөлі маңызды саналады. Бұл әдістердің өзіндік ерекшелігі бұнда іс-әрекет жеке-дара жүзеге асырылмай, оқытушы мен студенттердің өзара бірлескен іс-әрекеттері негізінде орындалады. Бұндай бірлескен іс-әрекет процесінің өзіне тән ерекшеліктері бар. Олар төмендегідей:

- сабақ барысында студент белсенді болуға, өз бетінше пікірлеуге, шығармашылық тұрғыдан ізденуге мәжбүр болуы;

- оқу процесінде студенттің білімді игеруге деген қызығушылығының үнемі қамтамасыз етілуі;

- студенттердің білімге деген қызығушылығының еркін түрде әрбір мәселеге шығармашылық тұрғыдан қатынаста болуы арқылы артатындығы;

- педагог және студенттің бірлескен іс-әрекетінің үнемі ұйымдастырылуы.

Оқытушының сабақ барысында қандай әдісті пайдалануы өтілетін тақырыптың мақсат, міндеттері, мазмұнына және осы тақырып бойынша студенттерде қалыптастырылуы тиіс болған білім, іскерлік, дағдыларға байланысты таңдалады. Егер мұғалім оқушылардың өз бетінше іздену өзіндік пікірін дамытуды мақсат етсе, онда өз бетінше іздену, өзіндік пікірді қалыптастыруға көмектесетін «Кластер» (тармақтар), «Бумеранг», «ПСМҚ» (атауы шартты түрде алынған) сияқты интербелсенді әдістерді пайдаланады.

Оқытудан көзделген мақсатқа жетуде әдістерді таңдауда студенттердің білім дәрежесі, топ сипаттамасы, олардың дайындық деңгейі де ескерілуі тиіс. Демек, оқыту технологияларын таңдау өтілетін сабақтың ерекшелігі мен сол сабаққа байланысты оқушыларда қалыптастырылатын білім, дағды, икемділіктерге сондай-ақ, оқушылардың білімділік деңгейлеріне байланысты қолданылады. Аталған интербелсенді әдістерді педагогикалық пәндерден лекция, семинар, ОБСӨЖ сабақтарында да тиімді пайдалануға болады. Төменде осындай интерактивті әдістерден бірі - кейс-әдісін лекция сабағын ұйымдастыру мысалында пайдалану мүмкіндігін көрсетеміз.

Кейс-әдісі - бұл ЖОО инновациялық әдіс болып, пәннің барлық ерекшеліктерін қамтиды және пән бойынша студенттерге қажетті білім, іскерлік, дағдыларды тиімді қалыптастыруға септігін тигізеді.

Кейс амал-тәсілі алғашқы кезде бизнес мектебінде ғана қолданылып келсе, бүгін де бұл әдістің қолданылу аясы кеңейіп, ол барлық салаларда тиімді қолданылуда.

Кейс-әдісін оқыту үрдісіне енгізу мәселелері: Г.А. Брянский, Ю.Ю. Екатеринославский, О.В. Козлова, Ю.Д.Красовский, В.Я. Платов, Д.А. Поспелов, О.А. Овсянников, В.С. Рапопорт т.б еңбектерінде қарастырылған [1].

Кейс –стади әдісі немесе оқытудың нақты жағдаяттар әдісі(метод конкретных учебных ситуаций») XX ғасырдың басында Америка Құрама Штаттары Гарвард университетінің бизнес мектебінде пайда болған. Кейс-стади әдісі термині алғаш рет американдық ғалым Коплендтің еңбектерінде пайдаланылған. Копленд 1921 жылы оқытудың нақты жағдаяттар жинағын шығарып, кейс-стади амал-тәсілін қолдану жолдарын көрсеткен.

Кейс әдісінің атауы латын тілінен casus – шиеленіскен, ерекше жағдай, сондай ақ, ағылшын тілінен case – портфель, чемодан мағыналарын береді. Студенттер белгілі бір мәселеге қатысты оқытушыдан құжаттар пакетін (кейстерді) алады, сол құжаттардың көмегімен берілген мәселені айқындайды және оны шешудің жолдарын көрсетеді немесе айқындалған проблема бойынша күрделі жағдаяттан шығу жолдарын белгілейді.

Кейстер оқытудың мақсаттарына қарай мазмұнына, берілген материалдың ұйымдастырылуына қарай төмендегідей жіктеледі: жағдаяттарды талдау мен бағалауға бағытталған кейстер, мәселені шешу мен шешім қабылдауға арналған кейстер, мәселені суреттейтін, оның тұтас шешімін немесе тұжырымын айқындайтын кейстер[2].

Негізгі дерек көздерге әсер ету дәрежесіне қарай кейстер төмендегідей жіктеледі:

- практикалық кейстер-өмірлік жағдаяттары айқындайтын;
- білім беруге арналған кейстер - негізгі мақсаты -білім беруге бағытталған;
- ғылыми-ізденушілік кейстер-ізденушілік іс-әрекетті жүзеге асыруға арналған[2].

Практикалық кейстің негізгі міндеті өмірлік жағдаяттарды егжей-тегжейлі, толық ашып беру. Мұндай кейстер жоғары деңгейдегі көрнекіліктермен, егжей-тегжейлі жасалған болуы тиіс. Мақсаты өмірді түсінуге, тиімді іс - әрекетке қажетті қабілеттілікті меңгерту болып табылады.Білім беруге арналған кейстердің негізгі қызметі аты айтып тұрғандай білімдік мақсаттарды жүзеге асыруға бағытталған болып, біріншіден, маманның өз кәсіби іс- әрекетінде кездесуі мүмкін болған типтік ситуацияларды бейнелейді. Екіншіден, мұнда бірінші орында білімдік және тәрбиелік міндеттер тұрады. Мұндай кейстердегі ситуация, сюжет жасанды болып өмірде кездесуі мүмкін болған, шындыққа жақын жағдайлардан

құралады. Мұндай кейстер студенттерге ситуацияларды аналогия әдісімен талдау жасау арқылы типтік жағдайларды көре алуға үйретеді.

Бұл аталған мәселе ғылыми-ізденушілік кейстерге де тән болып, ізденушілік моделді құрастыру қағидаларына сәйкес жасалады. Ғылыми-ізденушілік кейстердің түпкі мәні ситуация жайлы және ондай жағдайда өзінді қалай ұстау керектігі жөнінде жаңа білімдерді меңгеруде үлгі модель қызметін атқарады. Бұл әдістерде ізденушілік сипат басым болғандықтан, оны жалпы білім беретін оқыту әдісі ретінде емес, біліктілікті арттыру, ізденушілік мәдениетті қалыптастыру әдісі ретінде пайдалану тиімді.

Кейстің көлеміне қарай олар: мини-кейс - бір беттен бірнеше бетке дейін (екі сағаттық сабақтың бір бөлігінде пайдалануға мөлшерленген); орташа көлемдегі кейс, екі сағаттық сабақтарға арналған болып жіктеледі.

Дәстүрлі түрде кейстер негізінен практикалық сабақтарда, өтілген тақырыпты пысықтауда қолданылады. Дегенмен, кейстерді жаңа материалды өтуде, проблема қоюда пайдалануға болады, ал оның теориялық қырлары лекция барысында қарастырылады. Бұл технология жеке де, дәстүрлі әдістердің бөлігі ретінде де сондай ақ, басқа да интерактивті әдістермен үйлесімді түрде де пайдаланылады.

• Сондай ақ, өтілетін сабақтың мақсат, міндеттерінен, тақырыптың көлемінен келіп шығып, оқу процесін кейс әдісімен жүргізудің төмендегідей үлгілерін де ұсынуға болады. Мысалы, классикалық педагогика өкілдерінен Я.Коменскийдің педагогикалық ойларымен таныстыруда төмендегідей кейс үлгісін құрастыруға болады:

Кейс-стади әдісін пайдалану төмендегі қағидаларға негізделеді:

1. Әдіс қойылған сұраққа түрлі қырынан жауап беруге болатын жағдайларға арналған. Мұндай жағдайда оқытушы білім алушыларды берілген мәселеге түрлі қырынан қарап, мәселенің бірнеше шешімін таба алуға белсендіруі, мәселеге бағдарлана алуына жағдай жасауы тиіс;

2. Білімді студенттердің өздеріне іздеп табуға жағдай жасау, білім алушы мен оқытушының өзара шығармашылықта жұмыс жасауы. Білім алу процесіндегі еркіндік, теңдік;

3. Кейс-стади әдісін қолдану нәтижесінде білімдерге ие болудан тыс, кәсіби іс-әрекет дағдылары игеріледі, құндылықтар жүйесі, кәсіби позициялары, өмірлік ұстанымдары т.б дамиды.

4. Кейс әдісінің оқу материалын жанды, эмоционалды түрде беру мүмкіндігінің жоғарылығы [3].

Кейс-стади әдісінің негізгі мақсаттары:

- талдау және сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын дамыту;
- теория мен практиканы үйлестіру;
- түрліше позициялар мен көзқарастарды салыстыра қарастыру;
- қабылданатын шешім үлгілерін және оларды қабылдағанда тигізетін әсерлерін алдын-ала көре алу;
- белгісіздік жағдайларда альтернатив варианттарды бағалай алу дағдыларын қалыптастыру[4].

Кейс-әдісі - белгілі бір мәселені шешуге бағытталған инновациялық әдіс бірақ, мұнда шешілетін мәселе дайын күйінде берілмейді, нақты оқыту жағдайларынан келіп шыға отырып оқытушы тарапынан жасалады. Ол лекция сабақтарымен бірге семинар сабақтарында да сабақтың тақырыбы мен мақсат, міндеттеріне сәйкес тиімді қолданылады. Мысалы, "Педагогика" пәнінен "Отбасы тәрбиесінің негіздері" тақырыбы бойынша семинар сабағын ұйымдастыруда тақырыпқа қатысты түрлі ситуациялар мен кейс үлгілерінен пайдалануға болады:

Ситуация №1.

Қазақта "шалдың баласы" деген әдемі тіркес бар. Яғни, біздегі қалыптасқан дәстүр бойынша отбасының тұңғышын атасы мен әжесінің тәрбиесіне беріп жатады. Дегенмен, соңғы уақытта бұл үрдісті қолдамайтындардың қарасы да артқан. Адамның тегін анықтаумен айналысатын маман Әлия Сағымбаева да осындай пікірде

"Қазақта үлкен ұлды туыла салып атасы мен әжесіне беріп жатады. Біздің ата-бабаларымыз аттың үстінде жүрген, соғысқан. Перзенттері қауіпсіздікте болсын деп оларды ата-әжесіне берген. Алайда, уақыт өте бұл дәстүрге айналып кетті. Менің пікірімше, аталған үрдіс дұрыс емес. 3 жасқа дейін бала анасының қамқорлығында болуы керек. Өйткені, бұл уақытта сәбидің дүниетанымында қоршаған ортаға, туғандарына деген махаббаты оянады. Ал, үш жастан бастап баланың тәрбиесіне әкесі араласуы тиіс. Егер сәбиді анасынан ерте ажыратып алатын болса табиғаттың заңдылықтары бұзылады. Болашақта ол бала жиі проблемаларға шалдығып, көңілінде ата-анасына деген реніш пайда болады", - дейді Әлия Сағымбаева.

Ситуация №2.

Отбасының тұңғышын атасы мен әжесінің тәрбиесіне беру қазақ болып қалыптасқан уақыттан бері келе жатқан дәстүр. Қазақ солай өсті, өнді, дамыды, жетілді, ел қатарына қосылды, ешкімнен кем болған жоқ. Қаншама ұлы ғұламалар осы ата-әжесінің тәрбиесімен өсті. Бұл ұрпақ жалғастығына өте жақсы септігін тигізген дәстүр. Қазір туысқандар жат болып бара жатыр. Ал, сіз айтып отырған дәстүр туғандар арасындағы байланысты нығайтатын құрал. Оның ешқандай да зияны жоқ. **Мырзатай Жолдасбек, қоғам қайраткері, академик**

Оның үстіне, қазір әйелдер бұрынғыдай он баладан туып жатқан жоқ. Айналдырған бір-екі перзентін біреуге беріп қайтеді, өзі тәрбиелей алады ғой. Уақыт өте бұл үлкендер жаққа да кері әсерін тигізеді. Бала берген жақ та, алған жақ та іштегісін бір-біріне айта алмай, қиналып жүреді. Бұрынғы заманда білінбеген де шығар, барлығы бір үйде тұрған. Ал, қазіргі заман басқа". **Лимана Қойшиева, психолог Сұрақ:**

1. Төменде екі түрлі көзқарастағы жағдаят берілген,
2. Қазақ отбасындағы бұл дәстүрге Сіз не айтасыз?
3. Бала үшін бұл пайдалы ма?
4. Тұңғышын ата-енесіне бергісі келетін ата-аналарға нендей ақыл кеңес бересіз?

5. Тұңғышын ата-енесіне бергісі келмей, оны дау-жанжалға айналдыратын ата-аналарға не айтасыз?

6. Екі тарап үшін де тәрбиелік мәні бар ұсыныс жасаңыз.

Адамзат отбасын құра отырып, сол шағын мемлекетке әлеуметтенеді, отбасылыққұндылықтар қалыптастырады және әдет-ғұрып дәстүрлерін дамытады. Отбасындағы қатынастар, отбасыныңқұрылымы мен формасы тарихи өзгеріп отыратын әлеуметтік топ. Жазушы-педагог Ж.Аймауытов: «Баланы тәрбиелеу үшін әрбір тәрбиешінің өзі тәрбиелі болуы керек. Себебі, бала айтып ұқтырғаннан гөрі, көргеніне көп еліктегіш келеді. Солай болған соң балаға нежақсы мінез болсын, іспен көрсету керек», - дейді [2].

Отбасылық тәрбие дегеніміз ата-ананың баласының рухани және дене бітімініңқасиеттерін саналы түрде қалыптастыру үрдісі[3]. Бұл үрдіс отбасылық дәстүрлер, белгілі бір ұстанымдар арқылы қалыптасады. Ұстаным деген қандай да бір теорияның, ілімнің, дүниетанымның теориялық бағдарламаның түпкі қағидасы.

Ата-ананың нұсқаулары, не көзқарасы бұл ата-ана-бала қарым-қатынасының едәуір зерттелген аспектілерінің бірі. Ата-ананың нұсқаулары дегеніміз ата-ананың балаға деген эмоционалдық қатынасының жүйесі, не жиынтығы, ата ананың баланы қабылдауы және онымен қарым-қатынас тәсілдері. Ата-ана нұсқауының синонимі ата ананың стилі болып табылады.

А.Болдуин ата-аналық тәрбие практикасының екі стилін бөліп көрсетеді: демократиялық және қадағалаушы [4].

Демократиялық келесі көрсеткіштермен анықталады: қарым-қатынастың жоғары деңгейі, бірлесіп мәселені талқылау, балаға көмек беруге әр кез даярлықтың болуы. Қадағалаушы стилде ата-аналары бала әрекеттерін едәуір шектеп отырады.

Тәрбиелеудің демократиялық стилі қолданылатын отбасындағы балалар лидерлік қабілетінің болуымен басқа балаларды қадағалауға ұмтылуларымен ерекшеленеді, оларға альтруизм, эмпатия тән емес. Ал тәрбиелеудің қадағалаушы стилін қолданған отбасы балалары көнбіс, қорқақ болып келеді.

Мамандар дәлелдегендей, оқушылардың рухани-адамгершілік тұлғасын қалыптастыру ісі оларға адамзат баласының қолы жеткен қоғамдық-тарихи тәжірибесін игерту және тұтастай алғанда әлеуметтік-этикалық нормалар мен жалпыадамзаттық ізгіліктерді қатар игеруге болатынын дәлелдеп берді. Бұл өлшемдер халықтық дәстүрлерде, адамгершілік уағыздарда, діни мәдениетте жазылып қойған және әлеуметтік ойдың тәуір белгілері, тұлғаның қасиеттері, адамгершілік үлгілері шоғырландырылған күйде әдептіліктің қоғамда қабылданған үлгісі ретінде көрінеді. **Әдебиет**

1. Лидерс А.Г. Психологическое обследование семьи – М., 2006.

2. ЖарықбаевҚ, ЖүсіпбекАймауытұлыныңпсихологиялықкөзқарастары. - Алматы, 2000

3.Эйдемиллер Э.Г., Юстицкий В.В. Семейная психотерапия, СПб,Питер,2000.

4.Болдуин А. Психическое развитие ребенка.-М. , 2000.

Оқу кейсі №4

Төмендегі мәтіннен қазақ отбасы тәрбиесіндегі этникалық мәдени құндылықтарды айқындаңыз, олардың тәрбиелік мүмкіндіктерін ашып көрсетіңіз.

Қазақ отбасы тәрбиесінде ғасырлар бойы қалыптасқан, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан отбасы мүшелерінің қарым-қатынасының маңызы зор.Қазақ халқының отбасы тәрбиесіндегі өзіне тән жарасымдылықтың бір ұшы олардың жасы кішісінің үлкеніне «сен» деп сөйлемей, алдын кесіп өтпей, үлкені тұрып кішінің, әке тұрып ұлдың, шеше тұрып қыздың орынсыз сөйлемейінде деп есептемейміз.

Және қазақ отбасындағы бала тәрбиесін ұл тәрбиесі, қыз тәрбиесі деп жеке-жеке мән беріп қарастыруда оның өзіндік ерекшеліктерінің ішіндегі маңыздысының бірі.

Үлкенді құрметтеу отбасы мүшелерінің бір-бірінің тәрбиесіне жауапкершілік, борыштылық, адамгершілік сезімдерін туғызған.

Қазақ отбасындағы арнайы жазылып бекітілмеген «заңдары» әке мен ұлдың, шеше мен қыз баланың, әке мен қыздың , қыз бен жеңгенің, келін мен ененің, келін мен атаның, нағашы мен жиеннің, бажа, жезде, бөлелердің арасындағы өзара қарым-қатынастары әрқайсысын әдептілікке тәрбиелеудің ерекше қымбат үлгісі іспетті.Сол сияқты, жас келіннің үлкен – кішіге ат қоюының өзінде үлкен философиялық мән бар. Одан жас келіннің отбасы тәрбиесінің деңгейі, ақыл- ой дәрежесі, тапқырлығын аңғаруға болады. Халқымыздың мінез – құлқының елеулі ерекшелігі болып саналатын, адамдардың бір-біріне көмектесу, әсіресе қуаныш пен қайғыда сүйеу болу, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету де өнегелі дәстүрге айналған. Және қазақ халқында ерекше құрметтелетін адамшылдық қасиеттің бірі-ар болып есептеледі. Ары бар адамда намыста, әділдікте, адамгершілік пен имандылықта болары сөзсіз.

Қазақ отбасында балаға тілі шығып, анық сөйлей бастаған кезден-ақ , ағайын туысты, нағашы жұртын, ата тегін, руын, ел жұртын білдіруге ерекше көңіл бөлген.”Жеті атасын білу» заң болған. Ата-бабаларымыз өз тегінің шығу тарихын білуді әр азаматқа парыз деп ұққан. «Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер» деген аталы сөз содан қалса керек. Баланың өзі шыққан тегін білуі оның азаматтық, елжандылық, отансүйгіштік қасиеттерін қалыптастырады деп есептеген. Отбасы мүшелері балаға тек жеті атасына дейінгі бабаларының атын жаттатып қанақоймаған. Олардың қандай адам болғанын, өнегелерін үлгі етіп отырған. Әрі сол арқылы отбасы шежіресін жалғастыруға баулуды мақсат еткен.

Оқу кейсі №5.

1. Төмендегі мәтінді әрі қарай жалғастырып, отбасы мен мектеп ынтымақтастығының формаларын анықтаңыз,

2. Отбасы мен педагогикалық ұжым жұмысындағы сынып жетекшісінің рөлін көрсетіңіз.

Халықтық педагогиканың негізгі міндеті-бала тәрбиелеу. Осы орайда тәрбие беру мекемелері отбасылармен біріге отырып, отбасы мектеп ынтымақтастығын жолға қоюы қажет. Ол үшін мектеп пен отбасы ынтымақтастығын жүзеге асырудың түрлі формаларын іздеп табу қажет. Сондай ақ, отбасы мен мектеп ынтымақтастығын жолға қоюда сынып жетекшісінің рөлі де жоғары.

Мұнда студенттер берілген кейстер мен ситуациялардағы мәселелерге барынша нақты жауап беруге тырысады және де қарастырылған мәселелер бойынша лекицияда алған білімдері кеңейіп, арта түседі.

Жоғарыда айтылған пікірлерді қорытындылай отырып, кейс әдісін оқыту процесінде пайдаланудың келесідей мүмкіндіктері бар екендігін айтуға болады:

- кейс стади әдісі - студенттердің креативті ойлауын дамытып, сабақтың мазмұнын ерекше құруға,білім алушылардың шығармашылық мүмкіндігін кеңейтуге жағдай жасайды;

- мәселеге түрлі қырынан талдау жасап, оған объектив баға беруге жағдай жасайды;

- кейс әдісін студенттердің ізденушілік-зерттеушілік мәдениетін дамыту әдісі ретінде де тиімді пайдалануға болады;

- білім алушылардың аналитикалық, практикалық,шығармашылық, коммуникативті дағдыларын дамытудың басымдылығы;

- оқу процесінде субъект- субъект қарым- қатынасын орнатуға қол жеткізу т.б.

Әдебиеттер

1. Изменения в образовательных учреждениях: опыт исследования методом кейс –стадии / под ред Г.Н. Прозументовой. – Томск, 2003. – Б. 54.

2.Смолянинова, О.Г. Информационные технологии и методика Case Study в профессиональном обучении студентов педагогического вуза: Труды II Всероссийской научно-методической конференции "Образование XXI века: инновационные технологии диагностика и управление в целях информатизации и гуманизации", Красноярск, май 2000 г. / О.Г.Смолянинова. - Красноярск, 2000

3.Савельева М.Г. Педагогические кейсы: конструирование и использование в процессе обучения и оценки компетенций студентов: Учебно-методическое пособие/Ижевск, УдГУ, 2013.94с

4.Попова, С. Ю. Современные образовательные технологии. Кейс-стади : учебное пособие для вузов / С. Ю. Попова, Е. В. Пронина. — 2-е изд., испр. и доп. — Москва : Издательство Юрайт, 2024. — 123 с. — (Высшее образование).

5. Ф.Б.Бөрібекова,Н.Жанатбекова Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар: Оқулық. – Алматы: 2014. – 360 бет. ГРНТИ 14.07.07

РАЗВИТИЕ ИНТЕРЕСА К УЧЕБНОЙ И ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ

Кубеева Марзия Абдухалыковна

Магистр, старший преподаватель кафедры педагогические науки

Шымкентский университет

Директор общеобразовательной школы №94 КММ

Каратаева Жамила Сагинтаевна

Аннотация: Развитие интереса к учебной и познавательной деятельности младших школьников. Познавательная деятельность представляет собой особое явление во всех явлениях, которые усваиваются с развитием умений и навыков.

Annotation: Developing educational interest and cognitive activity of younger schoolchildren. Cognitive activity is a special phenomenon in all phenomena that are acquired with the development of skills and abilities.

Познавательная деятельность представляет собой особое явление во всех явлениях, которые усваиваются с развитием умений и навыков. Это одна из важнейших задач преподавания, а также является предметом учебной деятельности, а также особым проявлением познавательного интереса, стремления к новым знаниям, умениям и обучению. Рубинштейн считает, что важнейшим способом усвоения является невербальный перенос, внутренний механизм которого - усвоение, а главным – обобщение.

По словам его учителя, в процессе обучения происходит анализ и синтез разнообразных идей по трем основным направлениям: накопление информации, накопление идей. Обобщение целей школы; обобщение методов образования; а также формирование опыта для образовательной деятельности. Если обобщение принципа действия – понимание учениками основных правил, закономерностей и стратегии действий», то обобщение метода - это определенная схема, определение порядка действий и способов их организации. И результаты деятельности учащихся.

В учебном процессе необходимо изучить все три компонента сравнения, обобщение и обобщение. Приемлемость и самоанализ основных методов лингвистического анализа можно описать как стремление к углублению знания, собранию собственных знаний. Их разнообразием, полнотой и непротиворечивостью.

Важной характеристикой ассимиляции является специфический смысл или характерное вербальное действие, прямо указывающее на ее. Признаки ассимиляции могут проявляться как прямыми, так и косвенными действиями.

Познавательная деятельность представляет собой особое явление во всех явлениях, которые усваиваются с развитием умений и навыков. Это одна из важнейших задач преподавания, а также является предметом учебной деятельности, а также особым проявлением познавательного интереса, стремления к новым знаниям, умениям и обучению.

Наиболее важным является создание собственной творческой деятельности учащихся, включающей различные игровые компоненты и психологические компоненты усвоения.

В отношении концепции «психологических компонентов ассимиляции» Н.Д Левитов назначил следующее:

- 1) *«хорошее отношение со стороны студентов к учебе», «реальное желание учиться»;*
- 2) *сенсорное восприятие материала;*
- 3) *смысл процесса мысли и мышления, творчества как процесс активной обработки полученного материала;*
- 4) *как называется процесс накопления, сохранения и хранения исходных данных для обработки и обработки информации[1].*

К.Валеева писал: «В младшем школьном возрасте ученик часто испытывает большую зависимость от учебного материала». Удерживая ее, он всегда старается сохранить целостность оригинального материала. Ему сложно изменить структуру оригинала и переделать его снова... Ученик готовится стать помощником, уже знает «почву обучения» и имеет все возможности для этого, а если она не осуществляется в будущем образовательная среда будет осуждаться только после будущего образования [3, с. 92].

Валеева считает, что важнейшим способом усвоения является невербальный перенос, внутренний механизм которого - усвоение, а главным – обобщение. По словам его учителя, в процессе обучения происходит анализ и синтез разнообразных идей по трем основным направлениям: накопление информации, накопление идей. Обобщение целей школы; обобщение методов образования; а также формирование опыта для образовательной деятельности. Если обобщение принципа действия – понимание учениками основных правил, закономерностей и стратегии действий», то обобщение метода - это определенная схема, определение порядка действий и способов их организации и результаты деятельности учащихся.

В учебном процессе необходимо изучить все три компонента сравнения, обобщение и обобщение. Приемлемость и самоанализ основных методов лингвистического анализа можно описать как стремление к углублению знания, собранию собственных знаний. Их разнообразием, полнотой и непротиворечивостью. Важной характеристикой ассимиляции является специфический смысл или характерное вербальное действие, прямо указывающее на ее. Признаки ассимиляции могут проявляться как прямыми, так и косвенными действиями.

Любой ученик обладает индивидуальными интеллектуальными характеристиками, а именно: индивидуальные психологические характеристики каждого ученика.

Это: индивидуально-типологические предпосылки и способности человека к обучению, уровень востребованности (самооценка); уровни удовлетворенности/ самооценки, работоспособность или способность

анализировать результаты своего труда, способность к самоанализу. У каждого ученика свои особенности в учебной деятельности, свой подход к ней. Большинство учащихся в определенной системе высшего и среднего образования можно описать по их общим характеристикам, особенностям. Каждый этап обучения или воспитания может быть связан с определенным возрастом ребенка либо периодичностью его жизни.

Возраст ребенка определяется временем и местом в общем цикле умственного развития. Подчеркивая важные моменты междустадийного развития, В.В.Давыдов подчеркивает: в настоящее время действуют два основных направления. Непрерывные изменения во всех сферах жизни приводят к изменению отдельных функций или операций, а также могут привести вас в новые виды деятельности. Предметная деятельность включается в новый круг общественных отношений [2].

Основные качества младшего школьника: интеллектуальные, личностные личности и познавательные навыки - необходимо формировать с самого рождения.развивать в раннем возрасте.

Задачи учителя - развивать у учащихся навыки самообразования, наряду с самостоятельным обучением. Кроме того, в ходе учебного процесса учащийся учится правильно управлять своей учебной деятельностью и самостоятельно определять цели обучения на каждом занятии, используя определенные приемы и способы выполнения этих задач, а также целенаправленно выполнять свою учебную работу. Контроль за работой; контроль, анализ и коррекция. У ребенка может развиться умение принимать и выполнять решения в ситуациях конфликта, желание исследовать мир самостоятельной деятельности. Интерес к знаниям, познавательная активность.

Назовите следующие проявления познавательного познания, *познавательной активности учащихся:*

- Высокая степень компетентности в общении, высокая степень познавательной заинтересованности и желания развиваться дальше;
- Это стремление задавать вопросы, слушать и вызывать конфликты. При этом свойственно стремление к самостоятельности, устанавливать связи;
- Свобода и свободное понимание учебного материала, а также высокая степень творческого развития.

Преподаватель обязан учитывать не только знания учащихся, но и уровень их познавательной способности. Выполнение сложных учебных задач возможно только у учащихся со средней степенью познавательных способностей. Задание, не соответствующее внутренним и познавательным возможностям ученика, а также превышающее его интеллектуальные возможности или уровень профессиональных знаний. Не принесет никаких положительных результатов в обучении. Это сложный, многогранный процесс, в котором учащиеся имеют свои особенности. В процессе обучения будут повышаться общая познавательная активность учащихся, а также улучшится общая познавательная активность.

Список литературы

1. Левитов Н.Д. Детская и педагогическая психология: Учеб. пособие для пед. ин-тов / Проф. Н.Д. Левитов. - 3-е изд., испр. и доп. - М.: Просвещение, 1964. - 478 с.
2. Давыдов В.В. Проблемы развивающего обучения. - М.: Педагогика, 2004. - 240 с.
3. Валеева Р.К. Педагогические условия формирования учебной мотивации младших школьников в условиях без отметочного обучения. Дисс... канд. пед. наук. - М., 2004. - 164 с.

ӘОЖ 796.853:23

ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ САБАҒЫНЫҢ ФОРМАЛАРЫН ИНТЕГРАЦИЯЛАУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚОЗҒАЛЫС БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ

*Кулманбетов Т. Х. Оқытушы
Тұрмаханбет Нұрасыл 6В01405-Дене
шынықтыру және спорт білім беру
бағдарламасының 2 курс студенті
Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан қ.*

Адамның дене сапасын, дене белсенділігін қимыл-қозғалыс арқылы бір қалыпта ұстауға болатыны бәрімізге белгілі. Кәдімгі күнделікті жүріп-тұрғанымыздың өзі денені шынықтыра алады. Дегенмен де дененің сапасын арттыру үшін күнделікті жүріс тұрыстық қимылдар аздық ететіні анық. Сондықтан да спортта қимыл-қозғалыс ойындарының маңызы зор болып келеді. Қимыл-қозғалыс ойынның бір түрі болып табылады. Қимыл-қозғалыс дегеніміз – әр түрлі қимыл әрекеттердің жиыны.

Оқушылар қимыл-қозғалыс ойындарын бастауыш сыныптан жоғарғы сыныпқа дейін дене шынықтыру сабағында ойнайды. Яғни қимыл-қозғалыс ойындары баланың дене сапасын арттырудың бірден бір жолы деген сөз.

Орыс ғалымдары Витенко Ю.Б. және Витенко И.В. өздерінің зерттеулерінде қимыл-қозғалыс ойындарына анықтама берген болатын олардың ойларына: «Қозғалмалы ойындар-балалардың дене тәрбиесінің негізгі құралдарының бірі. Қозғалыс қажеттілігі балалар әдетте ойындарды қанағаттандыруға ұмтылады. Олар үшін ойнау, ең алдымен, қозғалу, әрекет ету. Қозғалмалы ойындар кезінде балаларда қозғалыстар жетілдіріліп, бастамашылық пен дербестік, сенімділік пен табандылық сияқты қасиеттер дамиды. Олар өз іс-әрекеттерін келісуге және тіпті белгілі бір ережелерді сақтауға үйренеді.» [1]

Спортта оқушылардың қызығушылығын спорттық ойындар тудыртады. Ойындарды ойнау арқылы оқушылар дене сапаларын арттыра алады. Дене

шынықтыруда оқушының қимыл-қозғалысының белсенді болуы ойын ойнау кезінде көрінеді. В.Б.Болдырева және т.б. ғалымдар өздерінің зерттеулерінде ойын-балалар мен ересектердің өзіндік іс-әрекеті.

Спортта жасалынған әрбір іс-әрекет ойын деп тұжырымдаған. Қозғалмалы ойын қозғалыстардың рөлі айқын көрінетін ойын іс-әрекетінің көріністеріне жатады.

Қозғалмалы ойынға оның сюжетімен дәлелді Белсенді Шығармашылық қозғалыс әрекеттері тән. Бұл іс - әрекеттер қойылған мақсатқа қол жеткізу жолындағы түрлі қиындықтарды еңсеруге бағытталған ережелермен (жалпы қабылданған, басшы белгілеген немесе ойнайтын) ішінара шектеледі. [2]

Оқушылардың дене сапаларын аттыруда ұжымдық қимыл-қозғалмалы ойындарын қарастырған. Ұжымдық қозғалмалы ойындар - бұл бір мезгілде қатысушылардың шағын топтары да, тұтас сыныптар да немесе спорттық кешендер де, ал кейбір жағдайларда ойнаушылардың саны да көп қатысатын ойындар.

Л. В. Былееваның пікірінше, бірлескен авторлармен жеке қозғалмалы ойындар әдетте балалар жасайды және ұйымдастырады. Бұндай ойындарды ойнау кезінде қатысушылар өз позицияларын яғни өз жоспар құра отырып ойнайтын болады.

Витенко Ю.Б., Витенко И.В. пікірінше қимыл-қозғалыс ойындарын үйрету барысында сабақтан тыс жаттығулардың оқушының дене сапаларын арттыруға айтарлықта көмегі тиетінін ашық көрсеткен.

Дене шынықтыру сабақтарында және сабақтан тыс уақытта қозғалмалы ойындар өткізу кіші мектеп және орта жастағы балалардың дене қасиеттерін дамыту үшін неғұрлым тиімді. Осы кезеңдегі адам үшін ойын оның ішкі дүниесінің еркіндік бейнесі, оның қажеттілігін бейнелейді. Сондықтан ойын қуаныш, еркіндік, қанағат, өзіне және өзіне жақын тыныштық, әлеммен әлемді тудырады.

Ғалым өзінің педагогикалық тәжірибесінде ұжымдық және жеке қозғалмалы ойындарды, сондай-ақ спорттық іс-әрекетке әкелетін ойындарды пайдалану маңызды. Ұжымдық қозғалмалы ойындарға бір мезгілде тұтас сыныптар тартылатынын айтқан.

Индивидуальды (жеке) қозғалмалы ойындар әдетте оқушылар жасайды және ұйымдастырады. Мұндай ойындарда әркім өз жоспарларын белгілей алады, өздері үшін шарттар мен ережелерді белгілей алады, ал қалауы бойынша оларды өзгерте алады.

Жеке қалауы бойынша ойластырылған іс-әрекеттерді жүзеге асыру жолдары да сайланады. Сабақта ұйымдастырылған қозғалмалы ойындардың көпшілігі қатысушылардан жылдамдықтың талап етеді. Бұл ойындар дыбысқа, көрерменге, тактильді сигналдарға, кенеттен тоқтаған, кідірген және қозғалыстардың жаңарған, қысқа уақыт ішінде аз қашықтықты еңсере отырып, тез арада жауап беру қажеттілігіне құрылады. Үнемі өзгермелі ахуал, ойын, жылдам ауысу, қатысушылардың бір қозғалыс басқа дамытуға ықпал етеді ептілік.

Дене шынықтыру сабақтарында дене күшіне тәрбиелеу үшін ойындарды қолданамыз. Бағдарламалық жүктеме бойынша орташа, қысқа мерзімді жылдамдық-күштік кернеуді жақсарту бойынша жұмыстар жасалынады.

Оқушылармен ойын әрекетін ұйымдастыру кезінде күш пен күш жұмсайтын, шыдамдылықтың дамуына ықпал ететін үнемі қозғалыстық белсенділігі бар, көп рет қайталанатын қимыл - қозғалыс ойындарына көп көңіл бөлінеді.

Спорттық және қозғалмалы ойындар негізгі қозғалыстарды бастапқы жетілдіру үшін үлкен маңызға ие, қимыл - қозғалыс сапаларын жан - жақты тәрбиелеуді қамтамасыз етеді және жалпы физикалық дамуға айтарлықтай әсер етуі мүмкін, әсіресе, жақсы гигиеналық жағдайларда өткізіледі.

Яғни ойын адамдардың демалуға, көңіл - күйге, танымға, рухани және дене күшін дамытуға деген белсенділігін арттырады. Спорттық іс-әрекетке әкелетін ойындар-бұл ойын өткізудің тұрақты шарттарын талап ететін және оқушылардың спорттық техника элементтерін және спорттың жекелеген түрлеріндегі қарапайым тактикалық іс-қимылдарды табысты меңгеруіне ықпал ететін жүйелі түрде ұйымдастырылатын қозғалмалы ойындарды айтамыз.

Ойын әрекетін ұйымдастырудағы сабақтарда мұғалім қозғалыстардың күрделілігі мен әртүрлілігіне ерекше көңіл бөледі. Оларда, әдетте, барлық бұлшықет топтары тартылуы мүмкін. Бұл тірек-қимыл аппаратының үйлесімді дамуына ықпал етеді.

Қозғалмалы ойын-балаларды жан-жақты тәрбиелеудің маңызды құралдарының бірі негізгі ерекшелігі-ағзаға және оқушының тұлғасына кешенді әсер ету. Тәрбиеленуші неғұрлым шығармашылық қызметке қатысса, өзін-өзі тану, өзін-өзі білу, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі бағалау процестерінің жоғары деңгейге тән оның жеке тұлғасы белсенді дамиды.

П. Ф. Лесгафт ойын-бұл бала оған дайындалатын жаттығу өмірі деп айтып кеткен. Ойын-шартты қойылған мақсатқа жетуге бағытталған саналы іс-әрекет. Жақсы таңдалған және дұрыс басқарылатын ойын-кіші мектеп жасындағы балаларды тәрбиелеудің күшті құралы.

Ойындардың жарқын, қызықты, тартымды формасының астында ойындар арқылы көрсетілетін педагогикалық мүмкіндіктер аз емес. Қозғалмалы ойынды маңызды тәрбие институты деп атауға болады, дене және ақыл-ой қасиеттерін, өзін-өзі ұстау ережелерін, этикалық құндылықтарды дамытатындарға көмек көрсету. Сабақтың ойын түрі сабақта ойын тәсілдері мен жағдайлардың көмегімен құрылады, олар оқушыларды оқыту қызметіне ынталандыру, жетілдіру құралы ретінде әрекет етеді.[3]

Ойындардың дене сапасын жетілтіруде қаншалықты әсер ететіндігін ағылшын ғалымдары Gabbett Tim, Jenkins David, Abernethy Bruce зерттеу жұмыстарынан көруге болады. Олардың зерттеу жұмыстарының мақсаты-ойын оқыту бойынша тиісті әдебиетке қысқаша шолу беру, сондай-ақ оқытуға осындай тәсілдің артықшылықтары мен кемшіліктерін жинақтау.

Қазіргі уақытта ойын оқыту тиімділігін зерттейтін зерттеулер шектеулі, және ойын оқыту ұсынылған артықшылықтары мен кемшіліктерінің көптеген анекдотикалық деректер негізделген.

Көптеген жүргізілген зерттеулерде, ойын жаттығулары командалық спортта жарыстарға дайындаудың арнайы әдісін ұсынатыны, бірақ ойын жаттығулары халықаралық жарыстардың спринтерлік талаптарына ұқсата алмайтыны айтылды. Хабарланғандай, ойын жаттығулары командалық спорт түрінің спортшыларына арналған жаттығудың қауіпсіз және тиімді әдісін ұсынады.

Техникалық қозғалыс дағдыларға оқыту дағдыларды орындаудың үлкен көлемімен байланысты болған кезде (яғни "жанасу" көп санымен), ойынға оқыту үлкен когнитивті күшпен байланыстың болуы, қозғалмалы дағдыларға үйретудің маңызды шарты. Шынында да, оқыту дағдыларын зерттеуге арналған зерттеулер қайталанатын техникалық нұсқауларды қамтитын оқытуға қарағанда ойын негізінде оқудан кейін дағдыларды орындау және шешім қабылдау бойынша салыстырмалы (ал кейбір жағдайларда және неғұрлым маңызды) жақсартулар туралы хабарлайды.

Жиынтығында бұл нәтижелер командалық спорт түрлері спортшыларының біліктілігі мен дене шынықтыру даярлығын арттыру үшін ойын жаттығуларының құндылығын көрсетеді. Ойын жаттығуларының ұзақ мерзімді дағдылары мен физикалық артықшылықтарын зерттейтін одан әрі зерттеулер қажет екендігін дәлелдеген.[6]

Американдық ғалымдар Fox, Claudia K. Barr-Anderson, Daheia Neumark-Sztainer, Dianne Wall, Melanie орта және жоғарғы сынып оқушыларының дене белсенділігінің оқу нәтижесіне әсерінің статистикалық көрсеткіштерін зерттеп шығарған болатын. Олардың зерттеулері: Алдыңғы зерттеулер дене белсенділігінің жоғары деңгейі студенттер арасындағы академиялық үлгеріммен байланысты екенін көрсетті.

Алайда, ассоциацияның физикалық белсенділігімен немесе спорттық команданың қатысуымен байланысты емес пе, мысалы, белгілі бір бағаларды ұстап тұруға қойылатын талаптарды қамтуы мүмкін. Осы зерттеудің мақсаты-спорттық командаларға қатысу, дене белсенділігі мен орта және жоғары сынып оқушыларының академиялық нәтижелері арасындағы байланысты зерттеу.

Әдістер: деректер EAT (жасөспірімдер арасында тамақтану), орта және жоғары сынып оқушыларына сауалнама (n = 4746) жобасынан алынды. Студенттер өздерінің апта сайынғы дене белсенділігінің сағаттары, спорттық командалар мен академиялық хаттардың бағалары туралы өз бетінше есеп берді.

Екі статистикалық модельдер қаралды: біріншіден, орташа баға балы (GPA) бар және спорттық команданың қатысуымен немесе предиктор ретінде физикалық белсенділігі бар 2 Жеке регрессиялық талдау; екіншіден, нәтиже ретінде GPA бар бір регрессия және спорттық команданың қатысуымен және бір мезгілде предиктор ретінде дене белсенділігі. Нәтижелері: жоғары сынып

оқушылары үшін дене белсенділігі және спорт командаларына қатысу жоғары балмен байланысты болды.

Жоғары сынып оқушылары үшін тек спорт командаларына қатысу жоғары балмен байланысты болды. Орта мектеп оқушылары үшін дене белсенділігі мен орташа балл арасындағы оң байланыс спорт командаларына қатысумен байланысты және жоғары орташа балмен ажырата алмайды. Қорытынды: академиялық табыстылық дене белсенділігімен немесе спорт командаларына қатысумен байланысты болғанына қарамастан, зерттеу нәтижелері студенттердің дене белсенділігіне және академиялық үлгеріміне тартылу арасындағы оң байланысты көрсетті зерттеген. [7]

Дене белсенділігі мен қозғалуы аз өмір салты жоғары әлеуметтік-экономикалық мәртебенің және екі ата-анадан тұратын отбасы құрылымының артық салмақ немесе семіздік ықтималдығымен байланысты ішінара түсіндіреді. Қорытынды: бұл зерттеу канадалық балаларда гиподинамия мен семіздік арасындағы байланысты растайтын дәлелдемелерді қамтиды.

Дене шынықтыру пәнінде оқушылардың физикалық сапаларын ғана емес олардың психологиялық-педагогикалық тұрғыдан дене сапаларын артыру жолдарын қарастыру пәннің негізді мақсаттарының бірі ретінде негізделіп оқытылады.

Осыған орай орыс ғалымдары Гогунев Е.Н., Мартьянов Б.И. адамның денесінің психологиялық зерттеулерін еңбектеріне тани аламыз. Дене тәрбиесі мен спорт психологиясы-бұл оқу, оқу-жаттығу және жарыс іс-әрекетінің әсерінен дене тәрбиесі мен спорттың ерекше жағдайларында адам психикасының пайда болу, даму және қалыптасу заңдылықтарын зерттейтін психологиялық ғылым саласы. Аталған заңдылықтар осы ғылымның зерттеу объектісі болып табылады. Олар қарастыру керек шындық саласы туралы ұсыныспен сәйкес келеді.

Дене шынықтырумен және спортпен шұғылдану кезіндегі жағдайлардың ерекшелігі зерттеу объектісін көру тәсілі ретінде қызмет нысанасымен анықталады. Ол өз денесінің қозғалысын саналы түрде меңгерген, өз күш-жігерінің көмегімен уақыт пен кеңістікте мақсатты түрде жылжыта алатын адам болып табылады. Осы мақсатта адам физикалық қасиеттерді (күш, жылдамдық, төзімділік, ептілік және икемділік) дамытады, психикалық процестерді, жеке тұлғаның жағдайы мен сапасын жетілдіреді.

Ол спорттық қызметтің түрлі әлеуметтік жағдайларында өзін басқаруды үйренеді (көмек көрсету, қарсы әрекет ету), жеке өмір сүру жағдайында дене және психикалық белсенділікті табысты іске асыру үшін қажетті жалпы және арнайы іс-қимыл алгоритмдерін (шеберлігі мен дағдылары) қалыптастырады.

Дене тәрбиесі адамды тәрбиелеу жүйесіндегі маңызды элемент болып табылады. Осы аспектіде дене тәрбиесі білім беру-тәрбие процесі болып табылады және педагогикалық процеске тән принциптермен сипатталады.

Дене тәрбиесінде педагог-маманның (дене шынықтыру мұғалімінің) рөлі, тәрбиеленушілердің (оқушылардың) орны мен функциялары, олардың білім беру және тәрбие сипатындағы міндеттерді іске асыруға бағытталған бірлескен қызметі нақты айқындалған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Ә.К.Әбділлаев. Дене мәдениетінің ілімі мен әдістемесі. Оқу құралы, Түркістан, 2011
2. Физиология мышечной деятельности. Учебник для институтов физической культуры. /Под ред. Я.М.Коца/.-Москва. «Физкультура и спорт», 2012.
3. Физиология человека. Учебник для институтов физической культуры. /Под ред. Н.В.Зимкина/.-Москва. «Физкультура и спорт», 2015.
4. Аулик И.В. Определение физической работоспособности в клинике и спорте. Москва. «Медицина», 2012.
5. Мұстафина Т.Қ. Спорттық медицина. Оқу құралы. Алматы,2012.
6. Бальсевич В.К., Запоржанов В.А. Физическая активность человека. Киев, 2014.

КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ КОНСТРУКТИВТІ СӘЙКЕСТЕНДІРУДІҢ БІР БӨЛІГІ РЕТІНДЕ

Кушкинбаева Гулдана Куанышқызы

*БВ01301-«Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасының 2 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: Айтқұлова Гүлмира Абдималиковна
Магистр-аға оқытушы, Шымкент университеті*

Аннотация: В данной статье рассматриваются проблемы внедрения действующей системы качества образования и системы критериев оценки. Любая система образования нуждается в использовании различных методов повышения уровня качества и мотивации обучающегося . То есть достижение хороших результатов в будущем имеет преимущества .

Annotation: This article deals with the problems of introducing the current educational quality system and the system of evaluation criteria .Any educational system needs to use different methods to improve the quality level and motivation of the student .That is , achieving good results in the future has advantages.

Кілт сөздер: Мұғалім ,оқушы, білім беру сапасы ,критериалды баға, ынталандыру.

Қазіргі таңда қоғамның қарқындап дамуы, білім жүйесінің сапасын жақсарту, жаңа технологияларды кеңінен қолдана отырып, еліміздің білім

жүйесін халыққаралық стандарт деңгейіне жеткізу, өзгермелі өмірге бейімделген, бәсекеге қабілетті білімді де білікті тұлға дайындау қажеттілігі туып отыр. Қолдауды қажет ететін, елімізді алға тартатын инновациялық білім керек. Бұл бағдарлама оқушылардың білім сапасының деңгейін халыққаралық дәрежеге көтеру, нәтижесін де өз пікірін еркін жеткізе алатын, дамыған, ынталы, мақсат қоя білетін тұлғаны қалыптастыру. Дәстүрлі оқыту кезінде оқушының алған білімдері механикалық түрде есте сақталып, баға қоюшыға тәуелділік болып және де қабілеттілігі төмен болды. Бес балдық жүйе шынайы бақылауға мүмкіндік бермейтін[1].

Бағалау жүйесі оқушылардың оқу жетістіктері туралы ақпараттарды алуға және қолдануға бағытталған саясаттың, түрлі құрылымдар мен құралдардың, тәжірибелердің байланысы болып саналады. Оқушылардың оқу жетістігін критериалды бағалау жүйесінің қазақстандық әдістемесі педагогикалық өлшеулер аясындағы білім беру саясатын дамытудың толыққанды тәсілдерін көрсетіп, бағалаудың барлық элементтерін қамтиды (ережелер, түрлер, механизмдер, рәсімдер, құралдары, есеп беру және т.б.).

Жаңа жүйені құрастыру кезінде біз төмендегідей негізгі басымдықтарды бағдарға алдық: Біріншіден, оқу сандық баға алу үшін емес, білім мен дағдыны меңгеруге бағыттауға жағдай жасалады. Екіншіден, оқушылардың бұрын алған нәтижелеріне қарамастан жақсы нәтижелерге қол жеткізуіне мүмкіндіктері болады. Үшіншіден, бағалау критерийлері және сапалы бағалау құралдары бар жүйе. Оқушылар баға қалай және не үшін қойылатынын, қандай критерийлер қолданылатынын түсінуі керек. Сыныптағы тиімді бағалау балаларға еңбексүйгіштік, әділдік, жауапкершілік және т.б. сияқты дұрыс қасиеттерді дарытады. Төртіншіден, білім беру бағдарламаларын қалай дамыту, педагогтерді кәсіби тұрғыда қалай және неге дайындау керектігі туралы ақпараттандырып отыруы қажет. Осылайша, оқушыларды бағалау жүйесін негізгі элементтері – миссияның жаңартылуы және бағалау критерийлері мен сапалы бағалау құралдарын құрастыруы, мұғалімдерге жүйелі қолдау көрсетілуі болады[1].

Критериалдық бағалау - бұл білімнің мақсатына сәйкес келетін, оқу танымдық біліктілікті қалыптастыратын, айқын анықталған оқу жетістіктерін салыстыруға негізделген процесс. Критериалды бағалау жүйесі халыққаралық сапалығына және әр оқушының оқудағы қажеттілігіне бағытталған. Сондықтан, критериалды бағалау жүйесінің негізгі басымдықтары оқушыларды дамыту, қызығушылығын, ынтасын арттыру, бағаға қатысты қобалжуын, қорқынышын бағалау рәсімдеріне қатыстыру және түсіндіру арқылы азайту болып табылады. Бұл бағалауда оқушы оқудың қай сатысында екенін, қай деңгейде жауап бергені мен қай тұсынан әлсіз екенін біле алады .

Критериалды бағалаудың мақсаты - бағалау критерийлері негізінде оқушылардың оқу нәтижелері туралы объективті ақпараттар алу және оны оқу үдерісін әрі қарай жетілдіру үшін мүдделі барлық қатысушыларға ұсыну болып табылады. Критериалды бағалаудың маңыздылығы үш жақты болмақ.

Яғни, мұғалімдер үшін әр бір оқушылардың өзгешілігі мен деңгейін біледі. Оқушылар үшін өзінің жұмысын және өзгенің жұмысын бағалай алады және еркін дамуға мүмкіндік береді. Ата-аналар үшін, баланың білім алуындағы өсу деңгейін қадағалай алады.

Критериалды бағалаудың міндеттері мен қағидалары; білім беру қызметінің сапасын арттырады және айқын бағалау жүйесі, бағалау әрекетінде мұғалімнің құзіреттілігін арттыру, оқушылардың өз оқуына жауапкершілігі және өзіндік пікірі, үлгерімі төмен оқушылармен жұмысты жетілдіру, оқушылардың күтілетін нәтижелерге жетуін бағалау үдерісін, соның ішінде жоғары деңгей дағдыларын (талдау, жинақтау, бағалау), объективті, үздіксіз анық ақпараттарды ұсыну, электронды журналдарды қолдану және белсендіру, әр оқушы деңгейінде бағдарламаны меңгеруге қатысты мониторинг өткізу, зерттеу және талдау жүргізу. Білім беру сапасын ынталандыру үшін орта құру арқылы тиімді бағалау жүйесін жасауда негізгі жағдайды қамтамасыз ету керек. Саралай келе, білу мен бағалауға дейін - Блум таксономиясын, тәртібін анықтайтын нормативті-құқұғын анықтайтын, басқару кезде ұйымдастыруды, ақпараттандыруды, ғылыми-әдістемелік пен кадрлықты қамтамасыз ету және де психологиялық-педагогикалық кеңес беру қажет. Оқу нәтижесіне қатысты оқушылардың жауапкершілігін, белсенділігін, жұмыла әрекет етуін арттыру үшін қолайлы орта құру және мектеп пен ата - аналар қоғамдастығы арасында ынтымақтастық орнату болып табылады .

Музыкалық-педагогикалық ғылымның басты теориясы - тұлғаның музыкалық-эстетикалық мәдениеті теориясының негізіне үш алдыңғы философиялық-методологиялық принцип: әрекет етушілік, тұлғаның дамуының бүтіндігі және бейнеленуі жатуы тиіс. Оқушының музыкалық-эстетикалық мәдениеті теориясын құрудағы олардың мазмұны мен функциясын, сондай-ақ Д.Б.Кабалевский жасаған оқушының музыкалық - эстетикалық мәдениетін қалыптастыру теориясындағы мәнін ескере кетелік.

Музыкалық әрекет барысын да оқушының табиғи музыкалық болашағы, оның музыкалық сезімі талғамы, музыка өнеріне сүйіспеншілігі, музыканы түсінуі, музыкалық орындаушылық пен шығармашылық қабілеттері дамиды. Музыка мәдениетін игеру, оны өзіне сіңіру түрі мен формасы әртүрлі музыкалық белсенділік арқылы ғана мүмкін. Б.В Асафьев музыкалық әрекеттің үш түрін атап көрсетті, олардан қоғамның музыкалық мәдениетінің институты құрылады, бұл «сазгердің - орындаушылық-тыңдарманның» әрекеті. Соңғы жылдардағы музыкалық - педагогикалық әдебиеттерде (Кабалевский Д.Б, Апраксина О.А, Абдуллин Э.Б. Ветлугина Л.А.) ән айту музыка аспаптарында ойнау, ырғақтық жаттығулар және басқа оқушылардың музыкалық мәдениетіне әсер етуші музыкалық әрекет түрлерін зерттеуге көп көңіл бөлінеді. Бірақ барлық авторларда бірдей тұлғаның музыкалық мәдениетін қалыптастырудағы музыкалық әрекеттің себептік мәнін түсіну кездеспейді 3].

Д.Б.Кабалевскийдің музыкалық - педагогикалық концепциясы үшін әрекет ету принципі маңызды әдістемелік деректердің бірі. Болашақ музыкалық мәдениетін қалыптастыру мәселесі музыка әлемінде оқушылардың өздері жасаушы болып, мұғалім тек олардың белсенділіктерін бағыттап отырғанда ғана сәтті шешіледі. Д.Б.Кабалевскийдің концепциясында музыкалық мәдениет пен музыкалық әрекет процессуалдық тепе-теңдікті құрайды. Музыкалық әрекет оқушының музыкалық мәдениетінің алғышарты, процессі, формасы, нәтижесі болып табылады.

Сонымен, музыкалық-музыкалық әрекетпен айналысуға қажетті қабілеттердің жиынтығы. Оған тән белгілі музыкаға эмоциялық берілу, оның мазмұнынан әсерлену. Сондықтанда алғашқы сабақтардан бастап - ақ музыкалылықтың эмоциялық және естушілік жақтарын бірлікте жүргізу қажет. Сонда ғана мұғалім тәрбие, білім беру және дамыту мәселелерін кешенді шеше алады. Сонымен:

музыкалық қабілеттердің дамуы музыкалық мәдениетті тәрбиелеудің маңызды шарты болып табылады;

музыкалық даму белгілі бір жүйемен орындалатын күрделі процесс; музыкалық қабілеттердің дамуының бірізділігі жан -жақты музыкалық әрекет арқылы жүзеге асырылады;

сабаққа жоспар жасай отырып, мұғалім оқушылардың музыкалық қабілеттерінің даму жүйесіне сүйенуі тиіс.

Библиографиялық тізім

1. С.Әбенбаев. Тәрбие теориясы мен әдістемесі. Алматы.«Дарын», 2004.

2. Қожахметова Қ. Мектептің ұлттық тәрбие жүйесі: теория және практика. -Алматы, 1997.

3. Ж.Қоянбаев, Р.Қоянбаев. Педагогика. - Алматы. «Атамұра», 2000. Қозыбаев М. Ұлы ерлік. - Алматы: Қазақстан, 1980. 367 – 156 б.

4. Жарықбаев Қ. - Алматы «Қазақстан», 1991. 156 – 28 б.

5. Халитова И.Р.Әлеуметтік педагогика.-Алматы.«Білім»,2007.271-37 б.

6. Қазақтың музыка мәдениеті. Алматы, 1957. 346 – 49 б.

7. Нұрғазина С. Шешендік сөздер. Алматы «Қазақстан мектебі», 2010, № 2. 80 – 48 б.

8. Ә.Үсенова, С.Маулемов. Музыка сабағы арқылы ұлттық тәрбие беру. Алматы, 2005ж., №6, 182 – 24 б.

9. Ұзақбаева С.А.Өміршең өнер өрісі.-Алматы«Мектеп»,1988. 96 – 68 б.

10. Турекулов Н. Современный казахский фольклор. Алматы «Мектеп», 1982. 120 -66 б.

11. Бердібаев Р. Сарқылмас қазына. Алматы «Мектеп»,1983.150 – 39 б.

ӘОЖ 746.345.

**БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕРДЕГІ ЕҢБЕККЕ БАУЛУ САБАҚТАРЫНДА
СЫНЫПТАН ТЫС ОҚУШЫЛАР ӘРЕКЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ
ТЕХНОЛОГИЯСЫ**

п.ғ.м., аға оқытушы Аметқұлова М.У

п.ғ.м., аға оқытушы Урисова А.И.

Шымкент университеті

Резюме: В этой статье рассматриваются реализация внеурочной кружковой и массовой работы на школьное воспитание

Abstract: This article is considered the implementation of extracurricular group and mass work on school education

Мектеп оқушыларын жеке тұлға ретінде қалыптастыру мектепте, кәсіптік-техникалық колледждерде орын алады. Сондай-ақ, мектеп оқу пәндері бойынша сыныптан тыс өткізілетін жұмыстар жатады. Олар: үйірмелер, өндірістік бригадалар оқу-тәжірибе бөлімдері, көпшілікпен өткізілетін шаралар әр пән бойынша олимпиадалар. Оған сондай-ақ еңбек тәрбиесінің жүйесіде кіреді. Олар: оқу барысындағы еңбек; сыныптан тыс үйірме және жаппай жұмыстар; өзіне-өзі қызмет ету; қоғамдық пайдалы және өнімді еңбек.

Еңбек сабақтарының процесін жетілдіру оқушылардың еңбекке зерттеу және шығармашылық қатынасын қалыптастырады. Оқушылардың өндіріс базасында, оқушылардың еңбек және демалыс лагерлерінде ұйымдастырылған еңбек сабақтары туралы жағымды мысалдар аз емес. Оқушылар мектепте алған білімдерін пайдаланып, әр түрлі өсімдіктерді өсіреді, кейбір мамандықтардың түрлерін меңгереді. Шығармашылық жұмыстың барысында еңбекке баулу негіздері пәндері бойынша оқушылардың білімі баулиды, тереңдейді, ғылыми-зерттеу ісіне машықтанады, ауыл шаруашылық және өнеркәсіп еңбек дағдыларына ие болады, олардың кәсіптік бағдары тәрбиеленеді. Еңбек сабақтарының педагогикалық тиімділігі, олардың білім және тәрбие беру мәнінде.

Сыныптан тыс үйірме және жаппай жұмыстың оқушы тәрбиесіне, оның ішінде еңбек тәрбиесін іске асыруда тәрбиелік мүмкіндігі өте зор.

“Жас мамандар” және пән үйірмелеріндегі сабақтар оқушыларды еңбекке баулиды, олардың шығармашылық ойларының дамуына мүмкіндік туғызады. Әрбір оқушының үйірме сабақтарында еңбекке шығармашылық ойларының дамуына мүмкіндік туғызады. Әрбір оқушының үйірме сабақтарында еңбекке шығармашылық қатынасы байқалады, олар еңбегін ұйымдастыру тәсілдерін іздестіреді, ғылыми зерттеу дағдыларына (әдебиеттермен жұмыс істеу, жазып алу, мәліметтерді жинақтай білу т. б.) төселеді.

Мектепті өндіріске жақындату мақсатымен техникалық үйірмелер саны кеңес одағы кезінде көбейгені белгілі. Мысалы, ауыл мектептерінде “Жас мамандар”, “Жас малшылар”, “Жас өсімдік өсірушілер” т. б. үйірмелері құрылған. Бұл үйірмелер келешек мамандықты таңдап алуда оқушыларға ой салады. Олар әр мамандықтың болымды, болымсыз жақтарымен танысады, зерттейді, сөйтіп өзінше тиісті шешім қабылдайды. Осыған орай, мұғалімдер мен ата-аналар оқушыларға үнемі, бірізді педагогикалық пікір айтып, кеңес беріп отырса, олардың мамандықты таңдауда бірте-бірте шабыты, қызығушылығы арта түседі.

Педагогикалық және баспа материалдарын зерделеу оқушылардың қызғылықты, үлкен тәрбиелік мәні бар көптеген шараларға белсенді қатысатын болғандығы және оларды тікелей ұйымдастырғанда ғана белгілі болып отыр. Мұндай жаппай жұмыстарға “Кұстар күні”, “Орман күні”, “Бақ аптасы”, “Еңбек мерекесі”, т. б. жатады.

Оқушылармен сабақтан тыс жүргізілетін тәрбие жұмыстары көбіне сабақтан тыс немесе сыныптан тыс жұмыс деп аталады. Бұл жұмыс мұғалім сабақ үстінде жүзеге асыратын тәрбие жұмысын толықтыра және тереңдете отырып, ең алдымен балалардың таланттары мен қабілеттерін неғұрлым толық ашудың олардың белгілі бір нәрсеге қызығушылығы мен ынтасын оятудың құралы ретінде қызмет атқарады; ол оқушылардың бос уақытын ұйымдастырудың формасы болып табылады және олардың адамгершілік мінез-құлыққа жаттығуын ұйымдастырудың, адамгершілік мінез-құлық тәжірибесін қалыптастырудың негізі ретінде қызмет атқарады. Оның оралымдылығы, мазмұнын түрлендіру және белгілі бір істерді орындау үшін балаларды әртүрлі орналастыру мүмкіндіктері оқушыларға жеке дара қатынас жасауға өте үлкен мүмкіндіктер ашады. Тәрбие жұмысы бірнеше бағыттар бойынша жүргізіледі. Мұғалім өз пәні бойынша ұйымдастыратын үйірме жұмысын бөліп қарауға болады. Мысалы тарих, әдебиет, математика бойынша пәндік үйірмелерге бірнеше параллель (немесе аралас) сыныптардың оқушылары тартылады; драма, би, ағашты ою, өрнек жасау, фото, радио және т.б. үйірмелерге әдетте мектеп әдейілеп шақыратын оқытушылар немесе оқушылардың ата-аналарының бірі басшылық жасайды. Жұмыстың бұл саласы өз мамандығына тіпті де байланысты емес, бірақ бос уақыттағы сүйікті ісі болған жағдайда мұндай үйірмелерді мектеп мұғалімдері де жүргізеді.

Сабақ біткен соң және үй тапсырмаларын орындап болған соң, көптеген оқушылар спорт мектептеріндегі жаттығуларға, жасұландар мен сарайларындағы үйірмелерге, секциялар мен студияларға, жас натуралистер немесе жас техниктер станцияларына және басқа да мектептен тысқары балалар мекемелеріне барады.

Оқушылармен мектеп өткізетін жұмыстан айырмасы – бұл тәрбие жұмысы мектептен тыс жұмыс деп аталады. Ол да сабақтан тыс уақытта өткізіледі, бірақ оны мектепке оқушылардың бос уақытын ұйымдастыруға, олардың қабілетін анықтауға және дамытуға, әрнәрсеге қызығушылығын арттыруға, көп нәрсе білуге құштарлығын оятуға көмектесетін, балаларды тәрбиелейтін арнаулы мекемелер өткізеді.

Біздің елімізде әрқилы мектептен тыс мекемелердің аса үлкен және алуан түрлі жүйесі құрылған. Олар өзқатарына көптеген аса жас техниктер станциялары мен жас мамандар, балалардың экскурсиялық-туристік станцияларын, көптеген балалар парктерін, балалар театрларын және де басқа да балалардың бірқатар тәрбие мекемелерін (жас теңізшілер, автомобильшілер, өзеншілер және поляршылар клубтарын, балалар темір жолдарын және т. б.) біріктіреді.

Мектептен тыс мекемелердің барлығы мектептермен тығыз байланыста. Олар әдетте оқушыларды мектептердің жолдама қағаздары бойынша қабылдайды, олардың сабақ үлгерімін қадағалап отырады. Оқушылар сабақ үлгерімі төмендеп кеткен жағдайда бұл мекемелердегі сабақтарға қатысу құқынан айырылады.

Бұл мектептен тыс мекемелер жүйесінің үлкендігіне қарамастан, олар әліде болса тілек білдірушілердің барлығын қамти алмайды және әзірге көбіне мектептің өзінде-ақ әлдеқандай арнаулы саладағы сабақтарға ынтасы мен қабілетін танытқан оқушылармен жұмыс жүргізеді. Мектеп үшін олар өз профиліне сәйкес мектептен тыс жұмыстар саласындағы әдістемелік және кеңестік орталықтар болып табылады.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

*Атаматов Ғолибжон Маьруфжанұлы – магистранты
Ғылыми жетекшісі – п.ғ.д., профессор Атемова К.Т.,
Шымкент университетінің*

Түйіндеме: Бұл мақалада білім туралы жаңа Заңның 8-ші бабына сәйкес, білім алу жүйесі жеті сатыдан тұрады: мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім. Жоғары білім саласын халықаралық дәрежеге көтеру Қазақстанның халықаралық аренада бәсекеге қабілетті мемлекет болуына тікелей ықпал етеді.

Резюме: В этой статье говорится, что в соответствии со статьей 8 нового закона Об образовании система образования состоит из семи этапов: дошкольного, начального, основного среднего и общего среднего образования, послесреднего, высшего и послевузовского образования. Повышение уровня высшего образования на международный уровень напрямую способствует тому, что Казахстан станет конкурентоспособным государством на международной арене.

Білім беру саласында жүргізілген реформаға сәйкес, 90-шы жылдары бірқатар өзгерістерге қол жетті: білім беру мекемелерінің күзіреті кеңейді; жалпы орта білім мен мемлекеттік оқу орындарында кәсіби білімді тегін оқытуға мемлекет кепілдігі берілді; үш тілде оқыту жүйесі енгізілді;

мемлекеттік емес оқу орындарына рұқсат беріліп, басқа мемлекет азаматтарына ҚР азаматымен тең дәрежеде білім алуға рұқсат берілді; кредиттік жүйе мен тегін оқу гранты бөлінді; жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу институттарына кәсіби білім алу мен мобильділік бойынша оқуға мүмкіндік берілді; ЖОО жоғары білімді шыңдауға мүмкіндік беретін негізгі әлеуметтік орын ретінде дербестікке ие болды[1].

1997 жылы Қазақстанда жаңа әлеуметтік стратегияның құрылуына негіз болған ұлттық жобалар дайындалды. Бұл бағдарламалар адами капиталды дамыту, оның білімі, денсаулығы, игілігіне қатысты сұрақтардың шешімін табуымен маңызды. Білім сапасын көтеруге байланысты елімізде 2005 жылға дейін «Ауыл мектебі» атты мемлекеттік бағдарлама жүргізілді. Бағдарламаның негізгі мақсаты еліміздегі ауылдық мектептерді белгілі бағыттар бойынша дамыту болды. Көптеген аймақта мектептер жетіспегендіктен, жауапты министрлік ауыл мектептерін білікті мамандармен қамтуды қолға алды. Осы шаралар «Білім» мемлекеттік бағдарламасы бойынша жалғасын тапты.

Мемлекеттің білім беру саясатын дамытудың ұзақмерзімді құжаты - 2004 жылы қабылданған «ҚР 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы» болды. Тұжырымдама – білім беру жүйесін дамытудың мақсаттары мен міндеттерін, құрылымы мен мазмұнын және негізгі стратегиялық бағыттарын айқындайтын ғылыми-теориялық, әдіснамалық құжат.

Тұжырымдама ҚР Конституциясына, «Білім туралы» ҚР Заңына, «Ғылым туралы» Заңға, «Қазақстан-2030» Стратегиясына, «Қазақстанның 2015 жылға дейінгі индустриалдық-инновациялық даму стратегиясына», «Білім» мемлекеттік бағдарламасына, Балалардың құқықтары туралы конвенцияға және т.б отандық және халықаралық маңызды құжаттарға сәйкес әзірленді.

Білім беруге байланысты қабылданған құжаттар экономикалық, қоғамдық жаңғыртудың барлық қажеттіліктеріне жауап береді және білім жүйесіне деген халықаралық талапты ескереді. Қазақстандық жүйенің құрылымы ЮНЕСКО ұсынған Халықаралық стандарттық білім беру бағдарламасының (1997 ж.) классификация өлшемдеріне сәйкес келтірілген

Оны жүзеге асыру үшін 2012 жылдан бастап Қазақстанда көптілді білім беру жүйесі енгізілуде. 2012-2013 оқу жылында Қазақстанның 35 мектебінде көптілді оқыту жүйесін енгізу қолға алынды, сонымен қатар, 1 сыныптан бастап ағылшын тілін үйрету жобасын қолға алынды. Республикада новаторлық әдістемелер, орта мектептерде үш тілде сабақ берудің жаңа стандарттары сынақтан өткізілуде[2].

Қазақстанның Болон процесіне жедел кіруі нәтижесінде еліміз үш деңгейлі моделге енді: бакалавриат-магистратура- PhD докторантура. Қазіргі күні 42 жоғары оқу орны еуропалық агенттіктердің сапа менеджменті жүйесінің сертификаттау аудитінен өтіп үлгерді. Докторлық және магистратуралық бағдарламалары үшін кластерлі бастамалар негізінде озық

мамандықтардың тізімі анықталды. Бұл құжаттар мемлекет саясатының білім саласындағы негізгі міндеттерін айқындады.

Қазақстанда өткізілетін әлеуметтік-экономикалық реформалар нәтижесінде, жоғарғы оқу орындарын қоса алғанда, соңғы жылдары алға қойылған келесі міндеттерді атап өтуге болады:

1. жоғарғы білім жүйесін демократияландыру және басқарудың бір орталықтан жүргізілмеуі;
2. жоғарғы оқу орындарының құрылымы мен жүйесін әртараптандыру;
3. жаңа заңнамалық және нормативтік-құқықтық базаны құру;
4. жоғары білім берудің жаңа мемлекеттік стандарттарын қалыптастыру.

Жалпы, Қазақстанның білім беру жүйесін жаңғырту арқылы үлкен нәтижелерге қол жеткізуге болады, егер келесі жағдайлар орындалса: үкіметтің білім беру саясатында орнатқан барлық бағдарламалары білім беру жүйесінің аясында жинақталған әлем тәжірибесінің мүмкіндігіне негізделіп жасалуы қажет. Ұлттық білім беру жүйесі әлем бойынша жаһандану үрдісін кешуде. Сондықтан, көптеген мемлекеттер үшін, әсіресе, Орталық Азия үшін, өзінің білім беру жүйесін өзгертуде дұрыс бағыт таңдау мәселесі тұр. Жаңа заманның негізгі үрдістері білім беру саясатына да ықпалын тигізе бастады. Білім беру жүйесі әлеуметтік саясаттың басты бағыттарының біріне айналуға, себебі, жаңа әлемде мемлекеттің экономикалық жетістіктері білім беру жүйесімен, азаматтардың білімділігімен, мамандардың бәсекеге қабілеттілігімен анықталады.

Қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жағдайында ұзақмерзімді стратегия арқылы білім реформасын жүзеге асыруға болады. Сол мақсатта ҚР білім беру жүйесі белгілі даму сатыларынан өтіп келеді. Оған ҚР Президентінің жыл сайынғы халыққа Жолдаулары негіз болуда. Атап айтқанда, «Қазақстан-2030» стратегиялық бағдарламасында білім беру мәселесі төртінші ұзақмерзімді басымдықта көрсетілді. Басымдық атауында «Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білімі мен әл-ауқаты» деп көрсетілгенімен, құжаттың аталған бөлігінде азаматтардың денсаулығы мен салауатты өмір салтын сақтау мәселесіне мән берілген. Атап айтқанда, тәуелсіздік жарияланған алғашқы жылдардағы өршіп тұрған нашақорлық пен наркобизнес, темекі мен алкогольді тұтыну мәселені ерекше көңіл аударылған. Білім беру мәселесі кейінгі бағдарламаларда тарқатылып айтылды[3].

Соңғы жылдардағы құжаттарға көңіл аударатын болсақ, 2015 жылғы 30 қарашадағы «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» Жолдауының «Жаңа әлеуметтік саясат» тармағында 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап білім беру саласы қызметкерлерінің жалақысы – 29 пайызға дейін артатыны айтылды. Сонымен қоса 2017 жылдан «Баршаға арналған тегін кәсіби-техникалық білім» бағдарламасы басталатыны жарияланды.

Сондықтан олардың функционалдық сауаттылықтарын кәсіби шеберлікпен ұштастыру үшін нәтижеге бағытталған білім беру үлгісінде мақсатты түрде білім беретін, қалыптастыратын, дамытатын андрогогикалық процесс қажет. Басқаша айтқанда ересектерге арналған, жалпы және кәсіби білімнің қажеттілігін дамыту, ғылым, білім мен мәдениет жетістіктері арқылы адамдардың жалпы мәдениеті мен әлеуметтік белсенділікті дамытуға бағытталған танымдық іс-әрекетке ынталандыру үшін білім беру. Қазіргі білім беру парадигмасы «білікті адамға» бағытталған білімнен «мәдениет адамына» бағытталған білімге көшуді көздейді. Бұл білім беру жаңаша ұйымдастыру- оның философиялық, психологиялық, педагогикалық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін тереңірек қайта қарауды қажет етеді.

Сондықтан бүгінгі күні еліміздің білім жүйесінде оқыту үдерісін тың идеяларға негізделген жаңа мазмұнын қамтамасыз ету міндеті тұр[4].

Француз қайраткері «Адамға оқып – үйрену өмірде болу, өмір сүру үшін қажет» дегендей оқыту процесін технологияландыру, осыған сәйкес оқу бағдармаларын жасау, ғалымдар мен жаңашыл педагогтардың еңбектерімен танысу жұмыстары мұғалімдердің үздіксіз ізденісін айқындайды. Жаңа педагогикалық технологиялардың негізгі мәні пассивті оқыту түрінен активті оқытуға көшу оқу танымын ұйымдастырудағы бастамашылдығына жағдай туғызу, субъективтік позицияны қалыптастыру.

Білім сапасын арттыру және нәтижеге бағытталған үлгіге беталуы барысында мұғалімдер мемлекеттік стандарт берілген нәтижелерге жетуде кәсіби шеберлікпен меңгерген зерттеу біліктері мен дағдылары нәтижесінде проблеманың шешімін таба алатын, ақпараттық – коммуникативті мәдениеті жоғары тұлғалық - дамытушылық функцияны атқарады. Қазіргі заман адамның осы құзыреттілікті меңгере отырып тек « кәсіби икемділігін оңтайландыруды қамтамасыз ету ғана емес, іске асырылу мүмкіндігін « үнемі оқып – үйрену және өзін-өзі жасау талабын қалыптастыра алады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Педагогика. Дәріс курсы. – Алматы: Нұрлы әлем, 2023. – 368 б.
2. Педагогика: Оқу құралы. /Жалпы ред. басқарған А.М.Құдиярова. – Алматы: Дарын, 2014. – 448 б.
3. Педагогика. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. – Алматы, 2014 – 412 б.
4. Педагогика: Оқулық /Құрманалина Ш., Мұқанова Б., Ғалымова Ә., Ильясова Р. 2017. – 148 б.

ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КӨМЕК БЕРУ ӘДІСТЕМЕСІ

Базарбаева Севара Айдарқызы – магистранты

Ғылыми жетекшісі – п.ғ.д., профессор Атемова К.Т.

Шымкент университеті, Шымкент қ.

Түйіндеме: Бұл мақалада қазіргі кезде көптеген мектептер гимназия, лицей мектептері статусын алуымен байланысты балалардың интеллектуалдық қабілетін анықтау психологқа жүктеледі. Сондықтан бұл мәселе де психолог міндеттерінің бір саласы болып табылады.

Резюме: В данной статье на психолога возлагается определение интеллектуальных способностей детей, которые в настоящее время связаны с получением статуса гимназии, лицейской школы во многих школах. Поэтому этот вопрос также является областью обязанностей психолога.

Мектепке қабылданған балалардың өмірі олардың балалық шақтан оқушы статусына ұштастыратын өтпелі кезеңдігімен сипатталады. Балалар өміріндегі бұл шақ көптген әлі көзі ашылмаған даму мүмкіндіктеріне бай.

Оларды дер кезінде байқап, қолдап отырғанда ғана балалардың жекелік психикалық қасиеттері жан-жақты дамып, қажетті әрекеттерге айналады. Сондықтан мектеп психологі баланың мектеп талаптарын орындауға, биологиялық кемелденуі, ақыл-ой дамуы, жеке басының қалыптасуы мен әлеуметтік даярлығы, ерік сапаларының қалыптасуы және көңіл-күйін меңгеріп, өзін-өзі ұстау жағынан мағлұматтар алып оларды нормативтермен салыстырып зерттеуі қажет.

Мектеп табалдырығынаттаған күннен бастап бала оқушыға айналады. Оның өмірінде ойын әлі маңызды рөл атқарады. Дегенмен бастауыш сынып оқушысының өмірінде оның танымдық әрекеті жетекші бола бастайды. Осы әрекеті мінез құлық мотивтерін өзгертіп, бар күшін интеллектуалды қабілетін, адамгершілік қасиеттерін дамытуға бағыттауды қажет етеді. Әсіресе баланың мектеп өміріне енуі оның көптеген жағдайға икемделуін талап етеді.

Балалардың көпшілігі бұған отбасыда немесе балабақшада арнайы психологиялық даярлықтан өтеді. Мектепке бала үлкен қуанышпен барады. Өйткені мектепті бала болашақ үлкен өмірге даярлықтың бір сатысы ретінде қабылдайды. Баланың бір ішкі позициясы оның мектеп өмірін қалауы, сыныпта мінез-құлық ережелеріне, сыныпта жолдастарымен ерекше қарым-қатынас нормаларын, күн тәртібін, мұғалімнің талаптарын жылдам қабылдап оны қиналмастан орындауы негіз болады. Бұл талаптарды бала орындамауға болмайтын қағида деп қабылдайды.

Жаңа ережелер мен нормаларды сөзсіз орындауды талап ету кей кезде балалардың қырсықтық көрсетуіне немесе шамадан тыс шаршауына алып

келуі мүмкін. Сондықтан психологтың алдында тұрған ең негізгі міндеті – балаларға мектеп талаптарын қабылдап алуға көмектесу.

Мектеп қойып отырған жаңа талаптарды орындау үшін бала ерекше режим бойынша өмір сүреді. Олар уақытында оянып, сабақты жібермей қатынасып, мұғалімнің сөзін жақсы тыңдап сабақта ұйымдастырылған жұмысты және үйге берген тапсырмаларды уақытында ережелерге сай орындап отыруы қажет. Баланың бұл міндеттерін толық орындауға негіз болатын тиісті дағдылары болмаса, ол әдеттен тыс шаршауы, сабақты жіберіп қоюы, үй тапсырмасын орындамауы сияқты режимді бұзу орын алуы мүмкін. Психологтың екінші міндеті – бірінші сыныпқа қабылданғандарды мектеп режиміне үйрету шараларын жүйелі түрде жүргізу.

Бірінші сынып оқушыларының басым көбі бастан кешіретін қиындықтарының ішінде олардың мұғалімдер мен және сыныптас жолдастарымен қарым – қатынас жасауы болып табылады. Психологиялық қызмет көрсету барысында баланың қарым – қатынас мәдениетін тәрбиелеу, қалыптастыру психологтың келесі міндеті болып анықталады.

Баланың мектепке баруымен оның отбасындағы жағдайы өзгереді. Бала үй тапсырмасын орындайтын орны және уақыты болуы керек, ал ата-аналар өз тіршілігін оқушының күн тәртібімен санасып ұйымдастырады. Сондықтан бірінші сынып оқушыларының ата – аналарымен көптеген режимдік жұмыстар, балаларға үй тапсырмасын орындау тәртібін үйрету, баланың жұмыс орнын ұйымдастыру т.с.с. мәселелер бойынша ағарту жұмыстарын жүргізу – осыжас кезеңіндегі балалармен жүргізетін психолог жұмысының келесі міндеті.

Балалық шақтан өткен, ересектікке әлі жетпеген 11-15 жас аралығындағы балаларды психологияда жеткіншек жас кезеңіндегілер деп атайды. Бұл жас кезеңі «өтпелі кезең», «қиын жас», «проблемалы» т.б. көптеген қосымша белгілерге бай. Оның барлығы осы жас кезеңінде жүретін психофизиологиялық процестермен байланысты. Бұл жас аралығында бала ағзасы дамуының бір ағзасынан екінші сатысына өтіп, ал әлеуметтік статусы бойынша олар әлі балалық шақта жүрген кезең. Психологияда мұндай құбылыс даму дағдарысы деп аталады.

Жеткіншек жас кезеңінде баланың бойында бұрын қалыптасқан қасиеттерге жаңа сапалар немесе жаңа құрылымдар қосылады. Бұл құрылымдар бұрынғы психологиялық және физиологиялық көріністерге жаңа сапа беріп, олардың бір – бірімен бітісуі әлі аяқталмаған кез болғандықтан, көптеген екі жақтылық орын алады. Сондықтан бала көптеген қиналыстарға ұшырайды: болашақта кім болатынын, өмірде орындайтын әлеуметтік ролін, қарым – қатынас ерекшеліктерін анықтау қажеттілігі туғанынан бала уайым шегіп, өз орнын іздейді.

Үлкендер баланы барлық уақытта түсіне бермейді. Қарым – қатынас барысында жеткіншектерді өздеріне бағындыру, үстемдік көрсету, тіл алуды талап ету орын алады да, мұндай көзқарас баланың қырсықтығын туғызып, нәтижесінде үлкендер мен баланың арасында такетрестік орын алуы мүмкін.

Жеткіншектердің дене мүшелерінің дамуында да үлкен үйлеспеушілік орын алады. Мәселен, олардың аяқ – қолдары, бет мойыны тез ұзарады да, кеудесінің өсуі, бұлшық еттерінің ұзаруы кешеуілдейді. Дене мүшелерінің бір келкі дамымауы салдарынан жеткіншекте «өзін, жарым – жан сезіну» деп аталатын комплекс пайда болады. Ол денесін тік ұстауға қиналып, көбінесе бүкшейіп, немесе бір жағына қисайып жүреді.

Жеткіншек жас кезеңінде балалардың эндокриналық жүйесінде өзгеріске ұшырайды. Гипофиздік гармоналар жыныс безінің жұмысын әсерлендіріп, күшейтіп, жеткіншекті жыныстық өмірге дайындайды. Ми қабығының жасушалары жыныс гармондарының тітіркендіруіне әсерленгіш. Сондықтан жеткіншектер көп мәселелердің байыбына үңіліп жатпайды, сөді аяғына дейін тыңдап болмастан, морт кететін қылықтары осының салдарынан туады.

Жеткіншек жас кезеңіндегі мінездің кейбір көрсеткіштерінің шамадан тыс дамып кетуін акцентуация деп атайды. Акцентуацияның байқалу ерекшеліктерін Леонгард жан – жақты зерттеп, оның типологиясын жасаған. Сонымен қатар осы жас кезеңінде мазасыздану да бала өмірінде едәуір орын алады.

Осы жас кезеңнің ерекшеліктерін ата – аналар, мектеп мұғалімдері, сынып жетекшісі, басқа да жеткіншектің айналасындағылар жақсы түсінетін болса, барынша төзімдік көрсетіп, түсінушілік білдірсе, балалар жас қиындығын оңайырақ көтереді.

Жеткіншек жастың ерекшеліктері:

барлық нәрсені өз бетімен орындап, үлкендердің қамқорлығы мен ақыл – кеңесінен құтылғысы келуі;

үйге берілген тапсырмаларды жаттап алмастан өз сөзімен түсінікті етіп айтуға тырысуы;

үлкендерге сын көзбен қарап, олардың айтқанын сынап мінеп, кей кезде өрескел мінез көрсетуі; жеткіншек істі игеру жағынан әлі бала болса, ал талап қою жағынан ересек, өз мүмкіндігін жоғары бағалап, бәрін өзі істей алатындай сезінуі.

Жеткіншектердің қырсық мінез көрсетуіне, ересектер талабын оңай орындамауына негіз болатын бірнеше себептер бар.

Олар:

Балалардың оқудан басқа айналысатын шаруасының болмауы.

Радио, теледидар, басқа да ақпарат көздерінен ересектерге арналған хабарларды көріп, соған еліктейтіні.

Өзінен үлкен балалармен танысып, солардың жарамсыз әрекеттеріне еліктейтіндігі.

Күні – түні фантастикалық және криминалистикалық әдебиеттерді оқып, ондағы кейіпкерлерді еліктеуі.

Акцентуацияның көрініс беруі.

Агрессияның анық байқалуы.

Психологтың жеткіншек жас кезеңдегілермен жүргізетін жұмыстарының міндеттері мен мазмұны осы ерекшеліктерден туады. Барлық

іс – шаралар жеткіншектердің жасымен байланысты проблемаларын ескере отырып, олардың шешуге немесе шешу жолдарын табуға көмектесуге бағытталған. Сонымен қатар осы жас кезеңінде баланың интелтуалдық дамуына үлкен көңіл бөлу қажет.

3. Жас өспірімдерге психологиялық қызмет көрсету міндеттері.

Жас өспірімдік шақ баланың жыныстық толысуымен басталып, ересектік орын алғанға дейін созылатын, көптеген физиологиялық және әлеуметтік жағдайларға байланысты шектері анықталатын жас кезеңі. Бұл кезең 14-18 жас аралығында өтеді және көптеген өзіне тән ерекшеліктермен сипатталады.

Жыныстық даму жөнінен жігіттер мен қыздардың көбі бұл жаста пубертаттық кезеңде болады. Осы физиологиялық процеске байланысты ұл – қыздардың бір – біріне көз салып, жыныстық қызығушылығы орын ала бастайды. Жас өспірімдік кезең бала мен ересектің арасындағы аралық жағдайда болады. Балалар материалдық жағынан әлі ата – аналар қарауында. Мектепте оған, екінші бірінде, сен ересексің, үлкенсің десе, екінші жағынан, одан үнемі үлкендердің айтқанын сынамастан орындауды талап етеді. Бұл жағдай мектептен басқа жердеде анық байқалады. Сонымен қатар, жоғары сынып оқушылары болашақта некелеуге өз отбасын құруға әзірлену кезеңінде. Сондықтан, психолог алдында тұрған үлкен міндеттердің – жыныстық тәрбие, болашақ отбасы өміріне даярлау, қарым – қатынас мәдениетін тәрбиелеу болып табылады.

Жас өспірімдік шақтың аса маңызды міндеттері – мамандық таңдау, еңбек пен қоғамдық — саяси қызметке даярлану және болашақ мамандық алатын оқу орнын анықтау. Бұл міндеттері жүзеге асыру баладан ұзақ уақыт мақсатты даярлықты талап етсе, үлкендер жағынан баланың мұқтаждығын жақсы түсініп оған кеңес беріп, қол ұшын беруді қажет етеді. Мамандық таңдау баланың жалпы дүниетанымдық ізденістері мен өмірлік жоспарларында орнығып, нақтылады.

Жас өспірім есейген сайын таңдау қажеттігі күшейе түседі. Ойдағы, қиялдағы немесе абстрактілік көптеген мүмкіндіктердің ішіне неғұрлым шындыққа жақынын, қабылдауға келетін варианттарды таңдау керек болады.

Сондықтан мамандыққа баулу, баланың мамандық таңдау мотивациясын, қызығушылығын, ден саулығын және анатомо-физиологиялық мүмкіншілігін зерттеп кәсіби бағдар беру – психолог алдында тұрған екінші міндет болады.

Жас өспірімдік жас кезеңінде адам өзінің қандай екенін, қаншалық құнды, қабілетті екенін барынша толығырақ түсініп білгісі келеді. Өзін-өзі бағалаудың екі тәсілі бар. Оның біріншісі-өз талаптарының деңгейін жеткен нәтижелермен салыстырып бағалау, ал екіншісі-әлеуметтік жарыс, өзі туралы төңірегінділердің пікірлерін салыстыру. Осы тәсілдер арқылы құрылған баланың өз «менің бейнелері күрделі әрі бір мәнделес болмайтыны белгілі.»

Мұнда нақты «мен» (қазір қандаймын), динамикалық «мен» (қандай болғым келеді), м ұраттық «мен»(өзімнің адамгершілік ұстанымдарыма

байланысты сондай болуға тиіс тімін), қиялдағы «мен»(қолымнан бәрі келетін болса сондай болар едім!) т.с.с. көз алдына елестетін «мен» бейнелері бар. Өзін-өзі талдау нәтижесінде балалар өзін объективті, төмен немесе асыра бағалауы мүмкін. Балалар психолог көмегімен «мен» көріністерін анықтауға, оны зерттеуге мүмкіндіктері болуы керек. Сондықтан әр баланы өзін-өзі танып білуге үйрету психологиялық қызметтің кеңесі міндеті.

Осы шақта эгоцентризм, невротизм белгілері болуы әбден мүмкін. Сонымен қатар жас өспірімдік рефлексияның тереңділігі мен қанықтылығына байланысты көптеген әлеуметтік (әлеуметтік тегі мен ортасы, білім деңгейі), жеке типологиялық (интроверсия-экстрроверсияның дәрежесі) және өмірбаяндық (отбасында тәрбиелену жағдайлары, құрдастарымен қарым-қатынасы, оқыған кітаптарымен көрген кинофилмдерінің сипаты) факторларға байланысты. Психолог осы шақтағы баланың ерекшеліктерін анықтап, әрқайсысына қажетті көмек көрсетуі керек. Бұл жас өспірімдерге психологиялық қызмет көрсетудің келесі міндеті.

Жас өспірімдік шақта достықты қажетсіну күрт өседі және бұл сезім өте тұрақты да терең бола бастайды. Достық туралы жас өспірімдік ұғым мен оның нақты дәрежесі әр балада әр түрлі болады. Қыз балаларда олардың ертерек толысатындығымен байланысты интимдік достықты қажетсіну ер балалардан ерте басталады. Егер жастары бір шамалас ер балалар мен қыз балалардың достық мұраттарын салыстырса, қыз балалар ер балаларға қарағанда достыққа неғұрлым жоғары талаптар қоятындығы көрінеді. Есейген сайын бұл айырмашылықтар жоғалады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасындағы этникалық-мәдени білім тұжырымдамасы 1996 жыл
2. Адам қайраты 1981 жыл
3. Мұхтар Әуезов энциклопедиясы — Алматы, «Атамұра» баспасы, 2011 жыл.
4. «Абайдың қара сөздері» Алматы 2011 жыл.
5. Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. Астана 2014 жыл

ОҚУШЫНЫҢ ЖЕКЕ БАСЫН ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕСІНЕ ТЕОРИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАР

*Бейшенов Мухамеджан Пернекулович – магистранты
Ғылыми жетекшісі – п.ғ.д., профессор Атемова К.Т.
Шымкент университеті, Шымкент қ.*

Түйіндеме: Бұл мақалада бәсекеге қабілетті жетілген тұлғаны қалыптастыру үшін оқушыны ізденушілікке, өз бетінше жұмыс жасауға,

бақылау мен зерттеуге, зерттеу нәтижелерін жинақтап, қорытынды жасай білуге үйрету бастауыш сыныптан басталуы қажет.

Резюме: Для формирования конкурентоспособной зрелой личности в данной статье необходимо, чтобы обучение учащегося поискам, самостоятельной работе, наблюдению и исследованию, умению обобщать результаты исследований и делать выводы начиналось с начальной школы.

Абай Құнанбаевтың жетінші қара сөзіндегі « Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біріншісі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Екіншісі – көрсем, білсем деп, ер жетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, «ол неге өйтеді?», « бұл неге бүйтеді?» деп көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді», – деген ой тұжырым оқушының биік танымдық қабілет, тұрмыс-тіршіліктің сырын ұғуға талпыныс баланың ерте жасынан туындайды екен. Сондықтан оқушыны ізденушілік, зерттеушілікке баулу бастауыш сыныптан басталуы тиіс.

Өйткені бастауыш сынып оқушысының түрлі сөздіктер мен қызықты әдебиеттерді іздеп табуға, оқып танысуға деген құштарлығы басым болады. Баланы ізденушілікке баулу, оған зерттеу дағдысы мен білігін игерту бүгінгі білім беру саласының маңызды міндеті болып саналады.

“Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасының “ басты мақсаты оқушылардың талдау, синтездеу, әрі логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, яғни оқушылардың сабақ бойы ой еңбегімен шұғылдануын қамтамасыз ету, оқушыны ізденуге, өз бетімен қорытынды жасауға үйрету болып отыр.

“Өткенге қарап басымызды иеміз, ертеңге қарап білек сыбанамыз” демекші, бүгінгі бала – ертеңгі азамат. Сондықтан қазіргі мектептің басты мақсаты – баланың табиғи күштері мен мүмкіншіліктерінің ашылуына қолайлы жағдай жасау. Білім беру мазмұнын жаңарту, үздіксіз білім беру жүйесін дамыту – бүгінгі күннің басты талабы.

Қазіргі кездегі білім беру ісінің негізгі нысаны-жас ұрпақтың біліктілігін ғана қалыптастырып қоймай, олардың бойында ақпаратты өздері іздеп табатын және талдай алатын, сонымен қатар оны ұтымды пайдалана білетін, жылдам өзгеріп жатқан бүгінгі күнге лайықты өмір сүріп, қызмет етуге қабілетті тұлғаны қалыптастыру болып отыр.

Оқушының танымдық өзгертушілік әрекеті зерттеушілік деп аталатын әдістің көмегімен жүзеге асырылады. Шығармашылық қабілетті дамытудың құралдары мен түрлі жолдарының арасында оқушының өзіндік зерттеу тәжірибесі өте тиімді болып табылады. Зерттеушілік білігі мен дағдылары бүгінгі күні ғылыммен айналысатын адамдарға ғана тән емес, түрлі саладағы әрбір адамның әрекетіне қажет. Зерттеуші-оқушы өзінің табиғатынан зерттеуге бейім келеді. Білуге құмарлық, бақылау жасауға талпыныс, өзінше эксперимент жүргізуге баланың балалығымен бірге жүретін процесс. Зерттеу, іздеу белсенділігі-баланың жаратылысына тән табиғи құбылыс. Зерттеушілік әдісін қолдану қажеттігі оқушының білім алу процесінде

қоршаған ортасына қызығушылығымен, сүйіспеншілікпен қарауымен түсіндіріледі. Оқушының өз бетінше зерттеу жүргізуі оның жеке талабын қанағаттандыруға, көкейінде жүрген сұрақтарға жауап табуға үлкен ықпал етеді. Одан басқа зерттеу жүргізу интеллектуалдық және шығармашылық қабілеті мен ойлау, зерттеу білігінің дамуына мүмкіндік туғызады. Оқушы өз бетінше зерттеу жүргізу арқылы қоршаған ортасын тани алады, жаңа білімді дайын күйінде емес, өзі үшін жаңа білім ашады. 1999 жылдан бастап, оқушылардың зерттеушілік, ізденушілік, жобалау әрекеті біртұтас жүйе ретінде құрылды. Ал бүгінгі күні бұл әдістеме оқытудың құзіреттік тәсілі жағдайында ерекше қажеттілікке ие. Жоба- латын тілінен аударғанда «алдын ала» деген ұғымды береді. Зерттеу күнделікті қолданыста адамның танымдық әрекет түрлерінің бірі ретінде жаңа білімді игеру қабілетімен түсіндіріледі. Зерттеушілік оқыту- баланың қоршаған ортасын өз бетінше танып білуге деген табиғи ынтасы негізінде құралған оқытудың негізгі тәсілі. Зерттеудің жобалаудан айырмашылығы мынада. Зерттеу алдын ала жоспарланған нысанды құруды көздемейді. Ол белгісізді іздеу, жаңа білімді іздеу процесі. Бұл-адамның танымдық әрекеттерінің бірі. Осылайша, жобалау мен зерттеу басынан-ақ әрекет түрлерінің бағыттары, мәні мен мазмұны жағынан түрліше.

Екі әдіс те оқушылардың өзіндік әрекетіне бағдарланған (дербес, топтық, жұптық), оны арнайы бөлінген уақыт аралығында (сабақтың бірнеше минуттарынан бастап бірнеше апталар мен тіпті айлар аралығында) орындайды. Жобалау технологиясы және зерттеушілік әрекет технологиясы төмендегілерді қамтиды:

-кіріктірілген білім мен оны шешудің зерттеушілік ізденісін талап ететін проблеманың болуы;

-алынатын нәтижелердің практикалық, теориялық, танымдық маңыздылығы;

-оқушының өзіндік әрекетін;

-жобаның мазмұндық бөлігін оның кезеңдік нәтижелерін көрсете отырып құрылымдау;

-зерттеу әдістерін қолдану, яғни проблеманы және одан туындайтын зерттеу әдістерін анықтау; зерттеу әдістерін талқылау, ақпарат жинау, соңғы нәтижелерді рәсімдеу; алынған өнімнің тұсауын кесу, талқылаулар мен қорытындылар.

Дарындылықтың табиғаты шексіз. Осы дарындылық пен шығармашылықты дамытудың түрлі жолдарының ішінде баланың өзіндік зерттеу тәжірибесі ең тиімді болып есептеледі. Зерттеушілік, ізденушілік – бала табиғатына тән құбылыс. Білуге деген құштарлық, бақылауға тырысушылық тәжірибеден өткізуге дайын тұру, әлем туралы жаңа мәлімет жинауға талпынушылық қасиеттер балаға тән дәстүрлі мінез.

Зерттеу жұмысымен айналысу, шығармашылық жоба жазу оқушының аналитикалық ойлау қабілетін дамытады, шешім қабылдай алу қабілетін

қалыптастырады. Оқушыны ізденушілікке баули отырып, ғылым мен техниканың жетістігіне сәйкес армандарына жетуге, өз жолдарын дәл табуға көмектеседі.

Фантастикалық- өмірде болмайтын фантастикалық құбылыстар мен заттар жөнінде.

Эксперименттік – өзіндік байқаулар мен эксперименттерді жүргізуді талап етеді. Балалар үшін ең қызықты эксперимент-нақты заттарға және олардың қасиеттеріне жасалған тәжірибелер. Оқушыларға әр түрлі тақырыпты беруге болады. Экспериментальді (практикалық бөлім) зерттеу мәселелер мәнісін түсіндіретін немесе оны шешуге мүмкіндік беретін ғылыми әдістерді пайдалануды болжайды. Зерттеу жұмыстарының бұл кезеңі маңызды болып табылады, бұл кезеңде жоба авторы өзінің шығармашылық мүмкіндігін көрсете алады. Бұл кезеңде эксперименттер, байқау, сауалнама, әңгімелесу, сұрақ қою, интервью алу т.б. зерттеу әдістері пайдаланылады. Ғылыми зерттеуді жүргізу кезінде дұрыс ақпарат алу үшін бір емес, бірнеше әдістер жиынтығы қолданылады.

Ғылыми зерттеу табыстылығының маңызды шарты-тақырыпты дұрыс таңдау. Тақырыпты таңдау – біржолғы процесс емес және қиын өзіндік ізденістің нәтижесі болып табылады. Тақырып оқушыларға қызықты, оларды тартатындай болу керек. Тақырып орындалатын, шешімі зерттеуге қатысушыларға пайдасы тиетіндей болу керек.

Оқушылардың қызығушылығын ескере отырып, жетекші өзі жақсы білетін тақырып аясын таңдау керек. Тақырып шынайы болу керек, онда жаңа дүниелер, күтпеген жаңалық, ерекшелік элементтері болу керек.

Зерттеу жұмысының басты шарты – оның жаңалығы және өзектілігі. Жұмыстың сәтті болуы үшін зерттенудің **мақсаты** мен **міндеттерін** ұғыну қажет. **Мақсат** – бұл зерттеушінің ізденіс нәтижесі. Зерттеу мақсаты нақты және қол жетерлік болсын.

Міндеттер – қадамдарды, мақсатқа жету кезеңдерін көрсету болып саналады. **Жұмыстың өзектілігі** – яғни бұл жұмыстың қазіргі кезеңіндегі проблемасы.

Болжам – логикалық дәлелденбеген, тәжірибемен нақтыланбаған алдын ала ойластырылмаған білім

Қорытындыда болжамды дәлелдейтін жобаның негізгі нәтижелері мен тұжырымдары мазмұндалады, ұсыныстар беріледі.

Зерттеудің қол жетімді әдістері:

1. дербес ойлау
2. кітаптан оқып білу
3. кино, теле фильмдерден білу
4. интернет желісінен іздеп табу
5. басқа адамдардан сұрап білеу
6. байқау
7. эксперимент жүргізу.

Оқушыларды ғылыми ізденіске баулу мақсатында «Мен-зерттеушімін» , «Мен – жобалаушымын» деген дәптер арнату. Дәптерге оқушылар ғылым әлеміне енудің түрлі жолдарын жазады, ұлы ғалымдар еңбегі, өмірінен мәліметтер береді. Оның маңызы оқушыларға практикалық та, теориялық та көмек бере алатынында. Ол әр баланың алдында жатады. «Мен-зерттеушімін» тақырыбында оқушылармен «дөңгелек стол», әңгімелер өткізуге болады. Алғашқы әңгімелерде «ғылыми жұмыстардың түрлері» сөз болады. Бұл жұмыстың тиімділігі оқушылардың ғылым туралы ұғымдарын кеңейтуге ықпал етіп, іздену, зерттеу жұмыстарының түрлерімен таныстырады

Педагогикалық үрдісте балалардың дарынын ашуда оқушы мен мұғалімнің ынтымақтастығы қажет. Зерттеу білігі мен дағдысы тек ғылыммен айналысатын адамға ғана емес, сондай-ақ әр адамның түрлі саладағы қызметіне қажет. Оқушының өзіндік зерттеу әрекеті оның өзіндік талабын қанағаттандыруға ықпал етеді. Оқушылар қоршаған ортамен таныса отырып өзіндік зерттеу әрекетінің көмегімен жаңа білімді дайын күйде емес, өзі ашады.

Бастауыш сыныптан бастап ізденушілікке баулыса бала кішкентай кезінен өздігінен ой түйіп, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренеді, оны математика, логика сабақтарындағы оқушылардың белсенділіген байқауға болады. Оқушыларды зерттеу-ізденушілік жұмыстарға баулуды 2012 жылдан бері бастап, оқушылармен қызықты да өзекті тақырыптар таңдауға тырысамын. Биылғы оқу жылында оқушым Рахметолла Аққу «Бәйтерек – асқақ арманның символы» ғылыми жобасын жоғары дәрежеде қорғап, аудан көлеміндегі «Нұрлы көжек – 2015» кіші жастағы оқушылар жобалары байқауында Гран-при иегері атанды. «Нұрлы көжек – 2014» аудандық байқауында оқушыларым Есенғали Ұлболсын мен Төлеген Жұлдыз «Қазіргі жастардың тіл мәдениеті» тақырыбындағы ғылыми жобасын сәтті қорғап, II орын иегерлері атанды. Жұмабай Ермек «Киіз үйдің мәдениеті» зерттеу жұмысымен 3 орын алды. «Нұрлы көжек – 2013» кіші жастағы оқушылар жобалары байқауында Есенғали Ұлболсын еліміздің арғы бабаларымызды және осы күнге қалай жеткендігін анықтау мақсатында еліміздің аты «Жаманшұбар» тақырыбын зерттеп, III жүлделі орын алдық.

Зерттеу әрекеттері бала жаратылысына тән: білуге құмарлық, байқау жасауға талпыныс, өзінше эксперимент жүргізу сияқты табиғи құбылыстарды ынталандыра отырып, олардың жеке қасиеттерін ашуға жағдай жасайды. Алайда, бастауыш сатыда зерттеудің әдістерін қолданудың өзіндік қиындықтары бар. Төменгі жастағы баланы зерттеу тақырыбымен «қинауға» болмайды. Әрине, ол табиғатынан туа біткен зерттеуші, бірақ алғашқыда оған бәрі арнайы түрде үйретіледі: проблеманы қалай анықтауға болады, болжамды қалай құрылымдау керек, байқауды, экспериментті қалай жүргізу керек және т.б. қысқасы, оның зерттеушілік табиғаты үнемі педагогикалық қамқорлықты қажет етеді. Баланың айналаны өз бетімен танып білуге деген ұмтылысы негізінде құрылған оқытуда зерттеу тәсілін пайдалану ерекше орын

алады. Балаларды оқуда зерттеу тәсілін қолданудың қажеттілігі бола болмысының білмекке құмарлығымен, оны қоршаған дүниені зерделеуге деген қызығушылығымен түсіндіріледі. Оқушылардың өзіндік зерттеулері, олардың жеке қажеттіліктері мен сұраныстарын қанағаттандыруға септігін тигізеді. Сонымен қатар, өзіндік зерттеулер интеллектуалды және зерттеу біліктерін дамытуға мүмкіндік береді. Өзіндік зерттеулердің көмегімен оқушылар қоршаған дүниені тани келе, өздері үшін жаңа білімдерді «дайын күйде» алмай, өз бетімен ашады. Кіші жастағы балалар тәжірибесінде жеке және ұжымдық зерттеулер қолданылады.

Сонымен, ғылыми-зерттеу жұмыстары оқушының:

- Ой-өрісі мен рухани жан дүниесінің дамуына ықпал етеді,
- Өз бетінше жұмыс жасауға үйреніп, зерттеулер жүргізуге бейімделеді;
- Ой жүйелілігі мен шешендік өнері қалыптасады;
- Танып-білу, талдау-жинақтау, салыстыру, бастысын бөліп шығару, өмірде қолдану әдістерін меңгереді;

• Оқыту мен тәрбиелеудің тиімділігін арттырып, оқушылардың жоғары шығармашылық деңгейін қамтамасыз етеді.

«Бұлақ көрсең, көзін аш» деген ұлағатты сөзге сүйеніп, бар мүмкіндікті пайдаланып, баланың қабілетін, дарынын ашу және әрбір оқушының өз мүмкіндіктерін, қабілет және икемділігін таныта білуіне жағдай жасау – мұғалімнің басты міндеттерінің бірі. Ендеше мектепте оқушыны ізденушілікке баули отырып ғылым мен техниканың жетістігіне сәйкес армандарына жетуге, өз жолдарын дәл табуға, ғылымға жетелеу арқылы өздерінің қабілеттерін ашуларына көмектесуіміз қажет. Жаңа ғасырға қадам басқан жас жеткіншектердің қазіргі өмірге бейімділігі болу керек. Ол өмірдің әр тетігіне үніліп, тығырықтан шығар жолға даяр болуы қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті бастауыш білім беру стандарты
2. Жексенбаева Ү.Б. «Зерттеушілік оқыту технологиясы» (Бастауыш мектепке)
3. Жексенбаева Ү.Б. «Организация научно-исследовательской деятельности школы»
4. Жексенбаева Ү.Б. «Мен зерттеуге үйренемін дәптері».
5. «12 жылдық білім беру» республикалық ғылыми-әдістемелік және ақпараттық-сараптамалық журналы.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСУДА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТІҢ РОЛІ

*Ельжанова Раушан Нұржанқызы аға оқытушы
Мадияр Асылзат Тилеубайқызы
Музыкалық білім мамандығының 3 - курс студенті
Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ Түркістан қаласы*

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының негізгі міндеттерінің бірі оқушының интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін дамытуды міндеттесе, Қазақстан Республикасының дарынды оқушыларды анықтап, оларға қолдау көрсетіп дамыту концепциясы шығармашылық қабілетті дамытуға бағытталған білім беру кеңістігін туғызуды талап етеді. Соған сәйкес Қазақстан республикасының білім саласындағы нормативті қарастырады. Сондықтан жеке тұлғаның шығармашылық мүмкіндігін, шығармашылық қабілетін, шығармашылық ойлауын әрбір адамның жаңа білімді игеруіне, интеллектісі мен ойлау қызметінің ықпал ретінде дамыту өзекті мәселелердің біріне айналып отыр.

Күнделікті өмірде «іс-әрекет» сөзі – еңбек, іс деген қарапайым ұғымды білдіреді. Ал ғылымда адамның болмысымен байланысты қарастырылады, онымен ғылымның бірнеше салалары: философия, психология, тарих, мәдениеттану, педагогика және т.с.с. шұғылданады. Іс-әрекет проблемасы көбінесе, гуманиарлық пәндерде (психологияда, философияда, әлеуметтануда) зерттелген, онда іс-әрекеттің түрлерін анықтауға бірдей негіз болмаған: бір жіктеуде – ол оқу, еңбек, ойын; екіншісінде – таным, еңбек, қарым-қатынас; ал әлеуметтанушылардың еңбектерінде – еңбек, саяси, көркемөнер, ғылыми іс-әрекет және т.б.

Іс-әрекетке әр түрлі анықтамалар беріледі. Іс-әрекеттің философиялық анықтамасында ол «айналадағы дүниеге адамның ерекше адамгершілік түрдегі қарым-қатынасы» деп көрсетіледі [2].

Таным тарихында іс-әрекет ұғымы екі түрлі мәнде, біріншіден, дүниеге көзқарастық принцип ретінде, екіншіден, әр түрлі әлеуметтік ғылымдарға негіз болған постулат мәнінде қолданылып келеді. ХХ ғасырда әлеуметтік өмір формалары мен мәдени құндылықтардың пайда болуының негізі, қайнар көзі іс-әрекет деп қарайтын принцип бірқатар әлеуметтік ғылымдардың қалыптасып дамуына негіз болды.

Іс-әрекет – айналадағы дүниеге, қоршаған ортаға белсенді ықпал етіп, оны белгілі мақсатқа сай өзгертудің тек адамға ғана тән формасы. Іс-әрекеттің мазмұны мен нәтижесі бүкіл адамзат қоғамның тарихи қалыптасуы мен дамуы арқасында жүзеге асып отырған табиғаттағы өзгерістер мен цивилизация, материалдық игіліктер дүниесі адамзаттың бүкіл мәдениеті мен рухани қазынасы [3].

Қандайда болсын іс-әрекеттің мақсаты құрал-жабдығы, нәтижесі және оның орындалу процесі болады. Сондықтан да оған тән ерекше қасиет ол әр

уақытта саналы түрде жүзеге асады. Жеке адам мен оның іс-әрекетінің үйлесімділігі іс-әрекеттің нағыз адамгершілік мәнге ие болуының негізінде ғана қалыптасады. Егер олай болмаған жағдайда адам іс-әрекетке тәуелді құралға айналады. Сондықтан адамның іс-әрекетке қатысы жөніндегі мәселені шешудің бір саласы ғана болып саналады.

Педагогикалық жағынан дұрыс ұйымдастырған кез келген іс-әрекет оқушының ақыл ойынын, нышанының, еркінің, қабілетінің, танымдық күшінің жан-жақты дамуына әсер етеді. Іс-әрекет белгілі бір мақсатқа бағатталады, жоспарланады, нәтижесі алдын-ала бағдарланады, әдістер мен тәсілдері, жолдары белгіленеді, қортындысы, нәтижесі бағаланады. Іс-әрекетті ұйымдастыру дәрежесі жоғарлаған сайын оқушының дамуына тигізетін ықпалы да күшті болады.

Оқушылардың мәдениетін қалыптастыруда педагогикалық іс-әрекетінің түрі өзгеріп қоймайды, оның мазмұны да, тәсілі де, сипаты да, ниеті де өзгереді.

Музыкалық педагогикалық іс-әрекет түрлері:

1. Ойын іс-әрекеті – оқушының барлық нышандарының дамуына мүмкіндік тудыратын өзіндік ерекшелігі бар интеллектуалды мектеп. Ойын іс-әрекеті оқушының ерік-жігерін, ақыл-ойын дамытады, шапшандыққа, шымырлыққа, ұқыптылыққа жаттықтырады, талдауға жинақтауға үйретеді;

2. Оқу іс-әрекеті – жоспарлы, жүйелі түрде бірте-бірте жүргізіліп, ақыл ойынын, өмірге дұрыс қатынасының дамып, адамгершілік қасиеттермен эстетикалық талғамын қалыптастыруға мүмкіндік тудырады;

3. Еңбек іс-әрекеті – оқушы алдымен өзіне, содан соң басқаларға септігі тиетін кезден бастап жүргізіледі де, музыка мазмұны, әдіс-тәсілі, түрі жыл озған сайын өзгеріп, күрделеніп отырады;

4. Қоғамдық іс-әрекетке ұжымдық жалпы тапсырмалар, қоғамдық жұмыстар жатады. Бұлар оқушының жауапкершілігін, көпшілікпен жұмыс істей білуін қалыптастырады;

5. Музыка іс-әрекеті үстінде оқушының көркемдік ойы, өнер қиялы, арманы, елестетуі, сезімі, логикасы дамиды;

6. Музыкалық іс-әрекетке музыка сабақтары музыка ойындарымен, конкурстар жатады, олар оқушының қимыл-қозғалысын жауап-ретіндегі іс-әрекетінің тездігін дамытады.

Іс-әрекет үстінде оқушы жан-жақты дамиды, айналадағы дүниеге адамдарға қарым-қатынасы қалыптасады. Сонымен, іс-әрекет оқушының дамуының негізі. Іс-әрекетсіз даму жоқ. Бұл педагогиканың ерекше заңдылықтарының бірі [4].

Сондықтан, тұлғалық-кәсібилік даму, өсу - адам дамуындағы үзілмейтін процесс. Осы кезде өзін-өзі басқаруы, қоғамның өзгерістерін байқауы, қоршаған ортамен байланыс жасай отыра, өмірдің көп қырлылығын қабылдауы өмір мен кәсіби тәжірибесінде анықталады

Бейнелеу іс-әрекеті бағытындағы шаралардың мақсаттарының бірі де осы балалардың бойындағы көркемдік талғамдары мен әсемдік аталығы

талғампаздықтарын қалыптастыру. Өзін қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыда қабылдай отырып, бала шығармашылық іс-әрекетіне деген құштарлығы, көркем шығармаға деген ынтасы т.б. Оқушының көркемдікке деген ынтызар санасы мен көркем мазмұнды әрекетін қатар қалыптастыра отырып дамытуды біртұтас педагогикалық үрдісі.

Бейнелеу іс-әрекеті барысында да бала біртіндеп бейнелеу өнерінің мәнерлеу құралдарын меңгеріп, шығармашылық белсендіктері қалыптаса бастайды, көркемдік талғамдарының алғашқы нышандары көрініс береді [5].

Педагогикалық энциклопедияда «Іс-әрекет адамдардың қоғамдық – тарихи болмысының ерекше түрі, олардың табиғи және әлеуметтік шындықты бағытты түрде өзгертуі» деп анықтама берілген [6].

Кез келген іс-әрекеттің сыртқы және ішкі мағынасы болады, сондықтан іс-әрекетті психологиялық-педагогикалық зерттеудің міндеті, оның әдіснамалық жүйесін ашу, яғни адамды өз іс-әрекетінің әр түрлі деңгейі, оның санасы мен қабілетіне қаншалықты әсер ететіндігін көрсету.

Қандай да болмасын іс-әрекеттің мақсаты, құрал-жабдығы, нәтижесі және оның орындалу процесі болады. Сондықтан да оған тән ерекше қасиет ол әр уақытта саналы түрде жүзеге асырылады. Іс-әрекет қоғамдық прогресстің нақтылы қозғаушы күші және қоғамның өмір сүруінің негізгі, қажетті жағдайы.

Енді сол қазақ ағартушы – педагогтарының оқушыларға ұлттық тәрбие берудегі танымдық іс-әрекет туралы педагогикалық-психологиялық ой-пікірлеріне тоқталайық.

Ол «Барлық саналы өмірін қазақ қоғамында кемелденуіне бағыттады. Ол ауыл мектебінде семинарияда бала оқытты, оқу тәрбие жұмысын жетілдіру саласында көп ізденді.» - дейді профессор С.Қалиев.

Ахмет Байтұрсынов «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде қазақтың ауыз әдебиеті – халық даналығы, тәрбие негізгі екенін ерекше бағалап оның түрлерін былай жіктеді: ертегі, аңыз-әңгіме, өтірік өлең, үгіт өлең, үміт өлең, толғау, терме, ділмәр сөз, тақпақ, мақал, мәтел, той бастар, жар-жар, неке қияр, бет ашар, жоқтау, жарапазан, бата, жын шақыру, құрт шақыру, дерт көшіру, бесік жыры [3]. Осы ауыз әдебиетінің жанрларын А.Байтұрсынов мектепте оқушыларға ұлттық тәрбие беруде өзінің «Әліппе», «Оқу құралы» (хрестоматия), «Сауат ашу» т.б. оқу құралдарында кең пайдаланылады.

Мәселен «Әдебиет танытқышының» өзінде психология ғылымы саласынан өзіндік пікірімен дараланады. Мұндағы «Сөз толғау», «Жан жақтау», «Жан қоштау», «Ес ұғымы», «Іс ұғымы», «Зейіндеме» ұғым түсініктерде педагогикалық іс-әрекеттердің мәнін, қалыптасуын көрсетеді [7]. А.Байтұрсыновтың ғылымында педагогикалық іс-әрекеттер туралы ой қозғаған терең мәнді пікірлері «Әліппе-таңбалар жұмбағы» дейтін еңбегінде елеулі орын алған. Мұнда ол араб әрпінің латын таңбасынан әлдеқайда ұғынуға, тез жазып, миға тоқылуы жеңіл екендігін психологиялық тұрғыдан дәлелдеді. Оның пікірінше қабылданатын заттың бейнесінің құрылуы анализатордың функциясы арқылы ғана емес, сонымен бірге адам миының

қыртысындағы күрделі қозу және тежелу процестері арқылы да қамтамасыз етілетіндігіне түсінік берді.

Мағжан Жұмабаевтың ұлттық идеясы туралы, танымдық іс-әрекет туралы ой пікірлері оның «Педагогика», «Бастауыш мектепте ана тілін оқыту жөні», «Сауатты бол» атты еңбектері мен поэтикалық шығармаларында баяндалған. Мағжан өз еңбегінде психология пәніне төте кең орын беріп, оның барынша зер сала қарастырады және ғылымның бұл саласында өз білімдарлығын байқатады.

Балтабаев М.Х. педагог, орындаушы, музыкант-ізденуші болам деген мамандарға кәсіби музыкант болып қалыптасу үрдісінде психологиялық дайындық маңызды роль атқарады. Музыкалық білім беру үрдісінде психология, оның ішінде музыкалық білім беру психологиясы (іс-әрекет психологиясы) оқу-білім процесіне қойылған мақсаттар мен міндеттерге ықпал тигізеді: жалпы және арнайы қабілетінің қалыптасуына, көркем-бейнелі ойлауының дамуына, техникалық дағды мен икемділігін түйсінуіне және т.б.

Берілген пән бойынша практикалық дәрістер оқушылардың практикалық іс-әрекетіне байланысты (осы атауды «музыкалық іс-әрекеті психологиясы» дәлелдейді). Оның атауын, мазмұнын, тақырыптарын оқу құралы ашады дегенге сенеміз. Оқушылардың музыкалық-психологиялық мәселелерге кіруін және де өз-өзін осы саладан хабардар етуін үйретеді. Ең негізі өзін-өзі музыкалық психологияға бейімдейді және берілген материалдарды білім жүйесінде, өз білімінде де қолданады [8,66].

Оқу құралында жалпы және арнайы психология саласындағы белгілі өкілдердің пікірі, көзқарастары және ғылыми позициясы берілген. Бір байқайтын нәрсе: психология саласына үлес қосқан, музыкаға әуес психологтар және музыканттар психологиямен шұғылданатындардың да пікірлері аз емес.

Психология саласында шетел ғалымдары Г.Риман, Э.Курт т.б. үлкен жетістікке жеткен және Ресей ғалымдарының да үлесі мол: Б.М.Теплов, Л.С.Выготский, Г.М.Коган, Е.В.Низайкинский, В.В.Медушевскийлердің еңбектері де атаулы атаққа ие болды.

Сондықтан музыкалық-шығармашылық іс-әрекет психологиясын, оның негізін және заңдылықтарын кәсіби музыкант білуі жөн. Сондықтан музыкалық психологияны білмей жақсы оқытушы, мұғалім болмайсың, музыкалық психологияны біле тұра сабақ үрдісінде, дәріс оқығанда, көрермен алдында орындау барысында бір мәселені шешуге болады, ол-сахналық стресс. Музыкалық - психология үрдісіне кіру керек нәрсе және ол қызықты да.

Библиографиялық тізім

1. Назарбаев Н.Ә. Өзекжарды ойлар. – Алматы: «Мектеп» баспасы ЖАҚ, 2003. 172 – 24 б.

2. Стандарт. Қазақстан Республикасы орта білімнің мемлекеттік стандарты - Алматы: Ы.Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясы, 1998, 363-59 б.
3. Философиялық энциклопедиялық сөздік. Изд-е 2-е. М.:СЭ,1989. 497-179 б.
4. Сабыров Т. Оқушылардың белсенділігін артыру жолдары. Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 1993, 296-54 б.
5. Қазақ Совет энциклопедиясы. Алматы, 1997. Т. 4, 1200 – 238 б.
6. Капустин Н.П. Педагогические технологии адаптивной школы. – М., 1999. Гл. У. 327 - 72 б.
7. Қалиев С. М.Х.Балтабаев. Қазақ халық музыкасы және студент жастар. – Алматы «Ана тілі», 1991. 151-66 б.
8. Хмель А.А. Педагогика. Алматы. 1995. 368-127 б.
9. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы, Ана тілі, 1962. 321-134 б.
10. Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал // Музыка әлемінде, №8, 2005. 37-16 б.

ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮРДСІНДЕ АҚПАРАТТЫҚ –КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Әбдібек Балнұр Сәкенқызы – магистрант

Ғылыми жетекшісі – п.ғ.д., профессор Атемова К.Т.

Шымкент университеті, Шымкент қ.

Түйіндеме: Бұл мақалада білім – болашақ бағдары, кез-келген маман даярлайтын оқу орынның басты міндеттерінің бірі – жеке тұлғаның күзiреттiлiгiн дамыту. Күзiрет – оқушының жеке және қоғам талаптарын қанағаттандыру мақсатындағы табысты іс-әрекетіне қажетті білім дайындығына әлеуметтік тапсырыс.

Резюме: В данной статье знания-ориентация на будущее, одна из главных задач учебного заведения, готовящего любого специалиста – развитие компетенций личности. Компетенция-социальный заказ на подготовку знаний, необходимых для успешной деятельности учащегося в целях удовлетворения индивидуальных и общественных требований.

Оқытудың жаңа ақпараттық - коммуникациялық технологияларын меңгеру – қазіргі заман талабы. ХХІ ғасыр – ақпараттық технология ғасыры.

Қазіргі қоғамдағы білім жүйесін дамытуда ақпараттық – коммуникациялық технологиялардың маңызы зор. Білім беруді ақпараттандыру және пәндерді ғылыми – технологиялық негізде оқыту мақсаттары алға қойылуда. Ақпараттандыру технологиясының дамуы кезеңінде осы заманға сай білімді, әрі білікті жұмысшы мамандарын даярлау оқытушының басты міндеті болып табылады. Қоғамдағы ақпараттандыру процестерінің қарқынды дамуы жан-жақты, жаңа технологияны меңгерген жеке тұлға қалыптастыруды талап етеді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 11 – бабының 9 тармағында оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, қашықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану міндеті қойылған. [1]

Құзыреттілік – оқушының әрекет тәсілдерін жан-жақты игеруінен көрінетін білім нәтижесі.

Ақпараттық құзыреттілік – бұл жеке тұлғаның әртүрлі ақпаратты қабылдау, табу, сақтау, оны жүзеге асыру және ақпараттық – коммуникациялық технологияның мүмкіндіктерін жан-жақты қолдану қабілеті. Оқушылардың түпкілікті құзіреттіліктері – білім берудің жаңа нәтижелер. Құзіреттілікті оқушының пән бойынша игерген білім, білігінің жинағы деп қабылдауға келмейді. Ол – оқу нәтижесінде өзгермелі жағдайда меңгерген білім, білік, дағдыны тәжірибеде қолдана алу қабілеті болып табылатын жаңа сапа.

Ақпараттық құзіреттілікті қалыптастырудың басты мақсаты – оқушыларды ақпаратты беру, түрлендіру және оны қолдану білімдерімен қаруландыру, олардың компьютерлік технологияны өз қызметтеріне еркін, тиімді пайдалана алу қабілеттерін қалыптастыру.[4]

Қазіргі заман талабына сай адамдардың мәлімет алмасуына, қарым-қатынасына ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың кеңінен қолданысқа еніп, жылдам дамып келе жатқан кезеңінде ақпараттық қоғамды қалыптастыру қажетті шартқа айналып отыр. Ақпараттық қоғамның негізгі талабы – оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық ойлау-құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны пайдалану дағдыларын қалыптастыру және оқушы әлеуметінің ақпараттық сауатты болып өсуі мен ғасыр ағымына бейімделе білуге тәрбиелеу, яғни ақпараттық қоғамға бейімдеу.

Ақпараттық технология – қазіргі компьютерлік техника негізінде ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және тасымалдау істерін қамтамасыз ететін математикалық және кибернетикалық тәсілдер мен қазіргі техникалық құралдар жиыны.

Коммуникация – ақпаратты тасымалдап жеткізу әдістері мен механизмдерін және оларды жазып жинақтап жеткізу құрылғыларын қамтитын жалпы ұғым.

Ақпараттық-коммуникативтік технология жағдайындағы жалпы оқыту үрдісінің функциялары: оқыту, тәрбиелеу, дамыту, ақпараттық болжамдау және шығармашылық қабілеттерін дамытумен анықталады.

Оқытудың ақпараттық-коммуникативтік және интерактивтік технологиялары бағыттары:

а) электронды оқулықтар;

ә) телекоммуникациялық технологиялар;

б) мультимедиалық және гипермәтіндік технологиялар;

в) қашықтықтан оқыту (басқару) Интернет.

Ақпараттық-коммуникативтік технологияны оқу-тәрбие үрдісіне енгізуде мұғалім алдына жаңа бағыттағы мақсаттар қойылады:

- Өз пәні бойынша оқу-әдістемелік электронды кешендер құру, әдістемелік пәндік Web –сайттар ашу;

- Жалпы компьютерлік желілерді пайдалану;

- Бағдарламалау ортасында инновациялық әдістерді пайдаланып, бағдарламалық сайттар, құралдар жасау. (мультимедиалық және гипермәтіндік технологиялар).

- Қашықтықтан оқыту (Internet желісі) барысында өздігінен қосымша білім алуды қамтамасыз ету.

Интерактивтік оқыту – бұл, ең алдымен оқушы мен мұғалімнің қарым-қатынасы тікелей жүзеге асатын сұхбаттасып оқыту болып табылады. Сабақтағы интерактивтік әрекет өзара түсіністікке, өзара әрекетке, қатысушының әрқайсысына қажет есепті бірлесіп шешуге алып келетін - ұйымдастыру және сұхбаттасып қарым-қатынас жасауды дамытуды ұсынады.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияны дамыту білім берудің бір бөлігі. Соңғы жылдары заман ағымына сай күнделікті сабаққа компьютер, электрондық оқулық, интерактивті тақта қолдану жақсы нәтиже беруде. Білім беру жүйесі электрондық байланыс, ақпарат алмасу, интернет, электрондық пошта, телеконференция, On-line сабақтар арқылы іске асырылуда. [3] Бүгінгі күні инновациялық әдістер мен ақпараттық технологиялар қолдану арқылы оқушының ойлау қабілетін арттырып, ізденушілігін дамытып, қызығушылығын тудыру, белсенділігін арттыру ең негізгі мақсат болып айқындалады.

Осылайша оқыту құралдарының бірі – электрондық оқулық. Ол оқушыларды даралай оқытуда жаңа информацияларды жеткізуге, сондай-ақ игерілген білім мен біліктерді тесттік бақылауға арналған программалық құрал.

Білім беру жүйесінде электронды оқулықтарды пайдаланып, үлкен табыстарға жетуге болады. Электронды оқулықтарды пайдалану барысында оқушы екі жақты білім алады: біріншісі -пәндік білім, екіншісі - компьютерлік білім. Электронды оқулықтарды пайдалану оқушының өз бетінше шығармашылық жұмыс жасауына, теориялық білімін практикамен ұштастыруына мүмкіндік береді. Электронды оқулық арқылы оқушы

көптеген қосымша материал ала алады, осы алған мәліметтерін компьютерден көргендіктен есінде жақсы сақтайды, өз бетінше жұмыс жасау қабілеті қалыптасады. Осылайша жас ұрпақты оқытуда инновацияны пайдаланудың – шығармашылық жетістіктің негізгі көзі.

Электрондық оқулықпен оқытудың негізгі мақсаты-оқыту үрдісін үздіксіз және толық деңгейін бақылау, сонымен қатар ақпараттық-ізденіс қабілетін, шығармашылық қабілетін дамыту. Мұның тиімді жағы: электронды оқулықта әр сабаққа арналған бейне көрініс, анықтама сөздік, диктант, тест тапсырмаларын , қайталау сұрақтарын пайдалана аламыз. Электронды оқулықты қолдану арқылы сабақта техникалық құралдарды, дидактикалық материалдарды қолдану тиімділігі, оқушының пәнге қызығушылығы, білім, білік, дағды деңгейін қалыптастыруы, білімнің тереңдігі, тексеру түрлері, бағалауы, практикалық дағдыларды игеруі артады. Оқушылардың өздері де алынған ақпаратты көшіріп алып, онымен өз ыңғайына қарай жұмыс істей алады.

Ұстаз үшін нәтижеге жету шәкіртінің білімді болуы ғана емес, білімді өздігінен алуы және алған білімдерін қажетіне қолдану болып табылады. Бүгінгі бала – ертеңгі жаңа әлем. Бүгінгі күні ақпараттар ағымы өте көп. Ақпараттық ортада жұмыс жасау үшін кез келген педагог өз ойын жүйелі түрде жеткізе алатындай, коммуникативті және ақпараттық мәдениеті дамыған, интерактивтік тақтаны пайдалана алатын, Он-лайн режимінде жұмыс жасау әдістерін меңгерген мұғалім болуы тиіс. Заман талабына сай жаңа технология әдістерін үйрету, бағыт-бағдар беруші – мұғалімдерміз. Оқушылардың жаңа тұрмысқа, жаңа оқуға, жаңа қатынастарға бейімделуі тиіс. Осы үрдіспен бәсекеге сай дамыған елдердің қатарына ену ұстаздар қауымына зор міндеттер жүктелетінін ұмытпауымыз керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы
2. “Болашақтың іргесін бірге қалаймыз” Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2011 жыл
3. Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
4. Мұхамбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т. Педагогтардың ақпараттық – коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша құзырлылықтарын қалыптастыру әдістемесі. Алматы: ЖШС «Дайыр Баспа», 2010 ж.

ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАР АРАСЫНДА ТҮСІНІСПЕУШІЛІКТІ ШЕШУДЕГІ ПСИХОЛОГТЫҢ РОЛІ

*Сатен Нұрмухамед Бауыржанұлы – магистранты
Ғылыми жетекшісі – п.ғ.д., профессор Атемова К.Т.
Шымкент университеті, Шымкент қ.*

Түйіндеме: Мақалада жоғары сынып оқушыларының өзін-өзі дамытуы туралы Педагог-психологтың жұмысы қарастырылады. Өзін-өзі дамыту тетіктері көрсетілген.

Резюме: В статье рассмотрено работа педагога-психолога о саморазвитии учеников в страших классах. Указаны механизмы о саморазвитии.

Қазақстан Республикасының егеменді ел болып қазіргі таңдағы даму кезеңі, қоғамның барлық саласындағы қозғайтын істерін қайта құрумен, әлеуметтік-саяси және экономикалық қарым-қатынастардың өзгеруімен сипатталады. Бұл қазіргі кезеңдегі оқушылардың әлеуметтік жағдайдағы дамуына үлкен өзгерістер келтіріледі, яғни олардың өзін-өзі бағалауының жеке тұлға болып қалыптасуына әсерін тигізеді.

Қазіргі кезде жоғары сынып оқушыларының өзін-өзі жүзеге асыру қабілетінің ерекшеліктері, яғни өзін-өзі бағалауы, қарым-қатынас, мінез-құлық туралы мәселелер зерттеушілердің назарын аудартуда.

Адам тұлға ретінде өзін-өзі бағалаушы тірі ағза. Өзін-өзі бағалаусыз өмірде өз тағдырын шешу қиын, тіпті мүмкін емес. Өзін-өзі бағалау өзінің бойында белгілі қасиеттердің барлығының деңгейі жөніндегі адамның пікірі. Бұл адамның өзіне бағалаушылық қатынастарының пайда болуы. Өзін-өзі бағалау, ең алдымен талдау, теңестіру, іріктеу, ойлау операциясының нәтижесі.

Психологтар да, педагогтарда адамның рухани интеллектуалдық кәсіби шығармашылықпен өзін-өзі жүзеге асыру өмірдің әр кезеңінде әр қалай көрсетеді. Мысалы, ұлы педагогтар А.Дистерверг, К.Ушинский, А.Макаренко, В.Сухомлинский қазіргі оқушының дүниетаным қабілеті жоғары, дарынды, өнерпаз, ізденімпаз, талапты, өз алдына мақсат қоя білу қажет деп атап көрсеткен[1].

Оқушының өзіндік жетіліп, дамуы үшін педагог-психолог өзінің алдына мынадай мақсаттар мен міндеттер қоюы керек: оқушының ақыл-ойының, эмоционалдық және әлеуметтік дамуы мен ерекшеліктерінің өзіндік ашылу деңгейі мен өлшемдерін ескерту; жан-жақты ақпараттандыру; коммуникативті бейімдеу.

Осындай жұмыс түрлерін ұйымдастыруда педагог-психологтар мынадай мәселелерге баса назар аударулары қажет: қолайлы және тиімді оқу жоспарын құру; жеке пәндерді оқытуда тәуелсіз әрекет ету; оқушының өзінің

жұмысын өзі жоспарлап, шешім қабылдауына ықпал ету; оқушының қызығушылығына байланысты оқу жоспарын құру болып табылады.

Қазіргі таңда педагог-психологтардың жоғары сынып оқушыларының өзін-өзі жүзеге асыру қабілетін дамыту жұмысы білім беру жүйесінде маңызды рөл атқарады.

Өзін-өзі жүзеге асыру – бұл саналы тұлғаның өзіндік реттеу, өзіндік басқару негізінде пайда болатын, жақын ортада өзінің әлеуметтік статусын жоғарылату қажеттігінен туындаған, өзін-өзі бекіту бойынша дербес, арнайы ұйымдастырылған іс-әрекеті. Осы процестің механизмдері ретінде төмендегілерді атап көрсетуге болады:

1. Тұлғаның арнайы түрде ұйымдастырылған өзін-өзі зерттеуі (өзін-өзі тану);

2. Адамның өз қасиеттері, қабілеттері, әлеуметтік құндылықтары жөніндегі түсініктердің қалыптасуы (өзін-өзі анықтау);

3. Өзіне бағытталған сыртқы талаптарды мақсатты түрде зерттеу, солармен өз әлеуметтік кемелдігін салыстыру, яғни өзінің әлеуметтік талаптарға сай болуға дайындығын анықтау (өзін-өзі саналау);

4. Өзін-өзі тәрбиелеу міндеттерін бөліп алу, қоғамдық пайдалы іс-әрекет барысында өз жеке басы бойынша тәрбиелеу жұмысын жоспарлау, өзін-өзі ұйымдастыру, өзін-өзі талдау, өзін-өзі қадағалау, өзін-өзі бағалау түрлерін анықтау (өзін-өзі дамыту)[2].

Орта білім берудің мақсаты Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында былайша нақтыланады. «Жылдам өзгеріп отыратын дүние жағдайында алған терең білімнің, кәсіби дағдылардың негізінде еркін бағалай білуге, өзін-өзі іске асыруға, өзін-өзі дамытуға және өз бетінше дұрыс, адамгершілік қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру».

Оқушының білім алу үрдісіндегі өзіндік пікірі мен ой жүйесінің негізі бастауыш сатыда қалыптасатыны белгілі. Сондықтан оқушыларды өз бетімен жұмыс істеуге бастауыш сыныптан дағдыланғаны дұрыс.

Өз бетімен істейтін жұмыс деп берілген тапсырманы мұғалімнің басшылығымен, бірақ оның тікелей қатысуынсыз оқушылардың өздері атқаратын жұмыстарды айтады.

Өз бетімен жұмыс істеуге үйрету кезінде екі міндетті ескерген дұрыс. Бұл міндеттердің біріншісі – оқушылардың танымдық қызметіндегі дербестікті дамыту, оларды білімді өздігінен игеруге, дүниеге көзқарастарын қалыптастыруға үйрету; екіншісі – оқушылардың алған білімін іс жүзінде қолдана білуге баулу.

Өз бетімен жұмыс істей алатын оқушы, тек білім, білік дағдысы ғана емес, сонымен бірге ойлау қабілеті, еркін сөйлеу мәдениеті, саяси сауаттылығы өзіне деген сенімділігі, пәнге деген қызығушылығы, шығармашылық қабілеті оянады. Сондықтан өз бетімен жұмыстың мақсаты айқын, оқушыға түсінікті болуы қажет. Өз бетімен жұмыс тапсырылғанда

оның ауыр – жеңілдігі, қанша уақыт орындалатынына назар аудару керек. Өз бетімен жұмыс сабақтың кез келген уақытында беруге болады:

- жаңа сабақ түсіндіру кезінде
- қайталау сабағы кезінде
- сабақты бекіту кезінде.

Өзін-өзі жүзеге асыру – бұл жетілген өзіндік реттеу, өзіндік басқару негізінде пайда болатын, жақын ортада өзінің әлеуметтік статусын жоғарылату қажеттілігінен туындаған, өзін-өзі көрсету және өзін әлеуметтік тәжірибе ретінде өзін-өзі бекіту бойынша дербес, сараланған, арнайы әлеуметтік статусын жоғарылату қажеттілігінен туындаған, өзін-өзі көрсету және өзін әлеуметтік тәжірибе ретінде өзін-өзі бекіту бойынша дербес, сараланған, арнайы ұйымдастырылған іс-әрекеті.

Өзін-өзі тәрбиелеу – адамның өз тұлғасын қалыптастыруға, өмірдегі аз орнын өзі белгілеуіне, өзін-өзі дамытуға, өз қабілеттерін өзі іске асыруға бағытталған мақсатты, саналы, жүйелі түрде өздігінен жүргізетін іс-әрекеті. Өзін-өзі тәрбиелеу тәрбие процесінің құрамдас бөлігі және тұлғаның өзін-өзі дамытуындағы ең маңызды күш болып саналады. Әрбір педагог тек тәрбиенің заңдылықтарын біліп қана қоймай, сонымен қатар өзін-өзі тәрбиелеудің әлеуметтік-психологиялық механизмдерін жақсы түсінуі керек.

Психологиялық – педагогикалық ғылымдарда өзін-өзі тәрбиелеудің кең қолданылатын тәсілдері болып өзіне-өзі баға беру, өзіне-өзі бұйыру, өзін-өзі құптау, өзін-өзі түзету және т.б. саналады. Өзін-өзі тәрбиелеу өзін-өзі бағалаудан басталады. Өзін-өзі бағалаудың негізін жеке адамның өзі қабылдаған құндылықтар жүйесі, тұлғаның жеке маңыздылықтар жүйесі құрайды. Өзін-өзі бағалау адамның өзін басқа адамдармен салыстыру арқылы қалыптасады және осындай салыстыру табиғи түрде жүргізіледі.

Өзін-өзі бақылау – адамның өз іс-әрекеттерін, психикалық процестер мен көңіл – күйлерін түсінуі, бағалауы мен реттеуі.

С.В. Кондратьева бойынша өзін-өзі тануды зерттеуде әр түрлі бағыттар, психологиялық механизмдер жайлы сұрақтар, басқа жеке адамды тануда өзара байланыс ерекшелігі және өзін-өзі тануы жеткілікті дәрежеде зерттелінбеген. Өзге адамды түсінуде және өзара байланыс механизмін, мазмұнын айқындауы, мінез-құлық рефлексивті қасиетін анықтауға жол ашады деп көрсетеді [3].

Педагог-психолог маманы оқыту үрдісінің білім беру саласы, мәні, мағынасы және құрылымы туралы білім жүйесін білуі керек. Сондықтан осы бағытта педагогтың субъективтілік қасиеттерін құрылымдық көрсетілуімен тұлғалық сапалары қарастырылады.

1. Ұйымдастырушылық – сабақ бойы сыныпты ұйымдастыру, оқушылардың сабаққа дайындығы, тәртіп.

2. Мақсаттылық – оқушылар алдына сабақ мақсаты мен оның жеке кезеңдерінің мақсатын қою.

3. Ынталандырушылық – оқылатын оқу материалының берілген тақырып бойынша да, жалпы курс бойынша да маңыздылығын анықтау.

4. Коммуникативтілік – педагог-психологтың сыныппен қарым-қатынас деңгейі.

5. Мазмұндық оқылатын, бекітілетін, қайталанатын, өзіндік жұмыстар және т.с.с. материалдарды таңдау.

6. Технологиялық – сабақ типіне, берілген тақырыпқа, берілген сыныпқа арнап тиімді оқыту түрін, әдісі мен тәсілдерін таңдау.

7. Бақылау – бағалаушылық –сабақтағы оқушы іс-әрекетін бағалауда оны белсенділікке ынталандыру, танымдық қызығушылығын дамыту үшін пайдалану, қолдану.

8. Аналитикалық (талдау) – сабақты қорытындылау, сабақтағы оқушылар іс-әрекетін талдау, сабақты ұйымдастыру бойынша өз әрекетінің нәтижесін талдау[4].

Қорытындылай келе, білім беру процесінде жоғары сынып оқушыларының тұлғалық сана-сезімдерінің қасиеттерін қалыптастыра отырып, болашағына жол сілтеу – қазіргі таңда ауқымды мәселе болып отыр. Атқарылған істердің көптігіне қарамастан, әлі де болса бізді ойландыратын, толғандыратын істер жетерлік. Атап айтқанда, олар – жоғары сынып оқушыларының өзін-өзі жүзеге асырудағы дамыту жұмысының білім сапасын арттыру, жоғары сынып оқушылардың біліміне, ойлау қабілетіне сай деңгейлеп оқыту, ғылыми — ізденіс қабілеттерін қалыптастыру, т.с.с. Өйткені, ХХІ ғасыр — білімділер ғасыры. Ендеше бізге ой өрісі жоғары дамыған, зерделі, жан-жақты парасатты ұрпақ қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. В.И. Андреева. Педагогика творческого саморазвития. Казань.1996
2. Маралов В.Г. основы самопознания и саморазвития- М: Издательский центр «Академия», 2002.- 256 с.
3. Ковалев А.Г. Самовоспитание школьников.-М., 1967.-7с.
4. Шумилин Е.А. психологические особенности личности старшеклассника 123/ под ред. В.В. Давыдова. – М., Педагогика, 1979.-135 с.

МҰҒАЛІМ МЕН ОҚУШЫ АРАСЫНДАҒЫ ҚАҚТЫҒЫСТАРДЫҢ СЕБЕПТЕРІ МЕН ШЕШІМДЕРІ

*Сейдуәлі Арайлым Ергалиқызы – магистранты
Ғылыми жетекшісі – п.ғ.д., профессор Атемова К.Т.
Шымкент университеті, Шымкент қ.*

Түйіндеме: Бұл мақалада Психологиялық және педагогикалық зерттеу жүргізу арқылы оқушы мен мұғалім арасындағы осындай қақтығысты мәселенің түйінін шешу үшін мынадай тәсіл қолданылды. Бұл тәсіл бойынша оқушылар тарапынан мұғалімге қойылатын талап-тілектер төрт топқа бөліп қарастырылып, тиісті қорытындылар жасалды.

Резюме: В данной статье был использован следующий подход к решению проблемы такого конфликта между учеником и учителем путем проведения психолого-педагогического исследования. По этому подходу требования к учителю со стороны учащихся были разделены на четыре группы и сделаны соответствующие выводы.

Оқушылар мен ұстаздар арасындағы өзара қарым-қатынас жасау мәселесі – психология ғылымындағы және тәлім-тәрбие ісіндегі әрі маңызды, әрі күрделі мәселелердің бірі болып табылады. Егер кіші мектеп жасындағы балалар үшін мұғалім мұғалім барлық бейнесімен ерекше із қалдырып, оларға күшті әсер ететін тұлға болып саналатын болса, ал ересек оқушылар мұғалімнің әрбір қимыл-қозғалысына, іс-әрекеті мен сөйлеген сөзіне, оның ақыл-кеңесіне, басқа адамдармен қарым-қатынасына, шәкірттерге қоятын түрлі талаптарына өздерінше іштей сын көзімен қарайды. Осы мәселені анықтау бағытында арнайы жүргізілген психологиялық және педагогикалық зерттеулер ересек оқушылар арасында үлкендердің айтқан сөздеріне құлақ аспау, айтқанынан қайтпайтын мінез көріністерінде әрқилы кедергілер мен себептер болатындығын анықтады. Мұның салдары арада түрлі қақтығыстардың туындауына әкеп соқтырары анық.

Жалпы оқушы мен мұғалімнің арасындағы түсініспеушілік, түсініспеушілік салдарынан болатын қақтығыстар неден туындайды? Бұл мәселе оқу процесіндегі қарым-қатынаста негізгілердің бірі. Оқушылармен өзара түсіністікті анықтап алмайынша мұғалімнің белгілі бір нәтижеге қол жеткізуі екіталай. Көбінесе мұғалімдер оқушыларды бір жақты қабылдайды. Бір оқушының жақсы жағын көріп қалса, оған үнемі бірінші көргендегі көзқараспен қарым-қатынас жасайды. Ал сыртқы бейнесі, кейбір қылықтары ұнамайтын оқушылардың сөзін салғырт тыңдап, жабық ым-ишара көрсетіп, эмоциялық жағынан оқушыны сезінбейді. Осыдан барып, оқушы мен мұғалім арасындағы ортақ келісім бұзылып, қақтығысты жағдайлар орын алады [1].

1-топқа ұстаз бен шәкірт арасындағы мұғалімнің адамгершілік сапалары жатады. Олар: игі тілек, шәкірттерге мүмкіндігінше ықыласты көмек көрсету, олардың жан-дүниесін түсінуі. Мұндай қасиеттерді оқушы

ұстаздарының бойынан көргісі келеді. Ал мұғалімнің оларға немқұрайлы, селқос, ықылассыз қарауын оқушылар ұстаздың ұнамсыз қасиеттері деп санайды.

2-топқа мұғалімнің өз пәнін жетік білетіндігі, балаларға оқу материалын жете түсіндіріп ұғындыра алатындығы, әр-алуан амал-тәсілдер қолданып, сабақты тартымды және қызықты өткізуі сияқты ұстаздық шеберлігіне қойылатын талап-тілектер кіреді.

3-топқа ұстаздың оқушыларының бір-бірімен өзара қарым-қатынасына, олардың өміріндегі күйініш-сүйініштеріне, табыстары мен сәтсіздіктеріне, әр түрлі қоғамдық-көпшіліктік жұмыстарына қатысуларына байланысты көңіл бөліп, мән беруі, ұстаздың сынып жетекшілік жұмысындағы іс-әрекеттері жатады.

4-топқа мұғалімнің жеке басына тән мінез-құлықтарының ерекшеліктері жатқызылады.

Сонымен, шәкірттердің ұстаз бойындағы сапалары мен ерекшеліктері туралы көзқарастары мен өзіндік пайым-түсініктерін былайша жіктей аламыз:

1. Мұғалімнің адамгершілік сапалары мен өзіндік қасиеттері; оқушыларға деген қатынасы;
2. Мұғалімнің өз пәнін жетік меңгеруі мен ұстаздық шеберлігі;
3. Мұғалімнің сынып ұжымын басқарып, оған жетекшілік ете алуы;
4. Мұғалімнің мінез-құлқындағы даралық сапалары, бойындағы қасиет ерекшеліктері [2].

Мұғалім мен оқушы арасында тиімді қарым-қарым қатынас орнатып, қақтығысты болдырмау жолдары:

- Өзара келісілген іс-әрекет ұйымдастыру;
- Эмоциялық қарым-қатынас қалыптастыру;
- Оқушының психологиялық қасиеттерін зерттеу;
- Ортақтасу барысында оқушыға сенім білдіру;
- Мұғалім өзін, оқушының өзін-өзі танытуы;
- Оқушыға қатесін түзетуге мүмкіндік беру;

Келісілген ортақ шешім шығару.

Өзара келісілген іс-әрекет ұйымдастыру. Оқушы мен мұғалім өзара қарым-қатынаста тиімді іс-әрекет ұйымдастыру үшін алдағы істерін жоспарлайды, іс-әрекет нормаларын анықтайды. Мысалы, мұғалім «Сен сабаққа үш рет кешіксең ата-анаңа хабарласам», оқушы «Топтың ішінде мәселемді талқыламауыңызды сұраймын» деген сияқты ортақ келісім тиімді әсер етеді. Өзара келісілген іс-әрекетке жету үшін төмендегідей қиындықтар кездесуі мүмкін.

Қарсыласу – оқушы өз ұтысын көбейту мақсатына бағыттталып, мұғалімнің мақсатын есепке алмайды «Саған емес, маған».

Қашу – бұл әдіс мұғалімнің қарым-қатынаста өзінің де, өзгенің де мақсатына жетпеуі «Саған да емес, маған да емес».

Жол беру – кейбір оқушылар ортақтасу барысында мұғалім мақсатына жету үшін өз мақсаттарын құрбандыққа шалады «Маған емес, саған».

Кейбір оқушылар қарым-қатынаста тепе-теңдік таразы басын тең ұстайды «Саған қанша болса, маған да сонша». Мұғалім қандай қатынас жасаса соған жауап береді. Өзара келісілген іс-әрекет ұйымдастыруда ең тиімді әдіс – ынтымақтастық. Бұл «Саған да, маған да» деп аталады. Бұл жағдайда мұғалім баланы зорлап бағындырмай, келіскен түрде өз мақсатына баулап алған жөн. Ынтымақтастық ұстазының сөзінен де, іс-әрекетінен де, ым-ишарасынан да көрініп тұру керек.

Мұғалімнің әрекеті:

1. Оқушының қатынасын, сезімдерінің көрінісін қабылдап, өзінің қатынасын жай түрде түсіндіреді;
2. Оқушының әрекетін, тәртібін қолдайды;
3. Оқушының ойларын дамытады;
4. Оқушының жауабын алу мақсатында өзінің идеяларына негізделген сұрақтарды қояды;
5. Өз идеяларын түсіндіреді, дамытады;
6. Оқушы орындауға тиіс болатын бұйрықтарды, нұсқауларды береді.

Шәкірттің әрекеті: өзінің идеяларын, сұрақтарын, ұсыныстарын ашық білдіреді, өз ойларын еркін дамыта алады.

Эмоциялық қарым-қатынас қалыптастыру. Оқушы мен мұғалім қарым-қатынасында эмоциялық жағынан түсінісу жетпей жатады. Егер мұғалімнің көзінен оқушыға деген жаңашырлық пен мейірімділік сезіліп тұрса, қатал талапты да қабылдай алады. Кейде мұғалім оқушыға жанашыр болып көрінгісі келгенімен, бет қимылы, қол қимылы, дене қимылы, жүрісі, сыртқы бейнесі, даусы мен сөзінің ерекшеліктерімен жақтырмайтын эмоциялық сезімдері көрініп қалады. Оқушымен қарым-қатынаста олардың шашынан сипау, арқасынан қағу өзара эмоциялық қарым-қатынасты жақсартады. Оқушыны эмоциялық тұрғыдан қолдауда ол ішкі сезімін толық шығару үшін сөзін бөлмейсоңына дейін тыңдау, сөз арасында «иә», «е-ей», «а-а» деп немесе соңғы сөздерін қайталап отырған дұрыс. Сонымен бірге басты изеу, бет және көз қимылы маңызды.

Оқушының психологиялық қасиеттерін зерттеу. Оқушымен жақсы ортақтасу қарым-қатынасын орнату үшін психологиялық тұрғыдан зерттеу өте тиімді. Оқушының өзін-өзі бағалауын, эмоционалдық көңіл-күйін, сыныптағы беделін, отбасылық қарым-қатынасын, әлеуметтік жағдайын анықтап барып, тиімді іс-әрекетке көшуге болады. Психолог мамандармен бірлесе отырып, психологиялық зерттеу жұмысын жүргізіп, өзіндік бағасы төмен оқушылармен түзету жұмыстарын жүргізу керек.

Ортақтасу барысында оқушыға сенім білдіру. Оқушыға тұрақты жылы сезім қалыптастыру оған достық және сүйіспеншілік сезімдеріне негізделген қарым-қатынас орнатуға ықпал етеді. Өзіне жиі сенбейтін, қателіктерді жиі қайталайтын оқушы үшін ең тиімді әдіс мадақтау және сенім білдіру. Мұндай оқушылар өзіндік бағасы төмен болғандықтан қатал талап етсе, мүлдем

тұйықталып немесе дау-дамайға бейім болады. Дау-дамай баланың өзінің қабілетінен жоғары талап еткеннен болады. Мұндай оқушыларға өз қабілетіне қарай аз тапсырмадан бастау керек және де оны аз болса да өз уәдесін орындағаны үшін мадақтаған жөн. Сенім білдіру оқушыларды жігерлендіре түседі, осы тәсілдер арқылы талап деңгейін де көтеруге болады. Қиын кезде оған сенім білдіру, қолдау көрсету тығырықтан шығуға көмектеседі. Мұғалім мұндай балалар үшін сыныптастарының, ата-анасының сенім білдіруін талап еткені дұрыс нәтиже береді.

Мұғалім өзін, оқушының өзін-өзі танытуы. Көп жағдайда мұғалім оқушының мұндай іс-әрекетті не үшін жасап тұрғанын жан-жақты талдамайды да, жоқ ақпаратты өз жорамалымен толтырады. Солай шешім шығарып, іс-әрекетке көшеді. Мұндай қарым-қатынас бәрімізге кері әсер ететіні белгілі. Кейбір әділ мұғалімдер әр оқиганың, іс-әрекеттің нақты себепшісін ізлеп табады, әділ шешім шығарады. Кейбір мұғалімдер бар жауапкершілікті сынып старостасына жүктеп қояды. Мұндай жағдайда мұғалім өз іс-әрекетін талқылап, өзін-өзі танып, өзінің қандай екенін оқушыға таныту қарым-қатынаста маңызды рөл атқарады. Оқушыға өзін-өзі таныту үшін мұғалімнің шеберлігі өте маңызды. Егер жетістікке жетсе, себепкер өзі деп санайды да, жеңілістің себебін жағдайға сілтей салатын оқушыларға мұғалімдер өзін танытуға ықпал ету қарым-қатынаста ортақ тіл табысуға жетелейді.

Оқушыға қатесін түзетуге мүмкіндік беру. Мұғалімнің санасында идеал оқушының бейнесі қалыптасады. Мұндай оқушы мұғалімнің еңбегін жемісті етеді. Мысалы, жақсы оқиды, тәртіп бұзбайды, сөзді екі етпейді. Осындай оқушыларды мұғалімдер жоғары бағалайды. Ал үлгерімі төмен оқушы мұғалімнің ұнамсыз сезімдерінің қайнар көзі. Мұндай оқушыларды мұғалім эмоциялық қарым-қатынасымен де басып тастап отырады. Оқушылармен қарым-қатынаста жақсы оқушыларды жиі тақтаға шақыртып, белсенді қолдап отырады, оларға жаңа сабақты түсіндіруде 10-15 минут уақыттарын жұмсауға да бар. Ал үлгерімі төмен оқушыға келгенде аз уақыт беріп, ым-ишири арқылы «сен не білуші едің» деп көрсетіп тұрады. Жабық қарым-қатынас жасайды және өз өмірінің көбісін үлгерімі төмен оқушылардың құрбаны ретінде қабылдайды. Мұндай қатынастан кейін оқушы бағасы төмендеп, әлсіз, қабілетсіз деп санап, кейде өзін жек көруге дейін жетеді. Керісінше жылы сезім, жақсы сөз, мақтау мен мадақты жиі еститін бала өз күшіне сеніп, үлкендердің үмітін ақтауға тырысады. Зерттеулер бойынша, егер үлгерімі төмен оқушыны қолдаса, оған үлкен үміт артса, қатесін түзеуге мүмкіндік беріп, қолдау танытса ол жақсы нәтиже береді [3].

Қорытындылай келгенде, басқа мамандық иелеріне қарағанда, мұғалім мамандығы ерекше. Мұғалім кәсібінің ерекшелігі, ең алдымен оның педагогтық әдебінде. Бұл орайда тілге тиек болатыны, педагогтардың шәкірттермен арадағы қарым-қатынасында педагогикалық әдептілік негіздері барлық уақытта сақтала бермейді. Осыдан да мұғалім мен оқушы арасында қақтығыстардың туындауына жол ашылады. Ал сол қақтығыстарды шешу

жолдарын таба білу де тікелей ұстазға байланысты. Өз ісінің шебері, білікті мұғалім қандай қиындық туындаса да ақылмен, байыппен қарап дқырыс шешім шығарары даусыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Темина С.Ю. Конфликты школы и «Школа конфликтов» М. 2002г.
2. Ғ. Ибрашев «Мұғалім мен оқушылар арасындағы қарым қатынас психологиясы» // Мектептегі психология №7 (73) 2015ж.
3. А. Жаппашева «Мұғалім мен оқушы арасында жағымды психологиялық қарым қатынас орнату» // Мектептегі психология №4 (46) 2015ж.

ЖАҢА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ БІЛІМ БЕРУДЕГІ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

*БО-122тобы студенті: Төлеген Мерей
Ғылыми жетекші: магистр,аға оқытушы:
Тилекова Ания Жанабаевна
Шымкент университеті, шымкент қ.*

Аннотация: разъяснить значение применения новых инновационных технологий и цифровых технологий в сфере образования. Современные инновационные технологии охватывают широкий спектр областей, включая искусственный интеллект, кибербезопасность, интернет вещей, биотехнологии и многое другое. Они меняют наш мир, улучшая нашу жизнь, нашу экономику и наше общество. Разъяснено значение технологии дифференцированного обучения Ж. А. Караева. Объясняется значение,назначение цифровых технологий.

Annotation: to explain the importance of the use of new innovative technologies and digital technologies in the field of education. Modern innovative technologies cover a wide range of fields, including artificial intelligence, cybersecurity, the Internet of Things, biotechnology and more. They are changing our world, improving our lives, our economy and our society. The importance of the technology of differentiated education by J. A. Karaev is explained. Themeaningandpurposeofdigitaltechnologiesareexplained.

Қазіргі білім беру жүйесіндегі маңызды мәселелердің бірі – оқу үдерісіне жаңа инновациялық технологияларды енгізу, білім беруді ақпараттандыру болып табылады. Айта кетсек мемлекет басшысы **Қасым-Жомарт Тоқаев** қазіргі адамзаттың жағдайы инновациялық технологиялардың дамуымен тығыз байланысты екенін айта келе, білім беру

үрдісінде жаңа технологиялардың мүмкіндіктерін арттыруды тапсырды. Цифрлық технологиялардың шарықтау шегі электронды үкімет порталын, виртуалды электронды жүйелерді, виртуалды кітапханалар мен лабораторияларды дамытты. Цифрлық технологиялардың ауқымы кеңейді. Соның нәтижесінде білім алушылар мен жастар қолжетімді ақпараттарды қабылдап, сұрыптауды үйренді.

Цифрландырудағы негізгі мақсат – бәсекеге қабілеттілікті арттыру, халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, оқу-тәрбие процесін жеделдету және жеңілдету, балаларға, ұстаздарға, ата-аналарға жүктемені азайту. Ең бастысы – білім беру сапасын арттыру. Біздің балаларымыз халықаралық деңгейде әртүрлі салаларда, оның ішінде жасанды интеллект және ауқымды деректер жасау саласында бәсекеге қабілетті болуға тиіс.

Мемлекет басшысы атап көрсеткендей, елді цифрландыру – бұл мақсат емес, бұл – Қазақстанның абсолюттік артықшылыққа қол жеткізу құралы. Бүкіл процесс жүйелілікті, реттілікті және кешенді тәсілді талап етеді.

Жаңа инновациялық технологиялар дегеніміз – білім беру ісінде ақпараттарды даярлап, оны білім алушыға беру процесі. Бүгінгі күні білім берудің инновациялық түрлеріне мыналар жатады:

- жобалы – іс шығармашылық технологиясы;
- деңгейлеп саралап оқыту технологиясы;

Ж.А.Қараевтың «деңгейлеп саралап оқыту технологиясының» негізгі идеясы оқытуды ізгілендіру мен демократияландыру жағдайында оқушыны өздігімен даму бағдарын анықтап, дамитын және өздігінен дұрыс шешім қабылдай алатын, өзін-өзі тәрбиелеуші тұлға ретінде қалыптастыру болып табылады [1].

Педагогика ғылымының докторы **Ж. Қараевтың** деңгейлік оқыту жүйесі туралы іліміне сүйеніп, әр пән бойынша деңгейлік тапсырмалар дайындауға болады. Өйткені қазіргі экономикалық жағдай оқушының жаңа үрдістерін талап етуде. Сондықтан ғылыми ізденіс барысында педагогика саласында оқытудың деңгейлік жүйесі оқушыларға ғылым негізін меңгерудің негізгі тиімді жолы болып табылады. Деңгейлік оқытудың ерекшелігі – оқушылардың сабақ барысында бірнеше деңгейде жұмыс жасай алатындығында. Сонымен бірге қазіргі жаңа технологиямен оқыту барысында компьютерлер мен оларды басқарушы алгоритмдер біздің қоғамның маңызды бөлігіне айналды. Олай дейтініміз, бүгінгі күнгі жаңадан шығып жатқан электронды оқулықтар оқушыны жаңаша оқытудың, жаңа оқу әдістерін, жаңа мазмұнды қажет етеді.

Оқытудың жаңа технологиясының бірі – жалпы білім беретін мектептерде әр пәнді деңгейлік тапсырмалар арқылы оқыту болып табылады. Оқушыларды деңгейге бөліп оқытуға бола ма, оның қандай тиімді жолдары бар, деңгейге бөліп оқытудың өзіндік ерекшелігі қандай және жеке тұлға тәрбиелеуде қандай көмегі бар деген сауалдарға тоқталсақ, деңгейге бөліп оқытудың кезінде оқушылардың тәжірибелік- теориялық дайындығын, оқуға деген ынтасын, дара қасиетін әлеуметтік – психологиялық танымал,

сұранымын ескеру талап етеді. Сондықтан да тиімді дәрежеге жету үшін оқушының білім мен деңгейіне байланысты жұмысты ғылыми түрде ұйымдастыру қажет.

Деңгейлеп оқыту – оқылатын ақпараттың азаюы арқылы емес, оқушыларға қойылатын талаптардың әртүрлілігі арқылы жүзеге асырылады. Деңгейлеп оқыту технологиясының мақсаты – әрбір оқушы өзінің даму деңгейінің оқу материалын меңгеруін қамтамасыз ету.

Деңгейлеп оқытудың ерекшелігі:

1. *Деңгейлеп оқыту әр оқушыға өз мүмкіндіктерін барынша пайдалана отырып білім алуына жағдай жасап, мүмкіндік береді.*

2. *Деңгейлеп оқыту әртүрлі категориялардағы балаларға бірдей зейін аударып, олармен саралай жұмыс істеуге мүмкіндік береді.*

3. *Деңгейлеп -саралап оқыту құрылымында білім игерудің негізгі үш деңгейі қарастырылады: ең төменгі деңгей (минималды базалық), бағдарламалық, күрделенген деңгей.*

Базалық деңгей – мемлекеттік стандарт бойынша анықталған ең төменгі шек. Сондықтан оны әрбір оқушы меңгеруі тиіс. Бұл деңгей оқушыға өзінің қызығушылығы мен қабілетін ескере отырып, уақытымен күшін дұрыс пайдалануына мүмкіндік береді.

4. Оқушының жеке тәжірибесіне негізделген оқыту технологиясы тиімді де нәтижелі болу үшін:

жеке тұлға ерекшеліктеріне; психикалық даму ерекшеліктеріне (есте сақтау, қабілетінің ерекшелігіне, ойлау, қабылдау, зейін ерекшелігіне, өзінің эмоциясын басқара білуіне);

пән бойынша білімді игеру деңгейіне оқушының білімімен іс-әрекет тәсіліне назар аударып, көңіл бөлу керек.

Және де цифрлық технологияларды қолдану да оқу материалын қолжетімділігін арттыруға, білім беру сапасын жақсартуға және білім алушылар мен оқытушылар үшін мүмкіндіктерді кеңейтуге ықпал етеді. Бұл туралы Ғылым және жоғары білім министрі **Саясат Нұрбек** Ұлттық құрылтайда айтып өтті.

«Мен олардың бірнешеуін ғана атап өтейін. Бірінші, жоғары білім беруді диджитализациялау. Оқыту мен оқыту процесінде заманауи білім беру технологияларын қолдану қажет. Екіншіден, IT дағдыларын дамытуға арналған микробіліктілік берудің өсуі байқалады. Ол үшін микробіліктілік бағдарламаларын іске қосу жоспарлануда. Екінші, нано дәрежелер мен микробіліктілік алу мүмкіндігі қарастырылған. Осы тәсілдерді білім беру процесіне енгізу құралдары пысықталды. Үшіншіден, цифрлық алшақтықтың ұлғаюы байқалады. Яғни, цифрлық кеңістікте оқуға қол жетімділігі төмен адамдардың белгілі бір санаты бар. Цифрлық қоғамды қалыптастыру үшін тең қолжетімділікті қамтамасыз ету және қосымша онлайн-сабақтарды ұйымдастыру бойынша шаралар қабылдау қажет», - деді министр.

Қорытындылай келе заманауи инновациялық технологиялар білім саласын түрлендіруде, оқытуды қолжетімді, интерактивті және тиімді

етуде. Тұтастай алғанда, инновациялық білім технологиялары оқытудың көкжиегін кеңейтіп, оны барлығына қызықты, қолжетімді және тиімді етеді.

Ал, цифрлық технологиялар қоғамды, экономика мен мәдениетті түрлендіру, коммуникация, білім беру, денсаулық сақтау, бизнес және басқа да салаларда жаңа мүмкіндіктер беретін орасан зор әлеуетке ие деп айтуға болады. Бұл ретте цифрлық саланың тұрақты және этикалық дамуын қамтамасыз ету үшін деректердің құпиялылығымен, киберқауіпсіздікпен, цифрлық теңсіздікпен және басқа да аспектілермен байланысты тәуекелдерді ескеру қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. <http://edunews.kz/importantnews/1503-cifrandyru-bgng-blm-berudeg-zhaa-negzg-bayt.html>
2. <https://baikau.kz/2262/ustazdarga/maqala>
3. <http://edunews.kz/importantnews/1503-cifrandyru-bgng-blm-berudeg-zhaa-negzg-bayt.html>
4. <https://azattyq-ruhy.kz/news/67436-zhasandy-intellekti-koldanu-boiynsha-zhana-bilim-beru-bagdarlamalary-zirlenude-ministr>

МЕКТЕПТЕ БІЛІМ САПАСЫН КӨТЕРУДЕ ТОПТЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ

*Утегенова Жұлдыз Оразаликизи – магистранты
Ғылыми жетекшісі – п.ғ.д., профессор Атемова К.Т.
Шымкент университеті, Шымкент қ.*

Түйіндеме: Бұл мақалада білім беру үдерісіне енген жаңартылған бағдарлама болашақ ұрпақтың терең білім алуын, ізденісін, креативті ойлауын дамытатын жаңа реформа болды. Осыған сәйкес оқытудың мазмұны мен мәні, қызметі және қағидалары өзгерді. Білім беру индустриясында жаңаша көзқарас пайда болды. Білім беру мазмұнының өзгеруі бүгінгі мұғалімге жаңа талаптар жүктейді.

Резюме: Обновленная программа, вошедшая в образовательный процесс в этой статье, стала новой реформой, способствующей глубокому обучению, поиску, творческому мышлению будущих поколений. В соответствии с этим изменились содержание и сущность, функции и принципы обучения. В образовательной индустрии появился новый подход. Изменение содержания образования предъявляет новые требования к сегодняшнему учителю.

Сабақта топтық жұмыс істеу түрлерін тиімді қолдана бастайды. Мұғалімдер топтық жұмыс үшін тапсырмалар таңдайды, оқушылардың белгілі тапсырманы орындауға көбірек бағыттайды. Сондай – ақ, мұғалімдер 1-сынып оқушыларының жас ерекшеліктерін есепке ала отырып, топтық жұмыстар ұйымдастырады. Ұштастыра келе, топта оқушылардың ойлау қабілетін, сөйлеу тілін дамыту мақсатында Б.Блумның сұрақ қою өлшемін жиі пайдаландым. Олар жеңілден ауырға, қарапайымнан терең ойлауға жетелейді. Осындай сұрақтар қойылған кезде, көшбасшылыққа бейім, озат оқушылар топтың басқа мүшелерімен ынтымақтастықта қарым-қатынас орнатып, шығармашылықпен жұмыс жасады. Топта оқушылардың сөздік қорын дамыту барысында топ мүшелері сөздіктерді жиі пайдаланады. Сабақта топтық жұмыстарды ұйымдастыру арқылы оқушылардың сабаққа белсенділігі, қызығушылығы артқанын байқадым[1].

Зерттеу жұмыстары нәтижесінде оқушылар өз бетінше білімді меңгеретінін түсіндім. Өз сыныбымда бірлескен топтық түрлерін ұйымдастырып сабақтар өткіздім. Сұрақ қойып, ойлануына уақыт беріледі. Өз ойларымен бөлісіп, ақылдасады. Бір-бірінің жауабын толықтырып, берілген тақырып бойынша білімдерін ортаға салуынды. «Сұраққа жылдам жауап» әдісі. Тақырыпты терең түсіну және оқушылардың назарын сабаққа аударып, ой-өрісін дамыту мақсатында төмен дәрежелі сұрақтарға толық жауап қайтаруды тапсыру. Мысалы, «Әдеміай, Амирдың жауабы дұрыс деп ойлайсың ба?» «Азиз, Әминаның жауабын қалай толықтыруға болады?» «Дарын, айтылған барлық жауаптарды қалай біріктіруге болады?» Бірлесе топта жұмыс жасағанда оқушылар пікір таластырады, басқалардан үйренеді. «Сұхбат алу» әдісі. Мұнда топтағы үш оқушы бір-бірімен тақырып бойынша сұхбат құрады. Үшінші оқушы түсінгенін әңгімелейді. «Қалың және жұқа сұрақтар» әдісі. Бұл әдіс бойынша топ жұмысы барысында оқушыларға тақырып бойынша сұрақтар құру тапсырылады. Топтық жұмыс сауат ашу сабақтарында өте тиімді, себебі оқушылар өз ойларын жеткізе біледі. Топтық жұмыс өткізген барысымда мынадай өте қызықты сабақ өтетінін білген жоқпын. Топтық жұмыста бәрі қызу жұмыста, біреуі сурет салса, біреуі өз ойын салуда. Дәстүрлі сабақтарымды салыстырып кететін болсам, оқушыларым жалығып отырушы еді. Ал топтық жұмыста жалығып отырған оқушылар қызығушылығы артып, жұмылдыра жұмыс жасай біледі. Орташа оқитын оқушы төмен оқитын оқушыларымен ойларын бөлісіп жатыр. Ал дарынды балалар орташа оқитын оқушыларға кеңес бағыт бере отыра көмектесті. Жаңа әдісті қолданып ұсынған тапсырмаларда оқушылар бір-бірімен тығыз қарым-қатынас жасап, өздеріне ұсынылған тапсырманы орындау жолдарын іздеу барысында топпен шешіп, бір-бірінің көмегіне жүгінді. Бұдан оқушыларды топтық жұмысқа итермелеу арқылы, әрқайсысы өз қабілеттеріне қарай ойларымен бөлісуге ерікті. Берілген тапсырманы орындау барысында әркім өз идеяларын ортаға тастап, өзара рөлдерге бөліне отырып, берілген уақытты тиімді пайдалануға

тырысып отырды. Ал түсінгендерін топпен қорғау барысында топтар бір-біріне сұрақ-жауап арқылы кеңінен талқылап отырды. әрбір тақырыпты өту барысында тиімді, нәтижелі топтық жұмыс формасын жиі қолдандым. Себебі, топтық жұмыс оқушы мен оқушы, оқушы мен мұғалім араларындағы білім алу, білім беру әрекеттері үлкен орын алатынын көруге болады. Оқушылармен топтық жұмыс жүргізу алдында оларды қабілетіне, қызығушылығына, икеміне, біліміне қарай лайықтап алдым, тексеру мен бағалаудың әділдік, жариялылық талаптарын орындау, ұстаз бен шәкірт ынтымақтастығы арқылы оқушының белсенді ойлауына, белсенді сөйлеуіне, шығармашылығына қол жеткізу біздің өтіп жатқан тәжірибеміздің болашағы деп ойлаймын[2].

Топпен жұмыс жасауға арналған тапсырмалар күрделі емес және оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай беріледі. Мысалы, сауат ашу сабағында элементтерден әріпті жинау, сандарды ретімен орналастыру арқылы сөздер құрастыру, әріптің баспа және жазба түрлерінің қатынасын табу, «Қатесін тап» деген сияқты тапсырмалар беріледі. Математика пәнінен «Кеңістік фигуралары», «Жазық фигуралар және олардың модельдері» тақырыбын өткен кезде жеке бөліктерден фигураны құрастыру арқылы фигуралар моделін құрастыру/мыс: пирамида, конус, тік бұрышты параллелепипед, текше.../ тапсырмасын беруге болады. «Жыл мезгілдері» тақырыбына байланысты сабақ барысында жеке бөліктерден бір жыл мезгілін құрастырып, аталған жыл мезгілінің ерекшеліктері туралы әңгімелеу тапсырылады. Оқушылар топтарға берілген тапсырмаларды орындай отырып, тақырыпты қызығушылықпен өздері аша алады.

Мен топқа бөлуде көптеген әдіс тәсілдерді қолданамын:

Қағаз қиындылары арқылы топқа бөліну. Жыл мезгілдері, жануарлар, құстар немесе басқа да суреттерді үшке, төртке, беске (неше топқа бөлуді жоспарлауыңызға қарай) қиып, араластырып оқушыларға таратылады.

Оқушылар сол қиындылардан суретті құрастырып, сол сурет бойынша бірігіп, топқа бөлінеді. Геометриялық фигуралар арқылы топқа бөліну.

Ойындар арқылы топқа бөліну Тұрғын және үй ойыны, т.б

Қорытындылай келе айтарым, әрбір сабақта топтық жұмыс арқылы бірлесе әрекеттенген тиімді екенін түсіндім. Бұл ұстаным – құрастырылған білімнің басты идеяларының бірі. Осы бағытты ұстанған оқу/үйрену жобаларының барлығы да бірлескен әрекеттерді үйренудің негізі деп танимын. Ж.Пиаже бұл туралы былай жазады: «Адамның ақылы өзін таниды, яғни, психологиялық тілмен айтқанда, басқа заттармен немесе басқа ақылдармен қатынаста ғана болады». Адамның санасы тек басқа адамдармен қарым – қатынаста ғана дамиды, тек қарым – қатынас әрекеттері ғана бізді жаңа түсінікке әкеледі. Ал қарым – қатынас дегеніміз өзімізді басқаларға (олардың пікіріне, идеяларына, көзқарасына, мінезіне) бейімдеу деген сөз. Топтық жұмысқа барлық дерлік оқушылар қатысады, өйткені берілген тапсырма бірлескен жұмыс арқылы ғана орындалуы тиіс. Әр оқушы

идеяларды келтіру мен оларды талқылау, таңдау және шешім қабылдау ісіне белсенді қатысады: топтық жұмыста әрбір пікір мен көзқарас құнды. Топтық жұмыс оқушыларға сезім бірлескен жұмыстың қызықты әрі тартымды әрекет екендігін көрсетеді, оқушылардың жалпы еңбекке деген ынтасын арттырады[3].

Әлемдік деңгейдегі білім берудің қазіргі мақсаты оқытудың нәтижеге бағдарлануы, оқушының жеке тұлғасына бағытталуы, ал оқыту әдістерінің оқушының қажеттіліктеріне бейімделуі болып табылады. Демек, оқушы білімді дайын күйінде мұғалімнен алмай, өзінің білімі мен дағдысына сүйене отырып, жаңалық ашуы, шығармашылық тапсырманы орындау кезінде әртүрлі зерттеулер жүргізуі тиіс. Нәтижесінде оқушының зерттеушілік мәдениеті, шығармашылық дағдысы қалыптасуы керек. Осы өлшемдер білім беру процесінің негізгі ұстанымы болып табылады.

Қазіргі уақытта білім беру жүйесінде болып жатқан өзгерістер мектептің алдында бала тұлғасын жан-жақты дамыту, баланы жоғары сапалы деңгейде тәрбиелеу міндеттерін қояды. Сонымен қатар жаңа технологияларды қолдану арқылы оқушының мүмкіндігін ашу.

Осы деңгейлерді жоғарылатудың бір түрі ретінде мектеп тәжірибесіндегі топтық, ұжымдық оқыту түрлеріне кеңінен тоқталуға болады. Көптеген әдіскерлердің еңбектерінде оқу сабақтарын ұйымдастыруды жетілдірудің қажеттігі айтылған. Әрине, мектеп оқушыларының білімдерін бір жүйеге түсіруде оқу сабақтарының әртүрлі формаларын ұйымдастыру аса қажет.

Соның бірі – топтық жұмыстар. Топтық жұмыс дидактикалық принципті жүзеге асырудың маңызды элементі болып табылады.

Қазіргі кезде көптеген елдердің білім беру бағдарламаларына оқытудың жаңа әдістері қосылуда. Солардың бірі балалардың өз бетімен істейтін топтық жұмысы болып табылады. Топ – мақсаты бір, бір-бірімен тең құқықты, сыйлы, сыйласымды қарым-қатынас жасаушы адамдардың бірлестігі.

Педагог-ғалым В.Сластенин «топ – бұл ортақ мақсатқа жету үшін құрылған адамдар тобы. «Топтық жұмыс» термині — өзара іс-әрекет жасалып, соңғы нәтижеге немесе мақсатқа жетуге бағытталған іс-әрекеттің құрылымы — деп тұжырымдаған болатын.

Топтық жұмыстар туралы көптеген зерттеулер жүргізілді. Психологтардың пайымдауынша, топтық жұмыстар тұлғаның коммуникациялық қатынасқа түсуіне әрекет ететін педагогикалық процестің компоненті, онда субъект-субъектілік даму жүзеге асады. Ал педагогтардың тұжырымдамасы бойынша, мақсатқа бағытталған оқушылар мен педагогтың арасындағы бірлескен іс-әрекет.

Осы тұста оқушыға нақты білім беруді мақсат тұтқан мұғалімнің өз сабақтарын оқушының идеясы мен білім-біліктілігін дамытуға ықпал ететін міндеттерге сай ұйымдастыруын талап етеді.

Теорияларды тұжырымдайтын болсақ, топтық жұмыс – мұғалімдер оқушылардың оқуға деген ынтасы мен қызығушылығын оятатын жаңа әдістердің бірі болып табылады. Сыныпта топтық жұмысты қолдану арқылы мұғалімдер оқушылардың білім алу сапасына үлкен ықпал ете алады. Ынтымақтастық әрекет арқылы оқушылардың қызығушылығы мен қарым-қатынастары дамиды.

Топтық жұмысты мұғалім екі түрде ұйымдастырады. Бірыңғай топтық жұмыс және сараланған топтық жұмыс. Бірыңғай топтық жұмыс барысында барлық топ бірдей тапсырма орындайды, ал сараланған топтық жұмыс барысында берілген тақырып шеңберінде әртүрлі тапсырмалар орындайды. Сараланған топтық жұмыстар көбінесе жаратылыстану бағытындағы пәндерде өткізіледі. Бастауыш сыныпта сараланған топтық жұмысын «Дүниетану» сабағында өткізуге болады[4].

Осылайша, топтық жұмыс барлық оқушыларды сабақта белсенді жұмыс жасауға қолайлы жағдай жасайды. Топта жұмысты ұйымдастыру кезінде әр оқушы өз пікірін айтады, ойлайды. Топтарда даулы пікірлер туындайды, әртүрлі шешімдер талқыланады. Топтық жұмыс формасы жаппай оқыту жағдайында жеке көзқарасты жүзеге асыруға, балалардың жеке мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін анықтау үшін өзара әрекеттесуді ұйымдастыруға мүмкіндік беретіні өте маңызды.

Топтық жұмыс әдісі баланың мектептегі алғашқы күндерінен бастап енгізілген. Бұл дүниетану, математика тағы басқа пәндер болуы мүмкін. Онда алғашқы кезеңдерде балаларға зерттелетін материалды талдау мен синтездеудің күрделі міндеттері қойылмайды.

Мысал үшін сабақ қоршаған ортаны қамқорлыққа алу туралы болса, мұғалім балалардан шағын топтарға бөлінуін және берілген уақыт көлемінде екі тізім жасауын сұрайды. Бірінші тізімде олар табиғатқа зиян келтіретін біздің әрекеттерімізді ұжымдық түрде жазады, екіншісіне оны сақтауға және сауықтыруға бағытталған әрекеттерді ұсынады. Әр топтағы оқушылардың ішінен біреуі жазылғанды сыныптың алдында оқиды. Тізімдерді талқылауға және қорытынды жасауға болады.

Математика сабағында оқушыларды топқа бөліп, әртүрлі тапсырмалар беру арқылы қызығушылықтарын оятуға болады. Жаңа сабақты түсіндіру барысында өтілетін тақырыпты «Джигсо» әдісін қолдану арқылы математика сабағында әр оқушыға тапсырма беріледі де, уақыт белгеленеді. Содан соң уақыт өткен соң, сарапшы топта талқылайды және постер жасап қорғайды. Топтық жұмыс барысында оқушыларға рөлдер бөлініп беріледі. Таймкипер, хатшы, төраға, баяндамашы, суретші т.б. Б. Блум таксономиясы бойынша білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау кезеңдеріне байланысты тапсырмалар ұсынуға болады.

«Кластер» сияқты белсенді әдістерді сабақ үрдісінде топтық жұмысты ұйымдастыруда қолдануға болады. Ол, оқушылардың логикалық ойлау дағдысын дамытады. Қазақ тілінде үй тапсырмасын тексеру **барысында «Ақиқат, жалған»** әдісін қолдануға болады. Топтағы оқушылардың

алдында қызыл және жасыл түсті қиылған қағаздар беріледі. Мысалы, «Дыбыстар екіге бөлінеді, дауысты және дауыссыз; н-дауыссыз үнді дыбыс» — деп белгілі бір тұжырымды айтқан кезде оқушылар ақиқат болса жасыл түсті қағазды, жалған болса қызыл түсті қағазды көрсетуі керек. Бұл әдіс оқушыдан шапшаңдықты талап етеді. Топта оқушылар бір-бірімен жарысып, берілген тапсырманың мазмұнына сәйкес ақиқат және жалған екенін анықтайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Педагогика. Дәріс курсы. – Алматы: Нұрлы әлем, 2023. – 368 б.
2. Педагогика: Оқу құралы. /Жалпы ред. басқарған А.М.Құдиярова. – Алматы: Дарын, 2014. – 448 б.
3. Педагогика. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. – Алматы, 2014 – 412 б.
4. Педагогика: Оқулық / Құрманалина Ш., Мұқанова Б., Ғалымова Ә., Ильясова Р. 2017. – 148 б.

ОҚУ МАТЕРИАЛЫН ИГЕРУДІ ЖАҚСARTУ БОЙЫНША ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДІСТЕР

*Халматова Дильдара Тохтакуловна – магистранты
Ғылыми жетекшісі – п.ғ.д., профессор Атемова К.Т.
Шымкент университеті, Шымкент қ.*

Түйіндеме: Бұл мақалада білім туралы жаңа Заңның 8-ші бабына сәйкес, білім алу жүйесі жеті сатыдан тұрады: мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім. Жоғары білім саласын халықаралық дәрежеге көтеру Қазақстанның халықаралық аренада бәсекеге қабілетті мемлекет болуына тікелей ықпал етеді.

Резюме: В этой статье говорится, что в соответствии со статьей 8 нового закона Об образовании система образования состоит из семи этапов: дошкольного, начального, основного среднего и общего среднего образования, послесреднего, высшего и послевузовского образования. Повышение уровня высшего образования на международный уровень напрямую способствует тому, что Казахстан станет конкурентоспособным государством на международной арене.

Еліміздің ертеңі, көк туымызды биікке желбіретіп, тәуелсіздігімізді шарықтата, егемендігіміздің еңсесін биік ұстай отырып, ұлтымызды болашаққа бастар - келешек ұрпақ.

Бүгінде қоғам мен заман дамуда. Соған байланысты осы таңдағы қоғам алдындағы басты мәселе болып отырған – жас ұрпақтың саналы тәрбие мен сапалы білім алуы. Білім саласының дамуы көшінен қалмай, ілгерілеу - басты мақсатымыз. Еліміздің ертеңі жас ұрпақтың қолында, жас ұрпақты болашақ өмірге сеніммен аттандыру - ұстаздың қолында. Ұстаз осы жолда аянбай еңбек етіп, тынбай ізденуі, оқытуға қажетті жаңа, тиімді әдіс-тәсілдерді іріктеп, сұрыптап алуы шарт[1].

Біздің елімізде білім беру мазмұнын жаңарту білім берудің қазіргі заманғы үрдістерін және қазақстандық білім берудің үздік практикасын кіріктіруге бағытталған.

- Білім беру мақсаты келесі негізгі кең ауқымды дағдыларға сүйенеді:
- Білімдерді функционалдық және шығармашылық қолдану;
- Сыни ойлау;
- Зерттеу жұмыстарын жүргізу;
- Ақпараттық-коммуникативтік дағдыларды пайдалану;
- Әртүрлі коммуникация тәсілдерін пайдалану;
- Топта және жеке жұмыс істеу ептілігі;
- Проблемаларды шешу және шешімдеп қабылдауға ие оқушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуы үшін қолайлы білім беру кеңістігін құру.

Білім берудің кешенді міндеттерін және мұғалімнің әртүрлі жағдайларда жұмыс істейтіндігін ескерсек, тиімділік деген сөзге аса қатты мән беріледі. Оқытудың тиімділігі білім алуы бойындағы құзыреттіліктердің қалыптасуынан көрінеді.

Білім берудің әлемдік озық тәжірибелеріне сүйеніп әзірленген оқытуда мектеп түлегінен күтілетін нәтиже негізгі құзыреттіліктердің қалыптасуымен айқындалады. Құзыреттілік – оқушының әрекет тәсілдерін жан-жақты игеруінен көрінетін білім тәжірибесі. Қазіргі мемлекеттік жалпыға міндетті жалпы орта білім беру стандартының мазмұны әр оқушының жеке ерекшелігіне қарай білім нәтижесі түріндегі құзыреттер жиынтығын игеруге бағдарланып белгіленген. Құзыреттілік деп өзін заман талабына сай оқушы да, мұғалім де өзін-өзі өзгерте алу қабілеттілігі деуге болады. Бұл өзгерістерді күнделікті оқу үрдісіндегі берілетін тапсырмалар мен педагогикалық әдіс-тәсілдерден бастау керек.

Педагогикалық әдіс-тәсілдер былайша топтастырылады:

- Құндылықты-бағдарланған;
- Әрекетті;
- Тұлғалық-бағдарланған;
- Кіріктірмелі;
- Коммуникативті әдіс-тәсілдер пән бойынша оқу бағдарламаларының құрылымы мен мазмұнын құрудағы негізгі бағдарлар болып табылады.

Оқушылар барлық пәндерді оқу кезінде АКТ қолдану дағдыларын дамытады. Ақпаратты іздеу және өңдеу барысында ұжымда идеялармен алмасады, өз жұмыстарын бағалайды және жетілдіреді, түрлі жабдықтар мен қосымшалардың кең ауқымын пайдаланады. АКТ оқушы білімінің, оларды тиімді қолдану бойынша дағдыларының дамуына жәрдемдеседі.

Оқу бағдарламаларында оқу мақсаттарының жүйесі түрінде берілген күтілетін нәтижелер тұжырымдалған. Күнделікті білім беру үдерісі оқу мақсаттарына жетуге және оқушыларға алынған білім мен дағдыларды кез келген оқу және өмір жағдайында шығармашылық пайдалануға дайындығын қалыптастыруға бағдарланған[2].

Жаңа әдіс-тәсілдерді сабақта қолдану барысында күтілетін нәтижелер: оқушылардың қалай оқу керектігін үйреніп, оқушының өздігінен оқып түйінді мәселелерді іріктеп алуы, өзіне деген сенімділігінің қалыптасуы, еркін, өзіндік дәлел-уәждерін жеткізе білуі, оқуға деген қызығушылығының артуы, ынталы, сұрақ қойып, сұрақтарға жауап бере алуы, сыни пікір-көзқарастары жүйелі дамыған, сандық технологияларда құзырлылық танытатын, ақпаратты қабылдап қолдануға, саралап, даралауға, жүйелеуге дағдылануы қамтамасыз ету.

Оқыту әдіс тәсілдері:

Құндылықты-бағдарланған тәсіл – оқушының құндылықтар жүйесін қалыптастырушы оқу-тәрбиелік үдерістің сәйкесінше формалары арқылы тұлғаның өзін-өзі танытуы үшін алғышарттар құруды көздейді.

Орта білім беру құндылықтары: қазақстандық отансүйгіштік және азаматтық жауапкершілік, құрмет, ынтымақтастық, еңбек және шығармашылық, ашықтық, өмір бойы білім алу.

Тұлғалық-бағдарланған тәсіл – педагогтің назарын оқушы тұлғасының тұтастығына, оның тек ақыл-ойы, азаматтық жауапкершілік сезімінің ғана емес, сондай-ақ эмоционалдық, эстетикалық, шығармашылық нышандары мен даму мүмкіндіктерімен қоса рухани дамуы туралы қамқорлыққа шоғырландыруды көздейді.

Жүйелік-әрекетті тәсіл – оқу-тәрбие үдерісінде оқушының өз бетінше білі алуына бағытталып, осы мақсатта мұғалімнің тиімді іс-әрекеттің түрлі формаларын қолдануын көздейді.

Коммуникативтік тәсіл – бірінші кезекте оқушылардың ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын дамытуға, қарастырып отырған мәтін, қатысып отырған әңгіме мазмұнын түсініп, туындаған жағдаятқа сәйкес тілді қолданып үйренуге бағытталған.

Интегративтік тәсіл – оқу үдерісін жобалау және өткізу кезінде әртүрлі оқу пәндерінің мазмұнын өзара кіріктіру есебінен оқушыда әлемнің тұтас бейнесін қалыптастыруға жәрдемдеседі[3].

Зерттеу тәсілі – зерттеушілік әрекет дағдыларын дамытуға, ғылыми таным әдістерімен танысуға жәрдемдеседі, оқушыларда танымдық қызығушылық қалыптастырады.

Интербелсенді әдіс. Интербелсенді әдіс – үйретуші мен үйренушілердің өзара әрекеттесуін оқытудың негізі деп танитын және сондай қатынасқа жағдай жасайтын әдістер. Өзара әрекеттестік әдетте, белгілі бір мәселені шешу, ол шешімнің тиімділігі. Біз оқытуды және білім беруді, егер сабақ барысында мұғалім мен оқушы арасында өзара әрекеттестіктің жоғары деңгейіне қол жеткізсе, «интерактивті» деп атаймыз.

Ең бастысы, мұнда мәселені шешу процесі жауапқа қарағанда маңызды екендігін түсіну қажет. Бұл интерактивті әдістің мақсаты – тек ақпаратты беру ғана емес, оқушыларға жауаптарды өз бетінше табу дағдысын меңгерту екендігімен байланысты.

Интерактивті негізде оқу мақсаты – білу емес, үйрене білу:

- Өзіне деген сенімге тәрбиелейді;
- Шешендік өнерін жетілдіреді;
- Танымның мәнін түсінуге көмектеседі (яғни, кейде абсолютті шындық болмайтынын);
- Сыни ойлау дағдыларын дамытады;
- Өз пікіріне деген құқығын түйсінуді артады.

Интербелсенді оқыту – әрекет арқылы оқыту, бұл ұстаным үлкен нәтижелерге жеткізетін тиімді жүйе деп есептелінеді, себебі адам санасында бірінші кезекте өзінің әрекеттері мен өз қолымен жасаған істер қалады. Кезінде көне қытай ғұламасы Конфуций былай деген екен: «Маған айтып берсең – ұмытып қаламын, көрсетсең – есте сақтармын, ал өзіме жасатсаң – үйренемін!». Сондықтан, интербелсенді оқыту оқушылардың оқу үдерісіндегі белсенді әрекеттерін үйренудің негізгі құралдарына тән тәсілдер ретінде танылады.

Интербелсенді әдісте оқушылар төмендегідей білім, білік, дағды, машықтарға үйренеді:

- Терең ойлану, жеке рефлексиялық қабілеттерді дамыту;
- Өз идеялары мен әрекеттерін талдау және оларға баға беру;
- Ақпаратты өздігімен түсініп, жан-жақты талдап, таңдап алу;
- Өздігімен жаңа түсінік пен білім құрастыру;
- Пікірталастарға қатысып, өз ойы мен пікірін дәлелдеу;
- Шешім қабылдау және қиын мәселелерді шешу.

Сол себепті интербелсенді оқытуда оқушылар келесі әрекеттерді атқаруға дайын болу керек:

- Бірлескен жұмыс;
- Танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік тұрғыдан белсенділік таныту.

Интербелсенді әдістеменің жұмыс түрлері мен әрекеттері:

- Бірлескен жұмыстар (жұптық, топтық, ұжымдық);
- Рөлдік және іскерлік ойындар, пікірталастар;
- Ақпараттың әртүрлі көздерімен жұмыс жасау (кітап, лекция, интернет, құжаттар, мұражай т.б.);
- Презентациялар;

- Тренингтер;
- Интервью;
- Сауалнама және т.б.

Интерактивті әдістерді қолдануда кейбір ережелерді есте сақтау қажет:
Бірінші ереже. Жұмысқа балалар толығымен қатысуы керек.

Екінші ереже. Балаларды психологиялық тұрғыдан дайындау, сабақ барысында сергіту сәті, балаларды белсенділігі үшін марапаттау, баланың өзін-өзі көрсетуіне жол беру.

Үшінші ереже. Кабинет талапқа сай болуы қажет.

Төртінші ереже. Жұмыс орнына назар аудару қажет. Оқу орны ыңғайлы және жайлы болуы қажет. Бала өз пікірін, көзқарасын білдіріп, дәлелдеп беруге мүмкіндік жасалуы қажет.

Бесінші ереже. Оқу барысында процедураға және регламентке назар аудару қажет. Мысалы, белгіленген уақыттан асып кетпеу, бөгде кісінің пікірін сыйлау, сөзді бөлмеу, оның ар-ожданын сыйлау[5].

Алтыншы ереже. Оқушыларды проблема шешу барысында топқа бөлуге мұқият қарау. Интерактивтік әдістеме өзара қарым-қатынастың мол ауқымын қамтиды. Дегенмен, әдістемелік амал қандай болса да, оқушылардың өздерінің өмірлік тәжірибелерін білім берудің негізгі көзі ретінде саналады.

Оқыту мен оқудың бұл тәсілдері оқытудың сындарлы тәсілімен тығыз байланысты, себебі оқушылар бірлесіп жұмыс істей отырып, пәндердің аралығындағы мәселелерді талқылайды, зерттейд

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы »
2. Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасы. Мұғалімге арналған нұсқаулық .Үшінші (негізгі) деңгей.
3. Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері А. Әлімов Алматы2013
4. Абайдың қара сөздері А. Өнер. 2006.
5. Оқудың инновациялық әдістері оқу әдістемелік құрал Сманқұлова Ж., Саметова Ф. Алматы-2014

ПЕДАГОГИКАДА ЭТНИКАЛЫҚ ҚАЛЫПТАСҚАН ДӘСТҮРЛЕРДІ ҚОЛДАНУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

*Хасантаева Наргиза Абдимажитовна – магистранты
Ғылыми жетекшісі – п.ғ.д., профессор Атемова К.Т.
Шымкент университеті, Шымкент қ.*

Түйіндеме: Бұл мақалада қазіргі кезеңде еліміздің білім беру ұйымдарында оқыту процесін ізгілендіру мақсатында көптеген жұмыстар жасалуда. Оларды ғылыми тілмен айтқанда «инновациялық процесс» немесе «педагогикалық жаңалықтарды енгізу» деп аталады.

Резюме: В этой статье на современном этапе проводится большая работа по гуманизации процесса обучения в организациях образования страны. Их называют, говоря научным языком,» инновационным процессом «или» внедрением педагогических открытий".

Бәсекеге қабілетті білім кеңістігін құруға бағытталған қазақстандық білім беру реформасының басты мақсаттарының бірі – инновациялық технологияларға сүйене отырып, баланың бойында шығармашылық ойлауды дамытуға мүмкіндік жасау болып отыр. Мұндай күрделі міндеттерді шешуде мектепке дейінгі мекемелердің алатын орны ерекше. Бүлдіршіндердің білім берудің кейінгі сатыларында нәтижелі дамуын анықтайтын негіз – балабақшадан қаланатындығы баршамызға мәлім.

Инноватика ұғымының мәні латынның «in-novus» деген сөзінен шыққан, «жаңарту, өзгерту, жаңашылдық» деген мағынаны білдіреді. Яғни, педагогика ғылымында жаңа әдістерді, тәсілдерді, құралдарды, бағдарламаларды пайдалану.

Инновациялық білім беру құралдарына: аудио-видео құралдар, компьютер, интерактивті тақта, интернет, компьютер – мультимедиялық құрал, электрондық оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешен, инновациялық ақпараттық банк, инновациялық сайт және тағы басқалары жатады. Сондықтан да қазіргі таңда көптеген интерактивтік бағдарламалық бөлімдер, қозғалмалы объектілер құруға мүмкіндік беретін векторлық және графикалық жабдықтар көптеп шығып, қолданыс табуда. Осындай құралдардың бірі – мультимедиялық оқулықтарды балабақшада кеңінен пайдалану оқу іс-әрекеттерін жоғары дәрежеде жүзеге асыруға мүмкіндік туғызары анық. Бұл жағдайда тәрбиеші әр оқу іс-әрекеттерін өткізер алдында жиі-жиі көрнекіліктер ауыстырмаған болар еді. Ал мультимедиялық оқулықтар арқылы тәрбиеші уақытты тиімді және ұтымды пайдаланары айқын.

Осы иновациялық технологияларды балаларға этномәдени білім беруде қолдану қазіргі таңда тәрбиешілердің алдында тұрған міндеттердің бірі.

«Халықтың этникалық-мәдени сәйкестілігі өз тарихында, мәдениетінде болған оқиғаларды білу, қалыптасқан рухани құндылықтарға адалдық, ұлт

қаһармандарын қастерлеу нәтижесінде құрылады. Ол ұлттың азат және ерікті жасампаздық шығармашылығы процесінде қалыптасады.

Этникалық-мәдени сәйкестілік жағдайына халықтың өзі тудырған әлеуметтік-жүйе арқылы қол жетеді. Оған отбасы, мектепке дейінгі балалар мекемелері, оқу орындары, ұлттық-мәдени орталықтар, журналдар мен газеттер, көркем және ғылыми әдебиет, ғылыми-зерттеу және әкімшілік мекемелері, тағы басқалары жатады» [1] деп Қазақстан Республикасындағы этникалық-мәдени білім тұжырымдамасында атап көрсетті.

Бұл жағдайларда этностық-мәдени сәйкестілікті қалыптастыру мәселесін педагогикалық тұрғыда зерттеу маңыздылығы артады. Қоғамның қазіргі даму кезеңінде мектепке дейінгі ұйымдардың оқу-тәрбие процесінде балаларды жан-жақты дамыған жеке тұлға ретінде тәрбиелеуді жүзеге асырып, этностық-мәдени сәйкестілігін қалыптастыруға мүмкіндік беріп, халықтың рухани мәдениетін зерде мен ой елегінен өткізіп, оны қазіргі заман құндылықтарымен байланыстыра білуге машықтандырады.

Этномәдени білім беру дегеніміз мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылығын дамытатын мүмкіндіктер, ұлтымыздың бай мәдениеті, ұлттық болмыс, тарихы, тілі, ұлттық құндылықтар туралы білім беріп, жан-жақты, Отанын сүйетін, адамгершілігі мол, рухы биік, жаһандық өркениеттің халықтарына төзімді жеке тұлғаны тәрбиелеу. Этномәдениет ата-бабаларымыздың тәрбиеге байланысты ғасырлар қойнауынан сараланып жеткен іс-тәжірбие жиынтығы, қанша уақыт өтсе де тат баспайтын адалдығы айнадай ұлттық қазына. Халқымыз өз ұрпағын ізгілікке инабаттылыққа, адамгершілікке тәрбиелеуді басты мақсат санаған. Олай болса, бүгінгі ұрпағымызды халқымыздың баға жетпес бай салт-дәстүрі негізінде тәрбиелеу, оларға ата-бабаларымыздың салт-дәстүрлерін терең сіңіру қажет. Халық батыры Бауыржан Момышұлы айтқандай «өткенін білмеген, одан тәлім-тәрбие, ғибрат алмаған халықтың ұрпағы-тұл, келешегі тұрлаусыз» [2].

Көп ұлт мекендеген Тәуелсіз Қазақстанның ерекшелігі де этникалық білім берудің қажеттігін туындатады. Кез-келген халық ғасырлар бойы жинаған қоғамдық және әлеуметтік тәжірбиесін, ата-бабалардан алмасқан тәжірбиеге өз үлестерін қосып келесі ұрпаққа мәдениетін, тарихын аманат етіп отырған. Ежелден келе жатқан тарих толқынында халық- үлкен күш, ол мәдениетті, тарихты жасаушы жалғыз таусылмас қазына, құндылықтардың қайнар бұлағы. Сол таусылмас қазына мен қайнар бұлақтан өркен алатын жас ұрпақты халық дәстүрінде білім беріп, тәрбиелеу қазіргі білім саласының басты міндеті. Қырғыз халқының дана ұлы Шыңғыс Айтматов «...өз халқының және басқа халықтардың тарихы, мәдениетінен, тәжірибиесінен бейхабар адамның болашағы жоқ, бүгінгі күнмен ғана өмір сүреді» [3] -дейді. Өйткені тек білімді адам ғана басқаның мәдениетін, өз төл тарихы мен мәдениетін бағалай алады, өз халқының ажырымас бөлігі екенін сезініп, сол халық мәдениетінің қажеттілігін өтей алады. Ал этномәдени білім жеке тұлғаның этномәдени ерекшеліктерінің қалыптасуына және оқу мен тәрбиенің ұлттық жүйесін дамытуға негіз болады .

Этномәдени білім беруде көп нәрсе біліктілік, ұғымдылық, танымдылық тұрғысынан берілу керек. Біз әлемдік деңгейдегі білім берудің озық үлгілерін жоққа шығармаймыз, оны зерделеу, білу қажет. Бірақ дүние жүзінің ұлттары мен ұлыстарының мәдениеттері, салт-дәстүрлері, тілдері сан түрлі болғандықтан, сусындайтын этномәдени білім мен тәрбие көздері де сан түрлі. Осы рухани көзді елемеу ұлтсыздандыруға апаратын жол. Сондықтан, әлемдік деңгейдегі білімді қажетінше пайдаланып өз этномәдени білім мен тәрбиеге негізделген ұлттық білім жүйесін дамыту қажет. Этномәдени білім беру жүйесіне көшу бір күндік нәрсе емес, әулеттік-экономикалық және демографиялық негіздерді ескере отырып ұзақ перспективаны қамтитын ұзақ процесс. Бүгінгі жастарымызды бізден әлдеқайда сауатты болуға бағыттауымыз, бағыт-бағдар беруіміз керек. Абай атамыз айтқандай «Адам баласы бір-бірінен ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселерімен озады. Одан басқа нәрселермен оздым демектің бәрі ақымақтық»[4], сондықтан да жастарымыз озық болсын десек этномәдени білім мен тәрбиені оқу орындарында басты назарда ұстау керек. Біз халықтық тәлімнің ақ уыз шырынан нәр беретін текті тәрбиеге қол жеткізетін ұлттық қазына, рухани байлық атты қасиеттерімізді үнемі назарда ұстауымыз керек. Бұлардың бәрі жас ұрпаққа үйренумен, таныммен, тағлыммен келеді. Сондықтан да, қазіргі оқуымыз да, тәрбиеміз де этномәдени тұрғыда болуы керек деп есептеймін.

Әр мектепке дейінгі білім беру мекемесінде ерте жас тобынан бастап мектепке дейін шығарып салуға дейін этномәдени компонент элементтері кездеседі. Күн тәртібінің барлық сәттерінде қандай да болсын элемент болуы мүмкін – халық ертегілері, халық педагогикасының бөлімдері, фольклор, мақал – мәтелдер, әдет – ғұрыптар мен салт – дәстүрлер, халық ойындары және т. б. Балаларға әрдайым жомарт қазақ халқымыздың бойындағы бар жақсы қасиеттер мысалға келтіріліп, тәрбие және оқыту үдерісінің ажырамас бөлігіне айналды. Соның арқасында тәрбиеленушілердің қоршаған ортаны сезіну, қоғамдану, өзіндік бағалау, тұлға ретінде даму сияқты маңызды қасиеттері дамып қалыптасады.

Этномәдени компонент – бұл танымдық белсенділікті, өзбетінше, шығармашылық дамуды, халықтардың өзіндік тұрмыстық ерекшеліктеріне және жалпы сұлулыққа араласуын оятатын құрал. Бұл жалпы халықтық мәдениетке, қатынасу мәдениетіне апаратын жол. Халық тұрғындарының арқасында балаларда мейірбандылыққа, тілектестік сезімдеріне тәрбиеленеді. Мектепке дейінгі қоғамдық білім беру жүйесіне этномәдени компоненттің енгізілуінің негізгі шарты – мектепке дейінгі ұйымдағы балалардың эмоционалдық дамуын және аман – саулығын қадағалау. Эмоциялар тәртіпке тікелей әсер етіп, қоғамдық арақатынас пен тартымдылықты қалыптастырады. Олар бағалау рөлін атқарып, баланы әрекеттерге итермелейді, тәжірибені белсендетіп, жинақталуына ықпал етеді.

Этномәдени білімді жолға қоюдың жолы оқу процесіне жаңа педагогикалық технологияларды қолданып ғана қоймай, қазіргі заманғы

техникалық құралдардың көмегімен авторлық бағдарламалар жасап, тек ғана мектепке дейінгі ұйымдарда ғана пайдаланбай отбасында да пайдалану септігін тигізеді. Ата-аналары қолданылатын ұялы телефондарға, планшеттерге балаларға қызық болатын арнайы бағдарламалар жасау. Мысалға «Қуыршақты ұлттық киімге киіндір». Бұл бағдарламаларда ұлттық киімдердің үлгісі тұрады, балалар киімді таңдайды, таңдалған соң ол киімнің атауы қазақша және ағылшынша айтылады. Бала қуыршақты киіндіріп ғана қоймай, ұлттық киім түрлерін ғана емес, сонымен қатар тіл үйренеді. Сонымен қатар осындай мақал-мәтелдерді, жұмбақтарды, ертегілерді, салт-дәстүрлерді, қазақ халқының бай халық ауыз әдебиетін осылай үйретуге болады деп ойлаймын.

Мультимедиялық оқулықтар біріншіден балалардың қызығушылығын арттырады, екіншіден зейін қойып көрумен қатар түсінбеген жерлерін қайта көруге, тыңдауға және алған мағлұматты нақтылауға мүмкіндік береді, сонымен қатар бүлдіршіннің білім алу кезеңінде оқу іс-әрекетіне белсенділігін арттыра түседі. Мультимедиялық оқулықтар балабақша бүлдіршіндеріне арналған таптырмас құрал. Себебі, бұл кезеңдегі балалардың зейіні әдемі түстерге, әдемі ойыншықтарға, әдемі суреттерге, яғни, әдемілікке, әсемдікке әуес болады. Кез келген сабақта әр түрлі әдемі, ұнамды, жағымды суреттер, сызбалар, тәсілдер арқылы графикалық иллюстрациялар негізінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану тәрбиеленушілердің танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды.

21 ғасыр ғылым мен білімнің дамыған кезінде балаларды жан-жақты, ұлтын сүйетін, мәдениетін білетін, қазақ тілінің барлық қыр сыраларын көрсете алатын, өз этномәдениетімізді басқа тілдеде еркін таныстыра алатын ұрпақ тәрбиелеуге, баланың одан әрі қызығушылығын арттыруға көп септігін тигізеді деп ойлаймын.

«Ешкімді кемсітпей, ешкімнің тілі мен ділін мансұқтамай, барлық азаматтарға тең мүмкіндік беру арқылы тұрақтылықты нығайтып келеміз. Біздің кейінгі ұрпаққа аманаттар ең басты байлығымыз – Ел бірлігі болуы керек. Осынау жалпыұлттық құндылықты біз әрбір жастың бойына сіңіре білуге тиіспіз» [5] деп Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында атап көрсеткендей бізге білімді ұрпақ қажет. Сондай ұрпақ тәрбиелеп шығару ол біздің міндет.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасындағы этникалық-мәдени білім тұжырымдамасы 1996 жыл
2. Адам қайраты 1981 жыл
3. Мұхтар Әуезов энциклопедиясы — Алматы, «Атамұра» баспасы, 2011 жыл.
4. «Абайдың қара сөздері» Алматы 2011 жыл.
5. Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. Астана 2014 жыл

КӨРКЕМ ЕҢБЕК САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫ ТАҚЫРЫПТЫҚ КОМПОЗИЦИЯ ҚҰРУҒА ҮЙРЕТУ ӘДІСТЕРІ

*Мамбетаев Е.Б. Аға оқытушы
Қалбергенұлы Бекзат 6В02184-Сәндік-қолданбалы
өнері білім беру бағдарламасының 1 курс студенті
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан қ.*

Егеменді еліміздің білім беруді дамыту атты заңнамасында нықтап көрсетілгендей - «Орта білім берудің жалпы мүддесі техника мен заман сәт санап дамып келе жатқан мына уақыт кеңістігінде алынған білімнің, жинақтаған тәжірибенің негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін-өзі дамытуға және , тұлға тұрғысынан нақты , жауапты шешімдер қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны дайындап тәрбиелеп шығару».

Адамның өзін-өзі дамытып , әрдайым ізденісте жүріп өзін қоршаған ортаға қызығуы, жаңа істі үйренуге жаңа білімді танып зерттеуге деген талпынысы, қоршаған ортадағы табиғаттағы сұлулықты танып қана қоймай тың жаңа дүниелерді жасай білуі бұл – шығармашылық қабілет. Өмірге дұрыс жол табу үшін адам өмірге дұрыс көзқарас, өздігінен сапалы, нақты шешімдер қабылдай білуге үйренуі қажет. Осы мақсатта ұлтымыздың педагогика ғылымын, тәрбие беру теориясын дамытуға үлес қосқан ғалым-педагогтар, қоғам қайраткерлері аз емес. Мысалы, Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев сынды тұлғалар оқытудың басты мәселелеріне баса назар аударып зерттеп зерделей келе , тұлғаны қалыптастыруда шығармашылық пен дүниетанымның айтарлықтай маңызға ие екенін айқындай түсті[1].

Жеке тұлғаны қалыптастыру барысында бейнелеу өнерін оқытудағы эстетикалық тәрбие беру мәселелерінің маңызды екендігін педагогика ғылымының соңғы жетістіктері анықтап берді. Мектепке ең күрделі міндеттер баланың жеке тұлғасын дамыту ісіне артылады.

Еліміздегі білім берудің заман талабына сай басты мақсаты жаңа тың әдіс –тәсілдер мен дамыған техниканы меңгере отырып сапалы да тың білімді жастарға оқыту сонымен қатар оларды отансүйгіштікке тәрбиелеу. Жинақтаған білім мен әдістер, тәжірибелерді пайдалана отырып Еңселі еліміздің қамын жейтін бір білікті маман дайындап шығару. Яғни шығармашылық тұлғаны қалыптастыру барысында дұрыс сапалы білім бере отырып саналы ұрпақ қалыптастыру біздің басты мақсатымыз болып отыр.

Қарыштап дамыған ғылым мен жаңа техниканың дамуына сәйкес қоғамның өндіріс күшін құрайтын білімді де дарынды , шығармашыл, дүниетанымы кең танымы терең ұрпақ тәрбиелеу басты міндет. Білім беру жүйесі қоғамдық деңгейдегі мәселе болғандықтан, жас оқушыларға мектеп қабырғасына келген күннен бастап сапалы білім мен ұлы тұлғалардың жинақтап кітаптарға жазып кеткен тәжірибиесін үлгі ете отырып, қоғамға қажетті өндірістік күш даярлау басты міндет. Оқушылардың өнер шығармаларын эстетикалық қабылдауы, өнер түрлерін, жанрларын білуі

шығармашылық ой саналарының жетілуі осы мектептегі оқу тәрбие барысында жетіледі. Бүгінгі таңда көркем еңбек сабақтарында дәстүрлі бейнелеу өнерінің түрлерімен, жанрларымен бірге дизайн, оригами, коллаж жапсырмалау жұмыстары да жасалады. Өз ретінде бұл жұмыстар олардың санасында бейнелеу өнерінің қоршаған ортада, жалпы қайнап жатқан өнер әлемінде қандай орын алатынын санада қалдырады. Заман талабы жаңа, тың білімді меңгерген, танымдық қасиеті жоғары, шығармашылық ой санасы жан-жақты дамыған еңбекқор қабілетті тұлға тәрбиелеуді талап етеді.

Оқушының шығармашылық дағдысын қалыптастыруда мұғалімнің озық тәжірибесі мен тереңдей зерттеген білімі шамшырақ болады. Жақсы ұстаз әрдайым бала үшін шамшырақ іспеттес. Уақыт ағымы мен заман талабына сай білім берудің сан түрлі әдістері өзгеріске еніп отырады. Өзгерістер мен даму, толықтырулар өмір заңдылығы. Уақыт бір- орнында тұрмайтыны секілді білім беру жүйесі әрбір тарихи кезеңдерде мемлекеттердің өзіндік ерекшеліктеріне тән қалыптасады. Қазіргі уақытта және жоспарланған мерзімде жүзеге асатынын білім беру жүйесінде ұсынылып отырған тұжырымдамада және мүмкін болатын құрамалары нақты белгіленіп отыр. Тұжырымдама ғылыми–теориялық құжат болғандықтан, тұжырымдамада Қазақстан Республикасының білім берудегі мақсаттары мен мүдделері, мазмұны мен құрылымы, дамудың негізгі стратегиялық бағыттары айқындалады. Аталған тұжырымдама бойынша құрылған бағдарламаның жүйесінде мектептегі сабақ барысы мен үдерісі қарастырылады. Ұлтымыздың дамыған елдер қатарына қосылуы үшін, болашақ жас ұрпақ заман ағымына сай білімді және білікті табанды болуы басты құндылықтардың бірі. Ел ертеңін ойлаған ағартушы ғалымдарымыз бұл құндылықтар жөнінде том-том кітаптар жазып, оқып білем деген еңбекқор талапты әрбір қазақ баласы үшін білімнің тұнығын асыл қазына ретінде ұлтына мұра еткен. Бұл туралы ұлтымыздың мақтанышы, жас ұрпақтың үлгі тұтар шамшырағына айналған Ахмет Байтұрсынұлы атамыз былай деп сара жол сілтеп кеткен «Басқадан кем болмас үшін біз білімді, бай, һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек» [2].

Педагог білімді болып қана қоймай, сол зерттеп жинақтаған білімін оқушыларға жеткізе білу қабілетіне яғни шешендік қабілетке де ие болуы керек. Атап айтар болсақ ұтымды болған әдіс –тәсілдерді, оқушылардың қабылдау деңгейі мен сана-сезімін, жас ерекшеліктерін ескере отырып қолдана білу біліктілігі, жеңіл әрі түсінікті сөйлеу шеберлігі болуы қажет. Іскерлік, оқушылармен тіл табыса білу, әрбір сөзін оқушыларға түсінікті етіп орынды қолдана білу әдебін жетік меңгермейінше білім алушылардың білімін жетілдіру қиынға соғады.

Сабақ жүргізу барысында көрнекілікке ден қою, яғни нақты бір заттың сын-сыйпатымен таныса отырып, көзбен көріп, қолмен сипап сезіну арқылы қабылдау көп жағдайда ол заттың сын-сыйпатын бейнелеуде оқушыларға айтарлықтай жеңілдік тудырады, себебі ол көзбен қабылдаудың

толықтығын және шынайлығын қамтамасыз етеді, ойлаудың белсенділігіне, оқушылардың таным кеңістігінің кеңейуіне айтарлықтай септігін тигізери сөзсіз.

Оқушының көру және есту қабілеттерін дамытуда сан түрлі құбылыстар мен фактілерді байқау, байқампаздық, оқушының бойындағы жеке дара қасиеттерін, оның бойында қандай қасиеттер жақсы дамыған, қандай кемшіліктері мен ерекшеліктері бар екенін білікті оқытушы саралай білуі тиіс. Егерде оқытушы әрбір оқушының жеке дара қасиеттерін ескеріп сонымен қатар әрбір оқушының ең мықты қасиетін шындай отырып және кемшіл тұстарын да жетілдіруге ден қойып әрбір оқушымен жеке-жеке жұмыс жасайтын болса ол оқушылардан сөзсіз өз пәнін жетік меңгерген үздік білімгерді тәрбиелеп шығарады. Бұл өз кезегінде оқытушыдан терең білім мен жан-жақтылық, аса үлкен жауапкершілікті талап етеді. Бұл нағыз өз ісінің маманы деуге лайық оқытушының бойынан табылуы қажет қасиеттер. Оқушының шығармашылық қасиеттері мен кең олау жүйесін дамытуда, көз алдына елестету функциясы айтарлықтай орын алады. Психологтардың айтуынша сөйлеу әрекетін дамытуда көз алдына елестету функциясының маңызы зор. Яғни оқушы көз алдына елестету арқылы оның баяндау сонымен қатар сөйлеу қабілеті ашылады. Оқушыда шығармашылық таным қалыптаспаса, елестету, сурет салу сынды дағдылары болмаса онда ол оқушыда баяндау, әңгімелеу сөйлеу процесі тежеледі, көз алдымызда елестету қабілеті дамымайды. Өз кезегінде бұл баланың ой санасының, түйсігінің дамуын баяулатады. Оқытушы оқушының ойлау, қызығу қабілеттерін ояту арқылы көркемөнерге деген қызығушылығын арттыра отырып білімді құштарлықпен сүйсіне оқуға баулуы қажет. Оқушының қызығушылығын аша білген жағдайды ол білім алушының білім сапасын екі есе дамытады.

Ұлы педагог Ы.Алтынсариннің атап айтып кеткен қағидасы бойынша, педагогтың сапалы білім беруі ең жақсы оқыту әдістерін дұрыс таба білуінде, оқушыларға түсінікті жеткізе білуінде және дұрыс қарым-қатынас орната білу біліктілігінде деп атап көрсеткен. Әрбір өтілетін тақырыпқа жауапкершілікпен қарай отырып оқушылардың сабаққа деген зейінін және қызығушылығын аша білу және әрдайым ізденісте жүру тың мәлеметтерді зерттей отырып сабақ өту, біріншіден оқушылар үшін үлгі өнеге болуымен қатар еңбексүйгіштікке, ізденімпаздыққа тәрбиелейді[3].

Оқушы бойындағы шығармашылық пен көркем эстетикалық қабілетті дамытуда оқытушының дидактикалық дайындығына мына аталған құрамдас бөліктер кіруі тиіс:

- педагогикалық біліктілік пен білім деңгейінің жоғары болуы;
- педагогикалық тапқырлық пен оқушылардың психологиясының жасқа байланысты ерекшеліктерін білу;
- оқушылардың сабаққа деген белсенділігін дамыта отырып қызығушылығын арттыру;

• Жүргізілген зерттеулер бойынша психологтар оқушының әрбір жас ерекшелік кезеңінде сәйкес шығармашылыққа баулуға негіз болардай өзіндік ерекше даралығы, бейімділігі болатынын дәлелдеді.

Қабілеттілік – әрбір тұлғаның жеке психологиялық ерекшелігі болып табылады. Яғни бір істі жылдам үйреніп, ары қарай жетілдіріп кетудегі тұлға бойындағы табандылық және ерекше дарын. Оқушы психологиясын терең түйсініп зерттей білген педагог, оқушының бойындағы қандай қабілет бар екенін айқындап соны дамытуда жұмыстар жүргізсе айтарлықтай нәтижеге қол жеткізеді анық. Оқушының бойындағы қабілеттілікті анықтаған соң ерте кезден сол уақытты тиімді пайдаланған жөн, себебі көптеген психологтардың зерттеуі бойынша оқушылардың жасы өскен сайын жүйке жүйесінің мүмкіндіктері дами бастайды, бірақ оны да дел кезінде дұрыс жүйеге келтіре отырып дұрыс дамыта білу қажет. Оқушыларының жас ерекшеліктеріне сай қабілеттері олардың белгілі бір іс-әрекетке ерекше ынтасы мен бейімділігі арқылы байқалады.

Оқушылардың қабілеттерін дамыту жөнінде ғалымдардың айтқан пікірін ескере кеткен жөн. Оқушының шығармашылық қабілеттері олардың өз ой қиялдарымен туындаған, дағдыларын қолдана отырып өзіне белгілі жаңадан бір нәтиже алуы. Оқушының жаңа бір нәтижеге қол жеткізуі жалпы жинақтаған білім тәжірибелерімен қатар олардың осы нәтижеге жету жолында қолданылған әдіс-тәсілдердің тиімдісін, ұтымдысын тапқырлықпен таңдай алуында, және жеке психологиялық қабілеттеріне байланысты [4] деп атап көрсеткен.

Психологтардың зерттеулеріне сүйенер болсақ, шығармашылық іс-әрекеттің құрылуы өздігінен тұйыққа тірелген мәселе емес. Ол тек айнала ортадағы қоршаған дүние, адамның өзіндік сипатымен ғана емес, әрбір тұлғаның жауапкершілікті іс-әрекеті, танымдық кеңістігін кеңейтуге ынталандыратын тәрбие және оқу үрдісі, сондай-ақ өзінің қызығушылығымен қатар еңбексүйгіштігімен, белсенділігімен үндестікте жүргізілетін күрделі процесс. Бұл мәселеде белгілі бір танымдық іс-әрекетке оқушыларды бағыттау, қолдау көрсететін, тәрбиелейтін, ынталандыратын оқытушылардың жетекшілік жасауына да тікелей байланысты. Тағыда айта кететін жағдай оқушының шығармашылық танымдық іс-әрекетте тек алға қарай қадам басуына, шындалып, өзгеріп дамуына негізгі себепкер болатын күш-түрлі қайшылықтар мен кедергілер. Оқушы білмеуден білуге ұмтылыс жасағанда әртүрлі қайшылықтар мен қиындықтарға кезігеді, оларды шешімін табу нәтижесінде ең құнды болып табылатын жасампаз жандардың қасиеті табандылық пен қайраттылық дами бастайды, және жауапкершілікті алу жеңіске деген ұмтылыс пен сенім нығая түседі. Табандылығы мен қажыр қайратын шындаудың арқасында ол әр бастаған ісінде жеңістің не екенін түйсіне бастайды.

Бейнелеу өнеріне оқыту барысында оқушылардың ойлау қабілеті, есте сақтау шығармашылық қиялы, көркемдік икемділігі, адамгершілік және сұлулық сезімдері дамиды, әрине бұл қасиеттер жеке тұлғаның жан – жақты

дамуына негіз болары сөзсіз . Бейнелеу сабақтары оқушылардың қоршаған ортаға қызығушылығын арттыру арқылы көркемдік сана сезімін оятады , дүниетанымын қалыптастырады шығармашылық жүйрік ой қабілетін арттырады. Сонымен қатар жеке тұлғаны ұқыптылыққа бейімдейді. Бейнелеу іс-әрекеті барысында сурет салу біліктілігі мен іскерлігін меңгере отырып, қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды байқап зерттеуді үйренеді. Демек бұл дегеніміз, қоршаған ортаны тану, кеңістікті қабылдау, есте сақтау, қиял, сезім сияқты тағы басқа психологиялық процестердің дамуына үлкен септігін тигізері сөзсіз. Бұдан жеке тұлғаның өз белсенділігін табиғатпен тылсым сырласуын жұмыс процесінде арттыратындығын көруге болады. Бұлардың барлығына да педагогтың әрбір сабаққа деген таудай жауапкершілігі, оқушыларға, өзінің саласына деген махаббаты, тың ізденістерді іздене отырып оқушыларды қызықтырып және олардың бойындағы от жалын яғни шабытты оята білуі ең басты кілт . Эстетикалық тәрбие тұлғаны әсемдікті танып талғам мен бағалауды жетілдіріп жасампаздық қасиеттерді бойына сіңіруде қызмет жасайды.

Қазіргі көркем еңбек сабақтарында оқушылар шетелдердің белгілі өнершығармаларымен, аты аңызға айналған тұлғалардың картиналарымен және көп ұлтты Еліміздің бейнелеу өнерінің даму кезендерімен танысып, өнер туындыларының композициялық шешімін, түс ерекшеліктерін талдап өз ой-пікірін ортаға салады. Бұл оқушыларды өнер танығыштыққа, жүйелі кең ой – танымға тәрбиелей отырып, коммуникативтік қабілеттерін арттырады. Уақыт ағымына орай негізгі білім ретінде эстетикалық тәрбие берудің келесі алғышарттары қарастырылуда: өнертанымдық білім мен біліктілікті әрдайым үздіксіз жетілдіру, оқушылардың музыкалық талғам мен мәдениетін қалыптастыру, театр өнеріне байланысты тәрбие мен мәдениет ұстанымдарын меңгерту, әдебиеттермен таныса отырып таным тағылым алуға дағдыландыру және тағы басқалары. Әсемдікке тәрбиелеу мен эстетикалық түсінік таным ,білім қалыптастырудағы көрсеткіштер: оқушылардың эстетикалық санасының даму деңгейінің тереңдеуі; олардың көркем шығармалардағы жоғары эстетикалық талғаммен қабылдап саралай, бағалай білу қасиетінің дамуын жатқызамыз.

Заман талабына сай шығармашыл жан-жақты дамыған тұлға қалыптастыру қазіргі уақытта біздің қоғамға қажетті мәселелердің бірегейі болып отыр. Оқушыларды эстетикалық терең талғам мен белсенділікке тәрбиелей отырып, ілтипатты оқырман, қайырымды тұлға, сын айта білетін ойлы көрермен, музыкалық ырғақ пен дыбысты сезіне білетін тыңдаушы болуға үйрету керек. Көркем- эстетикалық тәрбиенің ерекше рөлі бейнелеу өнерінің ішіндегі жазықтықта бейнелеу композициясының еншісіне тиесілі деп айтсақ қателеспейміз. Жазықтықта бейнелей алу қабілеті оқушының бойындағы дарын мен өнерге деген озық талғамды қалыптастыра отырып баланың жан-жақты дамуына әсерін тигізеді. Жазықтықта бейнелеу әрекеті кезінде оқушының кеңістікте ойлау, елестету қабілетін ақыл ой парасатын дамытып, таным түсінігін кеңейтеді, көркемдік пен сұлулықты өнерде

ұштастыра білуге машықтанады. Жазықтықта бейнені дұрыс сондай ақ көңілге тартымды ұтымды композицияда орналастыра білу, бейнелеу өнерінің барлық жанрларына қатысты әрекет болғандықтан оған бөлінетін жауапкершілік айтарлықтай маңызға ие. Бұл тақырып аясында заттың нақты бейнесіне қарап отырып бейнені бейнелеу, сюжеттік тақырыптарға суреттер салу, сонымен қатар табиғаттағы немесе ойдан құрастыра отырып салған бейнені елестету арқылы немесе ес арқылы жатқа бейнелеу, және де сәндік қолданбалы өнер саласындағы жұмыстармен шұғылдануға бағытталған мүмкіндіктер айтарлықтай қарастырылған. Жазықтықта бейнелеуді шебер меңгере білген дарынды суретшілердің шығармалары қашанда заманнан заманға рухани, эстетикалық байлығы ретінде мұра болып келе жатқан өркениеттің асыл қазынасы.

Мотивацияның дұрыс берілуі және әрдайым қолдау табу оқушының жан-жақты дамуына рух беріп қана қоймай, ынта жігерін дамытады және де біріншіден, балада өмірлік тұрақты жекелік ерекшелік, еркіндік қалыптасады – ол сәтсіздіктерден қорықпастан алға қадамдар жасауға дағдыланады, табысты болып жеңіске жетуге ұмтылады; екіншіден бұл оқушының жауапкершілік қабілетінің тез дамуына әсер етеді. Табысқа жету мотивациясына әсер ететін құрылымдарға: өзін-өзі бағалаушылық, әрдайым дамытушылық және талпыну мен еңбек ету деңгейін атап көрсете аламыз. Аталғандар оқушылардың шығармашылық және композицияны құрастыру дағдысын дамытуға тікелей әсер ететін факторлар болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Рамазан Б.С. “Технология сабағында жобалау әдісін қолдану”, “Мектептегі технология»” №2, 2011 жыл, ISSN 1819-2564, 2-бет.
2. Дарменова Рида. “Жобалау технологиясы – тиімді тәсіл”, “Мұғалім және қоғам” республикалық педагогикалық-әдістемелік журналы, №4, 2013 жыл, шілде-тамыз, (23-25 бет).
3. Алимсаева Р.Ш., Развенкова И.А., Лосенко О.С., Велькер Е.Е. / Көркем еңбек: жалпы білім беретін мектептің 7-сынып оқушыларына арналған оқулық (қыз балаларға арналған нұсқа) – Көкшетау: Келешек-2030 баспасы, 2020.
4. Козырева Л. М. Разминки и упражнения для совершенствования навыков техники рисование. М.: Издат – школа 2019.

«SIMURG» СӘН КОЛЛЕКЦИЯСЫНЫҢ КОМПОЗИЦИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІН ҮЙРЕТУ ЖОЛДАРЫ

*Матеева Мөлдір Оқытушы
Исаметова Динара бВ02126 Дизайн
білім беру бағдарламасының 4 курс
студенті Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ,
Түркістан қ.*

Дизайн өнері қалыптастыру үрдісінде көркемдік пішінін қалыптастыру және әр түрлі аспектілеріне тікелей қатысты бола отырып, ұлттық дәстүрді де есепке алады. Халқымыздың дәстүрлі мәдениетінің сәндік-қолданбалы өнерінің құрамдас бір көрінісі болған қазақ әйел киімі сан ғасырлар қойнауынан бастау алып, қазіргі уақытта оның көркемдік, мәдени-рухани, әлеуметтік тарихи заңдылығы, ерекшелігі өзіндік маңыздылығымен және елімізде өзінің өзектілігін қазіргі жаһандану дәуірінде арттыра түсуде.

Жалпы киім қызметінің барлық жүйесі әлеуметтік өмірдің негізгі бағыттарынан бастау алып, адамның дүниетанымдық болмысында рәміздік белгі ретінде бейнеленді. Әр халықтың сан ғасырлық ұрпақ тәрбиесінде жалғасын тапқан өзіндік рухани тарихы, тағлымы, ой-пікірі, қорытынды түйіні философиялық жүйесі болып көрініс табатыны белгілі. Көне тарихи ұғымдар мен түсініктер көшпелілер мәдениеті мен өнерінде көбінесе өзіндік көркемдік нақышты бейнеде кескінделіп, адамзаттың мәдени-рухани дүниетанымдық құндылығын байытады. Киімнің өн бойындағы ұлттық нақыштың бейнелі кескінін біртұтастық және пәнаралық тәсілдеріне қарай талдау және жіктеу, қазақ мәдениетіндегі әйел киімінің өмір сүру кезеңдеріндегі тарихи ерекшелігін, әлеуметтік жағдайын қазіргі өзекті мәселелерде айқындауға мүмкіндік береді. Республикамыздың өзіндік мәдени-рухани көне мұрасы болып табылатын ұлттық әйел киімін дүниежүзілік мәдениеттер қатарынан көрсете білу, зерттей түсу қазіргі маңызды міндеттердің бірі. «Өткеннің тәжірибесін тал бойына дарытқан озық өнегелі дәстүрсіз, ұрпақтар сабақтастығынсыз тарихи болмысты елестету мүмкін емес», дейді философ С. Таңқаев [1].

Ертеде ата-бабаларымыз айтуынша жапан далада жалғыз өскен ағашты әулие ағаш десе кейбірі киелі ағаш деп атаған. Оны кесуге немесе зақым келтіруге тиым салған. Жанында ұзақ отыруға, демалуға, ұйықтауға болмайтынын ескерткен.

Жапан далада жайқалып өскен жалғыз ағашты және бұталарды қасиетті санап, оның қасына түнеп, шүберек байлаған және ол жерде әулие жатыр деп ырымдап, мал сойып, тілеу тілеген.

Бәйтерек ағашының негігі ұстанымы Бейбітшілік бағыты болып есептеледі. Ежелден басты ұғымында бәйтеректің мағынасы «өмір ағашы» деген мағынаны білдірген. Міне осы ағашқа ертедегі ертегілерде келдесетін қасиетті құс-Самұрық жазылған, алып қанаттарымен айналасын тұтас

жауып ұшып келген. Ол өмірдің өзегін өркендетіп үміттің үзерін үкілейтін алып алтын жұмыртқа–Күнді салу үшін Өмір ағашы Бәйтерекке ұмтыла түскен[2].

Киімдерді құрастыруда адамның денесі, қосымшалары, құрылымы және формулаға келтірілуі туралы бастапқы мәліметтер берілген [3].

Киімін өңдеу барысында әртүрлі әдістемелер бойынша физикалық өлшеу белгілерін анықтайды. Жеке киімді өңдеу кезінде бірінші кезекте тапсырыс жасаған адамның өлшемдік белгілерін өлшейді. Егер сіз өлшеу белгілерін ала алмасаңыз, онда өлшеу алу үшін

әр түрлі есептеулер жүргізіледі.

Бір киімнің бөліктерін барлық Әдістемеге жинау үшін қажетті өлшеу белгілері есептік формулаға салып есептейді, олардың бірі кеуденің ой өрісі мен бойы болып табылады. Әдістеменің жартысында кездесетін басқа критерийлер. Ерекше өлшем белгілері киімнің негізгі базалық құрылымын салған кезде ескертілуі мүмкін.

Қолданылатын өлшеу белгілерінің белгілері бойынша қаралатын әдістемелердің өлшеу белгілері әртүрлі . Өлшеулердің ең көп саны ЦНИШИП 29 әдістемесінде қолданылады. Ал ең төменгі-13-Potns et gradatijns de vetemtnts Veteminis Ahfywbz, ЕМКО СЕВ 28-өлшемдік белгілер: 22 – негізгі, ал қалған 6-қосымша.Киімдерді пішудің негізгі конструкциясы: силуэт, пішу, қиылысу, құрылыс, тігістердің өзара байланысы, кез келген киім нысанын жасау үшін әдістемелік қасиеттер сыныптың ерекшелігіне байланысты екі бөлікке бөлінетін түрлі әдістерді қолдануға болады: көркемдік безендірудің қосымша әдістерін қолдану және дамыту және дене нысанының ерекшелігіне сәйкес. Ол заманауи әдіс пен сатып алынған түрді қамтиды.

Киімнің құрылысын жасау үшін кез келген әртүрлі әдістері пайдалануға болады Олар класс ерекшелігіне қарай екіге бөлінеді: дене пішімінің ерекшелігіне сәйкес және қосымша көркемдеу әдістерін пайдалану және дамыту. Оған қазіргі кездегі әдіс және алынған түрі енеді.

Бұл тәсіл инженерлік тәсіл яғни дәл пішу тәсілі деп аталады. Оған – графикалық және аналитикалық әдістер жатады. Бұл әдістің өзі 5 негізгі амалдан тұрады.

1. графикалық
2. қосымша тор
3. пішілген жазық
4. кеңейтілген нысан
5. аналитикалық түр

Киім үлгілерінің тәсілдеріне негізгі базалық конструкциялаудың бірнеше тәсілдері жатады. Соның бірі – ЦОТШЛ. Бұл тәсілдің негізгі атқартын ролі алдын ала ешқандай жүргізілмеуінде[4].

ЦОТШЛ – бұл тәсілі өте ыңғайлы жәнеде бұл әдістемемен құрастырылған бұйымдардың денеге қонымдылығы өте жоғары және

проектілеу есептеулері аз болады. Сондықтанда ұсынылған дипломдық жоба осы әдістеме бойынша жасалған.

Киімнің сыртқы пішіні оның негізгі элементтерінің бірі болып табылады. Киімнің сыртқы пішініне мынадай факторлар әсер етеді:

матаның фактурасы, түр-түс, әшекейлер, сызықтар, әрлеулер, көрінетін тігістер; адам денебітімінің әр түрлі нүктелеріндегі киімнің қонымдылық дәрежесін көрсететін оның еркінділік дәрежесі; пішіннің геометриялық ішкі сипаттамасы ретіндегі құрылым; адам денебітімінің сыртқы пішіні.

Киімнің сыртқы пішінінің сипаттамасы. Түрлі ассортименттегі киім конструкциясының негізі түрлі пішіндерге ие. Олар пішіннің құрамдас бөліктерінің өлшемдері арқылы ажыратылады. Киім пішіні құрастыру және сәндік деп бөлінеді. Сондай-ақ, силуэттік деп те сипатталады. Киім силуэті, оның жазықтықтағы бейнеленуі мен кескінделуі көп жағдайда құрастыру және сәндік сызықтармен анықталады.

Силуэттік сызықтар (бұйымның иығы, кеудесі, белі және етегі) киімнің көлемдік пішіні мен оның сыртқы кескінінің пропорциясын сипаттайды.

Киімді модельдеуде әр түрлі жастағы, өлшемдік және толықтық топтардағы сұраныстарға жауап беретін бірқатар жетекші силуэттер қабылданған: түзу, бел сызықтарының қатысынсыз, иық сызығының кеңейтілуімен сипатталады; жартылай қынамалы, кеуде сызығы бойынша кішілеу көлемді мықын және бел сызықтары бойынша кішілеу көлемді мықын және бел сызықтары бойынша аз қынамалығымен, бұйым етегісызығы бойынша азырақ кеңейтілуімен сипатталады; трапеция негізді, етегі тарылтылған немесе кеңейтілген.

Құрастыру сызықтары (тігістер) киім бетін бөлек бөліктерге бөледі. Ең көп кездесетіндері мынандай бөліктер: артқы бой, алдыңғы бой, жең, жаға, белдемшенің алдыңғы жаймасы, белдемшенің артқы жаймасы; чуридар-камиздың алдыңғы жартысы, чуридар-камиздың артқы жартысы.

Киімнің негізгі бөліктерінің тігістерін өзара қосады. Сондықтан да, құрастыру сызықтары көп жағдайларда киім тігістерінің орналасуымен сәйкес келеді. Киімдегі әшекейлі-құрастырушы форма құрушы сызықтарға бүкпені жатқызады. Бүкпе – бұйымның барлық ұзындығы немесе еніне жүргізілмейтін тігіс. Кейбір тігістер, мысалы бедерлік және иініш тігістері екі түрлі қызмет атқарады: құрастыру және сәндік. Сәндік сызықтарға әр түрлі әрлеу сызықтарын, сондай-ақ бөлік шеттерінің контур сызықтарын (жаға, лацкан, өңір және т.б.) жатқызады. Киім пішімі. Пішім (покрой) деп киімнің конструктивтік құрылымының жалпы сипаттамасы түсіндіріледі. Киім пішімі жеңді қондырып тігу сызықтарымен, алдыңғы бой мен артқы бойдың тік сызықтарымен, алдыңғы бой мен артқы бойдың тік сызықтарымен немесе көлденең бөліндімен сипатталады[5].

Ақиқаттың бір түрі біздің қоршаған ортадағы зат – киім десек, киім өнер туындысы, эстетикалық тәрбие құралы. Мәнерлі, бейнелі шешімін тапқан ««Simurg»» сән үлгілері адамның ішкі дүниесінің байлығы, даралығы, өмір сүріп отырған ортасының сыры туралы мағлұмат беріп, бізді

тәрбиелейді. Біздің қалыңдықтарымыз үйлену той рәсімінде ұлттық нақыштағы көйлектермен қоса, жаңа үлгідегі, еуропалық стильдегі көйлектермен қоғамды тамсандырып жүргенін де айтуға болады. ««Simurg»» өзінің түсіне, түріне, мінезіне және талғамына қарай киіне білуі мәдениеттіліктің бір белгісі. Әр адамның киімі оның эстетикалық талғамынан сыр шертеді.

Өркениет жағдайында туындайтын қолөнер өзіндік заңдылыққа ие, ол заңдылықтар жаңа қажеттіліктер мен сұраныстарға байланысты қалыптасады. Ол өзінің жаңа мәдени қондырғыларын туындатып, яғни табиғи гармонияның орнына жасанды дисгармонияны туындатады. Әлемдік мәдени жетістіктердің жас өркениетке енуінен өзіндік жаңа құндылықтар пайда болып, өркениет әлемінде әмбебаптылық көрініс пайда болды. Қалыңдық киім үлгілерінің сұлулық көрінісінің нақыштары, өрнектері, айшықты ырғақтары, стильдері өзіндік ерекшелігімен құнды.

Менің таңдаған шығармашылық тақырыбым «««Simurg»»» атты авангард стилінде қыз-келіншектерге арналған киім үлгілері. Мұндағы киім үлгілеріндегі ерекшелік Мысалы, бояудың және сызықтың оғаш уйлесуі, киімге көлемді алқалар мен кең көлемде аксесуарларды пайдалануымен ерекшеленеді. Бұл күнделікті киюге арналмаған стиль. Көпшілікті жерде бұл үлгідегі киім арқылы тез-ақ көзге түсіп, ерекшеленуге болады. Тіпті атауының өзі де ерекше әрі батылдықты білдіреді.

Қазіргі киім үлгілеріндегі авангард стилінде үлгісінің сақталу мәдениеті заман талабына сай туындап отырған мәселе болғандықтан осы үрдістегі үйлесімділіктер мен қайшылықтар жаңа мәдени құндылықтардың көзі ретінде қарастырдым. Жасанды дисгармония тудырып отырған төмен деңгейдегі құнсыздықтар мен келеңсіздіктерге, сиықсыздықтарға жол бермеу мәселесі қазіргі киім үлгілеу өнерінде алда тұр. Жаңа талғамды қалыптастыруда өлшемді төменнен емес, жоғары деңгейден алынғаны дұрыс дейміз.

Авангард стилінің толық кешенін тарихи тұрғыдан зерттеп, ондағы жергілікті айырмашылықтарды анықтап, оның көне және озық үлгілі нақышты формаларын саралап, ежелгі мәдениеттің ықпалымен дамыған элементтерді анықтап, оның технологиялық тәсілдерін элементтерді дұрыс орналастыруға аз да болса септігін тигізеді Қазіргі киім дизайндегі костюмінің сұлулық ерекшеліктері қыздың пәктігін, адалдығын, нәзіктігін танытатын әр түрлі үлгілерінде көрініс береді. Қазіргі үлгілерді бейнелейтін суретші-модельерлердің шығармаларында ерекше әсем нақыштардың, желілердің көркемдігі байқалады және жан толқуын бейнелейді.

««Simurg» сән үлгілерінің көркемдігі, байлығы, сан қилы өрнек безендіру әсемдігі нәзіктік пен сұлулық, әсемдік жағынан дем беріп, ойды баурайды.

«Simurg» киімдерінің жетістігін қауым игілігіне айналдыру, жергілікті жерлерде халық шеберлерінің істерін жас ұрпаққа насихаттау, киім

әшекейіндегі ерекшеліктерді, пішімді қазіргі заманға сай қолдана білуге үйрету қоғам міндеті болып табылады[6].

Адам болмысындағы, әлеуметтік өмірдегі әсемдікпен, сұлулықпен қатысты өлшемде – гармония жатыр. Ол мәдени талғам және табиғилық, жарасымды философиялық мән, ұстамды сезім және әлеуметтік-мәдениетпен үйлесімділікті қамтиды. Оның ең басты үйлесімділікпен сәйкестілік, үндестік, келістілік болып келеді. Ежелгі дүние даналарының әлем жөніндегі көзқарастарында гармония түсінігі интуитивті қалыпта болса да көрініс табады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қ.Ералин. «Этнодизайн» - Түркістан 2014
2. Е.Б.Булатова,М.Н.Евсеева. «Конструктивное моделирование одежды» М.,Академия,2003г.
3. Б.С.Сакулин. «Конструирование мужской и женской одежды» - Издательский центр, Академия 2001ж.
4. Амирова Э.К., Сакулина О.В. « Конструирование одежды» - Москва
5. Педагогика және оқушы психологиясы 2012ж..
6. С.А.Жолдасбекова . «Костюм тарихы» - Алматы, ИздатМаркет 2010ж.

ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕ МУЗЫКА ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ

*Ғылыми жетекші: Музыка пәнінің оқытушысы
Бабанова Ақмарал Аралбайқызы
МБ -120 топ студенті Тазабекова А.
Шымкент университеті*

Бүгінгі таңда еліміздің жаңа қарқынмен дамуы, ғылыми-техникалық прогрестердің жетістіктері, өркениетті елдер қатарынан көрінуі білім беру жүйесіне де ықпал етері анық. Оқу жұмысын ұйымдастырудың негізгі түрі – сыныптағы сабақ жүйесі. Осыған орай, тәжірибемде сабақтың қалыптасқан дәстүрлі түрінен басқа, дәстүрлі емес сабақтар түрлері де кеңінен қолданудамын. Олар көбінесе, оқытудың жаңаша әдістеріне негізделіп құрылуда. Ондағы мақсатым - әрбір сабақтың оқу-тәрбиелік мүмкіншіліктерін ескере отырып, оны жаңа сапалық деңгейге көтеру. Оқыту жаңа инновациялық әдістер мен пәнге байланысты жаңа технологияларды пайдалану.

«Инновация» деген ұғым латын тілінде жаңарту, жаңалық, өзгеріс енгізу деген түсінікті білдіреді. Оның мәні – білім беруге және өздігінен

білім алуға негізделген қабілетті дамытады. Қазіргі таңда оқушы – ақпаратты меңгерген, жан-жақты дамыған тұлға. Оның білімдік-танымдық қабілеттерін дамыту үшін мұғалімдер жан-жақты даярланған болуы керек. Осы бағыттарда мектептерде музыкадан теориялық және тәжірибелік білім беру жүйесінен тәжірибелер жинақталған, және де музыка сабағын жүйелі оқыту, әсіресе қазақ мектептерінде ұлттық бай музыкалық мұрамызды молынан пайдаланудың жолдары қалыптасып қалды. Басты мақсат - оқыту мен тәрбиелеу. Сырлы да сазды әуендерді бүгінгі күн әуендерімен, классикалық музыкамен ұштастыру, шығармашылықпен тақырыпты түсіндіру, оқушыларды музыка әлеміне қызықтыра білу музыка мұғалімінің өз ісінде біліктілігін талап етеді. Оқуға ынтасы, тәртіптілер мен тәртіпсіздерді де музыка әлеміне қызықтырып, оқушылардың рухани бейнесі мен танымын шындай отырып, қоғамның саналы азаматы етіп шығару – ұстаздардың басты міндеті.

Музыка сабағы – музыкалық білім беру үрдісін ұйымдастырудың негізгі формасы. Мақсаттары мен міндеттері, мазмұны, әдіс-тәсілдері музыка сабағының типтері мен құрылымын анықтауға негіз болады.

Жалпы даярлық кезінде мұғалім оқушылардың пәнге деген қызығушылығын, қарым-қатынасын, бейімділіктерін және музыкалық оқу деңгейлерін зерттейді. Келесіде оқу бағдарламасының, оқу материалының мазмұнын, білімділік, тәрбиелік маңызын анықтайды. Соның негізінде бағдарламадағы оқу материалдарын жартыжылдықтарға біріктіріп, күнтізбелік-тақырыптық жоспар құрады. Ондай жоспарды құруда міндетті түрде оқу үрдісін ұйымдастыру формалары (экскурсия, семинарлар, практикалық сабақтар және т.б.) және білім, оқу дағдысын қалыптастыру немесе бақылау, түзету, тарату сияқты сабақ түрлері алдын ала ескеріледі. Сондай-ақ оқу-техникалық базасының (оқу кабинеті, кернекіліктер, көру-есту құралдары, музыкалық аспаптар және т.б.) жағдайы да есепке алынады.

Музыка пәні мұғалімінің әрбір жеке сабақты жоспарлауы едәуір ізденісті, шығармашылықты талап етеді..

Музыка пәнінде жаңаша әдіс-тәсілдер арқылы мектептегі сабақтарды жаңаша ұйымдастыру, мұғалімнің рөлі мен қызметінің артуына жағдай жасау, теориялық, ғылыми-педагогикалық және психологиялық білімге сүйене отырып, оқушылардың құзыреттілігін қалыптастыру, ақпараттық технологиялар мен оқыту әдістерін қолдана отырып, оқушыларды ізгілікке, елжандылыққа, саналыққа, адамгершілікке, имандылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Инновациялық әдіс-тәсілдерді баланың білім деңгейіне және жас ерекшелігіне қарай оқу үрдісінде қолдану негізгі шарты болып табылады.

Осындай жолмен қалыптасқан білімнің танымдық маңызы да зор. Осы бағыттарда сабақты түрлендіруде ақпараттық технологияларды пайдалана отырып сабақты жаңаша түрде ұйымдастыруды жүзеге асырудамын. Мысалы: Интерактивтік тақтамен жұмыс, мультимедиялық көрініс, жаңаша тапсырмалар арқылы сабақты түрлендіре отырып өткізуді жоспарладым. Жас ұрпаққа эстетикалық тәрбие беріп, олардың бойына туған жеріне, халқына

деген адамгершілік пен сүйіспеншілік сезімдерін сіңіруде ұлттық музыка мәдениетінің алатын орны ерекше. Сондықтан халқымыздың осы мақсатын қайта жандандыру мақсатында балаларды қабілетіне қарай жыраулық өнерге, терме айтуға, шешендікке тапқырлыққа, айтыс өнеріне үйрету басты бағыттардың бірі. Оқыту мен тәрбиелеудің әдіс-тәсілдерін, жаңашыл педагогтардың әдістемелерін біліп қана қоймай, оны әркім өз мүмкіндігінше күнделікті сабақта пайдалану қажет. Сонда ғана сабақ нәтижелі болып білім сапасы көтеріледі.

Музыка пәнінің басқа пәндерге қарағанда көптеген өзіндік ерекшеліктері бар. Мұнда негізінен оқушының қабілеті, бейімділігі баса назарда болуы қажет. Дегенмен оқушыларды бейімдеу, қабілетін дамыту, музыкаға деген қызығушылығын арттыру - жақсы ұйымдастырылған сабаққа тікелей байланысты. Сондықтан оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыру мақсатында тақырыпқа байланысты музыка түрлерінің шығу тарихы, дамыған елдерде музыка түрлері, музыка саласындағы белгілі композиторлардың өмірімен, Қазақстандағы және әлем елдеріндегі композиторлармен, музыка жұлдыздары туралы толық ақпараттар беріп отыру қажет. Сонымен бірге оқушыларға бұқаралық ақпарат құралдары, журналдардың тағы басқа, әлем елдеріндегі атақты композиторлар жайлы және мәдени жаңалықтарға шолу жасап отыру қажет. Осы тұрғыда оқушылар атақты композиторлардың жетістіктерге жетудегі еңбектерімен таныса отырып, өздері де, сабақта әр тапсырманы белсенділікпен орындауға ұмтылады.

Оқушылардың белсенділігін арттырып, білім сапасын көтеретін, ойлауға үйрететін ол жаңашыл әдіс-тәсілдер. Барлық оқушы оқуда ең төменгі жеңіл тапсырмаларды орындаудан бастайды да, оларды міндетті түрде толық орындап болғаннан кейін ғана, келесі күрделі деңгейдегі тапсырмаларды орындауға көшіп отырады. Бұл оқушылар арасында бәсекелестікті және оқушының өз қабілетіне, оқуына сәйкес жоғары деңгейге көтерілуіне жағдай жасалады. Өтілетін тақырыптар бойынша қызықты сергіту ойындарын ойнатудың да сабақ сапасын көтеруге ықпалы көп. Атап өтсек: Кім шапшаң?, Әуенді тап, Сөз жұмбақтар т.б сонымен қатар ұлттық музыка әлеміне байланысты сабақты түрлендіріп өткізуге жаңаша технологияларды қолданудың орны ерекше.

Сабақ жоспары мұғалімінің сабақты ұйымдастыруына, жүргізуіне көмектеседі. Әсіресе, қызметін жаңа бастаған мұғалімдер сабақтың мазмұны, оқыту әдіс-тәсілдері нақтылы белгіленген жоспарды әзірлегені дұрыс. Ал бірінші тәжірибе жинақталғаннан кейін сабақ жоспарын мәнді қағидалар ғана көрсетілген қысқаша жоспар түрінде дайындауға болады. Қандай сабақ жоспары болмасын, оларда сабақтың өтілуі мерзімі, міндеттері, қосымша құрал-жабдықтар көрсетіледі. Бұдан әрі сабақтың барысында оның кезеңдері, оқушының оқу мотивтері, әдіс-тәсілдері, мазмұны мен формалары, қойылатын сұрақтар мен жауаптар, тапсырмалар, тексеру мен түзетулер

критерийі, үй тапсырмаларының көлемі, оған берілетін нұсқаулар қарастырылады.

Оқытудың нәтижелерін бақылау мен тексеру оқыту процесінің міндетті компоненттерінің бірі болып табылады. Оның маңызы пән бойынша оқушылардың меңгерген білім деңгейлерінің білім стандартына сәйкес болуын анықтау болып табылады. Оқушылардың оқу жетістіктерін бақылау, баға берудің дәстүрлі түрлері: бақылау; ағымдағы бақылау; қорытынды бақылау. Кейінгі кезде оқыту үрдісінде жұмыстың тиімділігін жүзеге асыруда «педагогикалық диагностика» термині қолданылып жүр.

1. Алдын ала тексеру (бағалау): мұғалімнің сабақты өткізуге дайындалған жоспары, материалдары және түсіндіру, бекітуі, оқушылардың өздік жұмыстарының әдіс-тәсілдері, формалары қаралады.

2. Ағымдағы тексеру: сабақтардың жүргізілуі, оқушылардың білім деңгейлері, оқушылардың шығармашылық тапсырмаларды орындау сапасы бақыланады. Бұндай тексеруде оқушылардың ұжымдық, топпен және жеке орындайтын музыкалық оқу іс-әрекеттері есепке алынады.

3. Қорытынды тексеру: жартыжылдықта немесе оқу жылының соңында оқу-тәрбие жұмыстарының нәтижелері сараланады. Ол қорытынды кеш түрінде өткізуге болады. Себебі музыкалық білім беруде музыкалық іс-әрекеттер көбінесе ұжымдық түрде іске асатындықтан, қорытынды тексеру ұжымдық формада ұйымдастыруға болады

Сонымен қатар музыкалық білім берудің өзіне тән ерекшеліктеріне байланысты оқушылардың білімін музыкалық шығарма орындау үрдісінде бақылау арқылы қорытындылауға болады. Баға беруде тиімді кері байланыс орната отырып, білім алушылардың музыка өнеріне деген жағымды, оң эмоционалдық қарым-қатынасын орнатуға бағыттауымыз қажет.

Әдебиеттер

1. Әденбаев С. Ш. Тәрбие теориясы мен әдістемесі. Алматы: Дарын, 2000 ж.

2. Ахметова А.Қ. Мектептегі музыка сабағын оқыту принциптері. Алматы: «Полиграфия-сервис и К». 2002 ж.

3. Дүйсембінова Р.Қ. «Музыкалық білім беру педагогикасы» – Талдықорған: 2001 ж.

МУЗЫКА САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ – ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ МӘНІ

МБ-120 тобының білім алушысы:

Сейтмахан Бейбарыс

Ғылыми жетекші: Музыка пәнінің аға оқытушысы

Асантаева Ұлтуаш Сейдеханқызы

Шымкент университеті

Музыка сабағының мәні оқушылардың оқу-танымдық қызметін ұйымдастыруды құрайды. Сабақта оқу-тәрбие процесінің барлық негізгі компоненттері (міндеттері, мазмұны, оқыту әдістері) ұсынылуы тиіс. Әр сабақ өзінің ішкі логикасына ие. Сабақты ұйымдастырудың маңызды шарты оқушылардың міндеттері, мазмұны, әдістері, оқыту түрлері мен дайындық деңгейі арасында сәйкестікті орнату болып табылады.

Музыка сабағы-мектептегі музыкалық білім берудің негізгі формасы. Білім беру түріндегі мекемелерде (мектептер, лицейлер, гимназиялар) «Музыка» оқу пәні музыкалық білім берудің жалғыз пәні болып табылады. Оқу пәні бола отырып, музыка сабағы барлық мектеп пәндеріне қойылатын талаптарға жауап береді:

- тәрбие, оқыту, дамыту міндеттерін шешуге бағытталған.
- оқушылармен ұжымдық, топтық және жеке сабақ түрлерін үйлестіреді;
- оның мазмұны басшылыққа қабылданған бағдарламамен анықталады, сонымен қатар сабақ өткізудің нақты шарттарына, балалардың музыкалық тәжірибесі мен қабілетіне, жалпы білім беретін мекемелердің бағытына қарай мұғалімнің оны іске асыруға шығармашылық тұрғыдан көзқарасын қарастырады және жол береді.

Музыка сабағы-педагогикалық үдерісті ұйымдастыру нысаны, онда мұғалім нақты белгіленген уақыт ішінде оқушылардың тұрақты тобының танымдық, музыкалық және басқа да іс-әрекетін басқарады, олардың әрқайсысының ерекшеліктерін ескере отырып, жұмыс түрлерін, құралдарын және әдістерін пайдаланып, «Музыка» пәнінің негіздерін оқыту процесінде меңгеруге, сондай-ақ оқушылардың танымдық қабілеттерін тәрбиелеу мен дамытуға қолайлы жағдай жасайды.

Мектепте музыка сабағының және басқа пән мұғалімдерімен ұқсастығы бар:

- оқу жоспарына кіретін барлық пәндер жалпы мақсатын біріктіреді: жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру;
- кез келген мектеп сабағын құру негізінде психологиялық-педагогикалық заңдылықтар жатыр;
- сабақ оқушылардың жалпы даму заңдылықтарын ескере отырып құрылады;
- музыка сабағы, басқа мектеп сабағы сияқты, жалпы дидактикалық принциптер негізінде құрылады: оқыту, қол жетімділік, көрнекілік және т. б.;

- сынып белгілі бір жас тобы оқушыларының бір құрамы, барлық оқушылар үшін міндеттілігі, сабақтың ұзақтығы, жаңасын хабарлау, бекіту, қайталау, өткен материалды меңгеруін тексеру;

- әр түрлі жұмыс түрлерін пайдалану кезінде (мұғалімнің әңгімесін тыңдау, ән айту, музыка тыңдау) сабақ тұтас болуы тиіс;

- музыка сабағында басқа да мектеп сабақтарында қолданылатын оқытудың негізгі әдістері қолданылады.

Сонымен қатар музыка сабағының басқа пәндерден айырмашылығы бар:

- музыка сабағы баланың психикасына, физиологиялық процестеріне кешенді әрекет етеді;

- эмоциялық және саналы, көркем және техникалық;

- сабақта көбінесе ұжымдық жұмыс түрі қолданылады. Сабақтың тақырыбы тоқсан тақырыбына негізделеді және оның жанжақты дамуына ықпал етеді. Сабақ тақырыбы музыка бағдарламасы бойынша құрылған. Музыка сабағы тақырыбының тұжырымдамасында тоқсанның барлық сабақтарының сабақтастығы мен өзара байланысы сақталады. Музыка сабағының мақсаты нақты сабақта тәрбиелеу мен оқытудың нәтижесі болып табылады және музыкалық өнердің заңдылықтарын анықтаумен және оның өмірмен өзара байланысымен байланысты. Сабақтың мақсаты етістіктердің көмегімен нақты және қол жеткізуге болады: анықтау, қалыптастыру, көрсету, анықтау, ашу және т.б.

Сабақтың міндеттері: Білім беру, тәрбие және дамыту. Білім беру міндеттері музыка туралы бұрын алған білімдері мен түсініктерін бекітуге, музыкалық шығармаларды талдаудың жаңа түсініктерін, шеберлігі мен дағдыларын қалыптастыруға, музыканы тыңдау мен орындау дағдыларын қалыптастыруға, музыкалық-шығармашылық дағдыларды дамытуға бағытталған.

Тәрбие міндеттері әр түрлі стильдер мен бағыттардағы музыкаға, халықтық және кәсіби музыкаға қызығушылықты және сүйіспеншілікті тәрбиелеуге, оқушылардың музыкалық-эстетикалық талғамын тәрбиелеуге бағытталған. Дамытушы міндеттер музыкалық қабілеттерін, музыкалық қабілеттері мен дағдыларын, музыкалық-шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған.

Музыка сабағының мазмұны Қазақстан Республикасының мемлекеттік білім беру стандартымен және сабақ репертуарын құрайтын, оқуға ұсынылатын музыкалық шығармалардың тізбесін анықтайтын музыка бойынша оқу бағдарламасымен анықталады.

Музыка сабағының үш бағыттағы репертуары: ұлттық, ұлтаралық және әлемдік музыкалық шығармалардан тұрады:

- көркемділік және еліктірушілік;

- педагогикалық орындылығы;

- тәрбиелік маңыздылығы. Музыка сабағының мазмұны оқу материалының мазмұнын меңгеруге бағытталған түрлі оқу, соның ішінде

музыкалық іс-әрекет процесінде ашылады. Заманауи арнайы жабдықтар музыка сабағын өткізу үшін қажетті белгілі бір эмоционалдық атмосфераны құруға ықпал етеді. Музыка сабағының табысты өтуі жабдықтың сапасына, заманауи дайындығына және шебер қолданылуына байланысты.

Музыка сабағының жабдығына кіреді:

- техникалық құралдар;
- фонохрестоматия;
- музыкалық аспап;
- көрнекі құралдар;
- көрнекілік-дидактикалық құралдар.

Оқытудың техникалық құралдарына әртүрлі орындаудағы музыкалық шығармалармен (оркестр, хор, ансамбль) таныстыруға көмектесетін аудио және бейнеаппаратура жатады, олардың әр түрлі музыкалық аспаптардың дыбысы мен адам дауысының мәнерлілігі туралы ой-өрісін кеңейтуге мүмкіндік береді. ТСО сабақта әндерді, балалардың импровизациясын орындауға, өзінің орындалуын тыңдауға және талдауға мүмкіндік береді.

Музыка сабағында тыңдауға арналған шығармалардың дыбыс жазбасы болып табылады. Музыкалық аспап (фортепиано, баян, аккордеон, домбыра) музыканың жанды орындалуын естуге мүмкіндік береді, сыныпта эмоционалдық атмосфера жасайды, мұғалімге жеке эпизодты қайталауға немесе шығарманың басына қайта оралуға мүмкіндік береді. Сабақта әр түрлі көрнекі құралдарды қолдану (суреттер, суреттер, музыкалық туындының мазмұнымен үндес) оқушылардың музыкаға эмоциялық ынтасын оятуға ықпал етеді.

Көрнекі-дидактикалық құралдар музыкалық есту қабілетін дамытуға, ноталар бойынша ән айту дағдыларын меңгеруге, ән репертуарын тез меңгеруге ықпал етеді. Музыка сабағында жабдықтарды дұрыс және ақылға қонымды пайдалану музыкалық тәрбие міндеттерін табысты шешуді қамтамасыз етеді. Музыка сабағы Музыкалық білім беруді ұйымдастырудың негізгі нысаны болып табылады, ең алдымен оқушылардың музыкалық өнермен араласуын білдіреді.

Музыка жүйесіндегі мұғалім-мұғалім-оқушылар, музыка өнері мен оқушылар арасындағы делдал болып табылады. Оқу іс-әрекеті барысында мұғалім балаларға музыканың өмірмен байланысын анықтауға, музыкалық қабылдауды дамытуға, шығармаларды мәнерлеп орындау дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі. Музыка мұғалімінің басты міндеті балалардың эмоционалдық, рухани қарым-қатынасын орнату болып табылады, соның арқасында тәрбие міндеттері, оқушының жеке тұлғасын дамыту процесі барынша толық жүзеге асырылады.

Музыкалық-педагогикалық дайындықтың жоғары кәсіби деңгейі, оқушылардың психологиялық мүмкіндіктерін білу мұғалімге белгілі әдістер мен оқыту тәсілдерін ғана емес, сонымен қатар музыкалық сабақтарды ұйымдастыру тәжірибесін байыта отырып, жаңа әдістерді табуға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Аймағамбетова Қ , Әлімқұлова Э. Педагогикалық үрдісте оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту // Бастауыш мектеп. – 2003. – 10. -25 – 26.
2. Алдамұратов Ә. Жалпы психология / Алматы: «Білім». -1996. – 196.
3. Алдамұратов Ә, Мұқанов М. Психология пәнінен лабораториялық - практикалық сабақтар / Алматы. – 1999. - 2- ші бөлім. – 156.
4. Алдамұратов Ә. Қызықты психология / Алматы. «Қазақ университеті». – 1992. – 215.
5. Ахметов Ж. Балаларды шығармашылыққа баулу жолдары // Қазақстан мұғалімі. – 1996. - № 5. – 15 – 16.
6. Жетпісова Г. Сабақта оқушылардың қызығушылықтарын арттыру // Сынып жетекшісі. - №2. – 2007. – 30-31б.

ӘӨЖ 373.1.37

ОҚУШЫЛАРДЫҢ РУХАНИ ЖӘНЕ АДАМГЕРШІЛІК ТҮЛҒАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА МУЗЫКА САБАҒЫНЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ

*Сабыр М.Қ. Білім беру ісінің үздігі, оқытушы
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық
қазақ-түрік университеті Түркістан қ.
myrzabek.sabyr@ayu.edu.kz*

*Чанай Н. А. 6В02122-Дәстүрлі музыка өнері
білім беру бағдарламасының 3 курс студенті*

Өскелең ұрпаққа музыкалық тәрбие беруде, бала бойына рухани байлықты дамытудың аса маңызды саласы-музыкалық өнер. Соның ішіндегі бастауыш мектеп оқушыларының бастапқы музыкалық мәдениетін қалыптастыру, оны басқару музыкалық – педагогикалық ғылымның өзекті мәселесі. Музыкалық тәрбие дегеніміз-музыкалық өнердің ықпалы арқылы баланың жеке басын қалыптастыру–музыкалық ынтасын, қаблетін, эстетикалық көзқарасын қалыптастыру деген сөз. Тәрбиенің аса маңызды құрамы-өнер. Соның ішінде өте кең, сан ұғымды қамтитын-музыка өнерін айтамыз.

Музыка адамзаттың рухани азығы, жан серігі, тілмен айтқызып жеткізе алмайтын ұшқыр қиялы, нәзік сезімі. Музыка өзінің көркемдігі және нәзіктігімен адам жанын баурап, олардың ақыл-ой, сана-сезімінің кеңейіп,

жақсы мінез-құлықтарының қалыптасуына әсерін тигізеді. Білім беру саласында оқушылардың эстетикалық, этикалық және адамгершілік нормаларын меңгерту міндетін жүзеге асыруда музыка пәнінің орны ерекше. Музыка тәрбиесі жастарға өнер құндылықтарын үйрете отырып, олардың бойына адамгершілік мәдениетін, көркемдік талғамын, шығармашылық қабілетін дамытады.

Тәрбие ісі адамзаттың бүкіл даму тарихымен қатар жүріп келеді. Тәрбие-бір ұрпақтың өмір сүру тәжірибесін екінші ұрпаққа жалғастырушы үрдісі болып табылады[1]. Осы үрдіс арқылы оқушыны дамытады. Қазақ халқы бала тәрбиесіне өте үлкен жауапкершілікпен қараған. Байтақ дала тұрғындары өздерінің тарихында жас буынға тәлім-тәрбие берудің бай тәжірибесін жинақтап, өзіндік ерекшеліктерімен бала тәрбиесіне жауапкершілікпен қараған. Бүгінгі заман талабы-еліміздегі болып жатқан саяси экономикалық, ғылыми-техникалық, мәдени өзгерістерге байланысты жас өспірімдердің тәрбиесіне жаңа тұрғыда қарауды талап етеді. Қазіргі кездегі тәрбиенің басты мақсаты ұлттық сана-сезімі оянған мәдениетті, рухани ойлау дәрежесі биік, шығармашылықпен қызмет атқара алатын, қоршаған табиғи ортаға икемдеу, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру болып табылады. Оқушылардың сапалы тәртібі мен мінезін және сенімге тәрбиелеу мұғалімнің мақсатқа бағытталған іс-әрекетіне байланысты. Мектептегі оқушыларға берілетін тәрбие саласының бірі рухани тәрбие. Қазіргі кезде жалпы білім беретін мектептерде оқулықтарының мазмұны қазақ халқының өмір тәжірибесіне, әдет-ғұрыптарына, салт-дәстүрлеріне, саяси әлеуметті, экономикалық ерекшеліктеріне ыңғайланып жасалуда. Бұны біз ұрпағымыздың бойына ұлттық құндылықтарымызды, қасиеттерімізді сіңіруді қажеттілігінен туындаған жағдай деп түсінуіміз керек. М.Жұмабаев бұл мәселе жөнінде былай деп ой түйеді: «Әрбір ұлттың балаға тәрбие беру туралы ескіден келе жатқан жеке- жеке жолы бар. Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп қолданып келе жатқан жол болғандықтан әрбір тәрбиеші сөз жоқ ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиісті[2]. Және әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет атқаратын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті»

Әр ұлт өз ұрпағына ұлттық тәрбие беру арқылы ғана ұлттық болмысын, бейнесін сақтап дамыта алатыны белгілі. Ал, ұлттық тәрбиенің қайнар көзі фольклорымызда екені даусыз. Себебі дәстүрлі мәдениетіміздің ұмыт бола бастаған қай түрін, қайсаласын болса да сол фольклорлық мұрамыздан тауып, ажырата аламыз.

Болашақ актер-студенттермен Сахна тілі сабағында дем алу және дауыс аппаратын шынықтыруға арналған жаттығуларды орындату барысында жасы 17-20 жас шамасындағы ұл-қыздардың көбіне дене мүшелерінің қалыптаспағандығы, олардың бүкірейіп еңсесін көтермей жүретіндігін сабақ барысында ерекше назар аудару қажет. Ал ұлдардың бұл жаста әлі де дауыстарының қалыптасып үлгермеуіне байланысты дауыс күші мен кеуде, бас арқылы дыбысталу деңгейі жеткіліксіз. Бұл жайттардың барлығын сабақ

барысында қаперде ұстау қажет, себебі дауыс аппаратымен жұмыс барысында қателік кететін болса дауысқа қатер төніп, студент дауысынан да айрылып қалуы мүмкін.

Енді бір тоқтала кететін мәселе болашақ актер-студенттің жалпы гигиенасы. Әрине гигиенаны сақтау әрбір адамның ағзасына қажет, ал болашақ актёр-студент үшін гигиенаны сақтау бұлжымас заңдылыққа айналуы тиіс.

Темекі шегуден, алкогольдік ішімдіктерден бас тарту, уақытылы ас жеп, уақытылы тыныққан, денсаулығы дұрыс - болашақ актёр-студенттің ағзасымен үйлесімді дұрыс дамыған дауыс аппаратының қалыптасуына үлкен ықпал тигізеді.

Дауыс мүмкіндігінің дамуы, жан-жақты сан-алуан қабілеттердің жаңадан ашылуы мен қалыптасуы сөйлеу және дауыс аппаратының табиғи мүмкіндігінің бөлек-бөлек - болашақ актер-студенттің нерв жүйесіне, есту қабілетіне, дарындылығы мен ең бастысы еңбек қорлығына тәуелді.

Сондықтан деммен, дауыс аппаратымен жұмыс істеу сан-алуан тәсілдерді үйреніп, дауысты кәсіби ету ғана емес, ол болашақ актёрдың Актерлық қабілетін дамыта отырып оның сөйлеу аппаратымен жұмысты ұйымдастыру.

Дем және дауыс аппаратымен жоғары оқу орынында дұрыс жүргізілген жұмыс, кейін болашақ актер-студенттің сан-алуан театрдағы шығармашылық өмірінде жалғасып табуы тиіс. Актерлық өнер мамандығына маманданушы студент ЖОО қабырғасында білім алу барысында: дауысты дамытуда қажетті бағыт-бағдар алдым, дем мен дауыс аппаратымды қалыптастырдым, енді мендегі даму үдерісі шындалды деп есептесе - ол үлкен қателік болып табылады. Деммен, дауыс аппаратымен жұмысты болашақта театрдағы шығармашылық өмірінде де жалғастырып шынықтыру қажет.

КСРО мен Қазақстанның халық әртісі, КСРО мен Қазақстанның Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, профессор, аяулы ұстазым Хадиша Бөкеева сабақ үстінде үнемі актер тілінің тазалығы жайлы айтып, біздің осы мәселеге ат үсті қарамауымызды айтатын.

Бірде өзінің театрдағы шығармашылық өмірінен бір оқиғаны айтып берді: «Абайдың сахнаға қойылып жатқан сәті болатын, репетицияны өзі қадағалап, қарап отырған Мұхтар Омарханұлы Әуезов, бір актердың сөйлеген сөзінің анықтылығына көңілі тоймай: «Егер актердың сөйлеген сөзі көрерменге толық және анық жетсе, онда сахнаға қойылған шығарма өзінің 75% пайыз міндетін атқарғаны», - деп айтқан болатын», - деген еді. Бұдан заңғар жазушының актёрдың сахнадағы анық әрі таза тіліне берген жоғары бағасын аңғарамыз[3]. «Театр эстетикасында сахна тілі ерекше орынға ие...» Жалпы болашақ мамандарда қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру мәселесі «мәдениет», «қарым-қатынас мәдениеті» ұғымдарының бірлігі мен ерекшеліктерін қарастырумен тығыз байланысты. Жеке тұлғаның мәдениетін қалыптастыру және дамыту үшін оның ғылыми әдебиеттерде қайнар көздерін, түпкі нәтижелерін анықтау қажет екені байқалды. Яғни

психологиялық, педагогикалық тұрғыдан қарым-қатынас мәдениетінің мәні және құрылымы ашып көрсетілуі тиіс.

Философиялық сөздікте «мәдениет-сана мен болмыста адамзаттың әлеуметтік мазмұнына қарай адамның әлеуметтік индивид ретінде дамуы; оның таным, қарым-қатынас, іс-әрекет субъектісі ретінде өмір сүру әдісі; жекелік, шығармашылық, әлеуметтік, адамгершілік, эстетикалық жетілуі» деп көрсетілген.

Қарым-қатынас адамда шындықтың объектісін танып білудің нәтижелерін, қатынасын психикалық ерекшелік ретінде түсінуге мүмкіндік береді.

Мәдениет компоненті ретінде білім өз кезегінде мәдениеттің тасымалдаушысы, оның өмір сүруінің, сақталуының, кеңеюінің басты шарты.

Этикалық сөздікте мәдениет рухани өмірдің барлық формаларын біріктіру деген сөз.

Педагогикалық бағытта әдебиет дегеніміз адамдардың бірлескен ғылыми, моральдық-әлеуметтік, көркем және техникалық құндылықтар жасаудағы қарым-қатынас жиынтығы адам тұлғасына бағытталған өзін-өзі танып білу немесе рухани белгісі.

Мәдениеттің қалыптасуына В.С.Библер ерекше мән береді. Оның пікірінше, мәдениет адамдардың қарым-қатынасы мен бір кезеңдегі болмысы, санасының, ойлауының формасы, қайта жаратылу жолдары.

Мәдениет иесі деп танылатын тұлғаның өзегі оның руханилығы болып есептеледі. Рухани даму негізінде адамдарға қызмет ету, жақсылық жасау, өзін-өзі тұрақты жетілдіріп отыру арқылы объектіден субъектіге айналуға деген қажеттілік жатыр. Сондықтан жоғары мәдениетті мұғалімнің ерекше сапасы - оның өзін-өзі дамытуға қабілеттілігінде жатыр. Оған қолы жеткен педагог өз оқушыларының шығармашылықпен өзін-өзі дамыту стратегиясын болжай, түзете алады.

«Мәдениетті адам» ұғымы педагогикалық тұрғыдан алғанда, адамдардың абыройын жоғары ұстау, өзін-өзі сыйлау, өз күшіне өзі сену, жалтақтамау, сондай-ақ басқалардың пікірін сыйлау секілді бір-бірімен байланысты қасиеттерді тәрбиелеу деп түсінуге болады.

Уақыт талабына сай әлеуметтік өзгерістер мен қоғамдағы өндірістік қатынастардың дамуы оқу-тәрбие талабы жаңғырып, өзгеріп, дамып отыруына әсер етіп отыр. Бұл тұрғыда философиялық, педагогикалық және психологиялық тақырыптағы ғылыми зерттеулер кеңінен арналған. Педагогикалық-психологиялық, ғылыми-теориялық жағынан негізделген әдістемелік мазмұны әлі де тапшы. Сондықтан бұл мәселе тереңірек зерттеуді қажет ететін, өзекті мәселе екенін дәлелдейтін жағдай.

Қазіргі таңдағы жаңа педагогикалық технологиялар және қазақ ұлттық педагогикасы негізінде оқушылардың музыкалы эстетикалық талғамын қалыптастырудың маңыздылығы және нәтижелігі арта түседі, егер:

- қазақ ұлттық педагогикасы арқылы оқушылардың музыкалық білімін дамыту ерекшеленсе;

- музыка пәні мұғалімінің ғылыми теориясы мен педагогикалық идеяларын қазақ ұлттық негізде ұштастыратын болса;

- қазақ ұлттық педагогикасын дамыту талдаулар .

Оқу-тәрбие үрдісінде қазақ ұлттық педагогикасы құралдары арқылы оқытуда сабақ мазмұндарын халық педагогикасымен байланыстырып демократиялық бағытта оқушыларының музыкалық білімін дамыту басты идеяға алынды.

Қоғамдық құбылыс ретінде мәдениет ұрпақтан ұрпаққа мирас болып қалатын құндылық. Сол себепті мәдениетті игеру - өзара бағыттаушы үрдіс. Мәдениет дайын ақпаратты жай қабылдау барысында емес, тұлғамен қарым-қатынас орнату немесе сөйлеу кезінде беріледі.

Мәдениет бұл қашанда ынтымақтастықтағы шығармашылық, мәдениетті жеткізу құралы қайталанбас тұлға және тұлғалық қарым-қатынас субъекті.

Мәдениет және іс-әрекет тарихи қалыптасқан қатынас категориясы. Мәдениет «іс-әрекеттің әмбебап сипаттамасы», бағыттылықпен приоритетті түрлерді айқындап, бейне тудыру мен тірегі, ал адам ондағы субъект. Ғалымдардың пікірінше мәдениет адамның өзгеруі мен шығармашыл тұлға ретінде қалыптасуы.

Музыкалық білім беру ісін мәдениет моделі ретінде дамыту мақсаты оның үйлесімділігі мен тұтастығын қамтамасыз етеді. Музыкалық білім беру саласындағы зерттеулер осы бағытты айқындайды. Мұндай бағытқа Н.А.Терентьева мынадай сипаттама береді: бұл интегративті тәрбие беру жүйесі, музыкалық жасампаз да ізгілікті мәнін рухани практикалық тұрғыда тану үрдісі, ол тұлғалық құндылықтар ұстанымдарды мәдениетпен қоғамға деген эстетикалық қатынастарға теңестіру.

Демек, музыкалық білім беру тұжырымдамасындағы мәдениет өз табиғатында әмбебапты, өйткені онда әртүрлі көркем өнер бағыттары мен ағымдар ұштасқан, ол өз мезгілінде музыка өнерінің коммуникативтік қызметін айқындайды.

Басқаша айтқанда мәдениет тұжырымдамасы көркемдеу эмоциялау тәсілдері мен жолдарын анықтап, саналы да бағытты әрекеттер заңдылықтарын айқындап, оқыту мен тәрбие беру үрдісін танытады да тұлғалық іс-әрекетті дамыта отырып, өнердегі шығармашылықтың бастамасы болмақ.

Жасөспірімдерді ән айту өнеріне тәрбиелеу неғұрлым ерте басталса, соғұрлым нәтижелі болатыны дәлелденген шындық. Ән салу адам жанының сұлулығына, ой мен ақыл қабілетінің арта түсуіне тікелей әсер етеді, тіпті баланың физиологиялық дамуына да септігін тигізеді.

Ән үйретпес бұрын, оқушыларды денесін бос, тік ұстауға, басты қалай ұстап, ауызды қалай ашу керектігін, яғни денені ұстау қалпын анықтап үйрету қажет. Сосын демді қалай дұрыс алу керектігі айтылуға тиісті. Әннің түрі мен екпініне байланысты іштен дем алу өнерінің еркін қалыптасуы ұстаздың тиянақты еңбегіне байланысты дамиды. Демді әннің аяғына дейін

жеткізе білу, яғни ауаны үнемді пайдалану - әнші шеберлігінің негізі деуге болады. Демді ұзақ шығаруға сүйене отырып, дауысты дыбыстарды дөңгелете алуға дағдыландыру - әнші тәрбиелеудің басты мақсаты. Ән үйрету кезінде дауысты және дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтып үйретіп, дикцияға көп мән берілгені жөн.

Халқымыздың бірнеше ғасырлар көлемінде жинақталып қалыптасқан бай рухани - мәдени мұраларының бірі музыкалық фольклор. Фольклор-ауыз әдебиеті мен музыка өнерінің бір тұтастығына негізделген ерекше бір сала. Халықтық арман-мұраттар мен рухани құндылықтарды орнықтыруға мүмкіндік туғызуға ықпал ететін этномәдениеттің құрамдас бөлігі ретінде қарастыра отырып біз фольклордың мәні –рухани мұра, қалың көпшіліктің шығармашылығы, көптеген ұрпақтардың мәдени тәжірибесінің қорытылуы этностардың көпсалалы тәрбиелік құралы екендігін айқындаймыз. Мұндай шығармашылық әсіресе музыкалық фольклорлық жанрларда айрықша сезіліп оның өрісі айқындай түседі. Сол сияқты, қазақ халқының да ауызша музыкалық поэтикалық мәдениеті адамзаттың кейінгі ұрпаққа қалдырған, мәдени мұрасының жарқын белгілері болып отыр. «Фольклор» – ағылшын сөзі, «халық даналығы» деген ұғымды білдіреді. Фольклор – ежелгі дүниетаным және көне мәдениет, әрі мұра. Ол- бірнеше дәуірдің, әр түрлі қоғамның жемісі, сондықтан, ол көпқатпарлы, көпсатылы, көпмағыналы және көпқырлы. Ежелгі замандарда пайда болған ырымдар мен ғұрыптар, діни ұғымдар мен мифтер- бір жағынан фольклор, өйткені олар сол тұстағы адамдардың ауызша шығарып айтқан әңгімелері және іс жүзінде атқарған ырым-кәделері. Бұл тұрғыдан қарағанда олар - сол дәуір қоғамының мәдениеті, себебі сол замандағы адамдар атқарған ырым-кәделер мен әңгіме-мифтер сол қауым үшін мәдени рөл де атқарды. Әр түрлі ырымдар, ғұрыптар, діни нанымдар мен мифтер алғашқы қауым адамының дүниені танып-білу процесінде қалыптасқан руханият еді. Түптеп келгенде сол көне дәуір адамдарының дүниетанымы еді. Қазақ музыка фольклорының шын мәнінде қолға алынып жиналуы тек Қазан төңкерісінен кейін ғана мүмкін болды. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында-ақ халықтың музыка өнерін зерттеуге деген қамқорлық күшейді. Бұл мәселені сөз еткенде, біз ең алдымен атақты фольклоршы А.В.Затаевичтің есімін еске түсіреміз. Қазақтың 2000-нан аса бағалы музыкалық шығармаларын жазып алып, «Қазақтың 1000 әні» және «Қазақтың 500 ән, күйі» атты екі томдық жинақтарының алғы сөзінде, ескертулерінде халық музыка өнеріне байланысты шығармаларының құрылысы, өзгешеліктері және халық композиторларының, орындаушыларының әрқайсына тән ерекшеліктері туралы түйінді пікірлер айтты[4].

Қазақ музыка мәдениетінің өзіндік даму, өсу жолдары бар десек, сол жолда талай-талай қиындықтар мен бөгеттер кездесіп отырды. Солардың бірі-музыка мамандарының тапшылығынан туған жай еді. Отызыншы жылдардың бас кезінде қазақ музыкасын дамыту тұрғысында жаңа бастамалар жинақталып, тың күштердің алғашқы сапы келіп қосыла бастады.

Кеңес дәуірінде фольклордың көбіне сөз өнері ретінде танылып келген белгілі. Ол халық шығармашылығы, ауыз әдебиеті мағынасында ғана қолданылып, негізінен тұрмыс-салт жырларын, ертегі, аңыз, көне, батырлық, романдық, тарихи жырларды қамтыды. Музыкалық фольклор осы аталған жанрлардың басым көпшілігімен сабақтас. Бері келе қазақ фольклор музыкалық әуеннен тыс дамитын мақал-мәтел, шешендік сөздер, жұмбақ секілді шағын үлгілері де зерттеле бастады. Музыкалық фольклор осы аталған жанрлардың басым көпшілігімен сабақтас. Бірақ оны бір ғана сөз емес, саз өнері деген жөн. Себебі, белгілі бір музыкалық-эпикалық дәстүр аясында жеткен фольклор шығармаларының барлығы дерлік өнерімен тығыз байланысты. Музыкалық фольклор шеңберінде халық ән-күйлерінің құрылымдық, ладтық, интонациялық, ырғақтық, т.б. ерекшеліктері де қарастырылады. Ән жанры тұсында олардың көркемдік жүйесі мен поэзиялық өлшем - құрылымы да назардан тыс қалмауы шарт.

Қазақ фольклоры туындыларының саласындағы тарихшылығы-оның ұлттық қасиеті болып саналады. Фольклор туындыларының тарихшылығын қарастырғанда өткен дәуірдегі көшпелі қазақ халқының әлеуметтік, саяси, экономикалық, мәдени мәселелермен бірлікте қарау басты міндет болуы тиіс. Қазақ фольклорын халықтың тарихы, әдебиеті тілі, салт-дәстүрі, этнографиясы, географиясы сияқты салалардан бөліп алып тексеру қиын олай болуы да мүмкін емес. Себебі бұлар әр уақытта қоғамы мен заманына байланысты тығыз бірлікте, бір-бірін толықтырып, толыққанды мазмұнға ие болатыны сөзсіз. Бұл салада фольклор халықтың тұрмыстық әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, дүниетанымын белгілі дәрежеде жоғары сатыға көтереді, оның жанрларының синкреттілігі, көп функциялылығы мәселені кең көлемде қамтуды қажет етеді. Бұлар фольклор туындыларының негізгі арнасы болып табылатын тарихнамамен тығыз байланысты. Олай дейтініміз тарихнама фольклордың және тарихи-этнографиялық еңбектердің сапалығын айқындайтын өлшемнің бірі. Фольклор туындыларының ортақ нышаны бір туындыда талай заманның елесін бере алатын көп қабаттылық болып табылады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Өтешкалиев С. ХХІ ғасыр – мәселесі // Мектептегі музыка, 2004, №2-3 б.50-52;
2. Ұзақбаева С.А., Өміршең өнер өрісі - Алматы, 1988;
3. А.Қ. Жұбанов. «Ән-күй сапары» М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты. Қазақ ССР-ң «Ғылым» баспасы. Алматы. 1976ж
4. Бес ғасыр жырлайды: 2 томдық. /Құрастыр. М.Мағауин, М.Байділдаев – Алматы: Жазушы, 1989. – Т. 1. 384 бет

ДӘСТҮРЛІ МУЗЫКА АРҚЫЛЫ ЖАСӨСПІРІМДЕРГЕ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ ҚАҒИДАЛАРЫ

Сайманов И.А. аға оқытушы
imanali.saimanov@ayu.edu.kz

*Рахматуллаева К. 6B01405-Музыкалық білім,
білім беру бағдарламасының 1 курс студенті*
*Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық
қазақ-түрік университеті Түркістан қ.*

Білім беру саласындағы проблемалар, өнердің сипаты, қоғамның материалдық және рухани қабілеттіктерінің алдындағы жаңа міндеттер, оның ішінде балаларды сұлулық заңына сәйкес өмірлерін құруға ұмтылдыру, олардың куш-жігерін дамыту басты мақсат болып табылады. Эстетикалық тәрбие адамды жан-жақты дамытудың бөлінбейтін бөлігі болып көркемдік - эмоционалдық сезімін дамытып қана қоймайды, сонымен қатар оның адамгершілік, интеллектуалдық, дене бітімін де жетілдіреді. Осы орайда оқушыларға эстетикалық тәрбие беру көкейкесті мәселе болып отыр. Эстетикалық тәрбие берудің негізі өнер оның ішінде дәстүрлі музыкаға ерекше назар аударылуда.

Музыка өнерін оқыту жасөспірімдердің эстетикалық шығармашылық қабілетін дамытады. Олар қоғамдық өмірдің адамдар қатынасының эстетикасын тануға үйренеді.

Тұлғаны барлық жағынан дамытып тәрбиелеу, жас ұрпақты қоғам құрылысына белсене қатысуына әзірлеу міндеттері мектептегі тәрбие жұмыстарына байланысты мектепте білім және тәрбие алу барысында жас тулектердің ақыл-ойы дамиды, адамгершілік қасиеттері қалыптасады ой еңбегіне төселеді, рухани өмір байлығын меңгереді, эстетикалық сезім, талғамы артады.

Эстетикалық тәрбиенің негізгі мақсаты жас ұрпаққа халқымыздың асыл дәстүрі мен салтынан мағлұмат бере отырып, дені сау, ұлттық сана-сезімі оянған, ойлау дәрежесі биік рухани мәдениетті, парасатты, ар-ұжданы мол, еңбекқор, адам тәрбиелеу.

Дәстүрлі музыка арқылы эстетикалық тәрбие беру міндеті музыканың идеялық мазмұнынан туындайды. Тұлғаның мақсатқа бағытталған даму жүйесін құру талабы эстетикалық тәрбие беруде музыканың, қолданбау мүмкін емес екенін дәлелдейді, оның адамға әсерін ескерусіз қалдыруға болмайды[1].

Эстетикалық тәрбие дегеніміз оқушыларды, оның ішінде жасөспірімдерді қоғамдағы, ғылымдағы, өнердегі, табиғаттағы әсемдік қасиетін қабылдауға тәрбиелеу. Яғни, әсемдікті қабылдауға, ұғынуға бейімдеу. Сұлулық, әсемдік адамның ойына, ақылына, еркіне рухани өміріне әсер етеді. Эстетикалық тәрбиеде көркемдік білім мен саяси идеялық тәрбие байланысқан. Эстетикалық тәрбие тек өнерді ғана қастерлеп қоймай, өмірдегі

барлық әсемдікті бағалай білуге де үйретеді. Оқушылардың эстетикалық талғамын арттыру үшін мұғалім олардың назарын дыбыс, дауыс сұлулығына, маңайдағы әсем көріністерге, оларға қуана білуге үйретуі тиіс. Қазіргі таңдағы жалпы музыкалық тәрбие музыкалық және эстетикалық танымы дамыған ой-өрісі кең, рухани бай жеке тұлғаны тәрбиелеуге бағытталып отыр. Сол бағытты іске асырушының бірі-музыка пәні. Музыкалық шығарманы немесе әнді тындау, оның шығу тарихымен танысу музыкалық аспапта ойнап үйрену, музыка дүниесін тусінуге кең есік ашады.

Музыка - әсері күшті адам жанын жарқындататын өнер. Мұғалім оқушыларын музыканы тыңдап, қабылдай білуге жүйелі түрде дағдыландырса, олар тыңдай отырып түрлі сезімдерге уңіле алады. Музыканы ұғыну - оны тек сезіммен қабылдау ғана емес, саналы түрде тусініп қабылдау демекпіз. «Музыка - жүрек тілі», яғни сезім, қобалжу, көңіл куйдің тілі деп ұққан жөн. Олай болса, музыка орасан зор эмоциялық күші арқылы тұлғаның музыкалық-эстетикалық талғамын оятады. Музыка сабақтарында оқушылар музыкалық эстетикасын дамыта отырып, көркемдікті сезінумен және эстетикалық талғаммен қатар, олардың рухани дамуына күш салу қажет[2].

Жалпы, адам өмірі үшін музыканың қасиеті туралы былайша ой тұжырым-дауға болады: жақсы ән немесе көркем музыкалық шығарманы тыңдап, тусіне білген адамның қатал жүрегін жібітуге, музыка арқылы рухани ләззат алуға, белгілі бір оқиғадан хабар беруге немесе суреттеуге, адамның мінез-құлқын айыруға, көңіл куйін байқауға, өткен музыка арқылы тарихи кезеңдер туралы мағлұмат алуға болады.

Сондықтан қазақ дәстүрлі музыкасының шығу тарихы мен зерттелуі туралы жасөспірімдерге мәліметтер бере отырып, қазақ дәстүрлі музыка өнерін білу қаншалықты қажет екенін тусіндіріп, дәстүрлі музыкаға деген сүйіспеншілік пен құрметтеу сезімін оятуымыз керек.

Қазақтың әншілік өнері жанрлық сипаты жөнінен алуан түрлі. Фольклор-танушылар мен музыка зерттеушілері қазақтың дәстүрлі ән өнерін тұрмыс-салтқа байланысты ғұрыптық әндер, халық әндері және кәсіби әндер деп жіктеп қарастырып жүр. Ғұрыптық әндердің өзі – бесік жыры, тойбастар, беташар, жоқтау, көрісу, сыңсу, жар-жар, жарапазан болып тармақталса, әншілік өнердің кең өріс алған кезінде пайда болған кәсіби ән өнері – халық әндері (анонимды-авторлық) және кәсіби халық ком-позиторларының әндері болып салаланады. Осы жинаққа ғұрыптық әндердің тур-түрі, мүмкіндігінше, толық енгізілді: бала жұбатқанда айтылатын – бесік жыры, қыз ұзатылғанда айтыла-ын – сыңсу, аужарлар, той кезінде айтылатын – тойбастарлар, ораза кезінде айтылатын – жарапазандар, бұрынғы заманда малдың ауруына бай-ла-нысты айтылған – күләпсан, науқастың дертін алас-тау үшін айтылған – бәдік, бақсы сарындары, бір-біріне сәлем жолдағанда айтылатын – хатөлең, кісі қайтыс болғанда айтылатын – дауыс, жоқтаулар бар. Көшпелі өмірден отырықшылық тұрмысқа бейімделе бастағаннан кейін ел ішінде ғұрыптық әндер сирек айтылатын болды. Қазіргі кезде мүлдем айтылмайтындары –

бәдік, куләпсан, хат-өлең т.б. Жинаққа, негізінен, Қазақстанның Алматы, Қарағанды, Маңғыстау, Павлодар, Қостанай, Шығыс Қазақстан облыстарында, және Қытай, Моңғолия, Ресей, Өзбекстан жерінде тұратын қазақтар айтатын ғұрыптық әндердің үлгілері кірді[3].

Дәстүрлі ән өнері – Қазақтың халық әндерінің лирикалық, тұрмыс-салт, әдет-ғұрып, тарихи әндер, әлеуметтік наразылық, еңбек т.б. турлері балаларды эстетикалық тәрбиелеудің ең маңызды құралына айналды. Дәстүрлі ән салушылар, халық ақындары, әнші-жыршылары, сал-серілері музыкалық шығармаларды таратушылар болды. Олар өлең сөздің, музыканың және әннің тудырушылары болды. Дәстүрлі ән өнері ұлан-ғайыр даланың бір шетінен екінші шетіне, ұрпақтан-ұрпаққа музыкалық қарым-қатынас арқылы жетіп отырды. Тұрмыс-салт әндерінде балаларға арналған ән-ойындар, сауықтар, қоғамдық және жанұялық қарым-қатынастар мәселелері ашып көрсетілетін нақыл әндер де кездеседі.

Сондай-ақ, әдет-ғұрыпқа арналған той бастар, жар-жар, сыңсу т.б. жырлар сан алуан. Өзінің мазмұны жағынан лирикалық әндер ерекше орын алады. Онда сүйген жардың сұлулығы, қосыла алмаған екі жастың қайғымұны, туған жер табиғаты бейнеленеді. Ал, тарихи әндер, жасөспірімдерді халық өмірінің тарихи оқиғаларымен таныстырып, батырлық пен ержүректілікке тәрбиелеп, адалдыққа ундеп отырды. Сонымен, дәстүрлі ән өнері жас ұрпақтың ойы мен сезіміне әсер етіп, музыкалық ләззат берген, танымдық-тәрбиелік маңызға ие болған.

В условиях модернизации образования в современном образовательном процессе планируется апробировать такие формы и виды учебной деятельности, позволяющие обучающимся проявлять высокую активность в образовательном процессе. Компьютерные технологии повышают интерес к уроку, познавательную активность учащихся. Компьютерные технологии – это методики обучения, при которых обучение учащихся носит познавательный характер.

Использование компьютерных технологий – это методы исследования, информационного поиска и анализа работы. В условиях модернизации образования в современном образовательном процессе учащиеся могут быть более активными в учебном процессе.

Урок с использованием компьютерных технологий – это урок, в процессе которого участвуют два основных компонента: учитель и компьютер. Компьютер занимает место универсального средства обучения [1,11]. Компьютерные технологии дополняют традиционное обучение русского языка. Они содержат четко структурированную информацию в виде текста, наглядных изображений, аудиозаписей, видео-, аудио-материалов и т.д.

Правильное использование компьютерных технологий на уроках в начальной школе помогает четко усвоить правила, а затем применяет на практике. Использование различных компьютерных технологий активизирует учащихся, привлекает их внимание и тем самым помогает им развиваться, способствует прочному усвоению материала и экономит время.

Несомненно, компьютерных технологий являются одним из способов повышения уровня младших школьников.

Использование компьютерных технологий в процессе обучения изучали следующие исследователи: Г.К. Селевко, Балаев А.А., Панина, Вербицкий А. А., Шумова и. с., Смолькин А. М., Кожаспирова М. и так далее

Учитывая специфику обучения, в школе используются мультимедиа-технологии. Мультимедиа-технологии способствуют научной организации ученической и преподавательской работы учащихся.

На сегодняшний день учитель по любой школьной дисциплине должен уметь подготовить и провести урок с использованием компьютерных технологий. Урок с использованием компьютерных технологий – это наглядно, красочно, информативно, интерактивно, экономит время учителя и ученика, позволяет ученику работать в своем темпе, позволяет учителю работать с учеником дифференцированно и индивидуально, дает возможность оперативно проконтролировать и оценить результаты обучения.

Мультимедиа – это совокупность компьютерных технологий, одновременно использующих несколько информационных сред: графику, текст, видео, фотографию, анимацию, звуковые эффекты, высококачественное звуковое сопровождение.

Мультимедиа технологии помогают организовывать, планировать, управлять процессом образования. Реализация мультимедиа технологий выполняется конкретно в масштабах медиа-, мультимедиа урока.

Немецкий ученый М. Кирмайер представляет следующее определение мультимедиа: «Мультимедиа-это взаимодействие визуальных и аудиоэффектов под управлением интерактивного программного обеспечения» [2]. Э. Ратбон признаком мультимедиа считает «возможность общаться более чем одним способом» [2]. В Большом энциклопедическом словаре дается следующее определение: «Мультмедиа – (англ. Multimedia от лат. multum – много и media – medium – средоточие; средства), электронный носитель информации, включающий несколько ее видов (текст, изображение, анимация и пр.)» [2]. В Википедии термин мультимедиа означает, что «компьютер может использовать носители и предоставлять информацию

пользователю через все возможные виды данных, такие как аудио, видео, анимация, изображение и другие в дополнение к традиционным способам предоставления информации, таким как текст» [2].

Основные компоненты мультимедиа: текст, графика, гиперссылки, цифровое аудио, видео, анимация, Flash-анимация,

А. В. Федоров дает определение медиа-образованию «как комплекс мер по преобразованию педагогических процессов на основе внедрения в обучение и воспитание информационной продукции, средств, технологий» [2]. Ученые выдвигают задачи и функции медиа-образования следующие: подготовить учащихся к социальной жизни в информационном обществе, развить у них умения пользоваться информацией в различных видах, владеть способами общения с помощью информационных технологий и средств.

Компьютерные технологии дают большие возможности для учащихся зрительно усвоить материал, активизации обучаемых, интереса к предмету. «Они также облегчают в какой-то мере работу учителя (не надо писать на доске, чертить схемы и т.д.)» [3,74].

Компьютерные технологии имеют большие возможности:

- а) в повышении уровня наглядности;
- б) в имитации процессов обучения;
- в) в создании образ помощника;
- г) в озвучивании и оживлении предметов;
- д) в заинтересованности учеников в обучении;
- е) в развитии образного мышления;
- ж) в развитии эмоциональности;
- з) в виртуальной среде.

Учеными доказано, что применение технологий на уроках дает высокие результаты, повышает активность обучаемых, что делает образовательный процесс эффективным. Конечно, ничто не заменит живое слово учителя и традиционные методы. Но только умелое сочетание традиционных методов и современных технологий может повысить качество образования.

Литература

1. Селевко Г.К. Традиционная педагогическая технология и ее гуманистическая модернизация. М.: НИИ школьных технологий, 2005. – 144 с.
2. <https://expeducation.ru/ru/article/view?id=>
3. Кулмуканова К.К. Практический опыт по информационно-коммуникативным технологиям в образовании / Кулмуканова К.К., Кутебаев Т.Ж., Мусина Г.Б., Сатыбалдина М.Б. // Международный журнал экспериментального образования. – 2016. – № 4-2. – С. 243.

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ІСКЕРЛІК ЖӘНЕ КӨШБАСШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУ

*Магистр, аға оқытушы Тілекова Ания Жанобаевна
№77А.Асқаров атындағы лицей-мектебінің
директоры Аширбекова Сауле Кыдырбаевна*

Annotation: Students are given a willingness to achieve leadership qualities, use information technology, develop critical thinking, interact, develop new ideas and use them in past activities. The results help students develop leadership skills randomly. It includes the creation of new events, critical thinking, communication, the use of new technologies, and increased leadership in new ideas.

Аннотация: Обучающимся дается готовность к достижениям лидерских качеств, использованию информационных технологий, развитию критического мышления, взаимодействию, выработке новых идей и их использованию в пройденных мероприятиях. результаты помогают учащимся развивать лидерские качества случайным образом. Включает в себя создание новых мероприятий, критическое мышление, коммуникацию, использование новых технологий, повышение лидерства в новых идеях.

«Күшті ұлт болу үшін алдымен ішкі бірлік, ұйымшылдық пен татулық қажет». Ал сондай ұлтты алға жетелейтін білімді, патриот, еңбекшіл, өз салт-дәстүрін, мәдениетін, тілін, дінін, ділін құрметтейтін азамат нағыз көшбасшы болуға лайық.

Н.Ә.Назарбаев

Бүгінгі тақырыпты ашпас бұрын, ең алдымен «көшбасшы деген кім, ол қандай болу керек?» деген сұрақтарға жауап іздеп көрейік.

Көшбасшы (ағылшынша leader – басқарушы деген мағына білдіреді) - нақты формальды және формальды емес ұйымдағы бір адамның басқа адамға немесе топқа әсер ету арқылы басқарудың көрінісі. Көшбасшы ұйымдағы адамдарға әлеуметтік, психологиялық, эмоционалдық тірек, қоршаған ортаға моральдық құндылықтар беруші, қоғамдық өмірде, топта белсенді, авторитет мүшесі.

1.Критикалық ойлауға тәрбиелеу: Білім алушыларға мәселелерді шешуге көмек болуы үшін, олардың критикалық ойлау қабілетін дамыту керек.

2.Жеке дамыту және мотивациялық қолдау: Оқушылардың білімін,хоббилерін,мақсаттарын,өздеріне негізделген жетістіктерін тану және оларды мотивациялау қажет.Олардың жеке дамуына қолдау көрсету және оларды мотивациялау мақсатында адамдармен байланыстарын қолдау керек.

3.Жетістіктерге қолдау көрсету: Оқушылардың жетістіктеріне қолдау көрсету,олардың мақсаттарына жету үшін қажетті қабілеттерін дамыту үшін,мәжбүрлерді мотивациялау қажет болады.

4. Жаңа технологияларды қолдану: Білім алушылардың іскерлік және көшбасшылық қабілетін дамыту үшін кеңестер және ақпараттық технологияларды қолдану маңызды. Осы технологиялар арқылы оқушылар өздерінің істеу тәжірибесін жаңарту, онда жаңа шешімдер табу және өзіне белгілі мақсаттар көрсету мүмкіндігіне ие болады.

Осы жағдайларда білім алушылардың көшбасшылық пен іскерлікті дамыту үшін жеке жетекшілікті жоспарлар қажет. Бұл педагогтардың, оқушылардың оқу орталығынан жақсы нәтиже алуына көмек көрсетеді.

Мәселен, сынып ішінде бірнеше оқушы басқаларға қарағанда көшбасшылығын қалай білдіреді. Ол алдымен сыртқы ортадағы қарым-қатынасынан аңғарылады. Сөйлеу мәдениеті, басқаларды тыңдай білу сауаттылығы, тапсырманы жауапкершілікпен орындау шеберлігі, сауаттылықтың басты қызмет атқаратынын сезе білушілігі, кез келген жағдайда қиындықтан жол таба білуі сияқты басты құндылыққа ие адами қасиеттері мен сабақтағы озат оқушы екендігін дәлелдеуде жалғасады.

Көшбасшылықтың пайда болуының 3 негізгі теориялық бағыттары бар: Харизматикалық теория (қылықтық теория) - бұл теория көшбасшылардың туа біткен қасиеттеріне назар аударумен ерекшеленеді. Бұл теория бойынша көшбасшы қажетті, нақты жеке тұлғалық сапалар мен психологиялық мінез – құлықтардың жиынтығына ие болған адам ған көшбасшы бола алады. Көптеген авторлар көшбасшыға тән қылықтарды не сипаттамаларды көрсетуге тырысады, алайда, мұндай қылықтар жиынтығын құрастыру мүмкін еместігін түсініп, көшбасшының пайда болуын анықтайтын басқа теорияны қалыптастырды.

Көшбасшының жағдайлық теориясы. Бұл теория негізінен көшбасшылық жағдайлардың жемісі деген. Топта әр түрлі жағдайлардың шешілу барысында қандайда бір сапасы бойынша ерекшеленетін адам пайда болды, бұл сапалардың сол жағдайға қажеттілігіне байланысты ерекшеленген адамды топ көшбасшы жасайды, яғни бұл теорияда көшбасшының сапасы салыстырмалы түрде қарастырылып, ол «көшбасшылық - көшбасшының белсенді әсер етуі» деген сөздің мағынасын бұзады. Осы проблемаларды шешудің компромисті нұсқасы ретінде келесі теория қалыптасады.

Көшбасшылықтың жүйелілік теориясы. Бұл теория көшбасшылық топтағы тұлғааралық қалыптасудың ұйымдастырылу процесі, ал көшбасшы – бұл процесті басқару субъектісі. Мұнда көшбасшылық топтың функциясы ретінде қаралса (яғни, өзара іс-әрекеттің мақсат - міндеттеріне екпін қойылады), сонымен қатар көшбасшы тұлғасының құрлымы дараланады (өзара әрекетті ұйымдастыру үшін адамдарға әсер ету қабілеттілігі).

Оқушыны көшбасшылыққа дайындау барысында қажетті мәселелерді түсіндіріп келіп, оның осы тұрғыда ынтасы бар жоғын саралау қажет.

Джон Максвеллдің «Көшбасшының 21 міндетті қасиеті» атты кітабында нағыз көшбасшы болуға лайық жандарда қандай қасиеттер болу керек екенін анық айтып өткен болатын, соның ішінде:

Ақылды адамдар естігендерінің жартысына сенеді, ал қырағы адамдар қай жартысына сену керек екенін біледі деген болатын міне бұл қасиеттер нағыз көшбасшыларға тән қасиет екені тағы дәлел. Сондай – ақ әрбір көшбасшы өзіне не керек екенін анық біледі.

Кез-келген шаруаны ойдағыдай асыратын болыңыз. Бастаған ісін соңына дейін апармайтын адам, құзыретті бола алмайды. Көшбасшы ретінде біз студенттерді істі аяғына дейін істейтінін күтеміз. Ал өз кезегінде олар бізден дәл осыны және бұдан да жоғарғы нәтижені күтеді. Басқаларды жігерлендіріңіз. Көшбасшылар артынан ергендерді жігерлендіріп, оларға мотиватор болады. Мәселені жақсы шешетін көшбасшылар мына 5 қасиетке ие болу керек:

Проблеманы көре білу. Проблемадан құтыла алмайтындығын білетін жақсы көшбасшы, оны күтіп және көре біледі. Алдағы жолымыз тегіс болады деушілер, ылғи да сәтсіздікпен қауышып отырады. Егер сіздің позитивті ұстанымыңыз жақсы болып және қиын жағдайға әр кез дайын бола алсаңыз, жолыңыздағы барлық тұрған барлық мәселені толықтай шеше аласыз. Шындықты қабылдай алу.

Адамдар проблеманы әр түрлі қабылдайды: біреуі одан бас тартады; біреуі оны қабылдап, шешімін іздеуге кіріседі; үшіншісі оны қабылдап қана қоймай, оны жақсы жаққа өзгерте бастайды. Тиімді көшбасшы проблеманы қарсы алуға әрқашан дайын. Толық суретін көре алады. Көшбасшылар проблеманың толық суретін көре біледі. Эмоция оларды орап, састыра алмайды.

Олар ретімен істейді. Ричард Слома мына кеңесті береді: «Ешқашан проблемалардың барлығына кіріспеңіздер, оларды тізіп, ретімен шешіңіздер». Егер алдарыңызда проблемалар көптеп тұрса, онда алдыңғысын шешкендігіңізге куә болыңыз.

Құлау шегінде тұрса да, басты мақсаттан шегінбейді. Көшбасшылар басты шешімді қиын жағдайда емес, шарықтау кезінде қабылдайды.

Оқушылардың көшбасшылық қабілеттілігі дегеніміз – ол басқару іс-әрекетіне деген жағымды мотивациясы негізінде басқару туралы білімдерін, тәжірибесін өз өмірі мен іс-әрекеті және қоршаған ортадағы құбылыстарды басқаруда қолдана алу қабілеттілігін сипаттайтын студент тұлғасының кіріктірілген қасиеті.

Оқушылардың көшбасшылық қабілетін, тұлғаны дамыту процесінің нәтижесі ретінде, өзін-өзі жетілдіруде, өз өмірі мен іс-әрекетінің субъектісі ретінде өзін-өзі қалыптастыруда, туындап отыратын мәселелер бойынша дербес шешімдерді қабылдауда, еліміздің әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси дамуына дербес, белсенді қатысуда басқару тәжірибесін табысты және тиімді жүзеге асыруға мүмкіншілігін сипаттайды.

Білім алушылардың көшбасшылық қабілетінің қалыптасуында, өзін-өзі басқару ұйымының маңыздылығы жоғары. Себебі, білім алушылардың өзін-өзі басқару ұйымы – ол білім алушылардың дербес, шынайы өзіндік бастамаларына, шығармашылық және өнімді іс-әрекетіне негізделген

бірлестіктің жоғары ұйымдасқан түрі. Ал, білім алушылардың шығармашылық және өнімді іс-әрекеті, дербес, шынайы өзіндік бастамалары негізінде басқару іс-әрекетін жүзеге асыруы, студенттің көшбасшылық қабілеттілігі қалыптасуының маңызды және тиімді шарты болып табылады.

Біздің басты міндетіміз – Білім алушылардың белсенділіктерін арттыру, олардан белсенді, креативті көшбасшы тұлғаны қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық механизмдерін анықтау. Білім алушылар бойында көшбасшылықты қалыптастыру тек қана шара, үйірме, клуб жұмыстарымен шектеліп қалмауы тиіс.

Білім алушылар үшін, бұл - өз жерінің тарихын білу, оған құрметпен қарау және білімге ұмтылыс, жетістікке қол жеткізу.

Әдебиеттер

1. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті
2. Көшбасшылық: Теория және практика, сегізінші басылым. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру атты еңбегінен.
3. Джон Максвелл «Көшбасшылықтың 21 заңы», «Сіздің бойыңыздағы көшбасшының дамуы» және «Көшбасшының өзгермейтін 21 сапасы»

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ ЖӘНЕ ТӘРБИЕ ТАБИҒАТЫ РЕСУРСТАРЫН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

*Тұзақ Аида – №10-а сынып оқышысы,
Бимурзаева Айнур Киясбековна - оқу ісі жөніндегі меңгерушісі
39 М.Жұмабаев атындағы ЖОМ мектебінің*

Резюме: Для формирования экологической культуры детей в статье широко используются статьи, опубликованные на страницах различных детских газет и журналов, организованы различные воспитательные мероприятия, представлены результаты развития и формирования экологической культуры.

Түйіндеме: Мақалада Балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру үшін әртүрлі балаларға арналған газеттер мен журналдар беттерінде жарық көрген мақалалар кеңінен пайдаланылып, түрлі тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастырылып өткізілген, экологиялық мәдениетін дамытып, қалыптастыру нәтижелері берілген.

Жалпы Қазақстанның өсу жағдайы әлемдік деңгейге сай келу үшін өндірістің, ғылым мен техниканың дамуы қажет екені белгілі. Ал, бұлардың өркендеуі табиғаттың сан түрлі салаларын шаруашылыққа қарқынды

пайдалануды талап етеді. Бүгінгі таңда өндірістің дамуы табиғи ресурстарды азайтып қана қоймай, қоршаған ортаның ластану проблемасын тудырып отырғаны мәлім.

Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінде жүргізіліп жатқан реформа оны сапалық тұрғыда нарықтық экономика, қоғамдық экономикалық қатынастарды ғаламдандыру, дамудың ақпараттық кезеңінде қоғамның өтуі жағдайында қайта құруға бағытталған.

Экологиялық білім – қазіргі білім беру жүйесінің өзекті мәселелерінің бірі. Білім беру үрдісінде экологиялық білім және тәрбие беру үздіксіздігі мен сабақтастығының маңызы айрықша зор. Оларды жүзеге асыру үшін білім жүйесін тұтасынан және оның жеке кезеңдері мен деңгейлерін кешенді түрде жетілдіретін шаралар қажет. Бұл мәселені шешудің бірден-бір жолы экологиялық біліммен қаруланған жеке тұлғаны қалыптастыру екенін көптеген ғалымдар өз еңбектерінде атап айтқан[1].

Экологиялық тәрбие мәселесі – ұрпақтың білімі мен тәрбиесін қалыптастырудың бір бөлігі. Сол арқылы әлеуметтік-экологиялық, мәдени-рухани мәселелерді қоршаған орта мен адам баласының денсаулығына ешқандай зиян келтірмей шешу жолдарын қалыптастыру керек.

Экологиялық тәрбиені қандай да бір халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан салт- дәстүрінсіз, әдет- ғұрпынсыз елестету мүмкін емес.

Көрнекті педагогтар Я.А.Коменский, И.Г.Песталоцци, К.Д.Ушинский, В.А.Сухомлинский тәрбиенің бастау көзін қоршаған орта әсерімен, халықтық тәжірибемен тікелей байланыстырып отырды.

Мәселен, Я.А.Коменский “Тәрбие табиғилығы” еңбегінде кешенді оқу процесін жүргізуде табиғаттың алатын орны ерекше екендігін, сондай-ақ оқыту мен тәрбиелеу жұмыстары қоршаған ортамен салыстырмалы түрде түсіндіріліп, жүргізілсе, нәтижелі болатынын ескертеді.

Педагог В.А.Сухомлинский табиғат құбылыстарының қай-қайсы да адамға әсер ететіндігін, сондықтан оның сырларын білуді бала кезден қалыптастыру керектігін айтқан. Сондықтан, жылдың қай мезгілінде де табиғаттың әдемілігін танытып, сол арқылы бала жанына сұлулық пен тазалықтың нәрін құю керектігін мол педагогикалық жұмысының өзегі еткен.

Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінде жүргізіліп жатқан реформалар бір бөлігі білім саласынның сапалық және экологиялық, қоғамдық-экономикалық қатынастар тұрғысында жаһандану кезеңіне өтуіне, әлемдік ақпараттық дамумен ықпалдасуына бағытталған.

Балаларға экологиялық тәрбие беру - адамзаттың, тұтасатай қоғамның қазіргі табиғатпен, қоршаған ортамен үйлесімділігінің ең тиімді жолдарын ұрпаққа түсіндіру.

Қазақстанның келешегі бүгінгі күнгі жастардың мектеп қабырғасынан қандай құндылықтармен тәрбиеленіп шыққандығына, санасы мен өмірге көзқарастарының қаншалықты қалыптасқандығына тікелей байланысты.

Осыған орай, ең алдымен жастардың бойында халқына, туған жерге деген сүйіспеншілікті, қамқорлық пен құрметті тәрбиелеу және осы мақсатта экологиялық іс-әрекеттерді ұйымдастыру қажет.

Балаларға тәрбие берудің құралы ретінде балабақшада өтілетін іс-шаралардың мүмкіндігін ұтымды пайдаланудың жолдарын ұсыну, жас ұрпақты жан-жақты тәрбиелеуде ұлттық баспасөз материалдарын кеңінен қолдану - бүгінгі күнгі білім мен тәрбие беруге негізгі мәселелердің бірі.

Қоғамдық өмірдегі қазіргі қайта құрулар, экологияны қорғаудағы жаңа стратегиялық бағдарлар мен бағыттар, қоғамның ашықтығы, оның жедел ақпараттануы мен қарқынды дамуы білім беруге қойылатын талаптарды түбегейлі өзгертті[2].

Әлемнің жетекші елдерінің көпшілігі білім беру жүйесінде білім берудің мақсатын, мазмұны мен технологияларын оның нәтижесіне қарап бағалайтын болды. Білім берудің қазіргі басты мақсаты білім алып, білік пен дағды-машыққа қол жеткізу ғана емес, олардың негізінде дербес, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке иек арту, ақпаратты дербес іздеп табу, талдау және ұтымды пайдалану, өзгерістерге толы бүгінгі дәуірде лайықты өмір сүру және жұмыс істеу болып табылады.

Жалпы, тәрбие берудің саналуан жолдары бар. Әртүрлі жағдайға байланысты қажетті тәрбиенің әдіс-тәсілдерін, түрлерін таңдап алу үшін ең алдымен оқушының ішкі жандүниесін, сезімін, мінезін нақты анықтаған, бағдарлаған абзал.

Тәрбиеші өз іс-әрекетін дұрыс болжап, оқушының қабылдауына, ойландыруына, сана-түсінігіне сәйкес өзіндік ұсыныстары мен көзқарастарын білдіруі керек.

Экологиялық тәрбиенің мақсаты – қоршаған ортаға экологиялық сана базасы негізінде құрылатын жауапкершілікті қарым-қатынас қалыптастыру. Бұл дегеніміз – табиғатты пайдаланудың құқықтық және адамгершілік принциптерін, оны оптимизациялауды насихаттау идеяларын, өз жерінің табиғатын қорғау және меңгеру бойынша белсенді қызметті бақылау.

Табиғатқа жауапкершілікпен қарау – тұлғаның күрделі мінездемесі. Яғни бұл адам өмірін анықтайтын табиғат заңдарын түсінуді білдіреді. Ол - табиғатты пайдаланудың құқықтық және адамгершілік принциптерін бақылауда, ортаны қорғау және меңгерудің белсенді жасампаз қызметінде, табиғатты дұрыс пайдаланудың идеяларын насихаттауда, қоршаған табиғатта зиянды саналатындардың барлығымен күрес кезінде байқалады.

Осылай оқыту мен тәрбиелеу жағдайында табиғат пен адам арасындағы қарым-қатынасты меңгеруге, жақсартуға бағытталған балалардың өзара байланысқан ғылыми, адамгершілік, құқықтық, эстетикалық және тәжірибелік қызметтерінің ұйымдары атсалысады. Қоршаған ортаға деген жауапкершілікті арттыру, қалыптастыру - болашақ ұрпақ үшін жасалатын адамгершілік тұрғыдан қамқорлық[3].

Экологиялық тәрбиенің мақсаты келесі міндеттер бірлігінің шешілуі бойынша жүзеге асады:

Білім беру – қазіргі заманғы экологиялық проблемалар жайында білім жүйелерін қалыптастыру және оның шешілу жолдары;

Тәрбиелік – экологиялық мақсатқа сәйкес іс-әрекеттер мен қызметтің тұтынушылық себептері мен дағдыларын, салауатты өмір салтын қалыптастыру;

Экологиялық тәрбие мазмұнына құндылық бағытынан шығатын нормалар жүйесі кіреді. Құндылықтар жүйесі табиғаттың өзіндік құны мен бірегейлігін түсінуден шығады. Осы жерде адам табиғаттың бір бөлшегі ретінде қарастырылады, ал табиғатты сипаттағанда оның адамға келтірер көпқырлы құндылықтары ерекше аталады.

Экологиялық тәрбие мазмұнын балалар өздерінің әртүрлі әрекеттерімен меңгереді. Оқу процесін ұйымдастырудың әрбір формасы балалардың танымдық қызметтерінің саналуан түрлерін ынталандырады: әртүрлі ақпарат көздерімен өздігінен жұмыс істеу - фактіге негізделген материал жинауға, проблеманың мәнін ашуға мүмкіндік береді, ойын саналы түрде шешім қабылдау тәжірибесін, шығармашылық қабілет қалыптастырады, сонымен бірге жергілікті экожүйелерді меңгеруге және қорғауға нақты үлес қосуына, құнды идеяларды насихаттауға мүмкіндік береді.

Бүгінгі әлемшарлық экологиялық дағдарыс заманында білім-ағарту жүйесін жақсартудың маңызды жолы - өскелең ұрпаққа экологиялық тәрбие беру үрдісінде табиғатты қорғауға бағытталған қазақ халқының ауыз әдебиеті үлгілерінің бай қазынасын теориялық зерттеу, тәжірибеде тиімді қолдану. Қазақ халқының ауыз әдебиеті үлгілерінің түрлі жанрларында көрініс тапқан табиғатқа деген аялы көзқарасын ғасырлар бойы жинақталған бай тәжірибесі халықтың мәдениеті мен қазынасының бір бөлігі болып табылады.

Халық ауыз әдебиеті мұраларында көптеген педагогикалық ойлар жатыр. Қазақ халық философиясының негізінде әрдайым адам және табиғат болды. Адам мен табиғаттың үйлесімділігі халық ауыз әдебиеті үлгілерінде өз таңбасын қалдырған.

Қазақ халқының мәдениетінің тарихы табиғатпен тығыз байланысты. Себебі, Қазақстан – бұл таза бұлақтар мен өзендер, биік таулар мен шөл далалар. Дегенмен осындай сұлулық аясында өмір сүріп отырған адамға үлкен қатер де төнгізіп отырған. Осындай жағдайда тірі қалып, өмір сүруі үшін адам табиғаттың тылсым күштері жайында білімдерді бақылау арқылы меңгерген. Оған үнемділікпен, құрметпен қараған, оның киесін ашуландырмауға тырысқан.

Өскелең ұрпаққа экологиялық тәрбие беруде халық ауыз әдебиеті үлгілерінің жалпы мінездемесіне тоқталайық.

Туған табиғатқа деген сүйіспеншілік пен оған деген үнемді көзқарас халық ауыз әдебиеті фольклорының барлық жанрларында көрініс тапқан. Өлеңдерде, мақал-мәтелдерде, жұмбақтарда, ертегілерде, қазақ халқы жекелеген табиғат құбылыстарына, құстарға, жәндіктерге деген өз

көзқарасын білдіріп отырған. Ғасырлар бойғы табиғат құбылыстарын бақылаудың өмірлік тәжірибесі әдет-ғұрыптармен ырымдарда көрініс тауып, атадан балаға мұра ретінде беріліп отырды.

Ал бұл образдық дүниелер балалар есінде жақсы сақталды. Қазақ халқының мақал-мәтелдерінде туған табиғат аясы ерекше орын алады. Мысалы: «туған жерге туың тік», «туған жердің топырағы киелі», «жері байдың - елі бай», «жер - ана, ел - бала», «тозған жерде тоқшылық болмайды», «күте білсең – жер жомарт», «табиғат аң-құсымен ажарлы».

Жас кезінен бастап әке өз баласын атқа отыруды үйретіп, оны күтіп баптаудың қыры мен сырын меңгерткен.

Қазақ баласы үшін қиын-қыстау кезде ат жолдасы да, құтқарушысы да болған, сондықтан да қылқұйрықты тұлпар жолына нағыз жігіт барын құрбан еткен. Яғни, жақсы ат – ердің қанаты.

Табиғатқа деген сүйіспеншілігін, оның құбылыстырын бақылаудың бай өмірлік тәжірибесін қазақ халқы жұмбақ арқылы қалдырған. Жұмбақтарда халық табиғат құбылыстарын өз түсінігінше жеткізуге тырысқан. Балалар жұмбаққа ерекше қызығушылықпен қарайды, себебі, оның тілі жатық, мазмұны ойлануға жетелеп табуға итермелейді. Жұмбақтарда халықтың табиғатқа, жан-жануарларға деген дүниетанымдық көзқарасы, ақындығы жатыр.

Жұмбақтарда өсімдік, жануарлар әлемінің мүшелері анық бейнеленген әрі оларға деген құрмет сезімі де көрініп тұрады. Қазақ халқының жұмбақтары өскелең ұрпаққа экологиялық тәрбие беруде маңызды орын алады. Себебі, олар балада табиғатты бақылауға деген қажеттілікті оятады, әсемдік сезімін тәрбиелейді, түрлі табиғат құбылыстары, өсімдік және жануарлар әлемі жөнінде жаңа ақпаратпен қамтамасыз етіп, білімін кеңейтеді. Сондықтан да балаларға экологиялық тәрбие беруде жұмбақтар бүгінгі күні өз маңыздылығын жойған жоқ.

Жасөспірімдерге экологиялық тәрбие беруде үлкен орынды ертегілер алады. Ертегілерді әсіресе балалар сүйіп тыңдайды. Көптеген ертегілерде жан-жануарлар мен құстар адамның нағыз досына айналады.

Сондықтан да балалардың экологиялық мәдениетін тәрбиелеуде табиғат жөнінде жинақталған халық білімін оқу материалына, тәрбие жұмысының мазмұнына енгізудің маңызы ерекше зор болып отыр.

Экологиялық білім беру – отбасынан басталады. Жас бала әр нәрсені білгіш келеді. Сондықтан олар үшін ең бастысы экологиялық мәдениет отбасынан басталуы керек. Отбасы - бала тұлғасының негізі қаланатын, оның дамуы мен өмірге бейімделетін шын әлеуметтік орта. Бала тәрбиесінде отбасы мүшелерінің өзара түсінісіп, сүйіспеншілігі мен жауапкершіліктері маңызды рөл атқарады.

Қоршаған ортаны қорғау (ауа, су, топырақ және т.б.) қоғам мен табиғаттың өзара әрекеттес үрдістерін де кешенді тұрғыдан қарауды талап етеді. Өйткені, экологиялық мәселелерді адам мен қоғам үшін пайдалы, тиімді шешуге тырысатын маманның жеке тұлғасының адамгершілік

дүниетанымын қалыптастырады. Қоршаған ортаны сауықтырудың объективті қажеттілігін терең түсінуге мүмкіндік береді. Солай екен, негізгі салалар бойынша қажетті кәсіби мамандық беру барысында экологиялық білім мен тәрбиенің де мәні зор.

Экологиялық білім берудің біртұтас жүйесін қалыптастыру Қазақстанда білім берудің жаңа жүйелері мен әлемдік стандартқа сай мемлекеттік оқу жоспарын жасауды, қаржыландыруды, экологиялық білім беретін ұстаздарға қамқорлық көрсетуді, мектепте экологиялық білім мен тәрбие беруді көздейді.

Балалардың қоршаған ортаға деген жауапкершілігін қалыптастыруда табиғи ортадағы әсемдікті, үйлесімділікті тани білу шарт[4].

Педагог И.Д.Зверевтың пікіріше: «Тәрбиеленушіге педагогикалық әсердің бірінші кезеңі ретінде ең алдымен оқушының табиғат сұлулығын түйсінуі, осы сұлулықты сақтау үшін адамгершілік, азаматтық борышты ұғынуын қамтамасыз ету керектігіне көңіл аударады. Сондықтан да экологиялық күйзелістердің болуы не болмауы антропогендік факторға, жастардың экологиялық мәдениетіне, сауаттылығына, экологиялық білімінің жоғары деңгейде болуына байланысты» .

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Жатқанбаев Ж.Ж. «Экология негіздері» курсы. Авторлық бағдарлама //Биология, география, химия. –№5. –2018. –12 б.
2. Сарманов Қ.А. Экология тазалығы.–Алматы, 2016. –60-61 б.
3. Шілдебаев Ж. Экология және табиғатты қорғау.–Алматы, 2022-121 б.
4. Байтағұлова Ж.І. Мектептегі тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі. –Алматы, 2017. –15 б.

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРДЫ ДАЯРЛАУДА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ МҮМКІНДІКТЕРІН ПАЙДАЛАНУ

*Умирзакова Асия Тенеловна-Магистрант,
Бирибаева Нурбану Жунусовна-п.ғ.к., доцент,
Шымкент университеті, Шымкент қаласы*

Аннотация: В данной статье рассматриваются вопросы подготовки будущих специалистов в XXI веке, формирования их профессиональной адаптации, пути использования возможностей информационных технологий в подготовке будущих педагогов-психологов.

Annotation: This article discusses the issues of training future specialists in the XXI century, the formation of their professional adaptation, ways to use the

possibilities of information technology in the training of future educational psychologists.

Қазір республика оқу орындары ұсынып отырған көп нұсқалыққа байланысты өздерінің қалауына сәйкес кез-келген үлгі бойынша қызмет етуіне мүмкіндік алды. Бұл бағытта білім берудің әртүрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялар, жаңа технологиялар бар. Сондықтан әртүрлі оқыту технологияларын оқу мазмұны әрбір білім алушының жас және жеке дара психологиялық ерекшеліктеріне орай таңдап, тәжірибеде сынап қараудың маңызы зор[1].

XXI ғасырда болашақ мамандарды даярлау, олардың кәсіби бейімделуін қалыптастыру мәселелері – кезек күттірмейтін өзекті қоғам талабы. Сондықтан біз болашақ педагог маманның жаңа педагогикалық инновациялық технологияларды қолдануға даярлығын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасадық. Болашақ мамандардың жаңа инновациялық педагогикалық технологияларды қолдануға даярлықты қалыптастыру мына көрсеткіштерді қамтиды:

Мотивациялық өлшемдеріне танымдыққызығуды қалыптастыру бейнесі жатады. Оған болашақ мамандарды қалыптастыру, құндылық қарым-қатынас, болашақ маманның өзінің кәсіби шеберлігін дамытуға талпынуы, болашақ мамандығын ерекше жақсы көруі, ұрпақ тәрбиесінде ұстаздың жетекші орнын сезінуі, кәсіби жеке біліктілік деңгейін көтеруге бағыттылығы, инновациялық іс-әрекетке ұмтылуы әрекеттері кіреді.

Мазмұндық өлшемдеріне болашақ маманның жалпы мәдениеттілік дайындығы мен пәндік әдіснамалық дайындығының деңгейі, мамандығы бойынша білімі, педагогикалық біртұтас білім жүйесі, біртұтас педагогикалық үрдістің заңдылықтары, мен қозғаушы күштерінің жалпы теориялық білім негіздерімен қарулануы кіреді. Оған біртұтас педагогикалық үрдістің теориялық негіздерін және жеке тұлға териясының ғылыми негіздерін меңгеруі, педагогикалық іс-әрекет теориясының негіздерін білуі, білім алушылардың барлық мүмкіндіктерін пайдаланғанда инновациялық іс-әрекеттің көбіне нәтижелі болатындығын сезіне алуы жатады[2].

Бейімділік өлшемдеріне болашақ маманның барлық жағдайға бейімделе алу қабілеті жатады: бейімділік жағдаятына бағдарлана алуы, микроорта өзгерістеріне сай қолайлы инновациялық педагогикалық технологияларды таңдай алуы. Бейімділік өлшемдері болашақ маманның білімгер мәртебесінен оқытушы, ұстаз мәртебесіне ауысуының ерекшелігін сезіне білуімен, бейімділік іс-әрекетті жүзеге асырудың жаңа әдіс-тәсілдерін пайдалана алуларымен ерекшеленеді.

Танымдық өлшемдері болашақ маманның әлеуметтік кәсіби қоршаған ортаны жедел тани алуымен, өзін кәсіби жүзеге асырудың нәтижелі әдіс-тәсілдерн пайдалануымен, инновациялық педагогикалық технологияларға қызығу танытумен ерекшеленеді. Оған болашақ маманның әлеуметтік кәсіби қоршаған ортаны біліп тануы, кәсіптік білімін өз әжірибесінде қолдана білуі,

инновациялық педагогикалық технологияларды оқып меңгеруі, үйренуі жатады.

Іс-әрекеттік өлшемдері болашақ маманның өзінің кәсіби іс-әрекетінің мақсаты мен міндетін анықтай алуы және педагогикалық қарым-қатынастық үрдісті тиімді жүзеге асыра алуымен өлшенеді. Оған болашақ маманның өз пәнін жете меңгеруі, біртұтас оқу-тәрбие үрдісінің психологиялық, педагогикалық негіздерін білуі, педагогикалық үрдісті жоспарлап, жүзеге асыра алуымен өлшенеді [3].

Технологиялық өлшемдері оқытудың әдістемелік мақсаттары, оқыту үрдісі, оның міндеттерін анықтай алуы, оқытудың нәтижесін болжай алуы және психологиялық-педагогикалық білімдерді меңгерумен анықталады. Оған болашақ маманның біртұтас оқу-тәрбие үрдісінде сабақты тиімді ұйымдастыра білуі, оқушылармен ынтымақтастық қарым-қатынасты жүзеге асыра алуы, біртұтас педагогикалық үрдісті диагностикалай алуы және сабақтың нәтижесі жоғары болатындай ең тиімді педагогикалық технологияны тандай алуы қажет.

Шығармашылық өлшемдеріне шығармашылық ептілікті, шығармашылық белсенділікті, болашақ маманның шығармашылық-ізденушілік дамыту кіреді. Оған болашақ маманның ғылыми-зерртеу жұмыстарына өзіндік талдау жасай алуы, өз білімін көтеруге, жетілдіруге талпыныстың болуы мен инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдануға өзіндік (авторлық) жаңалықтар, өзгерістер енгізумен және жаңалықты шығармашылықпен қолдана алуымен сипатталады.

Қазіргі жағдайда мұғалімнің ақпараттық-коммуникациялық құзырлығы кәсіби мамандықтың құрамды бөліктері болып табылады. Сондықтан бұл мәселе мектепке болашақ мұғалімдерді даярлаудың көкейтесті мәселелерінің бірі ретінде айқындалады. Ол мына мәселелерді қамту керек:

Педагогикалық жоғарғы оқу орындарында ақпараттық-коммуникациялық құзырлығын қалыптастыруды 3 кезеңге бөлуге болады.

Жалпы АҚК-ты қалыптастырудың құрамына мына дағдылар енеді:

1. Ақпараттық бөлік:

- түрлі ақпарат көздерінде ақпараттарды іздеу;
- қажетті ақпараттарды табуда түрлі ресурстарды (кітап, журнал, электрондық құралдар, Интернет) қолдану;

- табылған ақпараттарды сынау арқылы қажетті ақпараттарды сұрыптай білу;

- кесте, диаграмма, кескін және т.б. тәсілдерді қолдану арқылы ақпараттарды түрлендіру;

- ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың мүмкіндігін ескере отырып, қолданушыға ақпараттарды жеткізу тәсілдерін таңдау.

2. Ақпараттық және коммуникациялық техника бөлігі

- арнаулы компьютердің құрылымын түсіндіру және оның негізгі құрылғыларының мәнін негіздеу;

- нақтылы есептерді шешуде ақпараттық және коммуникациялық технологияларды таңдау;

- ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және жеткізу әрекеттеріне ақпараттық технология мен басқа технологиялардың мүмкіндігін пайдалана отырып, олардың өзара байланыстық қызметтерін негіздеу[4].

3. Операциялық жүйе бөлігі:

- Windows операциялық жүйесінің қолданушылық интерфейсін баптау;
- файлдар мен бумаларды құру;
- файлдар мен бумаларды көшіру, өшіру және аттарын қалпына келтіру;

- Windows операциялық жүйесінің негізгі терминдерін қолдану: программа терезесі, сұхбат терезе, меню, құралдар тақтасы, сұхбат терезелері мен құралдар тақтасын басқару элементтері (батырма, есептегіш, жылжымалы тізім, жалауша және т.б.)

4. Қолданбалы программалар бөлігі:

- Word мәтіндік редакторында қарапайым мәтіндерді құру мен оны редакторлеу;

- құжаттарды жіберуді ұйымдастыру;
- құжаттарды өңдеуді автоматтандыру;
- Excel-де формулалар мен функцияларды қолдану арқылы есептеулер жүргізу: Excel құралы арқылы диаграммалар мен графиктерді тұрғызу;
- түрлі іздеу жүйелері арқылы Интернетте ақпараттарды іздеу;
- электрондық хаттарды құру мен оны алу;
- компьютерлік презентацияларды құру мен оны қолдану.

Болашақ мұғалімдерді даярлауда кәсіптік АҚҚ-ты қалыптастыру жалпыпедагогикалық және пәндік құрама болып екіге бөлінеді. Жалпыпедагогикалық құрама — бұл оқыту мен тәрбиелеу процестерінде ақпараттық және коммуникациялық технологияны қолданудың жалпы бағыты; пәндік құрама — оқу пәндерінің (физика, математика, химия, биология және т.б.) ерекшеліктерін бейнелейтін спецификалық бағыт.

Кәсіптік АҚҚ-ты қалыптастыруды келесі бөліктерге бөлуге болады:

Интернет-ресурстарды оқыту процесіне қолдану арқылы қосымша ақпараттарды іздеу мен оны талдау;

түрлі компьютерлік құралдарды қолдану арқылы білімдік ақпараттарды түрлендіру;

өздерінің кәсіптік деңгейін көтеру мақсатында оқытушыларды желілік бірлестік жұмысына және интернет-конференцияға қатыстыру;

ақпараттық компьютерлік үйрету программаларын құру және стандарттық қосымшалар мен қолданбалы жүйелерді пайдалану арқылы ақпараттарды түрлендіру;

стандартты қосымшалар мен арнайы программаларды қолдану арқылы компьютерлік тестілерді жасақтау;

стандарттық қосымшаларды қолдану арқылы оқушылардың білімінің рейтингілік бағалау жүйесін жасақтау;

стандартты қосымшалар мен арнайы программаларды қолдану арқылы үйрету бағытындағы деректер базасын құру;

өзіндік интернет-ресурстарын құру және стандартты қосымшалар мен арнайы программалары арқылы мультимедиялық электрондық оқу-әдістемелік кешендерін жасақтау;

дайын мультимедиялық жасақтамаларды оқыту мен тәрбиелеу мақсаттарына қолдану;

стандартты қосымшалар мен арнайы программаларды қолдану арқылы оқу-тәрбие процесін автоматтандыруды ұйымдастыру[4].

АКҚ-ты қалыптастыруды В.С. Блум мен В.П.Беспалько идеяларын негізге ала отырып, 3 деңгейге бөлуге болады:

- түсіндіру;
- үлгі бойынша қолдану;
- шығармашылық бағытта қолдану.

Сонымен, ақпараттық құзырлықты қалыптастыру келесі талаптарды қанағаттандырады:

1.Қазіргі білім беру жүйесіндегі ақпараттық кеңістік туралы біртұтас түсінікті қалыптастыру (бүкіләлемдік ақпараттық ресурстарға бағдарлау, ақпараттарды іздеу алгоритмі мен ақпараттарды аналитикалық-синтетикалық тұрғыдан өңдеу әдістерін меңгерту).

2.Ақпараттық (дербес жағдайда, компьютерлік) сауаттылық: оқу-әдістемелік, озық тәжірибелерді зерттеу, ғылыми-зерттеу нәтижелерін түрлендіру мен технологияларды қолдану әдістерін меңгерту; қолданбалы программалық құралдарды меңгерту; жаңа программалық құралдарды меңгерту.

3.Өз қызметтерін жаңа ақпараттық технологияның мүмкіндіктерін пайдалану: жаңа ақпараттық технологияның мүмкіндіктері туралы білім; коммуникациялық қызметтерді пайдалану дағдысы; білім беру процесінің ерекшеліктерін ескере отырып, педагогикалық программалық құралдарды қолдану және оларды өз қызметтерімізге сәйкес бейімдеп пайдалану.

Қашықтықтан оқыту компьютерлік техника мен телекоммуникациялық желілерді қолдану барысында ұйымдастырылады. Телекоммуникациялық желілер мұғалім мен үйренуші арасында қашықтық проблемасын шешеді және жедел байланысты ұйымдастырады. Қазіргі ақпараттық технология құралдары материалдарды әр түрлі формада (графика, дыбыс, анимация, видео) пайдалануға мүмкіндік береді. Компьютерлік үйрету және бақылау программалары тыңдаушыға, бір жағынан, оқу материалын жедел меңгеруге көмектессе, ал екінші жағынан, оқу материалдарын қандай деңгейде жедел меңгергенін бақылауға көмектеседі.

Оқыту процесін қашықтық режимінде ұйымдастыру барысында барлық ақпараттық қызмет типтері пайдаланылады:

- Электрондық пошта телеконференция;
- мәліметтерді жіберу (FTP-сервер)

гипермәтіндік орта (WWW-сервер)
Интернет желісінің әлемдік ресурстары (WWW кеңістігі, деректер қоры, ақпараттық іздеу жүйелері)
видеоконференциялар

Аталған типтердің көмегімен тыңдаушы мен мұғалім арасында оқыту мен дидактикалық міндеттер шешіледі. Бұл құралдар WWW-сервер арқылы хаттар мен файлдарды жіберу мен телеконференция типі түрлі талқылауларды жүзеге асырады.

Электрондық пошта көмегімен мұғалім мен тыңдаушы арасында оқу материалдарын жіберу мен мұғалімге өздеріне түсініксіз болған материалдар бойынша сұрақтар жіберуіне мүмкіндік алады. Бір жағынан, ол мұғалімнің жұмысын жеңілдетеді. Бұл жағдайда, мұғалімнің жұмысы материалдар мен тыңдаушылардың сұрақтарына жауаптарына жіберу қызметтерін атқарумен шектеледі. Телеконференция оқу тақырыптары бойынша үйренушілер арасында жалпы пікірталасты ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Телеконференция мұғалімнің басқаруымен өткізіледі. Мұғалім пікірталастың тақырыбын белгілейді, конференция барысында өткізілетін мазмұндарды бақылайды. Телеконференцияға қатынасушылар түскен хабарламаларды қарап, конференцияға өзінің хабарламаларын (хаттарын) жібере отырып, пікірталасқа қатынасады [3,4].

Оқыту ортасын дамыту құралдары

Жаңа ақпараттық технология құралдары оқыту құралы қызметін атқарады. Дәстүрлі оқу құралдарынан басқа тыңдаушыға мына типтегі материалдар ұсынылады:

компьютерлік үйрету бағдарламалары
электрондық оқу құралдары
компьютерлік тестілеу жүйесі мен білімді бақылау
электрондық анықтамалар мен энциклопедиялар
аудио және видеоматериалдар
Интернет желісіндегі ақпараттық материалдар

Аталған құралдар оқу материалдарын жеделдетіп меңгеруге және оқытудың сапасын арттыруға игі әсерін тигізеді. Қашықтықтан оқыту материалдарын жасақтаушылар осы құралдарды негізге алуы қажет. Оқу құралдарын жасақтау ұзақ процесс. Оқу құралдарын жасақтау қашықтықтан оқыту формасының тиімділігін арттырудың негізгі көзі болып табылады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Захарова И. Г. Информационные технологии в образовании: Учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. М.: Академия, 2003.

2. «Ақпараттық технология және қашықтықтан оқыту»
Мұхамбетжанова С.Т. п.ғ.к., ББЖКБАРИ

3. Гузеев В.В. Образовательная технология: от приема до философии. М.: Сентябрь, 1996. С.112.

4. Джакупов М.С. Управление познавательной деятельностью студентов в процессе обучения. – Алматы, 2002

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН АҚПАРАТТАНДЫРУДЫ ДАМЫТУДАҒЫ ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАР

*Умирзакова Асия Тенеловна - Магистрант,
Касабекова Гаухар Нурайдаровна - П.ғ.к., доцент
Шымкент университеті, Шымкент қаласы*

Аннотация

В данной статье рассматриваются вопросы возможности использования новых информационных технологий в сфере образования, интеграция информационного пространства в Республике Казахстан с мировым образовательным пространством, формирования их профессиональной адаптации, пути использования возможностей информационных технологий в подготовке будущих педагогов-психологов.

Annotation

This article discusses the possibility of using new information technologies in the field of education, the integration of the information space in the Republic of Kazakhstan with the world educational space, the formation of their professional adaptation, ways to use the possibilities of information technology in the training of future educational psychologists.

Ақпараттандырудың негізгі міндеттерінің бірі – мектепте компьютерді оқыту құралы ретінде қолдану: оның мүмкіндіктерін жаңа материалды баяндауда (білімді виртуальды өмірде қолдану), үйрету программаларын қолдану арқылы виртуальды лабораториялық жұмыстарды жүргізу, баяндалған материалды бекіту (тренинг), Интернет-технологияларды қолдану.

Білім беруді ақпараттандырудың негізгі мақсаты Қазақстан Республикасында біртұтас білімдік ақпараттық ортаны құру болып табылады. Олай болса, білім беру саласында жаңа ақпараттық технологияны пайдалануға, Қазақстан Республикасындағы ақпараттық кеңістікті әлемдік білім беру кеңістігімен сабақтастыруға мүмкіндік береді[1].

Білім беруді ақпараттандырудың негізгі міндеттері:

ақпараттық және телекоммуникациялық техникалық құралдармен қамтамасыз ету;

білім беруді ақпараттандыру бойынша практикалық шараларды анықтап, жүзеге асыру;

оқу-тәрбие процесіне жаңа ақпараттық технологияны енгізуді қамтамасыз ету бойынша ғылыми-ізденушілік және оқу-әдістемелік жұмыстарын жүргізу;

мектеп пәндері бойынша жасақталатын жалпыға міндетті білім стандарттарының және оқу-әдістемелік кешендерінің мазмұнын ақпараттық технологияны пайдалану мүмкіндіктерімен жетілдіру білім беруді басқаруда ақпараттық жүйені құру;

білім беру мекемелерінің қызметкерлері үшін программалық-техникалық құралдарды қамтамасыз ету және мультимедиялық программаларды, электрондық оқулықтарды жасақтау;

педагог кадрларды жаңа ақпараттық технологияны өз қызметтеріне еркін пайдалана білуге дайындау және жүйелі түрде біліктіліктерін көтеру.

Білім беруді ақпараттандырудың қағидалары:

қоғамның әрбір мүшесі үшін алынатын білімдер мен мәліметтердің түсініктілігі ;

жеке тұлғаның интеллектуальдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту;

білім мен тәрбиенің бірізділігі;

жалпы компьютерлік сауаттылық;

оқыту мен тәрбиелеудің жылдамдығы (интенсификация).

Нәтижелер:

жаңа ақпараттық технологияны қолдану арқылы білімнің сапасын көтеру;

жаңа ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды енгізу арқылы білім беру мазмұнын жаңарту;

жаңа ақпараттық технологияны қолдану саласы бойынша оқушылардың мамандыққа баулу механизмін құру;

біздің еліміздегі және шет елдердегі жинақталған ақпараттық ресурстарға жедел ену;

мультимедиялық электрондық оқулықтарды, виртуальдық лабораторияларды және бақылау программаларын жасақтап, қамтамасыз ету;

отандық білім беру жүйелерін біртұтас әлемдік ақпараттық білімдік кеңістікке ену арқылы сабақтастыру;

білім берудің телекоммуникациялық желілерін құру;

республиканың білім беру мекемелерін басқарудың біртұтас ақпараттық желісін құруға негіздеп, білім берудің басқару салаларының ақпараттық желісін құру[2].

Білім беруді ақпараттандыруды дамыту индикаторлары:

I. нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету;

II. Оқу жоспары және бағдарламасы;

III. Аппараттық және техникалық жағынан қамтамасыз ету;

IV. Программалық жағынан қамтамасыз ету;

Қолданбалы программалық құралдар (үйрету программалары, жаттықтырушы, ойын, бақылау (тест) программалары), электрондық оқулықтар, виртуальды лабораториялар (физика, химия)

V. Мамандармен қамтамасыз ету;

Интернетке қосылу арқылы әлемдік білімдік кеңістікке шығу. Қашықтықтан оқыту формасына көшу [2].

Енді мұғалімдерді оқушылардың үйрететін мезгілі келді. Соңғы кезде уақыт көрсетіп отырғанындай, мұғаліммен салыстырғанда оқушыда көп ақпарат болатыны кейінгі көрсетілген тәжірибелер дәлелдеп отыр.

Сондықтан әрбір мұғалім өз қызметіне ақпараттық технологияны пайдалана білуі қажет. Бұл мәселе – білім беруді ақпараттандырудың қажетті шартына айналып отыр.

Мектеп мұғалімдерін ақпараттық технологиямен алғаш танысу институт базасында өткізілетін салаларының бірі ретінде қарастырылған.

Негізгі мақсаты: білім мекемелері қызметкерлерінің ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға жағдай жасау, оның ішінде, жаңа технология құралын пайдалану арқылы өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру.

Егер мұғалім компьютермен таныс болмаса, онда оған психологиялық тұрғыдан зияндылық жасамау керек. Ақпараттық технология құралдарын пайдаланудың алғашқы ұғымдарын, оны дамытудың дағдысын қалыптастыру және мультимедиялық құралдарды пайдалану арқылы оқу ақпараттарын беру әдістемесі элементтерін демонстрация жасау.

Еліміздің саяси, әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге сай білім беруді жетілдіру бағыттарының бірі-білім беруді ақпараттандыру. Осы бағыттағы жұмыстар 1997 жылы қабылданған Орта білім беру жүйесін ақпараттандырудың Мемлекеттік бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылуда.

Қазіргі таңда республика мектептерін жаңа компьютерлік технологиямен қамтамасыз ету жұмыстары іске асып, енді сол ақпараттық технологияны қолдану мен оны мектептерге енгізу саласында, оқушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыру мақсатында информатика оқытуды жетілдіру жұмыстары жүргізілуде.

